

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Арқалық педагогикалық институтының И. Алтынсарина



Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Arkalyk Pedagogical Institute named after Y. Altynsarin



175 JYL

Abai Qunanbaiulyның
meritoiy



«АБАЙ ӘЛЕМІ»

халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының материалдары

9 қазан 2020 ж.

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции

«АБАЙ ӘЛЕМІ»

9 октября 2020 года

International Scientific and Practical Conference

« THE WORLD OF ABAI »

October 9, 2020

Арқалық/ Арқалык/Arkalyk



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Арқалықський педагогический институт имени И.Алтынсарина

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Arkalyk Pedagogical Institute named after Y.Altynsarin

«АБАЙ ӘЛЕМІ»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
9 қазан 2020 ж.

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«АБАЙ ӘЛЕМІ»
9 октября 2020 года

International Scientific and Practical Conference
"THE WORLD OF ABAI »
October 9, 2020.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83,3 (5 қаз)

А 13

Бас редактор / Главный редактор: профессор, г.ғ.д. С.Б. Қуанышбаев.

Бас редактордың орынбасары / Заместитель главного редактора:

Н.М. Темірбеков – Ы. Алтынсарин атындағы АрқПИ, т.ғ.к., оқу және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор

Редакция алқасы / Редакционная коллегия:

А.У. Умбетов – ф.-м.ғ.к., АрқПИ профессоры, жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің деканы

Г.С. Конкина – ф.ғ.к., АрқПИ профессоры, тарих және өнер факультетінің деканы

А.К. Қалиев – ф.ғ.к., АрқПИ профессоры, педагогика және филология факультетінің деканы

Басылымға жауаптылар / Ответственные за выпуск:

Ұлысбаев Ерхан Еркінұлы – Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ, ғылым, стратегиялық жоспарлау және халықаралық ынтымақтастық офисінің жетекшісі м.а.

Ахметова Женисгул – Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ, ғылым, стратегиялық жоспарлау және халықаралық ынтымақтастық офисінің әдіскері

Бакирова Жамиля – Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ, аға оқытушы, магистр

Амирбеков Оразбек – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, редакция және дизайн бөлімінің бастығы

А 13 «Абай әлемі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (9 қазан 2020 ж.)= «Абай әлемі»/материалы международной научно-практической конференции (9 октября 2020 г.) / Жалпы ред. г.ғ.д. С.Б. Қуанышбаев – Арқалық: Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, 2020. - 254 стр. қазақша, орысша.

ISBN 978-601-7947-71-2

«Абай әлемі» жинағына халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілген.

В сборник «Абай әлемі» вошли материалы международной научно-практической конференции.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83,3 (5 қаз)

ISBN 978-601-7947-71-2

© Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, 2020

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/ CONTENT

1.	Қуанышбаев С.Б.	Алғы сөз.....	5
2.	Екрем А.	Бір дәуірдің айнасы Абай Құнанбайұлы және шығармаларындағы философиясы мен адам табиғаты	6
3.	Дүйсенғазин С.М.	Дулат және Абай: дәстүр сабақтастығы.....	10

I СЕКЦИЯ

**Мектепке дейінгі мекемелер мен мектептерде Абайдың рухани мұрасын оқыту мәселелері.
Проблемы изучения духовного наследия Абая в дошкольных учреждениях и школах.
Problems of studying the Spiritual Heritage of Abai in preschool Institutions and schools.**

1.	Амиркулов К.С.	Актуальность слов Абая в современном мире.....	18
2.	Ахметкалиева М.Б.	Абай шығармаларымен сусындаған ХХІ ғасыр жастары..	22
3.	Ауезбеков Е.Т.	Абай Құнанбайұлының заманы және замандастары.....	25
4.	Балтабаева И.Қ.	Абай тағылымы бүгінгі сабақта.....	30
5.	Бижанова Г.К., Дүйсенкулова М.У.	Абай шығармаларындағы дидактикалық мәселелер.....	34
6.	Білісбекова Д.Б.	Ұлы ағартушыны тану.....	38
7.	Дауренбекова Ж.С.	Абай даналығының қазақы болмысты қалыптастырудағы рөлі мен маңызы.....	42
8.	Жандилдина Р.Е., Оразова А.Б.	Абай – туған халқының, болашақ ұрпақтың өнегелі тәрбиешісі.....	47
9.	Жандаулет Л.О.	Педагогические взгляды просветителя-демократа Абая Кунанабаева.....	54
10.	Мағауова С.А.	Абай қара сөздерінің психологиялық негіздері.....	58
11.	Мағауов Е.А.	Рухани азық, ұлы тұлға – Абай.....	62
12.	Мамбеталина Б.С.	Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлттық мақтанышы.....	66
13.	Мұса Қ.Ж.	Жасөспірім кезеңіндегі акцентуация.....	69
14.	Нұрмаш Г.Н.	Жаратылыстану пәндеріне Абай өлеңдері арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру.....	72
15.	Сатмағанбетова А.Ф.	Мектепке дейінгі бала тәрбиесінде Абай шығармаларының құндылықтары.....	77
16.	Сәлімжан М.Е., Назарова Г.К.	Абай мұрасы – рухани асыл қазына.....	82
17.	Сәрсенбайқызы Г.	Абай – біздің ұлттық ұранымыз.....	86
18.	Тауенова А.Т.	Абай тағылымы – халық даналығы.....	91

II СЕКЦИЯ

**Абай тағылымы және қазіргі педагогика ғылымы.
История Абая и современная педагогическая наука.
History of Abay and modern pedagogical science.**

1.	Абдукаримова З.Б.	Психологические особенности тревожности в подростковом возрасте.....	95
2.	Абдуллина А.А. Толенова Г.К.	Абайдың нақыл және назым сөздері.....	100
3.	Ақылбекова Л.Б.	Абай мұрасы – ғасыр туындысы.....	103
4.	Амиркулова Н.С.	Абай и литература.....	107
5.	Асипова А.К.	Абай дана педагогикасы.....	112

6.	Аубакирова А.А., Пернебай А.Н.	Абайдың жолы ұрпақты тәрбиелеудің тиімді жолы таптырмас тәсілі.....	117
7.	Аубакирова А.А., Ташибаев С.Т.	Абай өлеңдеріндегі физика.....	122
8.	Байгенжина З.Б.	Абайдың толық адам туралы тағылымы.....	125
9.	Болат Н. Бұлақбаева М.К.	Абай мұрасын Интертеймент әдісі арқылы насихаттау мәселелері.....	129
10.	Гилжанова З.К.	The spiritual growth of the nation is in the world of Abay...	132
11.	Елеусов Б.А. Каненова Г.Т. Бижанова Г.Х.	Ұлы Абайдың дін туралы айтқан ой-пікірлерінің қазіргі қоғамда алатын әлеуметтік-тәрбиелік мәні.....	139
12.	Ибикенова Л.Қ.	Абайдың педагогикалық-психологиялық көзқарасы.....	144
13.	Издибаева Д.М.	Оқушыларға Абай шығармаларын зерттеу жасату арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру	147
14.	Кажиков М.С.	Абай – дана, Абай – дара қазақта.....	151
15.	Кенжеғалиева С.К.	Абайдың рухани мұрасын физика пәнінде пайдалану.....	157
16.	Кикенова Н.Б.	Филосовские и педагогические взгляды Абая на проблему нравственного воспитания молодого поколения.....	160
17.	Қуанышбаев С.Б. Аймағамбетұлы Р.	Абай заманы және қазіргі қазақ қоғамы.....	165
18.	Каскырбайева М.М.	Abay's lectures and modern pedagogical science.....	170
19.	Мусирова Г.Б., Жасұлан Е.Ж	Пандемия уақытындағы адамның мінез-құлқындағы өзгерістердің теориялық зерттелуі.....	175
20.	Нұрсали Т.Қ.	Ақынның мұрасы халқының қазынасы.....	179
21.	Нугуманова Г.К.	Абайдың қара сөздеріндегі сын есімдердің қолданылуы	183
22.	Нурғалиева Г.М.	Абай – ұлттың темірқазығы.....	188
23.	Оразова Г.К.	Абай мұрасы – ұлттың рухани байлығы.....	192
24.	Оразбекова Р.С., Жармағамбетов Е.Е.	Абайдың мұрасы мен тағылымы.....	196
25.	Оразбекова Р.С.	Абай Құнанбаевтың қара сөздерінің тәрбиелік мәні.....	200
26.	Русланқызы С. Едресова К.Г.	Абай шығармаларының рухани тәрбиелік маңызы.....	206
27.	Сейдина Б.З., Сарбаева А.С.	Абай шығармалары – мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеудің негізі бастауы.....	209
28.	Серкешова Г.Б.	Абайдың сөз өрнектері М.Әуезов әңгімелерінде.....	213
29.	Тауекелова А.Е.	Бала дүниетанымын қалыптастыруда Абай әндерінің мәні.....	217
30.	Темірбекова А.С.	Абай мұрасының жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі маңызы.....	221
31.	Тоқушева Ж.К., Бұлақбаева М.К.	Абай тағылымдарының заманауи педагогикадағы орны...	224
32.	Төлеуханова А.Д. Гапбасова Г.А.	Ақынның азық болған мұралары.....	229
33.	Түлебергенова Б.Х., Калимжанова Р.Л.	Заман мен ұрпақтың байланысы: Ұлы Абай шығармаларымен қазіргі медиа контенттің оқушылардың адамгершілігін қалыптастырудағы әсері.....	233
34.	Халық А.А.	Абай мұрасы – рухани асыл қазына.....	238
35.	Хамит С.С.	Абай мұрасы – ұрпаққа ұлағат.....	243
36.	Уахитова А.А.	Абайтану және рухани жаңашылдық.....	249

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС/ ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының
Басқарма Төрағасы-Ректор м.а.,
г.ғ.д., профессор С.Б.Қуанышбаевтың құттықтау сөзі**

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Сіздермен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Абай әлемі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция барысында кездесіп отырғанымызға қуаныштымыз.

Құрметті зиялы қауым! Өздеріңізге белгілі ұлы ақын Абай Құнанбайұлының биылғы мерейтойын ЮНЕСКО деңгейінде атап өтуге шешім қабылданып, тойдың басы ел президенті Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаевтың Абай туралы мазмұнды мақаласымен басталған болатын. Ақынның мерейтойына арналған әртүрлі деңгейдегі іс-шаралар жоспарланып, президентіміздің мақаласында аталып көрсетілген «Қазір той тойлайтын заман емес, ой ойлайтын заман» деген түйінді сөзіне негізделген жұмыстар бастау алды. Бұл іс-шаралардың өтуіне әлемдік пандемия өз зиянын тигізбей қойған жоқ. Дегенмен де аталған іс-шаралар онлайн түрде өз жалғасын тауып жатыр. Біздің институт ұжымы да ұлы ақынның тойына арналған халықаралық ғылыми конференцияны онлайн түрде өткізуге шешім қабылдап, бүгін өздеріңізбен жүздесіп отырмыз. Сіздердің бүгінгі ғылыми-практикалық шара аясында Абай Құнанбайұлының бай рухани мұрасымен байланыстыра отырып, еліміздің дамуына аса қажетті, толғағы жеткен келелі мәселелер жөніндегі зерделі толғамдарыңызды ортаға салып, ой бөлісіп, тың әрі тиімді тәжірибелеріңізбен алмасатындарыңызға кәміл сенеміз.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі конференциямызға Түркия мемлекетінен біздің институт есімін иеленіп отырған ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсаринді зерттеп, кітап жазған профессор Екрем Аян мырзаның қатысып отырғаны біз үшін үлкен қуаныш. Басқа да алыс-жақын шетелдерден, республикамыздың аймақтарынан конференцияға баяндамаларын жіберген ғалымдар мен ұстаздарға, студенттерге алғысымыз шексіз. Институтымыздың қабырғасында ұйымдастырылып отырған бұл конференцияға алтын уақыттарыңызды қиып, өз ойларыңызды ортаға салғандарыңыз үшін Сіздерге зор алғыс айта отырып, ғылыми ізденістеріңіз бен қызметтеріңізге толайым табыстар мен үлкен жетістіктер тілеймін! Конференция жұмысы жемісті болсын!

БІР ДӘУІРДІҢ АЙНАСЫ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯСЫ МЕН АДАМ ТАБИҒАТЫ

Екрем Аян*
*профессор, ф.ғ.д., Мұғла Сытқы
Кочман университеті, Түркия*

Андатпа. Қазақ ағартушылығында, қазақ халқының бүкіл прогрессивті мәдениеті тарихында үлкен орын алған ұлы ақын, ойшыл, демократ, сазгер Абай Құнанбайұлы болды. Оның мұрасы өлең, поэма, философиялық проза, аудармалар мен ән мелодияларынан тұрады. Ол қазақ әдебиетінің сыншыл реализмінің негізін салушы.

Абай Құнанбайұлы өзінің аса дарындылығы, ой өрісінің тереңдігі, халқына деген қамқорлығымен әлемге танымал болды. Абайдың дүниеге көзқарасы, ойы мен қыры мол, күрделі. Оны бір жақты бағалауға, бір бояумен көрсету мүмкін емес.

Абайдың шығармашылық өмірі, қазақ әдебиеті тарихының кіндік тұтқасы. Қазақ әдебиетінің озық демократиялық дәстүрі, ұлттық әдеби, мәдени мұрамен байланысы, кейінгі ұрпаққа әсері, бәрі де Абайдың ақындық өнерін қарастыру үстінде кең талдануға тиіс нәрселер. Алайда бұған дейін орын алып келген біздегі ұлттық мұраға деген көзқарас бұл іске белгілі дәрежеде кедергі жасап келеді.

Кілт сөздер. Абайдың адам философиясы, толық адам, адам табиғаты.

Бүгінгі таңда әдебиетіміздің көп мұра-қазынасы қайта қаралып, жаңаша бағасын алды. Абайдың «Қара сөздері» бұрын көп арнайы қарастырылмаған мәселеге жатады. «Қара сөздердің» философиялық маңызы өз бағасын бірер жылдардан бері алып келеді.

Қазір Абай Қазақ халқының ұлы ұстазы десек артық айтпағанымыз. Өйткені Абай, қазақтың рухани дүниесінің көрнекті өкілі. Онын бойынла біздің ұлтымыздың асыл қасиеттері көрініс тапқан, қазақтың тұрмыс-салт, ұлттық ерекшеліктері айқындалған. Абай қазақ ақыл-ойының биік шыңы, ақын шәкірттер тәрбиелеген, жолын қуар ізбасарларын қалдырған, ғұлама тұлға ретінде ұрпақ жадында сақталалы.

Данышпан ойшыл, өз заманынан озық туған ғұлама ХІХ ғасырдың өзінде жалпы адамзаттық құндылықтардың мәні жайлы терең ой түйіп, біртұтас қазақ халқының, ұлысының тұтастығы, оның ұл-қыздарының тағдыр-талабы бірлікте және татулықта болуы жайлы толғанды. Ол қазақ даласына еніп келе жатқан кез-келген қоғамның таптық бастауы деген догмалық қағидаға қарсы үн көтерді.

Адам баласы дүниеге келгенде тән құмары мен жан құмары мінездерімен келеді. Абай оларды туа біткен мінезге жатқызған. Тән құмарлығы дегеніміз ішсем, жесем, ұйықтасам деген биологиялық қажеттіліктерден тұрады. Бұл мінез хайуанаттар әлемінде де бар. Бірақ адам баласының бұл мінезінің мәні адам баласының өте ұзақ мерзімге дейін өз бетімен күнелтіп кетуге мүмкіндігінің шектеулілігінде.

* Мұғла Сытқы Кочман Университеті, ekremayan@hotmail.com

Өз философиясын Батыс пен Шығыс дүниетанымымен қалыптастырған Абай алғаш рет қазақтың қоғамдық ой тарихында даму және қозғалыс идеясының мәнін түсінді. Бұл көзқарас тұрғысынан ол өз халқының тағдыры мен болашағын, қазақтың мәдени-шаруашылық нұсқасын өзгерту мүмкіндіктерін, ондағы көшпенді, отырықшы және жартылай көшпенді шаруашылық әдістерінің орнын пайымдады, қоғамның рухани, саяси, экономикалық өмірін қатаң сынға алды. Келешекте қазақ халқының даму жолдарын бастап, ғылым мен білімнің қоғам дамуындағы орны, еңбектің тіршілік көзі ретінде маңызы жайлы ойларын халық талқысына салды. Өз халқының тағдыры, ұлттық рухы, бостандығы, мінез-құлқы ұлы ақынды ерте толқындырды.

Абай шығармаларында көрініс берген сол дәуірдің нақтылы тарихи шындығынан, өмірден, халық мұңынан туындаған ақын ой-пікірлерін сол замандағы қазақ қоғамының объективтік шындығынан бөліп қараған. Бұл көзқарас халықтың өмір тұрмысынан, объективтік шындығынан туындап отырған ақын шығармасының нақтылы тарихи мазмұнын бұрмалады. Сондықтан да бұл көзқарастағылар ақын творчествасының халықтық, ұлттық табиғатын, идеялық мазмұнын теріс танытты.

Абай философиясының негізгі мәселесін Батыстағыдай сана мен материяның, болмыс пен ойлаудың ара-қатынасы түрінде қабылдаған жоқ, бұл оның жалпы адамзаттық көзқарасын айқындап берді. Ол үшін философияның негізі және басты мәселесі адам. Бұдан оның философиялық жүйесінің антропологиялық сипатын шынайы алам өз дүниетанымының тірегі еткенін көреміз. Абай адамды бүкіл дүниенің қуатты қайнар көзі деп білді, сондықтан оны бүкіл философияның мәні мен шыңы деп таниды. Ол тіптен адамды құдайға бөлеп және жеке адамды жан-жақты жетілген әмбебап, толық адам деп қарастырады. Енді осы және басқа мәселелерге тереңірек тоқталайық.

Абай философиясының негізі – адам философиясы. Данышпан ақынның этикалық мұраты эстетикалық мұратымен тығыз байланысты. Абай түсінігіндегі адамды адамгершілік жағынан жетілдіру эстетикалық құндылыққа ие. Жан-жақты дамыған әмбебап тұлғаға айналу жолын ол өнер, сөз, поэзия арқылы эстетикалық тәрбие беруден, адамдарға нақтылы деп білген. Абай әдеміліктің ұлттық түсінігі мен түбірімен жаңа эстетикалық қағидасын ұсынып, оны былай деп тұжырымдайды:

...іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?

Абай нақтылы шындықты әсемдіктің тұлғасы ретінде ұғынды. оның эстетикалық көзқарасында қазақтың қоғамдық ой-санасындағы сұлулықты, әсемдікті жаңаша ұлттық түсінуге, қоғамдық өмірдегі өнердің орнын терең білуге ұмтылғандық байқалады. Абайдың жанына жақын идеаларының бірі, адамды табиғатпен жақындастыру мәселесі, яки табиғат пен адам, табиғат махаббат, табиғат пен өнер сынды жайлар ақынның поэзиясындағы сүйікті тақырыптары. Абай үшін негізгі нәрсе адам мен табиғаттың бірлігі болуы да адам сол табиғаттың ең елеулі, басты тұлғасы ретінде қаралады.

Абай күллі дүние ылғи өзгереді, дамиды деп білген. Ақынның «Қартайдың, қайғы алдың, ұйқы сергек» деп аталатын өлеңінен бастап,

жиырмасыншы, отыз жетінші қара сөздерімен. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп келетін толғаныс-жырында және тағы да бір сыпыра шығармаларында диалектика идеясы бой көрсеткен. Идеялардың маңыздылығын, оларды түсіну арқасында адам бойының қозғауыш күшімен танысу қажет. Өлеңдер мен қара сөздеріне зер салып қарасақ, көптеген философиялық мәселелерді қарастырып, өзіндік ой-пікір, тұжырым жасағанын байқаймыз. Шығармаларының басым көпшілігінде өмір, өмірдегі адамның орны, оның мақсаты, мұң-мұқтажы туралы ой шертіледі. Ендеше философияның негізгі мәселесі Абай шығармаларында кеңінен талқыланады деуге болады.

Ақынның эстетикалық мәселелер және этикалық мәселелер жөніндегі ой-пікірлері сол кездегі қоғамдық ойдың үлкен белесі болып табылады. Олай болса, Абайдың осы шығармаларына арнайы тоқталсақ артық болмас. Абай адам табиғатын этикалық тұрғыда қарастыра отырып, оның тұтас алғандағы қалпын, ұжданды, «сегіз қырлы, бір сырлы» сыры бар адам, яки кемеліне жеткен «толық адам» кейпінде алға тартады. «...Адам деген даңқым бар», дейді Абай.

Эстетиканың бір құдіреті салқын парасаттан туған түсіндірме, ақаусыз ақылгөйлік емес, екшелген меруерттей, еркеленген наздай, бұрқыраған ғажайып қағидалар.

Сол арқылы ол неден қашық, неге асық болуға үндейді, жақсылық пен жамандықтың, надандық пен имансыз адамның шынайы мәнін ашады. Мәселен, ақынның мына сөзі де осының бір дәлелі «Тілеуді Құдайдан, пендеден тілеп, өз бетімен еңбегімді жандыр демей, пәленшенікін әпер демек ол Құдайға айтар сөз бе? Біреу үшін біреуге қылуына лайығы бар ма? Екі сөздің басын қосарлық не ақылы не ғылымы жоқ тура, өзінікін жөн қыламын деп, құр «өй, Тәңір-ау!» деп таласа бергеннің несі сөз? Оның несі адам? ... Оларды мұсылман деп қалайша иманы бар ғой дейміз?"

«... надандарға бой берме,
шын сөзбенен өлсеңіз,»

деп атап көрсетті Абай. Абайдың ойшыл, дана ретінде негізгі ұстар этикалық қағидасы «адам бол» деген сөздермен кірбің келетін кісілікке, адамгершілікке, имандылыққа жетелеу. Бұл ақын шығармаларының басты өзегі, осы арқылы ол адамның қоғамдық өмірдегі басты рөлі мен орнын анықтайды, ондағы сыншыл ақылды жоғары бағалайды, соған ерекше мән береді. «Әсемпаз болма әрнеге» атты жастарға арналған өленінде Абай:

«...Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан!» дейді.

Ақын философиясында адам ақыл-ой мен кісіліктің, еңбексүйгіштік пен білімділіктің, достық пен махаббаттың тоғысқан үлгісі болуға тиіс. Сондықтан да ол «Күн менен айдың, аспанның, ағаштар мен жемістердің, таулардың сәні болғаны секілді, адам да жер бетінің сәні» деп ұғып, өзінің адам болып жаратылғанын мақтан тұтады.

Абай философиясындағы этикалық тұжырымында «еңбек» деп аталатын ұғым ерекше орын алады. «Адал еңбек, мал таппак, жұртқа жақпақ», деп қандай еңбекті дәріптеу керектігін байқатады. Тіптен ақынның адал, шынайы еңбектің адам өмірінде зор орын алатындығын қозғамайтын шығармасы жоқ

шығар деп айтуға да болады. Өйткені, еңбек адамның азамат ретінде қалыптасуы үшін рухани тұрғыдан да, парасаттылық тұрғысынан да басты қызмет атқарады деп есептеген. Сондай-ақ ақын еңбек ісінің жан дүниесін мейірімділікке бөлейді. Ал оның қадірін білмейтін салбөксе жалқаулар көбіне теріс қылықты болып келеді деген тоқтамға келеді. Сол себепті ол, «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік бәрі осыдан шығады» деп жазды.

Қысқасы, ақын еңбекті ең жоғары игіліктің көзі, адам қарекетінің ең биік өлшемі, халқына қызмет етудің, оның ұлттық арман-мүддесін жүзеге асырудың, намысын қорғаудың басты көрсеткіші деп білді. Адамның тұлға ретінде қалыптасуы процесінде өскен, тәрбиенің рөліне үлкен мән бере отырып, ұлы ақын әркімнің өзін өзі жүйелі түрде тәрбиелеп отыруы керектігіне айрықша көңіл бөледі. Он бесінші сөзінде ол осы сөзді былай толғайды: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе күніне бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айына бір өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің, не білімге не ахиретке не дүниеге жарамды, күніне өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ болмаса, не өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың? Бұнда ақын адамның өзіне өзгелердің көзімен қарап, күнделікті істеген ісіне талдау жасауға барлық әрекетіне жауап бере алуға, өзінің өмірден орнын біліп, соған Абайдың ісін жасауға міндеттілігін ашады.

Абай қара сөздерінде «ұят» деген сөздің ұғымын тереңінен ашқан. Мысалы, отыз алтыншы сөзінде осы ұғымды толық талдай келіп: «Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы» дейді. Абай төртінші сөзінде де былайша ой қорытады: «Ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын бір тексермей кеткен кісі, тәуір түгіл, әуелі адам ба өзі?».

Шын ұят дегеннің осылайша мән-мағынасын ойшыл Абай ашып берген. Сонымен бірге ұялған жанның күйзелісін түсініп оған кешірімді болудың өзін ұяты бар адам ұғынады деген ой айтқан. Шын ұялған жанның ұяты бар адам ғана түсіне алады, ал мен өзім көріп жүрген кісілерім ұялмақ түгілі қызармайды дейді Абай.

Абай адамгершілік идеясын өмір бойы ту қылып көтеріп өткен. ол азаматты шыққан тегі, атқарып жүрген қызмет-мансабы, атақ-даңқы мен дәулетіне қарай емес, оның жан дүниесіне, өз еліне, халқына көрсетер қызметіне қарай құрметтеуді үндейді.

Абай адамның жан дүниесінің үнемі өзгеріс, дамуда болатындығын дұрыс көрсетеді.

Әдебиеттер.

1. Абай Құнанбаев I-II (1957) Алматы.
2. Әлімқұлов Тәкен (1993) Жұмбақ Жан, Алматы.
3. Есімов Ғарифолла (1994) Хакім Абай, Алматы.
4. Машанов, А. (1994) Әл-Фараби және Абай, Алматы.
5. Мырзахметұлы Мекемтас (1994) Абай және Шығыс, Алматы.
6. Мырзахмет Мекемтас (1994) Абайтану Тарихы, Алматы.

ДУЛАТ ПЕН АБАЙ ҮНДЕСТІГІ

Серікзат Дүйсенғазы
*Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті Телерадио және қоғаммен
байланыс кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты*

Қазақ төл жазба әдебиетінің негізін қалаған Абай Құнанбайұлы деп танығанымызға да бір ғасырдан аса уақыт өтті. Қазірқазақ әдебиеттану ғылымының «Абайтану» деген іргелі саласы бар. Ол саланың негізін салған жиырмамыншы ғасыр басындағы ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан болатын. Алғаш Кәкітай мен Тұрағұлға тапсырма беріп Абайдың өлеңдерін жинатқан, кейін сол өлеңдерді жүйелеп, ақынның шығармашылық ғұмырнамасын түзген, алғаш мақала жазған да Әлихан Бөкейхан екені бүгінде әмбеге аян. Сол мақаладағы: «Өлеңдерінен көрініп тұрғандай Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған жырлары оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қосар еді», - деген пікірі кемеңгер ақынға тұңғыш берілген ғылыми баға. Әлиханнан кейін жазылған Ахмет Байтұрсынұлының, Міржақып Дулатұлының мақалалары Мұхтар Әуезов жасаған ұлы даңғылға салынған алғашқы соқпақ еді. Абайтанудың арнасы бүгінде кеңейіп, ақынның шығармашылық айналасы туралы да зерттеу еңбектері жазылып жатыр. Соның бір парасы Абайдың алдындағы ірі ақындарымыз Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы бастаған «Зар заман» әдебиетінің өкілдері туралы зерттеулер деуге болады.

Қазіргі уақытта Абайдың өмір сүрген ортасы жайлы, сусындаған арналы бұлақтары деп танылып жүрген батыс пен шығыс әдебиетінің ойшылдарына қатысты мәселелерінің көпшілігінің басы ашылып, ғылыми дәлелденді. Тәуелсіздік алғанға дейін Абайдың ақындық ортасы жайлы айтқанда оның өзінен кейінгі шәкірттері жайлы мағлұматтардан ары аса алмай келдік. Ақынның алдында «кім тұр?» деген сауалға жауапты алыстан іздедік. Олар батыстың Гете, Байрон, Пушкин, Лермонтовтары мен шығыстың Физули, Шамси, Фирдауси, Сайхали т.б сияқты ойшылдары болып кете береді. Әрине, ойшылдығы жағынан әлем әдебиеті классиктерінің қатарындатұрған данышпан ақынның батыс пен шығыс әдебиетін жете меңгеруі логикалық заңдылық. Бірақ Абайғаөзі туған топырағынан да әсер етуші ақындар болды деген деген пікірлерді неге жоққа шығарамыз?

Абай өзінен бір буын бұрын өмір сүрген Дулат, Шортанбайлардың шығармашылығын жақсы білді. Әсіресе, Құнанбай ауылымен көршілес отырған Найман ішіндегі Сыбан елінің «Байғыз қарты» атанған ақпа ақын Дулат Бабатайұлымен етене араласқанына күмән болмауы тиіс. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясының алғашқы нұсқасы «Абай» романында кейіпкердің атын Дулат деп беріп, оны Абайға ақылшы аға ретінде суреттейді.

М.Әуезов сөзінде: «Абай өмірімен «Абай» романының айырмашылығы жоқ. Романдағы адам, жер, су, уақиға бәрі дәлме-дәл. Мен тек ой лабораториясынан өткізіп, көркем тілмен баяндадым. Сөйтіп, роман шын тарихшыға қосымша, шын тарих тарихи романға қосымша беріп отырады,» – дейді.

Дулат пен Абай жайлы сөз қозғағанда біздің келіп тірелетін жеріміз Абайдың «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол» деген өлеңіндегі:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,

Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау, – деген екі жол.

Осыны негізге алған кейбір ғалымдарымыздың Дулатты Абай үлгі тұтқан дегенге қарсы пікірлері де кездеседі. Бұл тұрғыда белгілі әдебиет сыншысы Тұрсынжай Шапай: «Абай– Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырауды бекерге ауызға алмайды. Бұлар –сарай ақындары емес. Абай жек көретін, ел ақтап өлең айтқан, сөз қадірін кетірген қатардағы өлеңшілер емес. Бұлар күмәніңіз болмасын – Абай үшін, өзінің алдында өткен қазақ ақындарының ішіндегі ең қадірлі есімдер. Бұқар, Дулат, Шортанбайларды «мансұқтау» – тазаэстетикалық тұрғыдағы терістеу. Бұл, айталық, Шортанбай, Дулат шығармаларының әлеуметтік сипаттарын, өзіндік шындығы мен әсемдігін жоққа шығару емес – жаңа поэтиканың туғанын жариялау. Осы фактіні жұрт санасына сіңіру үшін нақ солардың беделдері қажет болды деп түсіну керек»–десе, абайтанушы-ғалым Мекемтас Мырзахметов «Екі күймек бір жанға әділет пе?» деп аталатын мақаласында: «Қазақтар арасында кеңінен танылған Дулат жырау шығармаларын Мәулекей қазақ ішінде молдалық етіп жүрген жылдарында жинастырғанға ұқсайды. Осы тұста мұсылмандар арасында понисламистік уағыздың кең өріс алуына орай ол 1880 жылы Шал ақынның, Шортанбайдың және өзінің өлеңдеріндегі ақырет қамы, ақырзаманды жыр еткен туындыларын жамап-құрап, тіптітекстологиялық жағынан өңін айналдырып, бұлар Дулат өлеңдері болмаса да Дулат атынан «Өсиетнаманы» жариялатып жібереді. «Өсиетнамадағы» діншілдің сарын тіпті патша өкіметінің цензура комитетін сескендіруі себепті олар кітаптағы көптеген өлең жолдарын алып тастап, келбеттерін тергізіп қайта өзгертуіне (ЦГИАЛ, фонд-777 опис 3, 1880, дело №10, л 182-184) көп нәрсенің астарлы сыры жатыр. Яғни, Дулат мұрасының өз заманында жаңылыс танылып, біздің заманымызда қате бағалануының басты себебін де бірінші рет мұра ретінде әділетсіз күйеуін де жыраудың өмір сүрген заманындағы саяси-әлеуметтік тарихи оқиғалармен, отаршылдық саясаттың бағыт-бағдарымен тікелей байланысты ала отырып қарағанда ғана түсіне алмақпыз. Ал «Өсиетнама» жарияланып жарық көрген жылы отыз бес жастағы жігіт ағасы Абайдың ғылым жолына түсіп, іштей түлеп, қорлану жолында «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілген» заманы болатын. Осыдан сегіз жыл өткен соң, яғни 1888 жылы Абай «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол» деген атақты өлеңін жазды. Сонда:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,

Өлеңі бірі жамау, бірі құрау.

Әттең, дүние сөз таныр кісі болса,

Кемшілігі әр жерде көрініп тұр-ау,– деп Дулат өлеңіне де өткір сыншыл пікір білдіргенде де сүйенген дәлелі Мәулекей қолынан шыққан

«Өсиетнамадағы» Дулат атынан құрап-жамап берілген өлең табиғатын айтып отыр емес пе екен деген ой маза бермейді», - деп өзінше тұжырым жасайды. Осы мағынадағы тағы бір пікірді алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Сүре сөз» еңбегінен де кездестіреміз.

Әрине, Абай – сыншы. Ол тек жекелеген ақындарды ғана емес, бүкіл қоғамды, керек болса ұлтты да сынайды. Бүкіл қазақ әдебиетіне жаңаша жол салып, рухани төңкеріс жасаған Абайдың өзінің алдындағы ақындарға бұлай сын айтуы – заңдылық. Дегенмен, Абайдың ақын болып қалыптасуына басқаларға қарағанда, қазақ топырағындағы ақындардан Дулаттың отты да көркем жырларының шарпуы тигені оның өлеңдерінде көрініс тауып отырады. Соған тоқталайық.

Дулат пен Абай соны образдар жасауда болсын, соныидеялар тудыруда болсын көбіне бір-бірімен үндесіп, қабысып жатады. Тіпті, кейбір тұстарда ойлары тоғысып, өзара қатты ұқсап кететін жерлері де бар. Сөзіміз дәлелді болуы үшін нақты мысалдар келтіріп отырайық. Мысалы, Дулаттың «Дүние – жемтік, мен – төбет» деген өлеңінде:

Мөңіреп жұртқа ой қайтты
Бұзауы өлген сиырдай,

немесе,

Саудагер сарттай қайтты өмір

Құмар ойнап ұтылған, - деген жолдар бар. Осы екі өлең жолдарында Дулат өмірдің өткендігін, елдің надандығын, айтқан ойының ешкімнің санасына сіңбеуін тапқыр, ел-жұрттың құлағына сіңісті ауыл картинасымен жеткізе суреттейді. Бұл сол кездегі қазақ поэзиясы үшін ашылған соны жаңалықтардың бірі еді. Енді осы суретті Абай өз заманында «Көлеңке басын ұзартып» деген өлеңінде былай айқындап көрсетеді. Абайда,

Адасқан күшік секілді,
Ұлып, жұртқа қайтқан ой.

Қарап отырсақ, екі ақын да бір ойды екі түрлі суретпен әрі асқан тапқыр теңеумен бізге жеткізіп берген. Осыншама суретті екі жолға сыйдыру – өте шебер суреткердің табысы. Осы екі өлеңнен біз соны аңғарамыз және Абайдың Дулат өлеңдерін шұқшиып оқығанына куә болғандай боламыз.

Сонымен бірге, екі алыптың тағы бір тоғысатын тұсы – жеке руларға соқтықпай, қазақ халқын тұтастай алып сыни көзқараспен сөз сомдауы. кеуінде де бір бағытты мегзейтін мынадай өлең жолдары бар:

Дулатта,

Әуелгі қазақ деген жұрт,
Миығыңды көрсетпей
Ұстарасыз өскен мұрт
Ұйқы басып сезбедің
Шырмағанын жаудың сырт

Абайда,

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы мен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

Мұндағы екі өлеңде де айтылып тұрған «ұстарасыз өскен мұрт» сол кездегі қазақ халқының саяси хал-ахуалына, түкке түсінбейтін көрсоқыр надандығына налыған ақынның ішкі жанайқайы. Абайдың да, Дулаттың да сөз өнеріне деген, өлеңге деген көзқарасы өте күшті. Тереңнен қайнап шыққан мөлдір бұлақтай таза талғамды талап етеді. Поэзия деген тылсым әлемге жеңіл ой, сыдыртпа тіркестермен келген ақындықты кешірмейді. Дулат,

Жыршының аты жыршы ма,
Әркімнен өлең жаттаса.

Сөз- жібек жіп, жыр – кесте,
Айшығы айқын көрінбес,

Өрнексіз қылып баптаса, - деп өлеңнің өрнекті болуына көңіл бөліп, әркімнің өлеңіндегі айтылған ойларды қайталауға наразылығын білдіреді. Оның ойынша, ақын өзіндік үнімен, өзіндік сырымен ерекшеленуі тиіс. Поэзия үрдісіне соныдан соқпақ салу керек. Ал Абайда сәл басқашалау:

Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы
Ол ақынның білімсіз бейшарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Мұнда Дулаттағыдан гөрі айқындау көзқарас. Абай айтушы мен тыңдаушының надандығын сынай отырып, өлеңнің негізгі теориялық тұжырымын жасағандай болады. Ол Дулатқа қарағанда өлеңнің қандай болуы керек екендігін көпшілікке үйретуі басым. Бұл – Абайдың ағартушылық көзқарасының айғағы. Дулат өлеңдерінің текстологиялық жағынан талдап, бүге-шігесіне дейін анықтауға күш жұмсаған ғалым Құлмат Өмірәлиев: «Аягөз» деген өлеңінде Дулат ел атқамінерлерінің тағы бір картинасын жасайды. «Би, старшын мойнына, жезден қарғы тағынды», – деп олардың патшадан алған, мақтан көрген мансабы белгісін (шенін) ит мойнындағы «қарғыға» балайды да, артынша :

Төсек жанды мырзалар,
Ала баспақ байланып.
Үй күшіктей үреді
Отының басын айналып, - дейді.

Осы өлең Абайдың:

Жөнді, жөнсіз,
Сөз теңеусіз.
Бас пен аяқ бір қысап,
Ұрысса орыс,
Елге болыс,

Үйден үріген итке ұқсап,- дегеніне көп ұқсас,» – деп тұжырымды ойын айтады. Расында да екі өлеңнің құрылысы екі түрлі болғанымен, идеясы, тақырыбы, мазмұны өте ұқсас, сарындас екені көрініп тұр.

Екі ақын ел ішіндегі кертартпалықты, алауыздықты сынауға келгенде бірінің ойын бірі жалғап отырған сияқты болады.

Халық қалаулылары саналатын би-шонжарлардың ұнамсыз қылықтарын ащы әжуалап, әшкерелеп, қаймықпай айту жағынан да өзара қанаттасып, жалғасып жатады.

Мысалы, Дулаттың «Патшаның заңын қуаттап» деп басталатын өлеңіндегі:

Патшаның заңын қуаттап,
Жол ашып елді суаттап,
Баладай алдап уатпақ,
Би дегенің би емес,
Ел алдағыш мекері.

Шен шекпенге құмартқан,
Қанталап көзі мұнартқан.
Саудалап елдің тиынға,
Құмартып патша сыйына
Бек дегенің бек емес,

Хан жалшысы көнері, - деп келетін шумақтар Абайдың «Көжекбайға» деген өлеңіндегі :

Ел жамаған билер жоқ,
Ел қыдырып сандалды.
Астыртын барып жауласқан
Ақша беріп жалғасқан,
Ақысын әрең сол алды.
Орыс сыяз қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер

Аз жүрегін жалғайды.- деген шумақтармен үндесіп тұр.

Екі ақынды да осылай сөйлетіп тұрған – заманы. Дулат заманындағы билердің екіжүзділігі Абайдың кезінде де болғаны анық. Тек Дулаттың тұсындағы бектердің бейнесі Абайдың уақытындағы болыстарға айналып тұр. Дулат өмір сүрген тұстағы аға сұлтандық жүйе Абай заманында уездік, болыстық болып дами түскен. Сондықтан Дулаттағы аға сұлтандар мен бектер Абайда болыс болып қайтадан жаңаша түрмен жаңғырады.

Дулат Бабатайұлы мұрасының жарыққа шығуына алғаш ықпал еткен ғалымдардың бірі Ханғали Сүйіншәлиев 1959 жылғы конференцияда жасаған баяндамасында былай деді:

«Дулаттың Абайға үндес келетін жерінен бір мысал келтіре кетейік.

Бай, старшын мойнына,
Жезден қарғы тағылды.
Аға, сұлтан, қазылар,
Майырға болды жағымды.

Немесе:

Тау басында болыс тұр,
Ұлық сөзін мақұлдап.
Бейшараның пұлы жоқ
Қорыққаннан қақылдап.

Осы өлеңнің образынан Абайдың да үлгі алып, оны жаңа тұрғыда, өз түсінігі тұрғысында жырлағаны байқалады. Сондықтан, Дулат үзеңгілес өскен замандастарымен бірге дәуір шындығын халықтық тұрғыда танып, дана қорытындылар жасайды. Өзіндік өміртаным қалыптастырады. Кейінгі ақындарға әсер етті».

Дулат ақын ағартушылық бағыттарда да көптеген өлеңдер тудырған. Оның өлеңдерінде халықты оқуға, өнер-білімге шақыратын жолдар бар деген пікірді Х.Сүйіншәлиев айтады. Бірақ, біздің қолымыздағы Дулат шығармаларында ондай өлеңдер жоқ. Оның өлеңдері тек бір бағытта, яғни, сыншылдық тұрғыда жазылған деп толық айтуға негізіміз бар.

Дулат мұраларын зерттеуде үлкен еңбек сіңіргенғалым Р.Сыздықова өз пікірінде: «Отаршылық қамытын мықтап киген қазақ қоғамының ащы шындығын жырлауға келгенде, Дулат пен Абай көп сәттерде бір-біріне үндес келіп жатады. Дулат суреттеген өз елін, қазақты қорқытатын «ел пысығы» айталық болыс «майырдың» томпаңдаса, Абай бейнелеген болыс та:

Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсын
Шала ұғамын қырындап... -деп өзі мойындайды.

Абай да:

Мәз болады болысың
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың

Шенді шекпен жапқанға... - деп Дулат айтқан «шен-шекпенге сатылған, батпаққа елін батырған» ұлықтар портретіне ұқсас етіп беріп тұр. Әрине, бұл жерде Абай образды Дулаттан «ұрлап» тұрған жоқ: екеуін де осылайша сөйлетіп қойған өмір шындығы, олардың сол шындыққа барған суреткерлік талғамдары» – деп ой қорытады. Дулат та, Абай да ел арасындағы кертартпа жалқаулықты, сауықшыл топтарды, қымыз ішіп қыз-қыз қайнаған сорақылықты қатты сынаған. Пайымға салып бағамдасақ, бұл да сол кездегі халықтың арасына тараған індеттің бірі сияқты. Өйткені, Дулат «қымызқұмар, сорқұмар, өңшең сорлылар» деп ашына жырлауында үлкен мән жатыр.

Майға тойып алған соң,
Қымыз керек тағы да.
Орынсыз сөз сөйлейсің,
Қымызы барға жағына,
Қымызы бар қылтиса,
Сүмірейіп кетесің.
Ақау түсіп сағыңа,

Қымызы бар хош алса,
Дүрдиесің мінгендей,
Қара орын хан тағына.
Қымызға тойып алған соң,
Сөз сөйлейсің қағына.
Қымызы бар құтыртса,
Соқтығасың әркімге
Қарамай қара ағына.

Дәл осы сарын Абай өлеңінде де желі тартып тұр. «Қымыз, семіз дегенің, бұл мақтан ғой, жасырма» деген сөздің өзінде үлкен сыншылдық мағына бар. Соған қарағанда Абай да Дулат айтқан қымызқұмарлыққа қарсы болғанға ұқсайды.

Осы қымыз қазаққа,
Мақтаның ба, асың ба?
Қымызды басар артынан
Ет дая ма қасыңда?
Бойыңа сіңіп, өрт болған.
Қызба бастың жасыңда,
Қызылшыл сезім, жас қымыз
Бір үлкен борыш басыңда.

Дулатта Абайдағыдай сауал қоя отырып сынау жоқ. Ол бірден тықсыра отырып, ақиқатты бетке айтады. Еш табысы жоқ, ел аралап қымыз ішетін пасықтарды жер-жебіріне жете табалайды. Майдалап айтпайды, ашық шабуыл жасайды.

Ар сатып қымыз ішкенше,
Келсең келге түскенше,
Үлгісіз тымақ пішкенге,
Адам деген атақтан,

Садақа болып аулақ кет,- деп жағымсыз іс-әрекет иесін суреттей келіп, ортаға жат қылықтарын терістейді. Осылайша жаңа поэтикалық образдар жасау арқылы қазақ поэзиясының тілін байыта түседі.

Дулаттың поэзиясындағы ерекшеліктер дегенде ауыз толтырып айтатын тағы бір мәселе, оның өзіне дейін болмаған патша отаршыларына наразылық тақырыбын бірінші болып көтеруі. Оның отты жырларынан біз сол уақыттағы момын халықтың патша жендеттері мен ел ішіндегі жағымпаз «пысықтардан» көрген қорлықтарын айқын аңғара аламыз. Ол кең сахараны еркін жайлаған қазақ халқының басына төнген ауыр қасіретті, мойнына кигізілген отаршылық қамытын ақындық болмысымен сезіне отырып күңіренеді. Ол тек қана отаршыларды емес, «жау жағадан алғанда бөрі етектен» болған, елін сатқан пасық билер мен бектерді айтақтаған иттей болғандары үшін қатал сынға алады.

Елін сатып шен алған,
Өлекседен жем алған,
Кебеже қарын, кең өңеш,
Өлексе көрсе үңгіген,
Күшігеннен кем емес.

Ол ел басқарған азғын бектерді өлексе жеген күшігенге теңейді. Поэзия тілінде бұдан ауыр сын, бұдан өткен масқаралау болмас. Ащы сарказммен айту жағынан Дулат шашасына шаң жұқтырмайды. Ол заманның соңын бала кезінде көріп, өз заманындағы балықтармен салыстыра түйген Абай да әділет іздеп аласұрады.

Орныңнан тұра шабасың,
Атшабар келсе қышқырып,
Ояз келсе қайтер ең,
Айдаһардай ысқырып?

Отырасың үйінде
Өз-өзіңнен күш кіріп.

Ол Күлембай деген болыс бейнесі арқылы сол қоғамдағы бүкіл ел билеген «жақсылардың» портретін көз алдына әкеледі.

Бұл туралы ғалым Құлмат Өмірәлиев: «Абайдан бұрынғы қазақ поэзиясы әрекет үстіндегі адам образын жасауға және ол әрекетті жағымсыз жанды образдың болмысына айналдыруда жалпы өте шорқақ келеді. Ал Абай болса осы орайда да жаңашылдық танытқан. Әсіресе ел әкімдерінің жағымсыз бейнесін жасауда өте үздік ілгері кеткен. Айталық, ол ел әкімдерінің бір жағынан таптық қанаушылығын, екінші жағынан отаршыл мекемеге, оның менмендікпен көкірек өнімдеріне деген әрі жалтақ, әрі қорқақ, жағымпаз қалпын, екі түрлі болымсыздығын тамаша суреткерлікпен өте өткір ажуа түріне түсіріп бейнелеген», - дейді.

XX ғасыр басында Әлихан Бөкейхан бастаған абайтану саласының негізінде бүгінде дулаттану саласы да қалыптасты кеңге қанат жайды болады. Бұл тұрғыда Қажым Жұмалиев, Ысқақ Дүйсенбаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Зәки Ахметов, Құлмат Өмірәлиев, т.б. ғалымдарымыздың еңбегі ұшан-теңіз. Дулат поэзиясы Абайдың алдындағы үлкен мектеп, өлең-жырдың арналы дариясы іспетті.

Әдебиеттер

1. Қанапияұлы Ә. «Абайтану курстары». М.Әуезовтың ҚазМУ-де оқыған лекцияларынан. 13. 04. 1950 ж. «Қазақ т.мен әд.» журн. № 7-9, 14 б. 1993.
2. Шапай Т. «Анық Абай», «Жұлдыз» журналы. 199ж, № 2, 153 б.
3. Мырзахметов М. «Екі күймек бір жанға әділет пе?» мақала.
4. Өмірәлиевтің Қ. «Абай афоризмі» кітабында 117-118 бб. А., 1993 ж.
5. Сыздықова Р.. «Абай» энциклопедиясы. А., 1995 ж. 215 б.
6. Сүйіншәлиев Х7 «Қазақ әдебиетнің тарихы». А., 1997 ж. 466 б.

АКТУАЛЬНОСТЬ СЛОВ АБАЯ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Амиркулов Канат Сагынтаевич
учитель физической культуры и спорта
средняя общеобразовательная
школа имени Кейкі Батыра
Костанайская область, город Аркалык

Аңдатпа. Мақалада «салауатты өмір салтын қалыптастыру» тұжырымдамасының даму кезеңдері ұсынылған, олар жеке тұлғаның өмір сүруінің алғышарты болып табылады және көп мөлшерде физикалық және рухани қажеттіліктерді ақылға қонымды қанағаттандыруға ықпал етеді, адамның физикалық жақсаруына, рухани қызығушылықтарының, құндылықтарының, адамгершілік көзқарастары мен қажеттіліктерінің дамуына, тек адамдарға ғана тән.

Annotation. The article presents the stages of development of the concept of "formation of a healthy lifestyle", which are a prerequisite for the existence of an individual, and, to a large extent, contributing to the reasonable satisfaction of physical and spiritual needs, contribute to the physical improvement of a person, the development of spiritual interests, values, moral attitudes and needs, inherent only to humans.

Тірек сөздер. Денсаулық, өмір салты, физикалық қажеттіліктер, құндылық, ақыл, таным, Абай, өмір

Key words. Health, lifestyle, physical needs, value, mind, cognition, Abai, life
Актуальность Слов Абая в современном мире

Бесспорно, Абай Кунанбаев оставил после себя неизгладимый след в истории нашей страны как поэт, просветитель, ученый, переводчик, основатель современной казахской литературы, мыслитель. В своих трудах отразил язык, традиции, национальное самопознание, мировоззрение, характер, душу, веру, которые позднее и сейчас были оценены как уникальные явления, названного миром и жизнью Абая. Не для забавы я слагаю стих, Не выдумками наполняю стих, Для чутких слухом, сердцем и душой Для молодых я свой рождаю стих, - так сам Абай определил предмет своего творчества [1]. Этими строками Абай напрямую обращается к молодежи. Именно молодёжь – будущее своего народа, а в его светлое будущее, несмотря ни на какие сложности своего времени, великий мыслитель, поэт просветитель-демократ не терял своей веры, утверждая: «Кто не испытывал зла? Теряет надежду лишь безвольный... Ведь истина, что в мире нет ничего постоянного, значит, и зло не вечно... Разве после суровой многоснежной зимы не приходит весна цветущая, многоводная, прекрасная?!». Одно из «Слов» он заканчивает мыслью «И думаю, что может быть, и хорошо жить так, устремляя взор надежды на будущее» [1].

Много писателей, поэтов писали и пишут о нравственном, культурном, физическом воспитании детей, подростков, но именно Абай одним из первых обращает внимание на необходимость при воспитании подрастающего

поколения учитывать физиологические и психологические особенности ребенка. Абай считал, что результата можно добиться только тогда, когда воспитанием детей занимается педагог высокой педагогической культурой, умный, милосердный, имеющий педагогический талант и творческий подход в воспитании. Он был глубоко убежден и верил в силу воспитания и возлагал на него большие надежды. В «Словах назиданиях» поэт показывает связь таких качеств как ум, честь, совесть, милосердие с ответственностью, долгом людей перед самим и обществом. Читая слова Абая, его размышления, человек познает себя и окружающий его мир. Поэтому философские размышления Абая актуальны и в наше время. Хотя он и не писал целенаправленно педагогических и философских трудов, все его творения без исключения произведения горячо пламенного наставника подрастающего поколения пронизаны этическими, нравственными назиданиями. Его назидания на интересы, мудрость и нравственные идеалы простого народа, на творчество казахских акынов композиторов, на достижения мировой общественной мысли народов Востока и Запада. Обращаясь к педагогическим взглядам Абая, имевшим популярность в прошлом столетии, то в них отражены понятные, основополагающие общечеловеческие проблемы педагогической теории и практики. Некоторые из них: «Лишь знаньем жив человек, Лишь знаньем движется век, Лишь знанье светоч сердец...» [1] стали крылатыми словами. Для Абая - гуманиста характерно через свои произведения воздействовать на умы и чувства людей всех возрастов, обновлять общество средством поэтических слов, глубокого уважения к человеку, его достоинству. По его мнению, важнейшим в жизни человека является его физическое, духовное развитие и совершенствование. Для достижения чего-то огромную роль играет поставленная цель, которая требует от человека определенных физических и духовных усилий. Этому способствуют уровень самопознания, нравственные качества человека. Человек с высокими целями стремится к другой жизни. Достижения этой цели, знание своей цели - это первый шаг на пути познания себя как физически, духовно развитого человека. Эту цель надо осуществить, а осуществление цели – это уже второй шаг. Он призывает молодых: Не кидайся на всё сгоряча, Дарованьем своим гордись: И ты, человек, кирпич мирозданья В здание жизни самой ложись [2].

Для достижения цели нынешняя молодежь бросается от одной крайности в другую, не может определиться с выбором профессии, занимается делом «не по душе», совершая необдуманные поступки, а иногда обвиняя всех и вся. Это говорит о том, что они не знают своего предназначения, а чтобы этого не случилось надо с раннего детства говорить наставление, слова Абая: не делать необдуманных шагов, все свои слова и поступки контролировать. Многие молодые люди не могут определиться с выбором профессии. Вот им хочется сказать: «Прочитай Абая!». Потому что мысли и слова Абая о формировании нравственных принципов и нравственных ценностей на протяжении всей жизни очень актуальны. По – мнению Абая никто не рождается с какими-то готовыми качествами, как готовая личность. Все понятия о нравственности, грамотности, все правила поведения, воспитания приобретаются в процессе

жизни и деятельности человека. Абай тогда уже говорил, что особое значение в воспитании молодежи, в его становлении как личности, имеет семья, родители, семейное воспитание. Ведь первые и самые главные воспитатели, педагоги – это родители. Они должны с младенчества воспитывать в ребенке такие качества, которые помогут ребенку ориентироваться во взрослой жизни, принимать, правильное решение при выборе профессии, дать правильное воспитание своему ребенку. В своем седьмом слове Абай пишет: «Ребенок рождается на свет, наследуя два начала. Первое из них требует еды, питья и сна. Это — потребность плоти, без этого тело не может служить пристанищем для души, не будет расти и крепнуть. Другое — тяга к познаниям. Младенец тянется к ярким вещам, берет их в рот, пробует на вкус, прикладывает к щеке. Встрепенется, услышав звуки дудки или свирели. Подросши, бежит на лай собаки, на голоса животных, на смех и плач людей, теряет покой, спрашивая обо всем, что видят глаза и слышат уши: “Что это? Зачем это? Почему он так делает?”- это уже потребность души, желание все видеть, все слышать, всему учиться.»[2] Вот тут пригодятся вся сила, терпение, ум родителей, которые должны направить, ненавязчиво воспитывать, а не заставлять и навязать свое, не воспитывать себе подобного. Большинство родителей думают, что если ребенок родился здоровым, самостоятельным, это не значит, что ему не нужны нравственное воспитание, воспитание силы воли и благородства. Малыш не от природы получает нравственные качества, он становится нравственным или безнравственным только в процессе воспитания. Примером нравственного воспитания ребенка являются родители, учителя, наставники сверстники, друзья. В своих трудах Абай делает акцент на нравственно-эстетическое воспитание ребенка. Кого больше уважает ребенок, кому больше доверяет, влияние кого оказывается наиболее сильным – это и есть первый и главный наставник ребенка. Поэтому родители не должны упустить тот момент, когда ребенок будет уважать, почитать чужое мнение, прислушиваться к советам совершенно постороннего, гоняться за легкой наживой, быть тунеядцем. Абай утверждает, что, несмотря на разное социальное положение, люди равны от природы. Все равны перед богом, природой, законом. В если уж люди равны, то и незачем стремиться к власти, незачем навязывать свою силу, волю другим, не показывать свое превосходство перед слабым. Наоборот, люди должны жить в мире, не враждовать и не завидовать друг другу, уважать друг друга, любить друг друга. Люди должны помнить, что без всего этого нет, и не может быть жизни. По утверждению Абая, несмотря на прирожденное равенство, в нравственном отношении люди друг с другом не равны, потому что одни люди безнравственны, глупы, хитры, другие скромны, нравственны, умны. Свой высший этический идеал Абай выразил в нравственной формуле: «Адам бол! — Будь человеком!», с которой он обращается, прежде всего, к молодежи. Этический смысл абаевской формулы «Адам бол!» состоит в высокой оценке роли назначения человека в жизни. В его понимании человек должен сочетать в себе разум и гуманность, трудолюбие и образованность, дружбу и любовь. Он не уставал напоминать современникам, что солнце и луна — украшение небес; леса и ягоды — украшение гор, а украшение земли —

человек [3]. В своем тридцать четвертом «Слове Назидания» Абай пишет об этом: «В этом мире рождение и рост, сытость и голод, горе и смерть, строение тела и место, откуда взялся человек и куда он должен отправиться, — всё это одинаково» [2]. Говоря о нравственности, культуре и воспитании, мы не должны забывать о здоровье, о физическом здоровье человека. Ведь основополагающим здорового общества является здоровый человек. Проблема укрепления и сохранения здоровья личности была заложена еще многовековой историей человечества. Многие ученые умы стремились и стремятся изобрести эликсир молодости, вечного здоровья. Ничего не надо изобретать, здоровье человека в его руках, в его желании жить и творить. Совершенствование гигиенической культуры, укрепление здоровья, формирование желания, потребности в физических и духовных основах здорового образа жизни с раннего детства явились основой трудов философа и педагога Ы.Алтынсарина. Великий Абай в «Словах назидания» воспеваает такие нравственные качества как совесть, ум, трудолюбие, нравственная чистота помыслов, необходимость ведения нравственного и физического самосовершенствования подрастающего поколения [3,4]. Любой народ желал видеть будущее потомство здоровым, смелым и сильным. Будущее своего народа Абай видел в образовании, в упорном труде. Он писал: «Тот, у кого больше знаний, любви, справедливости, — тот мудрец, тот ученый, тот и обладает миром» [4]. Поэт - мыслитель призывает свой народ не стоять на месте, постоянно развиваться самосовершенствоваться, обогащать свой духовный мир. Современное образование, по моему мнению, тесно связано с творением великих казахских писателей, интеллигенции, просветителей. Они призывали учиться у других, умножать число друзей, укреплять дружбу со всем миром, расширять границы образования за пределами своей страны, перенимать опыт у других, но при этом нельзя забывать свои корни, сохранять чувство долга перед Родиной, сохранять человеческое и национальное достоинство. Абая волновали будущее, вопросы жизни, природы, вопросы, касающиеся внутреннего мира человека, его сознание, их закономерности. Просветитель искал ответы на них, говорил о смысле жизни, старался донести свои идеи, мысли, указывал пути достижения цели в своих философских размышлениях, произведениях «Не запутывайся в мыслях, одевании, не лишайся здравого рассудка. В еде, в питье, в схеме, в одевании, в объятиях, в поцелуях, в страсти к богатству, даже карьеризму и хитрости — во всём имеется мера. Всё, что сверх меры - зло» [1].

Наследие Абая – это воспитание патриотизма, основа любви и почитания своей страны, своего народа, Если мы хотим, чтобы наше подрастающее поколение было образованным, следует читать и перечитывать Абая, вникать и задумываться в смысл его трудов. Многие критики считают, что Абай в своих произведениях подвергал резкой критике пороки своего народа. Надо понимать, что делал это для того, чтобы вывести казахов, свой народ на передовой уровень, новые позиции. Что и делает наше государство: обучая студентов за рубежом, давая бесплатное образование, обеспечивая правом работать на равных со всеми. Формированию новых качеств нации способствует богатое наследие Абая. Идеи, размышления в его трудах

прививают подрастающему поколению чувство патриотизма по отношению к своей стране, народу, чувство ответственность перед ними. Вот почему одним из приоритетов и направлений современности, образования является освоение молодым поколением наследия Абая. Наставления Абая должны стать жизненными принципами молодежи.

Литературы

1. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы (екі томдық). – Алматы: Көркем әдебиет, 2002. – 368 б.
2. Абай Құнанбаев. Избранное. Серия «Мудрость веков». – М.: Русский раритет, – 426 с. 3. Құнанбаев А. Книга слов / Пер. с каз. Р. Сейсенбаева. – Семипалатинск, 2001. – 218 с.
3. Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая. – Алматы: Гылым, – 334 с.
4. Мамырбекова А.С. Нравственный оптимизм Абая // Мысль. – 2007. – № 8. – 116 с.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫМЕН СУСЫНДАҒАН ХХІ ҒАСЫР ЖАСТАРЫ

Ахметкалиева Мейрамкул Бакытбековна
бастауыш сынып мұғалімі
Кейкі батыр атындағы №4 жалпы орта
білім беретін мектебі Аркалык, Қазақстан

Аннотация. В докладе рассказывается о смысле стихотворений и слованазидания Абая Құнанбаевича. Большое внимание уделяется воспитанию молодежи. В современности знать великого человека - Абая, и советы по продвижению его произведений. Написано о школьных мероприятиях и конкурсах.

Ключевые слова. Эстафета, произведения, конкурс, слованазидания, другой язык.

Annotation. The report tells about the meaning of Abai Kunanbayeviches poems and word-formation. Much attention is paid to the education of young people. In modern times, to know the great man – Abai, and advice on promoting his works. Written about school events and competitions.

Keywords. Relay, works, competition, educational words, another language.

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл. Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырған. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін «Абай әлемі» деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Өткен жылы Абайдың шығармаларынан үзінді оқудан эстафетасы өтті. Мектеп оқушыларынан ел азаматтарына, тіпті әлемдік деңгейдегі танымал тұлғаларға дейін зор қызығушылық танытып, лезде іліп әкеткен бұл бастама бірнеше айға ұласты. Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашады. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады.

Мен бұл баяндамада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде ой бөліскім келеді.

Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес.

Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.



Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет. Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр.

Ал біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу. Ол үшін ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек. Бастауыш сыныптарда Абай атамыздың өлеңдерін, қара сөздерін сабақ барысында жаттап, оқысақ, қараша айында үнемі мектепшілік «Абай оқулары» байқауы өтіп, балалар өлеңдерін мәнерлеп оқып, қара сөздерін нақышына келіре оқып жүлделі орындарды иеленіп келеді.

Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді. Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор. Осы орайда жақында 5-қыркүйек тілдер күніне орай мектебімізде оқушылар арасында (басқа ұлт) қазақ тілінде өлеңді мәнерлеп оқудан сайыс өтті.

Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз.

Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет.

Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн деп ойлаймын.

Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты.

Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Әдебиеттер

- 1.Әуезов М.О. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. - Алматы: Санат, 1997- 448 б. [4, 228]
- 2.Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы / Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі.- Астана: Елорда, 2005- 20 б. [1, 12]
- 3.Мырзахмет М.М. Абайтану тарихы. -Алматы: Ана тілі,1994.-192 б.[3, 87]

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ЗАМАНЫ ЖӘНЕ ЗАМАНДАСТАРЫ

Ауезбеков Ералхан Темирханович
Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Кейкі батыр атындағы №4 жалпы
орта білім беретін мектебінің
Денешынықтыру пәнінің мұғалімі

Аннотация. В статье упоминается, что Абай был великим поэтом, личностью, прославившейся в казахских степях во второй половине XIX века, и мнение Алашского интеллектуала Ахмета Байтурсынова в его первой статье. А также в статье написано о пословицах и поговорках великого поэта Абая Кунанбаева.

Ключевые слова. Великий поэт, гений, пословицы, советы.

Abstract. The article mentions that Abai was a great poet, a person who became famous in the Kazakh steppes in the second half of the 19th century, and the opinion of the Alash intellectual A. Baitursynov in his first article. The article describes the proverbs and sayings of the great poet Abai Kunanbaev.

Keywords. Great poet, genius, proverbs, advice

Қазақ халқының XIX ғасырда өмір сүрген оқымысты, өнерпаз ұлы тұлғаларының соңдарында қалдырған көркем әдеби-ғылыми шығармашылықтары біздің бастау көзін көнеден алатын көркем сөз өнеріміздің аса айтулы бай қазыналарының қатарынан мәртебелі орын алады. Өйткені, XIX ғасыр – қазақ елінің тарихында бұрын-соңды болмаған қатері аласқа кететін, өте зардапты, алмағайып әлеуметтік оқиғаларымен ерекшеленеді. Бұлай болатын себебі жалпы түркі жұрттарына барынша жайсыз тиген он тоғызыншы ғасыр соно-о-у 1731 жылы басталған Ресей империясының Орта Азия атырабына жан сала аттанған бет қаратпас, о жар отаршылдық шабуылының әбден асқынып, шегіне жеткен кезі еді. Сондықтан да мұндай алапат дүлей күшке қарсы тұрудың мүмкін еместігін ерте аңғарған халқымыздың есті, жағдайды арыдан ойлайтын көзі қарақты, зиялы кісілері қазақтың аман қалуының өзгеше жоларын іздей бастаған. Ендігі жерде күші асқан империямен жағаласып, текке қырылып кетпей, мына өз аяғымен келген, Европаның қарыштаған ғылымы мен жаңа технологиясы арқасында өркендеп жетілген ресейлік жаулаушылардың озық өнерін, техникалық соны құрал-жабдықтарын игеріп, ел кәдесіне жарату қажет деген игі мақсат-ниеттер, амал-әдістер бой көрсете бастады. Ол үшін, ең әуелі, орыстың тілін үйрену шарт болды. Осы идеяны алдымен айтушылар Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин сияқты қазақ халқының сол тұстағы алғыр ойлы, пайымды парасатты жандары еді. Міне, бүкіл бой-болмысын, орман-ойын нақ осындай мұрат-мүдде билеген Абай қазақ халқының болашақ тағдырына аса жоғары биіктен қарап, жиырма бесінші қара сөзінде түп-тура көрегендік көрсетті: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын,

ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына (арапша: талас, тартыс, айтыс) кіреді, аса арсыздана жалынбайды... Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Бірақ осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін, мені көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыз зорлығына көнбес едік.

Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» «1, 458». Демек, орыс оқуын үйренгенде қазақты малданайын, қазақты алдап-сулап күн көрейін, қарақан басымды қорғайын деп емес, туған ұлтымды білім күшімен қорғайын, болашақ жақсы күндерге ұмтылдырайын, ғылым-өнері өскен, жетілген елдермен теңестірейін; жат жұрттық отаршылдықтың азабы мен қорлығы болмай қоймайды, оған төзе жүріп, күндердің күнінде елімізді, қазағымызды, тәуелсіздікке жеткізетін жол ашайық деп талаптану керек деп ұққан ұлы Абай. Тура осындай пікірді Шоқан Уәлиханов та айтқан: «Жалпы қазақ халқының алдында европалық цивилизацияға жетуде, орыстардың византиялық дәуірден өткені сияқты, татар халқы арқылы өтудің өлермен перспективасы тұр. Византийщина қаншалықты жиіркенішті болса да, бірақ ол әйтеуір даусыз ағартушылық элемент ретінде христиандықты енгізді. Соны және қабылдағыш қазақ халқы ой мен сезімді тек тежеу қабілеті ғана бар өлі схоластикадан басқа татар ағартушылығынан нені күтпек. Біз қайткен күнде де татар дәуірін айналып өтуіміз керек, ал үкімет бұл жағынан бізге көмектесу қажет «2, 197». Мұнан көрінетін Шоқанның арманы – татар тілімен шұбарланған кертартпа оқудан бойды алыс салып, тезірек жаңаша орыс ілімін игеріп, жоғары деңгейдегі европалық жұрттарымен қатарласу емес пе? Өз кезегінде, Ыбырай Алтынсарин орыстың христианшыл Н.И. Ильминский іспетті миссионерлерінің қысым-қыспағына шыдай жүріп, олар талап еткен кирилица қарпінде жазуды үйренуді желеу етіп, Торғай өңірінде жаңа тұрпатты, қазақша соны үлгідегі мектеп ашты, «Қазақ хрестоматиясы» атты әдебиет оқулығын жазып, құрастырды. Сөйтіп, тарихта тұңғыш рет келешектегі қазақ мектептеріндегі оқу құралдарын түзіп, жасаудың тың ізсоқпағын көрсетіп берді. Және де тұңғыш педагогіміз Ы. Алтынсарин кейінгі болашақ ұрпаққа: «...бір ескеретін нәрсе – қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сия алмайды; оның ойпікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр» «3, 24», — деген сөз қалдырды. Жинақтай айтсақ, ХІХ ғасырдың өзінде-ақ Абай, Шоқан, Ыбырай сияқты ғұламаларымыздың білдірген бұл пайымдарының өте дұрыс болғандығын бүгінгі тәуелсіз заманымыз айна-қатесіз расқа шығарып отыр. Қазіргі, ХХІ ғасырдың басында тәуелсіз Қазақстан Республикасында өмір сүріп отырған біздер біршама ойланып қарар болсақ, басы ашық даусыз жайтты аңғарамыз – кім де болса жақсылықтан, өнерпаздық, ғылым табыстарынан, қол жететін тиімді игіліктерден қашпайды. Сол себепті он тоғызыншы ғасырдың адамдары – Абай

бастаған оқымысты қауым өкілдері мен қадымша біршама білім-түсініктері өлеңдерінен көрініп тұратын текті, зиялы Дулат, Мұрат, Шортанбай, Шөже, Жанақ, Түбек сынды импровизатор ақындар ондай игіліктердің шет жағасын көрген де білген, естіп хабарланып отырған. Адам бейнетін жеңілдететін құрал-саймандардың ойлап табылғандығына, әрине, ғажап қалысып сүйінген. Негізінде, оларды күңіреткен, мұңайтқан – қылыштарын жалаңдатып, мылтық асынған, пушка сүйреткен техниканың жана жетістігін қиянат жасауға, қан төгуге қолдана бастаған, көршілерін құлдана бастаған солтүстіктегі бұзық империяның әрекеті екендігі – бүгінгі ұрпақты бұлтартпай мойындататын шындық. Басқыншылар жүзеге асырып жатқан жаппай қырып-жою, көнбегенді күшпен көндіру, сөйтіп әр кімнің ата қонысын, ата салтын аяққа басып, таптап тастаушылық Абай, Ыбырай, Шоқан, Дулат, Мұрат, Шортанбай, секілді қазақтың өз уағының көзі ашық, есті азамат ақындарын, әрине, ашындырды, сақтандырды. Аталған оқымыстылар мен жыр жампоздарының шығармаларынан көрініп тұрғандай, олар қорқып үріккенде ауыр тұрмыс күйді жақсартатын машиналардан емес, қазақ пен қырғыздың түркілікисламдық діліне, имандылыққа ұйыған мейірбан ниетіне, аққу құстай сұлу тіліне нұқсан келеді, жуса кетпес қара дақ түсе ме деп түршіккен, ол бәлелердің кетпей, орнығып қалу қауіпінен шошынған. Осы аз ғана мысалдар арқылы тарихи тағдыры ұқсас қазақ пен қырғыз халықтарының басында ұзақ уақыт бойы күндей күркіреп тұрып алған аса қайғылы кезендердің ащы дәмін татқандай боламыз. Жан түршігерлік түрпідей суреттері жасаураған көз алдымыздан бұлдырап өтіп жатады. Аса зор географиялық аймақта, Атырау-Еділден бастап, Алтай-Енесай аралығындағы қалың елдің қатыгез империялардан көрген қорлығы мен зәбір-жапасы жазылмас жанды жарасындай болып, ауық-ауық сыздап ауырып-ауырып қояды. Ал, өнер туындыларында, айрықша сөз өнерінде халық есінен кетпестей болған мұндай тарихи оқиғалар терең із қалдырған, өлең-толғау, жыр-дастан, айтыс, термелерге сюжеттік арқау, нәр берген. Қалай болғанда да ежелден ел тарихнамасының ең әдепкі айтушысы, суретшісі, сәулетшісі, сырлап-әрлеушісі, мүсіншісі халықтың Абай, Дулат, Шортанбай, Орынбай, Шөже, Түбек, Құлмамбет, Бақтыбай сияқты суырып салма ақындары мен сол тұстағы көзі ашық, данышпан Абай, Шоқан, Ыбырай іспетті ғұлама, білімпаз оқымысты ақын-әдебиетші, тарихшылары екендігі айдай ақиқат. Олардың соңында қалған мол әдеби-тарихи жазбалары мен өлең-жырлары қазақтың өткенінен баға жетпес тың мәлімет, сирек дерек беретін көркем дүниелер қатарына жатады. Қазақ халқының соңғы мың жылдық тарихында ұстанып келе жатқан дүниелік наным – ислам діні. Күнделікті отбасылық тірлігінде, әлеуметтік қарым-қатынасында басшылыққа алып, әділетті заң-қағида ретінде қолданылып, олардың әдет-ғұрып салтына мұсылманшылық үрдістері көпшіліктің санасына әбден тереңдеп сіңген.

Жаман сөз айтпайтын, жаман жер баспайтын, біреуге біреу залал тигізсе күнә саналатын, ізгілік, рахымшылдық, мейірбандық, парасаттылық қастерленген, үлгі етілген ортада тәрбиеленген халық ақындары замана жайлы толғанғанда сонау тым арыдан бастау алатын ұлттық игі дәстүр ғұрыптарға көңілдегі сенімге көлеңке түсе ме деп қауіптенген. Мұндай тамыры тереңге тартатын игілікті істер өсиет етілетін, имандылыққа ұйытатын атадан балаға сан ғасырлар көшінде көнермей мирас ретінде беріліп, бірге жасап, халықтың тұтастығын сақтауға

өлшеусіз қызмет атқарған қалыпты діл, салттар, наным-сенімдердің жойылып кетпеуіне қазақтың Бұқар, Абай, Дулат, Мұрат, Шортанбай, Жанак, Түбек сияқты халық ақындары да қатты алаңдаған. Өсіп келе жатқан ұрпақтың бабалар жолынан ауытқымай, сырттан таңылатын өрескел қылықтардан бойларын аулақ салып, оларды діл тазалығын құнттауға үндеген. Дегенмен де қазақтың импровизатор шайырлары жамандықтың бой көрсетпей қоймайтындығын сезген. Сезгендіктен де ет жүректері езіле отырып күңірене күйзелген. Өлең-толғауларында ондай анайы, кесірлі кеселдердің қоғамға дақ түсіретін кесепаттардың қалай танылатындығын, ондай жағымсыз жайсыздықтардың атын атап, сыпаттап берген. Атап айтқанда, Абай Құнанбайұлының «Заман ақыр жастары» деген өлеңінде он тоғызыншы ғасырда әлеумет өмірінен орын ала бастаған көптеген кесепатты әдеттер ашық айтылған. Мысалы, Абай былайша толғанған: Заман ақыр жастары Қосылмас ешбір бастары. Біріне бірі қастыққа Қойнына тыққан тастары. Саудасы – ар мен иманы, Қайрат жоқ бойын тыйғалы, Еңбекпен етті ауыртпай, Құр тілменен жиганы. Өнімсіз іске шеп-шебер, Майданға түспей несі өнер. Сиырша, тойса мас болып, Өреге келіп сүйкенер. Күлмеңдеп келер көздері, Қалжыңбас келер өздері. Кекектеп, секек етем деп, Шошқа туар сөздері [1, 181]. Мінекей, XIX ғасырда ресейлік отаршылдықтың, онымен ілесе келген жат, жамандықтардың қазақ арасына қалай сіңіп бара жатқандығы Абай өлеңдерінде осылайша көрініс тапқан. Қазақ жастарының бойындағы келеңсіз қылықтарды жіті байқаған ақын Абай осылайша қынжылады. Қазақ жастарына әдет болып бара жатқан өзара дүрдараздық, ар мен иманнан безушілік, еңбексіздік, құр тіл мен жаққа ерік берген сұхиттылықтың етек ала бастағандығына ақын қатты налиды. Он тоғызыншы ғасырдағы болашағы күңгірт елдің келешегін ойлайды, қазақ жамағатын келеңсіз жат жұрттық арсыз мінез-құлықтардан арашалайды деген жас өскіндердің ендігі мынандай оспадарсыз әрекеттері ұлы Абайды қатты ойландырған. Оларға хас жағымсыз жайларды атап-атап берген: сол пайда тапсам дегеннен басқаны ұмытқан жастардың шетінен көздерінің күлмеңдеп келетінін, бас жоқ, аяқ жоқ қалжыңбас келетіндігін, кекек-секек еткендердің мұсылманшылықтан жырақ іс-әрекеттеріне күйінген. Нақ сол данышпан Абайды сескенткен жамандықтар қазақтың ойлы, майталман импровизатор ақындарын да бейжай қалдырмаған.

Айталық, XIX ғасырдағы қазақ елінің басына төнген келер күннің ең келеңсіз түрлерін дәл басып бажайлаған қазақ ақындарының бірі Дулат Бабатайұлы еді. Ақынның дүниеге келген және қайтыс болған уақтысы әр жылдарда шыққан жинақтар мен оқу құралдарында бірде 1802-1874 делінсе, бірде 1802-1871 жылдар деп көрсетіліп жүр «4, 163; 53». Азды-көпті айырмашылығына қарамастан, қалай болғанда да ақынның XIX ғасырдың оқиғаларына куә болғандығын айғақтайды. Патшалық империяның езгісіне қарсы үн көтеріп, туған елінің азаттығын аңсағандығы үшін Кеңес өкіметінің тұсында Дулат Бабатайұлына жала жабылды, біржақты ескілікті аңсаушы ақын ретінде теріс баға беріліп келді. Бірөңкей кертартпа, сары уайымшыл, жаңалыққа жаны қас ақындар делініп, әдейі жаңсақ түсінік қалыптастырылды. “Осындай түсініктер салдарынан XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің басты өкілдері Дулат Бабатайұлы 1802-1874, Шортанбай Қанайұлы

1818-1881, Шернияз Жарылғасұлы 1807-1867, Мұрат Мөңкеұлы 1843-1906, Шәңгерей Сейіткерейұлы 1847-1920, Әубәкір молда, Құлыншақ пен Шәкәрім қажылар, Ғұмар ишан, Марабай Қалнияз, Бұдабай, Ақмолла, т.б. ақындардың творчествосы зерттеусіз қалды. Олардың еліне танымал боп келген өміршең өлеңдері мен заман қасіреттерін сынаған толғаулары құлыптаулы жатты XIX ғасырларда өмір сүріп, сол дәуірлердегі оқиғалардың куәсі болған қазақ ел ақындарының соңында қалған әдеби мұраларына көз жіберсек, халық басына түскен зор қайғы, қабырға қайыстырған қасіреттердің негізінен агрессияшыл, өз жері аздай, өзге елдің жерін күшпен тартып алуға құмар, ниеті жаман көршілердің қанды жорықтарынан туындап жататындығын талассыз аңғарамыз. Бұл пікірімізге дүниежүзілік тарихта дәлел көп.

Ал, Абайдың өзі болса жас шағынан-ақ мұсылманша оқып, одан туындайтын ереже-қағидаларды, жолжора үрдістерді жіті аңғарған. Бұған ақынның көз ашқаннан арап-парсы тілдерін жақын жақсы біліп, жоғары деңгейде игергендігін қоссақ, онда оның көптеген өлеңдерінен қазақтың негізгі пайым-түсініктерінің ислам дінінің шарифат заңдарымен астасып жататындығына көз жеткіземіз. Қорыта келгенде, қазақ халқының XIX ғасырда өмір сүрген ұлы перзенттері – Абай және оның замандас оқымысты-ғалымдары мен атақты ақан-жыраулары өздерінің өшпес, өміршең поэзиясы мен әдеби-тарихи жазбаларында туған елінің сол кездегі өмір тұрмысынан барынша толық ақпарат береді. Ешбір архив құжаттарында кездеспейтін соны да тың, аса қызғылықты, мән-маңызы ескірмейтін құнды-құнды мәліметтер аламыз.

Әдебиеттер

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1961. – 694 бет.
2. Уәлиханов Шоқан. Таңдамалы. 2 – бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 бет.
3. Алтынсарин Ыбырай. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 бет.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 388 бет;
5. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967. – 434 бет.
6. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 360 бет.
7. Дулат Бабатайұлы. Замана сазы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 160 бет.
8. Шортанбай. Толғаулар, айтыстар, дастан. Құрастырушылар: Қ.Мәдібаева, К.Жүністегі. – Алматы: Айқап, 1993. – 80 бет.
9. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 бет;
10. Құран Кәрім: Қазақша мағына және түсінігі «Аударған: Халифа Алтай». – Медине: Екі Харамның қызметкері Фаһд патшаның Құран Шәриф басым комбинаты, 1991. – 604 бет.
11. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 296 бет.

АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ БҮГІНГІ САБАҚТА

Балтабаева Индира Қызбелбайқызы
Биология пәні мұғалімі
Б.Майлин атындағы №3 жалпы
білім беретін мектебі

Аннотация: В данной статье рассмотрены вопросы формирования духовных ценностей молодого поколения через произведения Абая. Произведений Абая, слова назидания молодому поколению полезный, богатый ценности духовного облика каждого предложения, глубокой основы, пути для будущих поколений, как, наверное, и светофор, действий и т. д., очевидно, что в совершенстве, духовности глубиной не выдается. Мир Абая-это летопись эпохи, воспитательных стажировок. На протяжении многих веков духовные ценности передавались через сочинения Абая, избранные произведения, стихи.

Ключевые слова: духовные ценности, мораль, возмездие

Annotation: This article discusses the formation of spiritual values of the young generation through the works of Abai. Abai's works, words of edification to the younger generation useful, rich values of the spiritual appearance of each sentence, a deep Foundation, a path for future generations, as, probably, a traffic light, actions, etc., it is obvious that in perfection, spirituality is not given out by depth. The world of Abay is a chronicle of the era, educational internships. For many centuries, spiritual values were transmitted through Abai's writings, selected works, and poems.

Keywords: spiritual values, morality, retribution

*Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін
рухани байлық ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің
әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз.*

Қасым Жомарт Тоқаев

Қазіргі таңда қоғамның саяси әлеуметтік және экономикалық дамуындағы жаңғыру үрдістері өткен тарихымыз бен мәдени мұраларымызды, рухани құндылықтарымызды пайдаланып, оны мектепте оқу тәрбие үрдістерінде неғұрлым тез, жылдам енгізу арқылы ұрпақ тәрбиесін ұлттық негізде жаңғыртып, саналы, ұлтын, елін сүйер нағыз азамат тәрбиелеп шығуға мол мүмкіндік бар деп ойлаймын. [1,59б]

Қазіргі уақыттағы педагогика ғылымы –баланың тұлғалық дамуына бағытталған оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуды, яғни тұлғаның білім алу арқылы дамуын мақсат етіп қойып отыр. Терең білім, тағылымды тәрбие ұрпақ санасын жаңа сапалық деңгейге көтереді. Тәрбиелей отырып оқытудың негізгі тәсілі- өз бетінше ойлау қабілетін дамытуға бағдарлау.

Білім беру жүйесінде компетенттік тәсілді енгізу, оқу үрдісінде тұлғалық бағдарлауды, оқушы тұлғасын білім алу арқылы дамуын, яғни «не үшін білемін?», «қалай білемін?» деген сұрақты өзіне қоя отырып, алған білімінің негізінде өмірдің өзгермелі жағдайында еркін бағдарлай алатын, өзінің білімін

дамытуға, сол алған білімі арқылы өз мүмкіндіктерін іске асыруға және адамгершілік тұрғыда өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдауға қабілетті қоғамның азаматы тәрбиеленеді. [3,416]

Бұл мақсатта өзімнің педагогикалық тәжірибемде жаратылыстану пәнін оқытуда тәрбие жұмыстарын жүзеге асыруда Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінің мұғалім үшін бірден-бір рухани қазына екендігіне тоқталғым келеді. Абай тағылымдарын оқып-үйрену оқушылардың білімге құндылық бағдарын қалыптастыруға, алған білімдерін табиғат заңдылықтарымен байланыстыруға, өмірде пайдалана білуге, өзін-өзі өзектендіруге, еңбекқорлыққа дағдыландыруға кеңінен пайдалануға болады. Мысалы, Абайдың жиырма үш сөйлемнен тұратын қырқыншы қара сөзінің он сегізі «қалай?» деген, алтауы «несі?» деген сұрақпен аяқталады. Абайда оның біреуіне жауап жоқ. Барлық жауаптарын тындаушы мен оқушының өз құзырына қалдырған. Оқушы еріксіз ойланады. Біреу бай болса, біреу кедей болса, бұл неліктен дейді де, Абай: «Байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған кедей қылған құдай емес»-деп түйеді. Яғни дәулетті болу, әркім өз несібесін тауып отыруы – адамдардың өз ісі, алыстан ойлап жақыннан нәтижесін пайдалану керек екенін б сыныпта жаратылыстану «Республикамыздың жер қойнауындағы байлық қоры» тарауын оқығанда пайдаландым. Сабақта алға қойған мақсатым, оқушыларды Абай атамыздың қара сөзінде келтірілген теңеу сөздерімен еңбекқорлыққа, оқу мен білімді ұштастыруға алуға тәрбиелей отырып, білімдерін жетілдіру. Осы тақырыпты ашуда алға қойған мақсатыма жеттім деп ойлаймын.

«Халықтар географиясы. Жер бетінде халықтың қоныстану ерекшелігі неге байланысты» тақырыбында «Абайдың жиырма бесінші қара сөзін: орысша оқу керек, хикмет те, мал да өнер де, ғылым да- бәрі орыста зор... орыстың ғылымы, өнері дүниенің кілті. Оны білгенге дүние арзанырақ түседі». «Залалынан қашық, пайдасына ортақ болуы үшін де, оқуын, ғылымын білмек керек» пайдаланамын. Басты мақсатым елбасымыз айтқандай үш тілділікті дамыту, тек қана қазақ тілін біліп қана қоймай, сонымен қатар орыс тілін еркін меңгеріп, бір шаңырақты мекен еткен орыс ұлтымен достық қарым-қатынаста өмір сүру, отанды сүю, бірлікті қадірлеуді осы сабағымды өткізу барысында оқушыларға бағыт бағдар бере алдым деп ойлаймын.

б-сыныптың жаратылыстануында «Пайдалы қазбаларды өндіру қоршаған ортаға қалай әсер етеді» тақырыбын оқығанда Абайдың: «Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сауған қолөнері-қазақтың әулиесі сол»- деген сөзін келтіремін. Абай қолөнері қызметінің жемісі сол адамының өзінің әлеуметтік жағдайын жақсартып қана қоймай, көпшіліктің кәдесіне жарайды. Өнер, ұлт өрісін ұзартады, кеңейтеді. Ал оның ең озық үлгілері ұлтымызды әлемдік аренаға танытады, жаһандық деңгейге көтереді деген пікірді менде қолдаймын. Абайдың осы қара сөзі арқылы біз қазіргі таңда жастар бойында кездесетін жаман қасиеттерді, мінездерді өзгермейді деген адамға мінезін өзгертіп көркем мінезді, тәртіпті, мәдениетті тұлға қатарына қосылуына, талпынуына және де толықтай өзгеруіне бірден-бір түрткі болады деген сенімдемін...

Табиғат Абай шығармашылықтармен тікелей байланыста. Табиғаттығы заңдылықтар мен құбылыстар оның шығармаларында кең, әрі ғылыми терең негізде көрініс тапқан.

Мысалы, «Қыс» өлеңінде:

*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау таңымас тірі жанды.*

Үсті –басы ақ қырау, түсі суық.

Басқан жері сықырлап келіп қалды ... - деген Абай атамыз табиғатты жан-жағынан әсем келбетте суреттейді. Табиғат құбылыстарды бір арнаға ұштастыра отырып, жыл мезгілдеріне сипаттама береді. Осы орайда 6 сыныптағы сабағымда «Табиғаттағы химиялық айналым біздің өмірімізге қалай әсер етеді» тақырыбын балаларға түсіндіру барысында жыл мезгілдері, ауа-райы турасында әңгіме жүргізіп, Абай атамыздың осы бір туындысын балалармен талқыладық. Табиғаттың заңдылықтары, жыл мезгілдерімен оның кезеңдерін оқытқанда пайдаланамын. Абай атамыз жыл мезгілдерін әсем суреттеген, үлкен шабытпен жазылған «Жазғытұры өлеңінде» Жазғытұры ағаш жапырақтарының жасыл кейіпке еніп, жыл құстардың ұшып келуі. Аз сөзбен көп мағына беру Абай атамыздың қалам тартуындағы басты ерекшелік.

Табиғаттың көрнісі әдеби шығармаларда жақсы ашылды, 6-сынып Жаратылыстану пәнінде «Әр алуан экожүйенің құрамына қандай организидер кіреді» деген тақырыбында

*Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлтырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.
Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.*

Осындай Абай атамыздың керемет туындысын өз тәжірбиемде, жас буынды оқытумен пайдаланамын.

6-сыныпта «Энергия және қозғалыс» тарауында жаһандану заманында қазақ қоғамына тән бүкіләлемдік тәжірибеге еліктеуден гөрі, өз жанын өзі жасандыруға шақырған Абай 7-ші қара сөзінде: «Жанды тәнге бас ұрғыздық, еш нәрсеге көңілмен қарамадық, көңіл айтып тұрса да сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің сыртын көргенге-ақ тойдық. Қалай болады деп, сырын көңілге салмадық»- деп қатты сынға алады. Ақын сөзімен айтқанда:

*«Келіп-кетіп көп жүріп,
Мен досыңмын деп жүріп,*

Дұшпандығын оздыратындардан» сақтанамыз, ұрпағымызды сақтандырамыз. Ендеше, Абай тағылымына жүгініп, қоғамның жаны болып табылатын бағыттарға басты назар аударуымыз керек. Сонда ғана өркениетке аяқ басамыз, жаһандану тұсындағы рухани-әлеуметтік салада жұтылып кетуге қарсы тұра аламыз.

Жаһандану кезінде білімсіздіктің, надандықтың тек ел ішінде әлеуметтік келеңсіздікке әкелмей, жалпы ел аралық ғаламдық қатынастарда да ұлттың есесін жіберіп алуына соқтыратынын терең түсінген ойшыл Абай:

«Білмеген соқыр,

Қайғысыз отыр,

Тамағы тойса жатуға» - дейді Абай тағылымы.

Ендеше қазіргі жастардың заман ағымына сай білімді де білікті маман болуы және өз білімін өз елінің өркендеуіне барынша еңбек етуіміз басты шарт..

Ал, қазіргі уақытта біздің ел мүддесі үшін жасаған істеріміз қанша?, осы орайда оқушыларды осы сұраққа ойлануға және оны жүзеге асыру үшін не істеуіміз керек?, болашақта еліміз қандай болуы керек деген сұрақтарға жауап іздеп, оны жүзеге асыру үшін әр жас өреннің өзінше білім алып, ел үшін еңбек етуге шақырамын.

Қазіргі жаһандану заманында тағы бір ескерер нәрсе бірлік, татулық, тұтастық. Ел егемендігі мен бірліктерінің басты тұтқасы ұлттық ішкі татулыққа бастайтын қасиеттер «Бірінді қазақ, бірін дос көрмесең, істін бәрі бос» деген сөздер, шын мәнінде, ұлт болып бірігіуіміздің негізгі шарты. Абайдың өсиетіне үнілсек, онда мемлекетіміздің егеменді ел болып қалыптасып, өркендеуі, гүлденуі ұлттық бірлікті сақтаудан басталады. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі материалдық баға ғана емес, сонымен бірге, ұлттың рухани баюына жеткізуі тиіс. «Өзге өскен ел не істесе, соны істе, ғылымын, мәдениетін меңгер» -дейді Абай. Ол үшін өзгелермен мәдени, экономикалық, саяси араластық керек!

Қорыта айтсақ, «Тегінде адам ақыл, ғылым, ар, мінезімен озады», - деп айтқан Абай атамиздың сөзі жадымыздан мәңгі өшкен емес. Оның өлеңдері мен шығармалары, поэмаларымен қатар тәрбиеліктен сыр шертетін қара сөздері санамызда мәңгі жаңғырып тұрады. Өзімнің болашақ ұстанымым, Абай атамиздың **«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап»**

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне құлық сақтап.

Өзіңе сен өзіңді алып шығар

Еңбегің мен ақылың екі жақтап. - деген өлең жолдары,

оқушыларыма да насихаттап жүремін.

Абай атамизды асыл сөздерін ерінбей оқып-үйрену, Абайды тану әрбір қазақ елі азаматының тәрбие бастауы, мәдени-әлеуметтік дамудың жемісі. Абай әлемі-әлі қазынасы мол, берері көп, ақылдың алынбас асқары.

Әдебиеттер

1. «География және табиғат» Әбішева Рая №6(84),2016 жыл[59-60б]
2. «География және табиғат» Әбубәкір Қайран №3(39),2009жыл [69б]
3. «География және табиғат» Әбубәкір Қайран №4(34),2008жыл[40-41б]
4. «Қазақ әдебиеті» С.Мақырұлы, Т.Сыдықов «Фолиант» баспасы Астана-2007жыл[11б]

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Бижанова Г.К.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, п.ғ.м., аға оқытушы

Дуйсенкулова М.У.

№6 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

*«Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе!»*

Аннотация. Статя посвящена наследию Абая, которому можно научить подрастающее поколение. Помимо определения дидактических идей в творчестве поэта, он сравнивал концепции в стихотворной форме и прозе. Взгляды великого ученого Абая на познание подробно изучены и рассмотрены.

Ключевые слова. познание, дидактика, мысль, концепция

Abstract. The article is devoted to the legacy of Abai, which can be taught to the younger generation. In addition to defining didactic ideas in the poet's work, he compared concepts in poetic form and prose. The views of the great scientist Abai on knowledge have been studied and considered in detail.

Key words. cognition, didactics, thought, concept

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «келелі ой, өнегелі ұсыныс, көреген білімі арқылы Абайды және оның ұрпаққа мұра болып қалған тәрбиесінің зор құндылықтары мен Абайдың рухын тану, оның даналық сөздерін бойға сіңіру арқылы елдің ел болатындығын» айқын атап көрсетті[1].

Екі ғасырға жуық уақыт өтсе де, ұлы ақынның шығармалары бүгінгі күнге дейін құндылығын жойған емес. Шағын мақаламыздың мазмұнының басты ерекшелігі 2 сыныптағы «Әдебиет» оқулығындағы ғұлама ақын Абай Құнанбаевтың өлеңдері мен қара сөздерін оқытуға байланысты негізгі санаттар тұрғысынан пайымдау қарастырылды.

Ақын мұрасын зерттеуде, белгілі ғалым Ә.Нысанбаев айтқандай, «қазір Абай философиясы мен дүниетанымы, ол айтқан дана пікірлер адамның қадір-қасиетін көтеруге, ұғуға бағыттайтын өміршеңдігі мен егеменді еліміздің мемлекеттік идеологиясы болып табылады» деген пікірінің жөні бар[2]. Қалай десек те, дидактикалық пікірлердің белгілі бір тарихи даму кезеңдерін басып өту арқылы біртіндеп жинақталғаны анық. Абай сынды ғұлама ақынның шығармаларындағы дидактикалық пікірлер де бір күнде пайда болмағаны, оның шығармаларында айтылған ойлар қазақ халқының даналық тұжырымдарының жалғасы, шығыс ғұламаларынан алған тәлімдерінің нәтижесі деуге болады.

Ақын дидактикалық ғылыми еңбек жазбағанымен, соған қажетті және осы оқыту теориясының қыр-сырын ашуға, осы үрдісті ұтымды ұйымдастырып, тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін келелі пікірлер жазып қалдырғаны белгілі.

Дидактика туралы әдебиеттерді (негізінен қазақ және орыс тіліндегі педагогика оқулықтарын) зерттеу барысында оларда көбінесе оқыту іс-әрекетіне байланысты ғылыми-педагогикалық талдаулар, ұғымдар мен түсініктердің жеткілікті екендігі белгілі[3].

Ақын шығармаларындағы дидактикалық ойларды айқындау және ұғымдарға берілген өлең, қара сөз түріндегі түсініктерді салыстырғымыз келді. Бірақ оқулықтарда олар жеке-жеке қарастырылмағандықтан, оны ақын шығармаларына сүйене отырып толық ашып көрсету үшін, алдымен ақын шығармаларындағы дидактикалық ойларға байланысты зерттеулер мен жекелеген мақалаларға талдаулар жасадық.

Абайдың шығармаларындағы айта кететін бір жәйт, бұл «оқу» мен «оқыту» деген ұғымдарға осы үрдістің барлық жақтарын қамтитын кең мағына беріліп отырғаны. Ол білім беру, біліктер қалыптастыру, оқыту мазмұны, формалары, әдістері мен тәсілдері, үйрету, жаттықтыру, т.б. қамтиды.

Ақын мұрасындағы дидактикалық тұжырымның бірі – «ұқ». Оқу үрдісінде бұл ұғыну, ұқтыру мәнінде қолданылады, «ұғу – түсіну, білу, санаға тоқу, жадында сақтау». Сөздікте түсінудің синонимі ретінде берілгенімен қолданыста олардың мәні әр түрлі, мысалы, *түсінеді* – айтқан сөздің байыбына бару болса, *ұғады* – одан да тереңдеу секілді. Мысалы, ұғып, көңіліңе тоқып ал, *ұқтыру* – санаға орнықтыру, ал *түсіну* – әр сөздің мәнін пайымдау дегенге саяды. Оқыту үрдісінде сабақ түсіндіру туралы көп айтылғанымен, сабақты ұқтыру демейді, керісінше сөз ұғады, сөз ұқпайды делінеді.

Абай Құнанбаевтың педагогикалық идеяларына байланысты ғалымдар мен жекелеген зерттеушілердің еңбектеріне тоқталатын болсақ, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі, Ресей ғылым академиясының академигі, Грузия ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор К.К.Құнантаеваның «Ұстаздарға өсиет» [4] еңбегіне тоқталуға болады. Мұнда ғалым, Абайдың «Қарашы өз бойыңда түгел ме екен, ыстық жүрек, оң шырай, қуат пен күш» деген пікірін ұстаздардың өзін-өзі тәрбиелеуде үлгі етіп алуға болатындығын дәріптеген.

Ақын енді осы ғылымды меңгеруді білім арқылы келетінін «ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басынды зорлықпенен, яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша», - дейді. Байқап қарасақ, осы жерде үш дидактикалық ой жатыр. Олардың *біріншісі*, баланың, оқушының бойындағы ерік күшін жұмылдыру, оқу білім алу барысында кездесетін сәтсіздіктерге төтеп беруге баулу, басқаша айтқанда, әрқандай пәнді меңгеру барысында кездесетін тапсырмаларды орындау, мәселелер шығаруда мойымай іздену арқылы жол табуға болатынын оқушылардың санасына сіңіру; ең бастысы оқу еңбегіне дағдыландыру; *екіншісі*, алдау мен ғылым, білімге, оқуға үйір қылу; бұл қазіргі кезде дәстүрлі емес әдістермен ұштасатын секілді. Солардың бірі сабақ үстінде ойын тәсілдерін қолдану, мысалы, рольді ойындар, конкурс сабақтары, бәсеке,

пікірсайыс, т.б. белсенді әдістерді қолдану арқылы оқушыны білімге еліктетуді көздеп ұйымдастырған сабақтар. Бұл оқушылардың белсенділігін арттырып, білімді меңгеруін жеңілдетеді. *Үшіншісі*, оқушының қызығуын ояту арқылы өзінің ізденуіне түрткі беру. Ақынның осы жердегі «үйрене келе өзі іздегендей болғанша деген пікірін дидактиканың «үйрету-үйрену» деген басты тұжырымымен тектес деуге болады.

Ол баланың ғылым, білімге ынтасын арттырудың негізгі жолы оған сүйіспеншілігін «қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» демекке Абай ғылым, білімге құштарлықты адамдық қасиеттің бір мәні ретінде ой түйіндейді. 2 сыныптағы «Әдебиет» пәнінде Абай Құнанбаевтің «Абайдың қара сөзі» мен «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі берілген.

Осы әдебиеттегі берілген қара сөзінде ол ғылым деген ұғымға «адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтық» болуы мен болатынын белгілеген.

Осы қара сөзіндегі ақын пікірлерін зерделей келіп, ғылымды *тәрбиенің бір құралы ретінде* қарастыруға болатынына көз жеткіземіз, «білмекке ынтық бірлән табылады» дегені міне, осыған меңзейді. Өйткені, ғылым арқылы зат, дүние, қоғам, адам құбылыстарының хикметін-кереметін, қасиетін, шынайы сипатын танып білу арқылы оған қызығушылық туындайтыны белгілі. Бұған «Һәм мәні білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді» дегенін дәлел ретінде келтіруге болады.

Оқытудағы басты мақсат білім беру болса, бүгінгі күні бұған қоса баланың, оқушының өз белсенділігі мен ізденімпаздығы ерекше мәнге ие болып отыр. Ақынның осыған орай «*ғылым іздеп, ой тап*» деген тұжырымы да қазіргі кезде аса маңызды.

Іздену – жалпы оқу іс-әрекетінің арқауы десек те болады. Оқытудың алғашқы күнінен-ақ оқушыны біртіндеп ізденуге үйрету бүгінгі күн талабы болып мұндағы мақсат олардың барлығын бірдей ғылым іздеуге ғана емес, жалпы ізденуге баулу, соның жолдарын үйрету. Ғұлама ақын Абай Құнанбаев айтып отырған іздену тұжырымы көп қырлы, сан алуан мағынаға ие. Ол «кітап бетінен оқып іздену» «көңіл ізденуі» (44 қ.с), [5], «ісмерлер іздеп...көріп», «өнер іздеп»(33 қ.с) [5], т.б. іздеулерден тұрады. Оқу үрдісінде бұлардың барлығы дерліктей оқушының ізденуін қалыптастыруда қолдануға болатын дидактикалық пікірлер. Мектеп және басқа да оқу орындарында бұлардың барлығы үйрету арқылы жүзеге асады:

- кітаптан оқу арқылы ізденуге үйрету;
- оқыту барысында шын ниетпен табу үшін іздеуге тәрбиелеу;
- қызығып, білсем екен, көрсем екен деген ынтамен ізденуін дамыту;
- іздегенін нағыз білгірлерден сұрап білу, шеберлерден көріп үйренуіне шарт түзу;

- ғылым, білім, өнер, жақсы тұрмыс, мазмұнды өмір іздену арқылы тапқанын іске жарату арқылы жүзеге асатынына оқушыларды иландыру.

Ғұлама ғалым-Абайдың таным туралы пікірінің бірі «әгәрше фатлубни тәжидуни - талап қылсаң табасың» дегені хакімдердің ізденістеріне қатысты

айтылғанымен ғылым, білім іздеуде де *талаптың* орны бөлек. Қаншалықты ақылды болса да талабы болмаса құр ақылдың ғылым, білімге пайдасы аз.

Абай оқыту ісіндегі схоластикалық әдіске, құрғақ жаттауға қарсы болды. Ол сапалы білім беруді қуаттады. Таяқ тәртібінің орнына саналы тәртіптің болуын жақтады. «Дүниенің һәм көрінбеген сырын түгендеп, ең болмаса, денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады», - дейді Абай[5;54].

Білім, ғылым іздеуге қажетті адамның ішкі жан-дүниесіндегі құбылыстарды *мынандай тұжырымдарға* байланыстырады:

Біріншісі, білім-ғылымға «көңіл мейірімінің түсуі», әрине, мұндай білім нағыз, шынайы «білсем екен» деген құмарлықпен ұмтылғандар туралы болса керек, Оған жету үшін алдымен шын ниетпен білуге құмарлану арқылы іргелі, мықты, сапалы білім алуға болады.

Екіншісі, білім-ғылымды үйренгенде «ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек» дегені ақиқат, шынайы білімге ұмтылу. Осы ақиқат мақсатқа қол жеткізуде басқалармен күш сынасу, бәсекеге түсу, онда жеңіп шығу бүгінгі күн талабы. Осыған орай ғұлама ақын Абай мән-жайын ашып түсіндірген бәсекенің маңызы оқыту барысында ескеретін дидактикалық талаптардың бірі деуге болады.

Үшіншісі, алған білімнің беріктігі – дидактиканың маңызды ұстанымдарының бірі. Мысалы, білімнің беріктігі әр пән бойынша алған білімдерін тек есте сақтау ғана емес, сол негізде жаңа мәліметтер жинау, ғылым, білімін жаңа сатыға көтеру, ой жүргізу арқылы өмір қажетіне жарату, шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту.

Қазіргі кезде оқыту теориясына қатысты, әсіресе, оқыту әдістеріне байланысты ақын шығармаларындағы дидактикалық идеяларды да тың сипатта талдап, жаңаша көзқараспен зерделесек, осы “жаңа технология мен белсенді әдістерді” байыта түсер едік. Сондықтан, біз жас ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды Абайдың қара сөздері мен таңдамалы шығармалары, өлеңдері арқылы жеткізуіміз керек. Бұл тұрғыдан 2 сынып оқушыларымен «Абай-ұлы ақын» атты тәрбиелік тағылымдық сабақ өткізілді.

Біздер жаңа жиырма бірінші ғасырдың оқушыларын тәрбиелейтін педагогтар Абай мұраларын бүгінгі жастарымыздың терең зерделей алуына жол ашуымыз керек. Абайды таныту арқылы қазақтың бітім-болмысын, мәдениетін таныта алатынымыз айдан анық.

Әдебиеттер

1. Қ.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. 2020ж.9 қаңтар, www.24.kz сайты
2. Б.Ыбырайым. Ақындар аманаты: Хрестоматия-компендиум.-Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2012.-360 б.
3. Әбиев Ж. Педагогика. - Алматы, 2004.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013.-500б.
5. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006. – 124 б.

ҰЛЫ АҒАРТУШЫНЫ ТАЛУ

Білісбекова Динара Білісбекқызы
Н.Құлжанова атындағы Торғай
гуманитарлық колледжінің мектепке
дейінгі оқыту және тәрбие мамандығының
оқытушысы Арқалық қаласы
dinok.90@mail.ru

Аннотация. Абай-великий поэт, Абай - в единстве, в его поэзии-это новаторство, присущее всему творческому наследию литературного, музыкального искусства. Абай-реалистический писатель, исследовавший всю эпоху своего существования раскрывший внутреннюю внешнюю окраску. Абай сумел глубже понять и интересы родного народа, и общечеловеческие идеалы.

Annotation. Abay is a great poet, and when we talk about Abay – Dara, we mean the novelty of his poetry, which is inherent in the entire literary and musical creative heritage. Abay is a realist writer who carefully studied the realities of the era in which he lived and revealed his inner and outer secrets. Abay was able to understand both the dreams and universal ideals of his native people.

Ключевые слова. Народ, поэт, сочинение, религия, вера, образование и наука, нравственность, нравственность, мечты.

Keywords: population, poet, composition, religion, faith, education and science, humanity, morality, dreams and ideals.

Бүкіл халқымызды толғандырған ғұлама ақын Абайдың теңіздей терең таланты күн өткен сайын биіктеген үстіне биіктеп, ақындарға – арманға, ойшылдарға – маржанға айналды. Оның әрбір сөзі жібекке тізген меруерттей мөлдіреп, көз жауын алса, салмақты да салиқалы ойлары жаныңды тербеп, жігеріңді жанып, қиялыңды қырымға, көңіліңді заңғарға көтерері сөзсіз. Абайдың бір сөзі мірдің оғындай уытты, түсінген жанға бір сөзінде «жүз мағына бар» екені анық. Абайдың балалық шағы озбыр әкесінің қолында, өзімшіл қатал тәрбие үстінде өтеді. Оның әкесі Құнанбай Өскенбаев халықты аяусыз қана езген жыртқыш дәулетті феодал болған.

Абайдың сәбилік таза жүрегі осындай әкесінің зұлымдық әрекетінен өте-ақ шошынды, тыным таппастан түршіге соқты, бірақ оның жүрегі көкірегін кере, зор боп шыныға өсті.

Абайдың жас кезіндегі көңілін сергітіп, жүрегін жібіткен жылы пейіл тек ардақты анасы Ұлжанның аналық махаббаты, көпті көрген әжесі Зеренің жылы мейірімі болды.

Ұлы Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп бағалап, алғашқылардың бірі болып оның ақындық зор тұлғасын дәл сипаттап, әдебиет, мәдениет пен қоғамдық ой-санамыздың дамуындағы орасан зор маңызын тұжырымды түрде айқындап берген Ахмет Байтұрсыновтың осы бір нұсқалы сөзін есте тұта отырып айту парыз деп ойлаймыз. Абай – ұлы ақын, Абай – дара дегенде оның

поэзиясына әдеби, музыкалық бүкіл шығармашылық мұрасына тән жаңашылдықты айтамыз. Абай – ұлы ойшыл, Абай – дана дегенде де оның үлкен философиялық ой толғаған жеке туындыларын есепке алумен шектелмей, қоғамдық өмірдің сан-алуан салаларына қатысты, дүние-болмыс, заман ағымы, халық тағдыры туралы аса маңызды ой-пікірлерін тұтас алып, замандастары мен кейінгі ұрпақтарының ой-санасын жаңа белеске көтерген зор мәнін ескере отырып айтамыз. Оның жаңашылдығы мәдениеттегі, әдебиеттегі, қоғамдық ой-санадағы дәстүр мен жаңашылдықтың жалғастығын танытады. Ол ақын поэзиясының, әдеби мұрасының халықтық сипатынан туындайды. Абайдың озық ойшылдығы – халық даналығының биік көрінісі. Абай туған халқының арман-мүддесін де, жалпы адамзаттық мұраттарын да терең түсіне алды. Абай – бүгін де жастардың ақылгөйі, ұлы ұстазы, жақсылардың жанашыры. «Жүрегім нені сезесін?..» - Абайдың мың тоғызыншы жылы жазған өлеңі. Өлеңде ұлы ақын елдегі алдамшы атқамінерлерден түңіліп, қатты ашынып, өзінің жалғыз қалғанын толғағандай сыңай танытады. Абай осы өлеңінде аса биікке, шырқауға көтерілген, мұнда жер бетіндегі бүкіл адамзаттың мұң-шері, қайғы-қасіреті, ішкі жан сезімі, арман-мұраты бар. Қазірде Абайды ғұлама дегенде, ол шығыстың да, батыстың да білімін жан-жақты мол жинаған данышпандығын ескереміз. Халық поэзиясымен терең тамырластығы Абайдың ақындық тұлғасына ана сүтімен біткен қасиетті ұлттық, даралық сипат бергені даусыз.[1]

Абайдың поэмаларына негізінен шығыс сарындары арқау болғаны белгілі. Шығыс әдебиетінен келген сюжеттер көптен таныс үйреншікті дүние секілді болса, орыс әдебиеті, поэзиясы мүлде жаңа құбылыс еді. Орыс классиктерінің шығармалары қазақ даласында озат адамгершілік идеялардың жаршысы бола алатыны Абай назарынан тыс қалмағаны анық. Орыс әдебиетінен оқығаны қаншалық көп болса да, ол поэзиялық шығармаларды аударуға келгенде үлкен талғампаздықпен қарап, Пушкин, Лермонтов, Крылов секілді ақындардың кейбір өлеңін ғана іріктеп алады. Абай орыстың классикалық әдебиетін оқыған сайын көзі ашылып, өмірдің, қоғамның сырларына түсіне бастайды. Бұрын Абай өмірдегі жақсылық пен жамандық, дәулеттілік пен жоқшылық – бәрі құдай ісі деген молдаларының ғана сөзін естіп келсе, енді Абай, өмір туралы, ондағы қоғамдық теңсіздік туралы өзгеше ой, ақылға сыйымды, өмірге үйлесімді жаңа түсініктер табады. Сөйтіп, орыс әдебиеті Абайдың дүниеге көзін ашып, көңілін сергітеді.

Абай өлеңнің мақсатын терең түсініп, ақынды өмір оқытушысы – үгітші, үлгі берер өзіндей азамат ақын болуы керек деп білді. Абай қыйыстырып айтқан сөздің бәрі өлең емес, құр айқай бақырған ән емес, «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» оның тілі жеңіл, жүрекке жылы тиерлік, құрылысы шебер, айналасы теп-тегіс, тау тасындай жұмыр келуі керек деді, ал ән болса, құлақтан кіріп, бойды билегендей, көңілге түрлі ой салғандай болуы керек.

Абай өзі өмір сүрген дәуір шындығын ақтара зерттеп, ішкі сыртқы сырларын жете ашқан реалист жазушы. Ол кезіндегі қоғам өміріне сын көзімен қарап, барлық қайшылықтарын көре білді. Кейін Абай қазақ билерін, болыстарын сынап, тек жай шыншыл ақын ғана емес, сонымен бірге, үлкен

сыншы ақын екенін де танытты. Қазақ болыстарының сайланған күннен бастап шұғылданатын іс әрекеттерін, мінез-құлықтарын айқын танытып, олардың типтік бейнелерін жасап берді. Олардың болыс болғандағы мақсаттары ел қамы үшін қызмет ету емес, өз қамы, өз өзқұлқыны екенің танытты. Олардың жұмысы ішіндегі дау-жанжалды басу емес, оны қоздыра түсіп, мал табу, зәбір-жапа көрген мүсәпірге теңдік әперу емес, зәбірлеуші байдан, ұрыдан т.б. дәукестен пара алу деп көрсетеді.

Абай поэзиясы, өнерпаздық өнегесі, дүниетанымы туралы айтқанда ақын тұлғасының біртұтастығын ескерудің үлкен мәні бар. Өлеңдері кейде сұхбат, сырласу, кейде насихат, кейде ойға шому, ой толғау түрінде әр алуан болып келсе, ал кейде ақын өлеңін өз атынан, бірінші жақтан айтқанымен өмірге жинақталып жасалған лирикалық тұлғаның көзімен қарайтыны байқалады.

Ақын халықтың жоғын жоқтап, мұңын жырлады, ал халық онан ақыл сұрап, кеңес алып, жарыққа ұмтылды. Ең алдымен, Абай туралы еңбектерде, оның дінге көзқарасы туралы екі түрлі қате пікір болып келеді. Кейбір зерттеушілер Абайды «ислам дінінің қазақ ішінен шыққан өкілі»деп келді. Бұл пікір отызыншы жылдарда айтылды. Ал екінші бір зерттеушілер, ақынның дүниеге көзқарасының басқа жақтарын кең де, дәйекті талдап келіп, дін мәселесіне келгенде үстірт, жол-жөнекей ғана соғып, Абайдың дін туралы түсініктері ақын шығармасының әлсіз жағы деп сылап-сипаумен ғана тынды. Абай Семейдегі Ғабдулжаппар мен Ахмет Риза молдаларынан оқыған. Абай мұсылманшылықтың қырдағы ұйтқысы болып, қазақты «құдайдың» құлы, Мұхаммедтің «үмбеті» етуге ыждаһатпен ат салысты. Ислам дінінің қырдағы бір тірегі болуға ұмтылған ол ауылында молда, қожаларды көп ұстады. Қарқаралыда мешіт салғызды, өз балаларын діни мектепте оқытты. Ол мың сегізжүз жетпіс тоғызыншы жылы Мекеге барды. Дін мәселелері туралы Абайдың талдамдары мен түсініктері, діни әдет-ғұрып пен дін иелеріне берген сыны – ағартушылық бағыттағыталдам, сын.

Абайдың «иман» туралы түсінігі де діни көзқарастан көп алшақ, исламшыл ұғымға жанаспайды. Құранда иман туралы бір ғана түсінік бар. Исламша, иман дегеніміз құдайға шексіз, шүбәсіз нанудың, сенудің символы, бұл дүниеде барлық ауыртпалыққа төзімділік жасап рахатты о дүниеден, «жұмақтан» күту. Абай түсінігі мұнан мүлде өзгеше. Ол өзінің «он үшінші сөзінде» иман жөнінде бір емес, екі түрлі түсінік бар екендігін, иманның екі түрлі болатынын айтып, «иман» деген діни ұғымға ғылыми және моральдық мән, мазмұн беруге ұмтылады. Иманның екі түрін талдап келіп, Абай, біріншіден, шын иман – таныммен барабар дегенді аңғартады. Екіншіден, иманды этикалық, адамгершілік мәселесімен ұштастырып, иман дегеніміз ар мен ұят дейді. «Ұят кімде болса - иман сонда», «кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ» деп түйеді Абай өз пікірін.[2]

Ұлы Абай өлеңінен адам жанына рухани керектің бәрі де табылады. Сол себепті, ол қазақ поэзиясының көш бастаушысы ретінде тірі жанға «дес» бермей ілгері өрлеуде. Абайдың ақындық жолында алдына қойған мақсатының бірі «Наданның көзін қойып, көңілін ашу» болатын. Осы тұста А.Құнанбаев үлкен ақындық дарынын, биік азаматтығын сарқа жұмсады. «Қартайдық, қайғы

ойладық» деген сияқты өзінің қамыққан, қажығандай көңіл күйін осы өлеңдердің бастапқы жолдарында ғана айтады. Осылай барып, ішкі сырын атқаратын рай көрсетеді де, одан әрі бірыңғай айналадағы өмір, әртүрлі адамдардың жағымсыз іс-әрекеттері, қарекет-мінездері туралы айтуға ойысады.[3]

Халқымыздың ұлы ақынға құрметі біздің «Абай атамыз айтқандай» деп сөйлейтінімізден де көрініп тұр. Абай – ұлттың атасы, халықтың рухани әкесі.

Абай қарасөздерінде әңгіме-сұхбат жанрының өзіндік өзгешелігін толық пайдаланып, адал еңбек ету, егін салу, саудамен айналысу, өнер үйрену, білі-ғылымды игеру, қоғамдағы әртүрлі топтардың қылып жүрген адамгершілік, имандылық секілді бірталай көкейкесті элеуметтік мәселелерді кеңінен толғайды, үлкен көрегендікпен көптеген құнды пікірлер түйеді. Егін салу, сауда істеу, өнер, ғылым іздеу қажеттігін елдің өмір-тұрмыс жағдайына, негізгі қарекетіне, күнделікті атқаратын істеріне байланыстыра айтады, халықтың өмірін, әртүрлі топтың өкілдерінің мінез-құлқын, ой-ниетін нақтылы, жан-жақты талдай отырып сөз етеді. Болыс сайлау мәселесін сөз қылғанда да сол кездегі нақтылы қоғамдық жағдайды, елдің әдет-ғұрпын, ұғым түсінігін толық ескеріп отырады. Абайдың қарасөздері қазақ әдебиетінде көсемсөз, көркем прозаның қалыптасып дамуына соны із салған елеулі жаңалық еді. [4]

Абайдың нағыз дана және дара екенін асқан көрегендікпен тани білген Ахмет Байтұрсыновтың «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» дегенін де еске алған артық болмас. Бұл осы ғасырдың бас кезінде айтылған, алайда бүгін де мәнін жойған жоқ. Қанша жемістеріміз бен жетістіктеріміз бар десек те, қазіргі жастардың жайын ойласақ, жетпей жатқаны да аз емес. Абай сөзін тек ақындық өнерге, әдебиетке құштар жастар ғана емес, жас буын өкілдері тегіс білуі керек екенін атап айтсақ, Ахаң айтқан осы ойды үнемі есте тұту қажеттігі айқындала түседі. Өзі туған халқының әдебиетімен қатар дүние жүзі мәдениетіне үлкен үлес қосқан ұлы Абайдың өлмес, өшпес мұрасы халқымыздың игілігіне ас берумен бірге, басқа елдердің де кәдесіне жарап, рухани қажетін өтей беретіні кәміл.

Абайдың проза саласында жазған қырық алты ғақылиясы бар, мұның қырық алтыншысы тарихқа қатысты. Халқымыздың келеңсіз іс, жұғымсыз мінезіне қатты шүйлігеді, ол: «Қазақтың бірінің-біріне қаскүнем болмағаның, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғыны, рас сөзінің аз болатұғыны, қызметке таласқыш болатұғыны, өздерінің жалқау болатұғыны себебі не?» - десе, осы айтылған пікірдің жалғандығы бар ма, бәрі де рас, қолмен қойғандай нақты дәлел. Абайға дейін де, одан кейін де бірде-бір жазушы не ақын тура Абай сияқты жалпақ елге осындай кемістікті айтқан емес, ал ғұлама ақынның өзінің елін соншама жақсы көргені, оған сондайлық жаны ашығаны оның әр сөзінен, әр өлеңінен шынайы көрініс тапқан. Абай осы қара сөзіндегі ойын өлеңмен де толғаған, тіпті жеріне жеткізе ашына жеткізген, біз оның: «Сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсе қызар жалмауыз, сорлы қазақ сол үшін, алты бақан, ала ауыз» деген жыр жолдарын еске түсіреміз. [5]

Абай аса ірі талант иесі болғандықтан, оны бар жағынан жетік білу, оның баға жетпес шығармаларын толық меңгеру қиынның ұиыны. Бұл үлкен абыройлы істі ғалымдарымыз, ақындарымыз болып қолға алып келеді. Абайдан тек бір ғана поэзияны үйреніп қана қоймай, өмірдің қат-қабат сырларын, адам жанының ішкі тереңдеріне сүңги бойлаудыда қабылдауымыз керек.

Болашақ ақын жолының алғашқы баспалдағының бірі – біздіңше, көркем де бай ауыз әдебиеті еді. Ғұлама ақын осы байлықтан барынша ала білді, үйрене білді. Абай қаламынан төгіліп туған жыр маржандары өзінен кейінгі таланттарға қанат бітірді, қиялын ұштады. Себебі Абай поэзиясының ақсемсері найзағайдың отына суғарылғандай аса қуаттылығымен өзіне үйіріп баурап алды. Әрбір сөзінің астарында үлкен ой, терең мағына жатыр.

Әдебиеттер

1. Х.Ж.Сүйіншәлиев [21, б. 11-20]
2. З.Ахметов [1 том, б. 16-22, б. 91]
3. С.Дәуітов [б. 233-275]
4. Б.Ғабдуллин [№2, б. 66-98]
5. С. Абдрахманов [б. 482-485]

АБАЙ ДАНАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗАҚЫ БОЛМЫСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Дауренбекова Жибек Сериковна
тәрбиеші.№74 «Дәурен» балабақшасы
Нұрсұлтан, Қазақстан

Аннотация. В этой статье описывается о воспитательной ценностной значимости в простых словах поэзии Абая. Говорится об огромном наследии его трудов и произведений. Жизнь и творчество поэта станут прекрасным примером для будущих поколений. В его поэтических стихах прослеживаются нравственные и воспитательные качества.

Ключевые слова. Поэзия, жизнь, творчество

Annotation. This article describes the educational value value in simple words of Abai's poetry. It speaks of the huge legacy of his works and works. The life and work of the poet will become an excellent example for future generations. Moral and educational qualities are traced in his poetic verses.

Keywords: Poetry, a life, creation

Қазақ ағартушыларының ұлттық идеясының басты ерекшелігі – заман талабына сәйкес көпшілікті білім мен ғылымды игеруге үндеуі және оларды ұлттық тәуелсіздікке, еркіндікке, қоғамдағы тең қатынастарға шақырғанында болып отыр. Ұлттық Ренессанс кезеңінің тағы бір қыры – діни фанатизмге қарсы бағытталған іс-әрекеттерінде. Қазақ зиялыларының тарих сахнасына жарқырап шыға бастауын – зияткерлік дүмпудің көрінісі деуге болады.

Ел тарихында орын олған осы бір қасірет пен қиын-қыстау кезеңінде тарих алаңына қазақ рухының шыңына көтерілген Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, кейінгі тарихи кезеңдерде М.Дулатов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, М.Ж. Көпеев, Ғ.Қараш және т.б. сол сияқты бірегей ұлы тұлғаларды шығарды. Олар өздерінің гуманистік дүниетанымдық көзқарастары арқылы қазақ халқының тағдырына алаңдап, жастарды білімге, жалпыадамзаттық және рухани құндылықтарға, өркениеттік дамуға және қоғамның өткір мәселелерінің шешімін іздеуге шақырды. Адам бойындағы шығармашылық көздерді ашудың жолдарын анықтауды қазақ ағартушылары өздерінің алдарына игі мақсат етіп қойды.

Қоғамның пәрменді ілгері дамуына іргетас болатын құбылыс – құндылықтар жүйесі. Ал енді ұлы Абай шығармашылығындағы басты бағыттардың бірі осы құндылықтар әлемін құрылымдау болып табылады. Осы орайда қазақ халқының маңдайына біткен алтын жұлдызы іспетті жеке дара, алып әрі қайталанбас кемеңгер тұлға Абай шығармашылығындағы дүниетанымдық-философиялық мәселелердің аксиологиялық қырларына тоқталу қашан да орынды. Қоғам бір орында тұрмайды, үнемі өзгерісте болады және ол өзінің даму кезеңдерінде әртүрлі әлеуметтік-саяси, экономикалық қиыншылықтарды басынан өткізеді. Дегенмен, сол дағдарыстардан шығудың бірден-бір жолы алдымен руханият әлемін ретке келтіру болып табылады, яғни азаматтардың рухани құндылықтарға бет бұруы. Сондықтан құндылықтар әлемі үнемі өзекті мәселелер санатында.

Патшалы Ресейдің боданындағы қазақтың дүниетанымдық жүйесіндегі, өмір салтындағы, ұлттық келбетіндегі, этникалық діліндегі кемшіліктерді, рухани әлсіздіктерді Абай өзінің «Қара сөздерінде» [1] сыни-жасампаздық сипатта пайымдап, халыққа рухани өсиет болатын деңгейде көрсете білген. Ойшыл өз шығармашылығында этникалық қауымдастыққа тән ділдік негіздердің сан қырлы тіндерін, астарларын құндылықтық бағалаулар тұрғысынан айшықтаған, сонымен қатар бұқара көпшілік барынша үйреніп, әдеттеніп кеткен әрекеттердің осал тұстарын көрсетіп, олардың қайшылықты табиғатын сыни тұжырымдау тезінен өткізеді және шынайылықпен қоғамдық сана үшін маңызын айқындайды.

Абайдың дүниетанымына қайнар көз болған негіздерге тоқталғанда жоғарыда аталған екі сыртқы бастаумен қатар халқымыздың ішкі дүниесінің мәйегін құрайтын негізгі халықтық рухын, дәстүрін сақтаған фольклордың маңызды-лығына тоқталу қажет. Осы орайда Ғарифолла Есімнің орынды пайымдауынша, сан ғасырлық далалық тарихымызда «... халық рухы тарихи сергелдендер заманында өшіп жойылмай, көркем сананың ерекше формасы фольклорда сақталып қалды» [2, 356 б.]. Әрине, халықтың тіл мәдениеті өзінің сан қырлы көріністері арқылы үнемі дамып, кемелденіп отырды, қазақ даласында басқа көрші мемлекеттердегідей қалалық мәдениет кең етек алмағанмен рухани мәдениеттің ерекше саласы – ауыз әдебиеті халықты біртұтастандырушы, рухани құндылықтарды қордалаушы негізгі тетікке айналғанын атап өту керек. Абай осы рухани байлықтан толықтай сусындаған, оны сыни талдаулар жасау арқылы игерген тарихи тұлға.

Қазақтың өмір салты, этникалық дара келбеті ғасырлар бойы дәстүрлі құндылықтар негізінде қалыптасқаны белгілі. Әрине, оның дүниетанымдық, этногенезистік, тарихи эволюциялық, онтологиялық және әлеуметтік-психологиялық қырларын Абай өз шығармашылығында «терең ғылыми тұрғыда игермеді, зерттемеді» деп талап қоюшылық – үлкен рухани әбестік, кәсіби үстірттік болар еді. Өйткені, Абай жеткен рухани және шығармашылық жетістіктің өзі ғаламат зор дәреже және оның маңыздылығы өз замандастарының мәдени деңгейімен салыстырғанда көш ілгеріде тұрғандығын мойындауымыз керек. Абайдың дүниетанымдық көкжиегінің көтерілген шамасы өткен ғасырдағы қазақтың этникалық санасын сипаттайтын тарихи дерек ретінде жалпы халқымыздың рухани әлемінің кейбір даму векторларын, деңгейін танытады, рухани құндылықтық бағдарларынан ақпараттар береді.

Ойшылдың құндылықтар жүйесінде, дүниетанымдық әлемінде озық үлгідегі нағыз гуманистік, рухани бағдарлар көркем образдар және танымдық түсініктер сипатында көрініс бергені және басымдық танытқаны белгілі. Сондықтан ақынды таза поэзияның ғана өкілі деп атамаймыз, ол «адамзаттың даналық әлемінің көрнекті тұлғасы» деген атқа лайықты. Осыған орай айтылған Ғарифолла Есімнің төмендегідей ғылыми сараптамалық тұжырымдарымен келісуге болады: «Абайды ақын деп сөзсіз мойындап отырғанымызбен, оның дүниетанымдында қай сананың (философиялық немесе көркемдік сананың) басым екенін айыру мүмкін емес. Абай өмірге бірде тек ақын көзімен, бірде тек ойшылдықпен қарамаған, оның дүниеге көзқарасы өзін қоршаған ортаны тұтас қабылдаудан туған. Ақын өз заманының тұнып тұрған әлеуметтік қайшылықтарын тұтас қабылдап, «ауыр ойды көтеріп ауырған жан» [2, 360 б.].

Абайдың жоғарыдағы келтірілген «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің дүниетанымдық, құндылықтық маңызын бағалай келіп, қазақтың белгілі жазушысы Мұқтар Әуезов былай деп тұжырымдайды: «Ел ішіндегі жас желеңге Абайдың әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы да програмдық бір өлеңі осы деуге болады. Бұнда Абай адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы – ғылым дейді. Осы өлеңнің әр кезінде сол ғылымды Абай шап-шағын дүние деп бағаламайды. «Ғылым» деген сөзді әдейі бірнеше қайырып қолдану арқылы ұзақ өрісі бар терең білім деп таниды. Сол ғылымға талпыну жолында үгіттеп, тәрбиелемек болған жастарды айналадағы көпшіліктің сорақы, бұзық мінездерінен жирентіп өсірмек» [3, 15-16 бб.]. Осы «терең білімнің» құндылығын дәріптеген елдің болашағы кең екені анық.

Абай жастарға ғылым таппай мақтанбауды өсиеттеп, өсек пен өтірік айту, мақтаншақ болу, еріншектік көрсету, бекер мал шашумен айналысу сияқты мінездерден, қасиеттерден аулақ болуды кеңес етуі арқылы адамды қоршаған ғаламның үйлесімділігі жайында ойлануға шақырады, жеке дүниетанымның көкжиегін кеңейтуге кеңес береді. «Көкжиекті кеңейтем» деп көтере алмайтын шокпарды жанға байлағанның да қисыны келмейтіні белгілі деген тұжырымды төмендегідей жолдардан байқаймыз.

Әсемпаз болма әрнеге

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де – бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар, қалан! [1, 203 б.] –

деп, әрбір адам қоғамда өзінің лайықты орнын табуы керектігін, ол үшін жай ғана әсемпаз болу жеткіліксіз екеніне меңзейді және жастарды өнер мен білімге үздіксіз ұмтылуы қажет екендігін айтады.

Абай өзінің Жетінші сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Нәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» [1, 8 б.] деген. Дәл осы қасиет адамның хайуандардан кейбір айырмашылығы болып табылады. Бұл қасиет табиғаттан дарыған, оны сақтап ары қарай жетілдіру керек. Оның осы дүниетанымдық көзқарастары Аристотельдің «Метафизикасындағы» барлық тірі ағзалар білмекке құмар деген түсініктерімен сәйкес келеді.

Абай ақиқатты тануды білім деп санайды. Ақиқаттың жоғарғы сатысы – ол болмыс, дүниені тану маңыздылығының құпиясы деп танылады. Адамның өміріндегі білімнің рөлі өте жоғары, адамды адаммен теңестіретін білім, ақыл мен таным өмірді толық мәнді ететін адам бойындағы жоғарғы қасиет. Ақыл арқылы адам дүниенің кез-келген құпиясын түсінуге әзір. Бірақ сол ақылды адам шындап отырмаса, ақпараттар ағыны заманында тоқырап, кешеуілдеп, мардымсызданып қалуы мүмкін. Абай өз заманында болашақтағы білімнің құрылымы күрделене түсетінін аңғарған. Бір күн оқымаған, жаңа мәлімет алмаған маман өз саласының алдыңғы қатарлы шебері болуынан қала бастайтын заман туындап отыр.

Ислам дінінің жеке алдам үшін де, қауымдастық үшін де дүниетанымдық маңызын, рухани күш-қуатын байыптаған ойшыл және оның басқа діндермен байланысып жататын қасиетін, әсіресе төрт діннің бір-бірімен негізгі құндылықтық мәселеде түйісетіндігін, бір-бірін Ақиқатты іздеуде толықтыратынын төмендегі жыр жолдарымен нақты және көркем сипатта бейнелеп береді:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешқашанда жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас [1, 213 б.]

Ойшыл халықтың рухани әлеміндегі діннің рөлі маңызды екенін жақсы түсінеді және қазақтың дінге деген көзқарасын біршама сынға алады. Өзінің сыни-философиялық тұжырымдарын Он алтыншы сөзінде діни сенімнің лайықты сапасы болуы керек жөнінде ойларын төмендегідей сипатта келтіреді: «Қазақ құлшылығын құдайға лайықты болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды қылып, жығылып тұрса болғаны. Саудагер несиесін жия келгенде, «тапқаным осы, біттім деп, алсаң – ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазамын

ба?» дей тұрғаны болушы еді ғой. Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жатықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды» [1, 15 б.].

Абай атап өткен, байқаған қазақ халқының мәдениетіндегі тарихи ділдік архетиптерінің қатарына «қазақ көпшілдігі» деген құбылысты да атауға болады. Мәселен, Абай Жиырма үшінші сөзінде: «кейбіреулердің жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көшпен көрген ұлы той, көппен бірге болсақ, болады деген сөзді жұбаныш қылады», - дейтіндігін атап өтіп, қазақтың бойындағы жетілмеген тұлғалық, жайдақ конформистік (көнгіштік) қасиеттердің кейде жетекші рөл атқарып отырғанын байқатады [1, 20 б.].

Қазіргі өркениеттік жаңғыру белгілері айқын байқалған технологиялық даму заманында қазақтың дәстүрлі құндылықтары, тарихи жәдігерлері сақталуы мүмкін бе? Оған Елбасымыз «... бүгінде қазақ санасына ұялаған әлемдік ахуалдың қаншалықты маңыздылығына қарамастан, ең «басты діл» діни де емес, өркениеттік те емес, ұлттық діл болу керек», - деген пікірді орнықты жауап ретінде білдіреді [5, 25 б.]. Бұл жерде ұлттық құндылықтарға негіз болатын ұлттық ділдің маңыздылығын айқындаған ел басшысы ұлттық бірегейленудің, ұлттың өзіндік төл келбетін анықтауының жаһандану үдерістері ауқымында барынша сұрықсызданып, бедерсізденіп кетуі мүмкін деген түсініктерге алаңдаушылық білдіргенін байқаймыз.

Әдебиет

1. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. - 356 б.
2. Ғарифолла Есім. Абай хәкім // Абай Құнанбайұлы. Ұлы Дала Тұлғалары сериясы. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. – 500 б.
3. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20 том. Алматы: Жазушы, 1985. 110-136 б. // Абай Құнанбаев. «Қалың елім қазағым...». Астана, 2006. – 160 б.
4. Нысанбаев А.Н. Философия взаимопонимания. – Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 2001. – 544 с.
5. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. – 325 б.

АБАЙ – ТУҒАН ХАЛҚЫНЫҢ, БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫҢ ӨНЕГЕЛІ ТӘРБИЕШІСІ

Жандилдина Роза Есентаевна
*Б.Алтынсарин атындағы Арқалық
педагогикалық институты. «Мектепке
дейінгі және бастауыш білім беру»
кафедрасының п.ғ.м., АрқМПИ доценті*

Оразова Азиза Бейсенбаевна
*Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және
педагог, психологмамандығының
I курс студенті*

Аңдатпа. Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін «Абай әлемі» деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды. Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абай жырларын оқу челленджі биыл, ақын мерейтойы тұсында жаңаша жанданды десем артық болмас.

Кілт сөздер. Абай Құнанбайұлы, ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлт, жаңа әдебиеті, негізін қалаушы, аудармашы, композитор, ел тарихы, өшпес із, өлеңдері, қара сөздері, ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы, көрініс тауып, «Абай әлемі», бірегей құбылыс, Қазақстан, Абай мұрасы, құрмет.

Аннотация. Абай Кунанбаев, как мыслитель, поэт, просветитель, основатель новой литературы нации, переводчик, композитор, оставил неизгладимый след в истории страны. В его стихах и словесных словах были отражены бытие, быт, жизнь, мировоззрение, характер, душа, религия, менталитет, язык, дух народа, а затем оценивались как уникальное явление «мир Абая». Благодаря этому весь Казахстан еще раз изучил наследие Абая. Это- уважение к Абаю и эффективный способ воспитания подрастающего поколения. В этом году в рамках празднования юбилея поэта был проведен ряд мероприятий.

Ключевые слова. Абай Кунанбаев, ученый, мыслитель, поэт, просветитель, нация, новая литература, основатель, переводчик, композитор, история страны, бессмертные следы, стихи, слова назидания, бытие, жизнь, мировоззрение, характер, душа, религия, менталитет, язык, дух, «мир Абая», уникальное явление, Казахстан, наследие Абая, уважение.

Annotation. Abay Kunanbayev, as a thinker, poet, educator, founder of the new literature of the nation, translator, composer, left an indelible mark on the history of the country. His poems and words reflected the existence, way of life, life, worldview, character, soul, religion, mentality, language, spirit of the people, and

then were evaluated as a unique phenomenon "world of Abay". Thanks to this, the whole of Kazakhstan once again studied the heritage of Abai. This is respect for Abay and an effective way to educate the younger generation. This year, as part of the celebration of the poet's anniversary, a number of events were held.

Keywords. Abay Kunanbayev, scientist, thinker, poet, educator, nation, new literature, founder, translator, composer, history of the country, immortal traces, poems, words of edification, being, life, worldview, character, soul, religion, mentality, language, spirit, "Abay's world", unique phenomenon, Kazakhstan, Abay's heritage, respect.

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына жүз жетпіс бес жыл толды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан" атты мақаласы шықты. «Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды», - деп басталады мақалада. Абай — адамзаттың өркениет тарихындағы ұлы тұлға. Абай — қазақтың ғана емес, адамзаттың ақыны. Абай Құнанбайұлы мың сегіз жүз қырық бесінші жылы бүгінгі Шығыс Қазақстан облысының Шыңғыс тауы баурайында дүниеге келген. Абай қазақтың әдебиетінде қайталанбас ұлы ойшыл, философ, ақын.

Абай ауылдық молдадан білім алып, сауат ашып, кейіннен Семейге сауатты дамыту мақсатпен аттанады. Абай ақын медресе оқуында жүрген уақытында Шығыс поэзиясына қызықтанып, Шығыстың ақындары секілді өлеңдер жазуға талпынады. Сексенінші жылдар орталығында Абай ақындық жолына бағыт бұрады. Абай өлең және шығармаларын үзіліссіз жазуға тырысты. Дегенімен, сонау кездердегі халықтың ішіндегі тартыстар ақындық өнермен айналысуды қиындатаны. Абай ақындыққа бағыт бұрғанда өлеңдерін білім, өнер және мәдениетке бағыттады. Абай мың сегіз жүз сексен бесінші жылда *«жасымда ғылым бар деп ескермедім»* - деп атаған тұңғыш шығармасын жазды. Осы өлеңі тұңғыш Абайдың шығармасы болып, Абайдың ақындық жолдағы ізденісін танытты [1, 125б.].

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін *«Абай әлемі»* деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды. Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абай жырларын оқу челленджі биыл, ақын мерейтойы тұсында жаңаша жанданды десем артық болмас.

Алғашқы елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев *«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»* атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.

Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады.

Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн. Мен бұл мақалада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскім келеді.

Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ. Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, құты жоқ деп айтса да боларлық.

Абай сөзі заманындағы ақындардан оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған. Абайдың қандай болғанын көзбен көрмесек те, көргендердің айтуынан білеміз. Сөзінің қандай екендігін сөйлеген соң, өзінің де қандай екенін айтып, түсіндіріп өткеніміз теріс болмас.

Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болатыны шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың (таспен) би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген. *"Білімнен мал артық болушы ма еді"*, - деп, Абай жұрттың онысына көнбей, таласқан. Сөйтіп, партия алаңына кіріп кеткен, өнер, білімін партия ісіне салған. Білімінің қызығын жалғыз ғана Тобықтылар көріп, басқаларға пайдасы тимей, болыстыққа құмар көп қазақтың бірі болып, бәлки, сол күйімен өліп те кетуі ықтимал еді. Қазақтың бағына, ондай болудан Құдай сақтаған. Сексенші жылдарда жер аударылып барған Михаэлис деген бір білімді кісімен, қазақ ғұрпындағы қағидаларды жиюға елге шыққан Гросс деген екеуімен Абай таныс болған. Бұлар Абайдікіне қонаққа келіп-кетіп жүрген. Абайдың тегін адам емес екенін байқап, олар болыстықтан гөрі жақсырақ нәрсе барлығын Абайға сездірген. Абайдай зерек адамға жөн сілтесе болғаны, онан арғысын өзі іздейді[2, 205б.].

Абай жас күнінде күлкі үшін қалжың өлеңдер, қыздарға өлеңдер жазған, есейген соң арланып, тастаған. Михаэлис пен Гроссқа кез болмаса, сол күйімен кетер еді. Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай терең сөздер жерге көмілер еді?! Абай сөздері- қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөндегісі келген кісілерге де, сілтеген жолды түп-тура тапты, адамға да қазақ балалары талай алғыс берер. Орыс адамдарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрметпен, көзқараспен күтіп алып, тор түгіл, тақтан орын берген. Бірақ сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қанша оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тындаушы көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жаман болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-сараң екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа ұнамсыз тиіп өте шығатын жеңіл сөздерді тындауға құмар Абайдың өлең жайын жазған сөздерінде көрсетілген.

Ойшыл ақын өз педагогикалық көз-қарасында еңбек тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Қазақ ұлтының еңбекке көзқарасын басқа ұлт өкілдерімен салыстыра сипаттайды. «Әуелі құдайға сиынып, екінші, өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды», - дейді Абай өзінің төртінші қара сөзінде. Ақын өз заманындағы қазақ жастарының еңбекке деген құлшынысын сынап біледі. Оған себепкер болған тағы бір жай – Семейге жер айдалып келген Долгополовтың Абай балаларына айтқан сыны. *«Ғылымға ет ауыртып, еңбек қыл-маса, қолға түспейді. Балаларың сенің аулыңнан төбесі көрінбестей алысқа кетсе, сонда адам болады»*, - депті Абайдың досы. Абайдың еңбекке деген оң көзқарасы әке тәрбиесінен басталады. Себебі әкесі Құнанбай болашағынан зор үміт күткен баласын ерте уақыттан-ақ ел басқару ісіне араластыра бастайды. Абай өз шығармасында:

Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас

Қардың суы секілді тез суалар, - деп, еңбектің адалынан келеріне ерекше мән береді. Немесе:

Тамағы тоқтық, киімі көктік

Аздырар адам баласын, - деген жолдарында да оптимистік, педагогикалық ойы білінеді. Абайдың көреген ойы бүгінгі заманымыздағы жастар арасындағы жұмыссыздық, соның салдарынан болатын келеңсіздікті айтып тұрғандай. Жұмыстың ешқандай арлығы жоқ. Маңдай теріңмен еткен еңбектің бәрі де таза. Абай өзінің шығармаларында жастарды еңбекке тек үндеп, шақырып қана қоймайды, ойшыл педагог ретінде өзіндік педагогикалық такт пен шеберлік таныта біледі. Еңбекке үндеуде әр адамның психологиялық ерекшелігіне де көңіл аудару қажеттігін айтады. Ақын өзінің әр шығармасында еңбекке тәрбиелеудің әрбір компонентін ар мен ұят түсініктерімен байланыстырып отырады [3, 302б.].

Сан қырлы тақырыптағы Абайдың қай шығармасын алып қарасаңыз да, негізгі арқауы – «Адам». Тіпті табиғаттың тылсым жаратылысының өзін адаммен байланыстыра суреттейді.

Атымды адам қойған соң,

Қайтып надан болайын, - деген өлең жолдары өмірлік ұстанымын байқатады. Өмірге адам болып келген соң, адам болып аттануың керек екендігін баса айтады. Сол себепті Абайдың ақындық өнерін педагогикалық көзқарастарынан бөле қарауға болмайды. Қай өлеңін алып қарасаңыз да, айтар дүниесі педагогикалық ой-пікірмен ұштасып жатады. Абайдың педагогикалық көзқарасының қалыптасуының да, өзіндік себептері, ерекшеліктері бар.

- Біріншіден, ақсүйектер ортасында туып-өсіп, сол ортада тәрбиеленген Абайдың өз әкесі Құнанбайдан, шежіре әжесі Зереден, ақылды анасы Ұлжаннан алған тәрбиесі ерекше болды. Ақын сол феодалдық қоғамдағы қазақ халқының өнерімен, асыл қазынасы-халық даналығымен, халық педагогикасымен сусындап өсті. Сол себепті де ақын «Адамға мінез үш алуан ортадан келеді. Ата-анадан, ұстаздан, жолдас-жорадан» деген педагогикалық көзқарасын ашық білдіреді.

- Екіншіден, ақынның педагогикалық көзқарасының қалыптасуына Шығыс халықтарының әдебиеті, мәдениеті мен өте таныс болуының әсері мол болды.
- Үшіншіден, орыстың ұлы ойшыл демократтары Н.Г. Чернышевский, В.Г. Белинский, Н.А. Добролюбов, К.Д. Ушинскийдің, Батыс Европаның ағартушы-педагогтарының педагогикалық көзқарастарымен таныс болып, солардан үлгі алды. Осы айтылған негізгі аспектілер - ақынның педагогико-психологиялық көзқарасын қалыптастыруға негіз болған басты факторлар.

Ұлы ағартушы ретінде бала тәрбиесінде жеткіншектің жас және психологиялық ерекшеліктерін үнемі еске алып отыруды алдымен өзі түсініп, өзгеден де талап ете білді. Бала тәрбиесінде алдымен тәрбиешінің өз басының педагогикалық шеберлігіне, білім деңгейі мен педагогикалық мәдениетіне, талантына, ізденімпаздығына, ең бастысы-балаға деген жылы жүрек, сүйіспеншілігіне ерекше назар аударды.

Абайдың айтуынша, «Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі көкірек байлаулы берік болмақ керек; екінші- сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, үшінші - ішінен бірнеше қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек, төртінші-ой кеселдерінен аулақ болу керек. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер». Бүгінгі күні кез-келген ұстаз ақынның осы бір дана сөзін үнемі қайталап, бала жадына жеткізіп, есіне сақтата білу тиіс. Адам баласының ілім-білімді игеруде өз мақсаты болуы тиіс. Бақастыққа, есепке немесе ата-ананың абыройына, атақ-мансапқа, жеке бастың қызығына негізделген білім- білім емес. Сол себептен де алған білімнің, оқығаның, тоқығаның ел қамына, көпке арналу керек деген ойын ұлы ағартушы өзінің отыз екінші қара сөзінде ашып айтады. Жастық шақ- адамның жақсылықты да, жамандықты да жылдам қабылдайтын албырт кезеңі. Сол себепті ілім-білімді жас кезіңнен қолға түсіріп, меңгеру-өте тиімді. Жақсы киім мен әдемі әлпетің- әдемілік, сұлулық емес. Адамды көріктендіретін бұлармен қоса- ілім-білім деген дана көзқарасын білдіреді. Абайша айтқанда, ақыл мен сұлулық - синонимдес ұғым. Өзгеден сұрап, біліп алған білім аздық етеді, ал ең сенімді, ең ақылды, ешкімге жалтақтамайтын білім көзі, ғылым көзі- кітап деген дана ұғымы бар ақынның. Сол себептен де Абай «ғылымсыз бұл дүниеде де, о дүниеде де жақсылық жоқ» деген пікір айтады. Абайдың педагогикалық көзқарастарын айқындайтын бүгінгі оқу жүйесімен үндес төмендегідей дидактикалық пікірлерін атауға болады:

1. Оқытудың жеңілден ауырға қарай бағытталуы. Күшпен, ерекше талап қойып оқыту нәтиже бермейді. Баланың қабылда-нуына, қызығушылығына, білгенінен біл-мегеніне негізделіп оқыту қажеттілігін айтады.

2. Абай ұлы ойшылдар Пифагор мен Аристотельдің пікірлерін толығымен қол-дап, баланы күш көрсетіп, ұрып-соғу арқылы оқытуға қарсы болады. Оқытудың мұндай антипедагогикалық түрі, біріншіден, баланың ілім-білім игеруге деген талабын, қызығушылығын жойып, екіншіден, жалған сөйлеуге, қорыққанынан сыйлауға мәжбүр болатынын айтады[4, 156б.].

3. Оқытудың көрнекілігіне ерекше мән береді. «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі-ішсем, жесем, ұйықтасам деген тән құмары, екіншісі- не көрсе соған талпынып, жалт-жұлт еткенге қызығып, аузына салып, дәмін татып, бетіне басып қарап, «ол немене?», «бұл немене?», «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көріп, құлағы естігеннің бәрін сұрап, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген жан құмары» делінген жетінші қара сөзінде. Олай болса, жас жеткіншектің осындай тән, жан ерекшелігін ескеру- ұстаздардың қолында.

4. Балалардың жас және психо-логиялық ерекшелігін ескеру керектігін айтады. Балаға берілетен тапсырма деңгейі балаға түсінікті, қабілетіне сай, қабылдауына сәйкес болуы керек.

Кемеңгер ақын, ұлы данышпан Абай өз педагогикалық көзқарасында жастарды ақыл-ой тәрбиесіне, ілім-білімге үндей отырып, болашақтың тұтқасына ие бола-тын жастар білімді, зерек, көкірегі ояу болмаса, ешқандай нәтиже болмайтынын баса айтады. Ақынның бұл педагогикалық ғұлама ойының оптимистік сипаты бар екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы білімді жастардың қолында» деген жалынды үндеу пікірі Абай ойымен ұштасып, жалғасын тауып тұрғандай.

Сонымен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға неден екендігінен білетіні де көрініп тұр. Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына:

- ойдың шеберлігі керек;
- ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек;
- мағыналы, маңызды болуына білім керек.

Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады [5, 102б.].

Абайды тану – жалпы қазақ әдебиетін тану тәрізді ғылым. Бұл ауқымды жұмысқа тек әдебиетшілер ғана емес, тарихшылар мен тілшілер, көркемөнер зерттеушілері мен педагогтар, тағы да осыларға жалғас әр саланың мамандары тарапынан үлестер қосып келеді.

Абай мұрасы – адамды адам етіп тәрбиелеудің жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың қайнары. Абайдың мұраларының танымдық-тағылымдық мәнін зерттеу- тың мәселе.

Ұлылардың өмірі мен тағылымы арқылы ұрпағын тәрбиелеу – әсіресе қазақ халқында ежелден–ақ келе жатқан үрдіс. Бұл жерде сөз өнерінің атқарған орны ерекше болған. Ұлтымыздың осы бір жақсы әдет-салты бүгінгі тәрбие үрдісінде тиімді екені даусыз мәселе. Адамзат ақыл-ойы, ақындығының ірі тұлғасы Абай тағылымы білімнің де, тәрбиенің де қайнар бұлағы екені түсінікті. Ұлы дананың қай шығармасын алмайық, оның алтын қазығы – «Адам». Ол нағыз «Адам», «Толық Адам» қандай болу керек? - деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап береді. Мысалы, «Атымды Адам қойған соң қайтып надан болайын», «Адамды сүй, алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа» – дейді. «Адамды сүюден басқа қызық жоқ» деген пікірінде қазір көп айтылып жүрген гуманитарлы педагогика ұстанымдары жатыр.

Осы жерде жас ұрпақты тәрбиелеу ісі ең алдымен, оларды адамды сүйуге баулудан басталуы керек деген тұжырым шығады. Абай мұрасы, тағылымының өміршеңдігін бүгінгі тәрбие үрдісінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер арқылы дәлелдеуге болады.

Қорыта келгенде, Абай – туған халқының, болашақ ұрпақтың өнегелі тәрбиешісі, асқар тау, ағар бұлағы, қасиетті ана тілінің шешендік бастауы. Абай – теңдесі жоқ ақын, аса дарынды композитор, асқақ ойшыл философ, қай жағынан алғанда да жаңашыл, реформатор, халқымыздың отандық, тіпті дүниежүзілік мәдениет тарихынан ерекше орын алған ұлы тұлға. Оны туған халқының шын мәніндегі жан серігіне, сырласына, ақылшысына, демеушісіне, заңгеріне айналдыру, ұлы тұлғаның ұлы туындыларының ұлттық рухани қуат-күшін еселей түсетін қасиеттерін жастарымыздың танып, оларды өз жандүниесін байытуға, сезімін сұлуландырып, ойын оятуға, сонымен бірге бүгінгі аумалы-төкпелі жағдайларда кездесетін қиыншылықтардың түйіндерін шешуге де пайдалана білуінде. Бұл жөнінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың: «*Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе, адамдықты көздесең, жаттап тоқы көңілге!*» – деуі келешек ұрпаққа Абайды оқыту барысында берілетін өнегелі тәрбие ұшан-теңіз екені айтылады[6, 786.].

Абай өзінің кіршіксіз ақ жүрегін тебіrentкен сансыз ойлары тамаша шығармалары, қарасөздері мен жалынды жырларында маржандай төгілдіреді, оның әрбір сөзінен соншама ыстық, соншама жақын леп сезіледі. Ол леп өткен заманның тынысы болса да, бізге түсінікті, жүрегімізге қонымды. Өйткені Абай лебі, Абай үні, Абайдың тынысы – бүгінде теңдік алып, дербес ел атанған, басқа елдермен терезесі тең болған, кең байтақ Қазақстанның, қазақ халқының тынысы. «Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп ақынның өзі айтып кеткендей, Абай бүгін жарқын бейнесімен, жалынды жырымен, нақыл сөздерімен де бізбен бірге жасасып келеді. Өйткені Абай дана – Абай дара қазақта. Әрине, бұл шағын мақалада Абайды барлық жағынан қамтып айту мүмкін емес, тек оны қайталап оқып, ұғыну біз үшін өмірлік бағыт-бағдар беретін тағылым демекпіз. Абай шығармашылығы уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан өсіп, өркендеп отыратын асыл мұра болып ұрпақтар санасында орын алады. «Соқтықпалы, соқпақсыз» заманда өскен, «Атаның баласы емес, адамның баласы болуды» уағыздайтын ғұламахәкім «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» деп толғанады. Оның ойынша, адамзатты, әділетті сүйу- толық тұлғаға тән басты кісілік қасиет екенін түсіндіреді. Адамды сүйіп, құрметтеуге үндеген кемеңгер ақын поэзиясы түпкі негізі- адам, Толық адам. Абай арманындағы Толық адам өнерлі, білімді, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, ыстық қайратты, ғылым жолына түскен іздемпаз болуы керек. Ал махаббатпен сүйу, адамды сүйу, Алланы сүйу, әділетті сүйу - Абай шығармаларының биік мұраты.

Бүгінгі буын Абайдың көрегендікпен айта білген тамаша педагогикалық көзқарастарынан нәр алып, саналы психологиялық ерекшеліктер, мінез-құлық қалыптастырып, ақын өсиетімен алға басып келеді. Ақынның осындай мұрасын жеткіншектерге жеткізе білу - ұстаздардың, психологтардың парызы.

Әдебиеттер

1. Мұхтар Әуезов. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Ғалым», 1967; бет – (125- 187)
2. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: «Жазушы», 2005, I-II томдары; бет – (205-299)
3. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: ҚМКӘБ, 1961; бет – (302 -335)
4. Бейсенбай Байғалиев. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: «Арыс», 2001; бет – (156-187)
5. Турағұл Абайұлы. Әкем Абай туралы. /Абай туралы естеліктер. Абай мұражайының кітапханасы. – Семей, 2010; бет – 102
6. Мұздыбай Бейсенбаев. Абай және оның заманы. – Алматы: «Жазушы», 1988; бет (78-115)

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ ПРОСВЕТИТЕЛЯ-ДЕМОКРАТА АБАЯ КУНАНБАЕВА

Жандаулет Ляйля Омирзаковна
учитель русского языка и литературы
средняя общеобразовательная школа № 4 имени Кейкі батыра
Аркалык, Казахстан
lyalya_arkalyk@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбаев жалпыхалықтың біліміне өз көзқарасын бідіреді. Ол өзінің еңбегінде адамның жан-жақты дамуы үшін еңбек тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің маңызы зор екенін айтып кетті.

Тірек сөздер. Адамгершілік тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, ұлттық тәрбие, ана тілі.

Annotation. The article examines the pedagogical views of the great Kazakh poet and educator Abai Kunanbayev on general public education. He promotes moral and labor education as the basis for the development of a versatile person. Key words: moral education, labor education, public education, native language

В свете 175-летнего юбилея великого казахского поэта и просветителя Абая Кунанбаева его имя и труды на устах у всех. Великий поэт, основоположник казахской письменной литературы, изображенный в многосторонней связи с эпохой, с народом, со всеми слоями общества, находится в сильнейшем водовороте проблем того времени. Творчество и культурное наследие этого мудрого сына Степи так многогранно, что говорить о нем можно часами. Но даже в сокровищнице его произведений есть труд, который стоит несколько особняком и традиционно вызывает самые жаркие споры и дискуссии – «Слова назидания». Абай писал о дружбе, толерантности, образовании, гуманизме и человеческих пороках в XIX веке. Но прошло столетие, а принципы, озвученные мудрецом и данные им советы, во многом актуальны и сегодня. [2]

«Качества духовные – вот что главное в человеческой жизни. Живая душа и отзывчивое сердце должны вести человека, тогда и труд его становится сродни искусству, и достаток уместен», - говорит Абай в Слове Шестом.

«Хочешь быть богатым – учись ремеслу. Богатство со временем иссякнет, а умение - нет. Тот, кто продает плоды своего ремесла без обмана, в народе считается святым», - учит нас Абай в «Слове Тридцать Третьем».

Избавиться от невежества, получить знания и овладеть наукой призывал современников Абай и это то, что не утратило своего значения и для нынешнего поколения. Каждый может найти в «Словах назидания» что-то для себя, а резкость и неоднозначность суждений великого автора только делают изучение этого произведения увлекательнее и острее.

Во многих его произведениях содержатся глубоко содержательные педагогические мысли относительно образования и воспитания казахской молодежи, мысли, созвучные с благородными идеями прогрессивной педагогики. Он призывал молодежь к учению, к овладению русской наукой, новыми различными ремеслами, советовал трудиться честно на благо общества. Например, «Двадцать пятое слово «Назиданий» Абай посвятил раскрытию решающей роли русского образования для прогресса казахского народа. Он говорил своему народу: «Главное научиться русской науке. Наука, знание, достаток, искусство – все это у русских». Педагогические взгляды Абая формировались в условиях феодально-родового строя, отдаленного от нас целой исторической эпохой. Однако, они либо очень близки, либо совпадают с нашими взглядами по очень важным аспектам педагогической теории и практики: «Взаимосвязь между трудовым нравственным, умственным, эстетическим воспитанием, признание ведущей роли воспитания в формировании личности, труд как один из главных средств воспитания и т.д.». Это стало возможным благодаря выдающимся способностям Абая и тому, что он был хорошо знаком с историей материальной и духовной культуры народов Востока. Постигание его педагогических взглядов невозможно без изучения национальных истоков его творчества. Без понимания того, что он впитал в себя все прогрессивное, что было в жизни самого казахского народа, в его народной педагогике и народной мудрости. Именно этим объясняется то обстоятельство, что в философских и педагогических воззрениях Абая национальное и интернациональное противопоставляется, а выступает в единстве как взаимосвязанные и взаимодополняющие идеи. Известно, что Абай не был человеком, полностью свободным от религиозных взглядов. Но когда вопрос вставал, – наука или религия – он без колебания занимал сторону науки. Он смело выступал против тех казахов, которые не отдавали своих детей в школу, настойчиво советовал обучать детей русскому языку. «Если хочешь, чтобы сын твой стал человеком, учи его, сделаешь тем благо и ему и своему народу». Абай не был профессиональным педагогом. Однако, ценность его высказываний именно в этом плане несомненна для нас. Откуда же Абай черпал всю эту мудрость. Он сам учился всю свою жизнь, именно поэтому сумел оценить свои познания и никогда не оставался удовлетворенный знаниями. Так, Абай пишет, что дети тянутся к учебе, знания у них

формируются постепенно, когда они осознают пользу учебы. Человек может овладеть наукой только тогда, когда он стремится к этому сам, если на это его толкает разум, сознание необходимости знаний. Абай вместе с тем подчеркивал значение школьного обучения казахских детей на родном языке. По мысли Абая, человек должен усвоить основы знания на родном языке и только потом нужно переходить к изучению других языков. В «40-м слове» остро и широко ставил вопрос о всеобщем народном образовании: «Надо создать школу, надо, чтобы население дало средства на эти школы, надо, чтобы учились все, даже девушки». Величайшую силу, способствующую всестороннему развитию личности, Абай видел в общественно - производительном труде: «Труд развивает чувство познания. Труд закрепляет в сознании услышанное. Человек приводит знание в порядок, отбирает нужное от ненужного и становится умным». («Сорок первое слово»). Тунеядство, лень, паразитический образ жизни неизбежно ведут, по мнению Абая, к тому, что человек перестает быть человеком. Абай верил в силу воспитания, возлагал на него свои надежды. Он критиковал и высмеивал людей, которые считали дело воспитания пустым, ненужным занятием. В его творчестве важное место занимают вопросы нравственного воспитания. Поэта - мыслителя мучила мысль о том, что люди живут не так, как этого требуют законы нравственности, законы самой жизни и природы. Эта обеспокоенная мысль переходит из стихотворения в стихотворение. По мнению поэта, наиболее характерными признаками гуманизма и человеколюбия являются: уважение к человеку, открытость души, искренность, правдивость, честность. В частности, он говорит: «Чтоб человеком ты был, /Ты пятерых побори, и пятерых избери... /Разум и доброта, упорство, скромность и труд,/ Доверься – не пропадут». Абай выдвигает гуманистическую концепцию нравственного воспитания, цель которого сделать из ребенка труженика, патриота, разносторонне развитого человека, живущего интересами, мыслями родного народа. В вопросах нравственного воспитания Абай опережал свое время на целую эпоху. Настойчивая пропаганда трудового воспитания – одна из сильнейших сторон педагогических взглядов Абая и его мировоззрения как просветителя-демократа. Абай вел активную борьбу за превращение интернатов в один из важных очагов распространения культуры в Казахстане. В стихотворении «В интернате учатся» (1886 г.) он подверг резкой критике утилитарное направление содержания всего учебного курса. Великий поэт видел главную задачу интернатов в том, чтобы они давали казахской молодежи прочное и всестороннее образование. Абай первым среди казахских просветителей, ученых и педагогов понимал и требовал учета возрастных и психологических особенностей детей в процессе их воспитания.

Из богатого наследия поэта и просветителя для нас самыми ценными являются его прогрессивные идеи, устремленные в будущее, и исполненные решимости неустанно призывать народ к свету, знаниям. Эти идеи вылились в своеобразную программу умственного, нравственного, трудового, семейного воспитания молодого поколения. Он упорно стремился утвердить идеал нового человека-деятеля разума и просвещения, поборника труда и науки, заступника

слабых и угнетенных. Призывая молодежь к знаниям, он говорил «Знания человека – это мерило человечества», «Лишь знанием жив человек,/ Лишь знанием движется век! /Лишь знание – светоч сердец!».

Абай – наставник и учитель, возглавлял самое прогрессивное движение общественной мысли своего времени. Он воплощал в себе все лучшие качества просветителя, способного вести за собой людей через все преграды, мешавшие на пути к светлому будущему. Педагогические взгляды Абая были самостоятельными, самобытными. Этим он обязан не только своим выдающимся способностям, но прежде всего глубоким связям с родным народом, народной педагогикой, народной мудростью, которые с такой полнотой и выразительностью воплощены во многих его стихах. В своих произведениях он разоблачил степных заправил, обличал устаревшие обычаи и нравы, призывая народ овладеть знаниями.

В мудрых притчах «Слов назидания» выражается отношение Абая к философии, красоте, разнообразной жизни народа и образу его жизни, традициям и обычаям, поэтическому таланту, гостеприимству и справедливости. В прозаической поэме поэт поднял проблемы национального воспитания и мировоззрения, морали и права. Читая его «Слова...», соглашаешься с Абаем во всем: только глупцы могут хвалиться своей одеждой, блестящими драгоценностями и прочим барахлом. А умный человек будет выделяться своим образованием, знаниями, добротой, хорошим характером и наличием совести. Надо активнее популяризировать Абая: многие наши соотечественники не понимают таких простых истин.

Елбасы Нурсултан Абишевич Назарбаев сказал: «Абай — это не только ученый, внесший неопределимый вклад в духовную сокровищницу казахского народа. Абай— удивительная личность из числа мыслителей мирового уровня» [7]. Действительно, произведения мудрого поэта могут разносторонне обогатить духовную жизнь не только казахского народа, но и всего человечества. Содержание произведений Абая наполнено общечеловеческими ценностями. Его «Слова назидания» — общее сокровище народов мира. Мы должны добиться того, чтобы при упоминании Казахстана иностранцы сразу же называли имя Абая.

Его жизненный путь и подлинное творчество — пример не только казахскому народу, но и всему миру. Ведь наследие поэта — это духовная пища всего человечества. [8]

Прежде всего мы должны пропагандировать Абая как культурный капитал нации. Поэтому Абай как бренд нового Казахстана необходимо широко презентовать мировому сообществу. Это священный долг нынешнего поколения».

Литературы

1. Фазилова К. Б. Историзм эпопеи Мухтара Ауэзова «Путь Абая» // Молодой ученый. — 2014. — №7. — С. 643-645. — URL <https://moluch.ru/archive/66/10823/> (дата обращения: 19.02.2020).
2. Мухтар Ауэзов. Мысли разных лет. — Алма-ата, 1961. С.56.

3. Ауэзова Л. Исторические основы эпопеи “Путь Абая”. — Алма-Ата, 1969.
4. Ауэзов М.О. Как я работал над романами “Абай” и “Путь Абая”. // В кн.: Ауэзов М.О. Абай Кунанбаев. Алма-Ата, 1967. С.360.
5. Экрем Аян «Зеркало одной эпохи» Источник: <https://24.kz/ru/news/culture/item/333718-knigi-o-tvorchestve-abaya-kunanbaeva-odni-iz-samykh-chitaemykh-v-turtsii>
6. Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая. — Алма-Аты: Білім, 1995. — 136 с.
7. Абай энциклопедиясы. — Алматы, 1995.
8. Анастасьев Н. Абай: Тяжесть полета. — М., 2008. — (серия ЖЗЛ) — 383 с.

АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мағауова Салтанат Абайқызы

Педагог-психолог

Родина жалпы орта білім беретін мектебі

Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В данной статье рассматриваются различные проблемы психологии, в том числе общей психологии – взаимная гармония души и тела, роль обучения и воспитания на пути психологического развития личности в словах назиданиях великого поэта казахского народа Абая Кунанбаева.

Ключевые слова. Абай, психология, воспитание, человек, мудрость

Annotation. The article deals with the different psychology common psychology, problems – harmony of soul and body, the role of personality studying and up- bringing on the way of psychological development in the words of Kazakh people great poet Abay Kunanbayev.

Key words. Abay, psychology, education, man, wisdom

«Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс» [1], – деген елбасының ойлы пікірін тірек ете отыра, жас ұрпақтың санасына Абай Құнанбаевтың жеке тұлғаны үйлесімді қалыптастырудағы ой пайымдаулары мен психологиялық көзқарастарын ғылыми негіздеп, оны оқу үдерісінде жүйелі түрде қолдануын іске асыру. Абай – халқымыздың ұлы ойшысы. Абайдың «Қара сөздері» - терең пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, философиялық және психологиялық ойларға толы, тіршілік түйткілдерін дәл болжай білген құнды мұра. Онда айтылған даналық ойларды жыл сайын оқысақ та, қайта-қайта оқысақ та зерікпейміз. Әр оқыған сайын көңілдегі көп сұраққа жауап алып, жаңа ой түйіндеп, басқаша тұжырым жасаймыз. Оның қара сөздерінің басты тақырыбы – адам, жеке тұлға, ал басты мақсаты - адам тәрбиесі. Адам болғанда да, адамдар үшін еңбек ететін, жанжақты жетілген адам. Абайша айтқанда,

«толық адам». Ол «нағыз адам», «толық адам» қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі өзінің қара сөздерінде соған жауап береді. Ол адамды жан-жақты қарастырып, мінезін, өзін-өзі тануын, адамды жат қылықтардан аулақ болуға шақырып, керісінше, психология пәнінің зерттеу нысаны болып табылатын жоғары сезімдерге: махаббат пен парыз, борыш сезімдеріне тәрбиелейді. Ақын: «үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» [17-ші сөзі] деп, толық адамның қасиеттерін санамалап береді.

Абай мұраты – адамды адамгершілік, кісілік жағынан жетілдіру, қазақ қоғамын ілгері дамыған мәдениетті елдер қатарына қосу. Оның қара сөздеріндегі педагогикалық және психологиялық ой-пікірлері осыны дәлелдейді. Ол сомдаған бірін-бірін толықтырып отыратын ұлттық бейнелер адамдарды бірлікке, еңбек етуге, адамгершілікке шақырған ұлттық мүддеден туған. Абай 19-шы қара сөзінде «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады» [3] деп ақылестің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін айтады. Жалпы психологияда ес бір-бірімен ұштасқан дара бөлектерден құралған күрделі психикалық процесс ретінде қарастырылады. Ес адамға өте қажет жан құбылысы. Оның арқасында субъекті жеке басының өмірлік тәжірибесін жинақтап, сақтап, соңғы пайдасына жаратады.

Адам баласының өткен тәжірибесінен қалған мәліметтерді жадында қалдырып, сақтап, кейін бұрын білгендерін жойып алмастан, оларды қайта танып, жаңғыртумен ақпарат топтауы – ес деп аталады. [6]. Осы тұжырымдамалармен Абайдың пайымдаулары мағыналас. Себебі, ақын адам баласы үшін дыбыстарға, табиғат көріністеріне, дәмге негізделген бейнелі естің, яғни түйсіктерге сәйкес келетін көру, есіту және дәмдік ес түрлері өте маңызды болып келетінін өз қара сөздерінде айтып өткен. Өзінің 7-ші қара сөзінде Абай жас балада анадан туғанда екі түрлі қажеттіліктің болатындығын атап көрсетеді: «біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам» деп туады. «Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды», екінші – білсем екен демекшілік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, одан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Абайдың айтуы бойынша жан жүректе орын тепкен. «Мен адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ...» [17-ші сөзі]. Жан адамның тыныс-тіршілігін, іс - әрекетін жүрек арқылы басқарады. Егер жан жетілмеген болса, онда адамның іс - әрекетінде де кемшілік болады. Ішкі дүниесі тазарып, жетілген адам ғана қателікке ұрынбай, өмірде жаңсақ баспай, дұрыс өмір сүре алады. Адам баласының бақыты оның жүрегінің тазалығымен тығыз байланысты, яғни «Үлкеннен ұят сақтап, кішіге

рақым қылдыратұғын - мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын - мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын - мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады...» [17-ші сөзі] деп адамдарды ішкі жан дүниесі мен жүрегін таза ұстауға үйретеді Абай. [3]. Сонымен, жетілудің негізі – жүректі жетілдіру екен. Бұл – адамның ішкі нәзік болмысын тазарту деген сөз. Абай өз қара сөздерінде жетілу жолдарын, олардың түрлі белестерін көрсетеді. Әрбір адам осы жетілу жолдарынан өте отырып өзінің қай деңгейде тұрғанын және өмірінің келесі белесін анықтай алады. Мәні терең ашылып, келешегі айқындалғанда ғана адам өмірі маңызды болмақ. Абай ілімі осылай әркімнің өмірінің мәнін ашып, оның келешектің жарқын жолына шығуына мүмкіндік береді. Кемелдену, жетілу – адам өмірінің мақсаты екенін айтады Абай. Жетілу дегеніміз не? Түрлі жетілулер бар. Мысалы, спортпен шұғылданып өзіміздің денемізді, күш-қуатымызды жетілдірсек, ал ғылымбілім, өнерге үйрену арқылы ой-өрісімізді жетілдіреміз. Абай осыларды айта отырып, бұлардан гөрі маңыздырақ жетілу барын, ол – рухани жетілу, яғни жанды жетілдіру деп көрсетеді. Абай атамыз өзінің 37-ші қара сөзінде «Адамның мінезін өзгертуге болмайды – деп айтқан адамның тілін кесіп алар едім», — деген. [3]. Ендеше адам мінезінің қалыптасуы отбасы тәрбиесімен, қоғаммен, әлеуметтік ортамен тығыз байланысты. Мінез өзгермейтін тума қасиет емес, ол өмір тәжірибесімен қалыптасады дейді ақын. Мінез құбылысын зерттейтін ғылым характерология ұзақ даму тарихына ие. Осы ғылым саласындағы психологтар көптеген жылдар бойы мінездер типін саралап, адамның әр түрлі өмір жағдайларындағы әрекет-қылығын болжастыру мақсатында түрлі мінез сипатын нақтылаумен шұғылданып келеді. Олар адамның тума емес, өмір барысында қалыптасатын белгісі болғандықтан, мінез типтерін жіктеу көбіне тұлға дамуындағы сыртқы, жанама факторларға негізделетінін айтады. Ал Абай «сүйекке біткен мінез сүйекпен бірге кетеді» дейтін теріс көзқарасты әшкерелеп, адам мінезі өмір барысынан сабақ алып, өзін қоршаған жағдайларға байланысты өзгеріске еніп, оның іс-әрекеттері арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандылық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді. Әдептілікті, сыпайылықты, құмарлықты, тәуелсіздікті жақсы мінезге; сенгіштікті, арсыздықты, мақтаншақтықты, құлықты, жауыздықты жаман мінез деп есептейді. Абай адамның танымдық қасиеттерінің табиғатын біршама материалистік тұрғыдан түсіндіреді. Сезіну және түйсіну мәселелерін де дәл осы бағытта талдайды. Ақын сыртқы дүниенің адамның сезім мүшелеріне әр түрлі сипатта әсер ететінін айта келіп: «Құлақ болмаса, не қаңғыр, не дүңгір, жақсы үн, күй, ән – ешбірінен ләззәт ала алмас едік. Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не қатты, не дәмдінің қайсысынан ләззәт алар едік? Бұлардың бәрі біздің пайдамыз емес пе?» [27-ші сөзі] дейді. Ақын: «Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды. Әрбір мақлұққа құдай тағала бірқалыпты тұрмақты берген жоқ. Енді көңіл қайдан бірқалыпты

тұрады?...» [20-шы сөзі], деп табиғат қана емес, адамның да үнемі өзгеріп отыратындығына ерекше көңіл аударады. Абай адам мен жан-жануарлардың мінез-құлқындағы айырмашылықтарды: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» [18-ші сөзі], - деп ажыратып берді. Адамның ең басты артықшылығы оның қоғам пайдасы үшін белсенді әрекет жасай алатындығында, «қай өгіз шаһар жасап, құрал жасап; неше түрлі сайман жасап, сыпайылық шеберліктің үдесінен шығарлық қисыны бар?» [27-ші сөзі], деп түсіндіреді Абай. Өзінің 15-ші қара сөзінде Абай: «Егерде есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!» [2,3] деп, адамдарды өз ісі мен амал-қимылдарына талдау жасай білуге шақырады. Сондай-ақ, ол әр адамды өз өмірін қалай өткізгені жайында, өз іс-әрекеттері мен қылықтарына талдау жасап, оған орынды баға беріп, жауапкершілігімен қарауына шақырады. Мұндай өз істеріне талдау жасау әрекетін көптеген педагог-психологтар рефлексия деп атайды. Адамның өзінің өзіне беретін бағасы әрекетке ынталандырады және оның тиімділігін арттырады. Өзіндік бағаның мотивациялық-психологиялық тұжырымдамасы жетістіктерге деген қызығушылықты өзіндік бағалаудың жүйесі ретінде қарастырады. Өзіндік бағалау адамның көңіл-күйіне, оның секемшілдіктен бастап жұмыста өзін-өзі ұмытуына байланысты. Сондай-ақ өзіндік баға адамның психологиялық-физиологиялық, психикалық күйзелістері, оның өмірлік тәжірибесі, ол өмір сүретін ортадағы және өмірге келген қарым-қатынас жүйесінде детерминалданғандығымен ерекшеленеді. Өзіндік баға мен өзін-өзі сезіну арасындағы байланыс жөнінде өз кезінде И.М. Сеченов «Бала шақтағы өзін сезінуден ересек жаста пайда болатын актілерге сыни қарауға негіз болатын өзіндік сана туындайды» деген. Ендеше, осыған іспеттес Абай атамыздың айтқанына назар аударайық, «Бұл асқа келгенше, жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық, әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтып, не қылып өткіземіз?» [2]. Қазақ әдебиетінің көгіндегі жарық жұлдызы ұлы Абай туралы Елбасы Н.Назарбаев «Абайдың мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы. Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де халқымыздың Абайға деген көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Психология ғалымы Т. Тәжібаев: «...Абай тек қана асқан кемеңгер ойшыл ақын ғана емес, сонымен қатар ірі философ, психологиялық білімдер жүйесін насихаттаумен айналысқан ғұлама. Ол ұлттық психологиялық ұғымдардың негізін қалады...» деп тұжырымдайды. Қорыта айтқанда, Абай тағылымы бүгінгі таңда да өміршең екендігі еш күмән туғызбайды.

Әдебиеттер

1. Н. Назарбаев «Абай и наше время». «Абай, наследники на перепутье» - Алматы, 1995г.

2. Рухнама. Кереку-Баян кітапханасы // Абай Құнанбаев, 6-шы кітап., - Павлодар, 2003.
3. Абай Құнанбайұлы / Шығармаларының екі томдық толық жинағы.-Алматы: «Жазушы», 2005., 2т.
4. Әуезов Мұхтар. Абайтану дәрістерінің дерек көздері [Мәтін] / құраст. Л. Әуезова, М. Мырзахметұлы.- Алматы: «Санат», 1997.
5. Абай тағылымы [Мәтін]: әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. Н. Ғабдуллин.- Алматы:«Жазушы», 1986.
6. Сыздықова, Рәбиға. Абай шығармаларының тілі [Мәтін]: лексикасы мен грамматикасы / жауап. ред. М. Балақаев ; Қаз.ССР ҒА ; Тіл білімі ин-ты.- Алматы: «Ғылым», 1968.
7. Сәбет Баб-Баба. Жалпы психология (Жантану негіздері). Оқу құралы. - Алматы –2004. 8. Психология/ Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 8 т. - Алматы: «Баспалар үйі», 2006.

РУХАНИ АЗЫҚ, ҰЛЫ ТҰЛҒА – АБАЙ

Мағауов Ерболат Абайұлы
Дене шынықтыру пәні мұғалімі
А.Құнанбаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы
Арқалық қаласы, Қазақстан

Аннотация. Духовное наследие Абая Кунанбаевича, которое веками было обузой, никогда не теряет своей ценности. Он оплакивал потерю своего времени, разрешал споры между классами и критиковал горькую реальность общества своими ядовитыми песнями. А если вы побываете в духовном мире того мудреца Абая, то увидите летопись целого века.

Ключевые слова. Абай, национальная духовность, наука, национальное достояние, творческое возрождение.

Annotation. The spiritual heritage of Abai Kunanbaevich, which has been a burden for centuries, never loses its value. He mourned the loss of his time, resolved disputes between classes and criticized the bitter reality of society with his poisonous songs. And if you visit the spiritual world of that sage Abai, you will see the chronicle of a whole century.

Key words. Abai, national spirituality, science, national treasure, creative revival.

Сан ғасырға жүк болатын Абай Құнанбайұлының рухани мұрасы қай кезеңде де өзінің құндылығын жоғалтқан емес. Өз дәуірінің жоғын жоқтап, тап арасындағы талас-тартысқа төрелік айтып, қоғамның ащы шындығын уытты жырларымен сынап отырған. Ал, сол данышпан Абайдың рухани әлеміне сапар шексеңіз тұтас ғасырдың шежіресін көз алдыңызға әкеледі. Ұлы ақын, данышпан, Қазақ поэзиясының іргетасын қалаушы Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласымен астасып жатса құба-құп. Өйткені, Абай – ұлт руханиятының бастауында тұрған тұлға.

Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет» дегенді айтты. Сонымен қатар «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні» сияқты «ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», деп айқын көрсетіп берді.[1]

Елбасы мақаласының негізгі рухани темірқазығы ұлы Абай ақынның ілімінің идеясымен үндестігі байқалады. Олай дейтініміз «жоғарыда аталған бағдарламалық мақаласында Елбасы негізгі басымдықтарды айта келіп, «Бәсекеге қабілеттілік», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы», «Сананың ашықтығы» секілді ерекше бағдарламаларды алға тартқан болатын.

Қазақ халқының ХІХ ғасырдың соңынан күні бүгінге дейінгі тарихында ұлы ақын, ағартушы, данышпан Абай Құнанбайұлының алар орны ерекше. Абайдың ақындық жолға бет бұрғандығы алғашқы сөзі мәдениет пен білімнің маңызын насихаттауға арналады. Оның 1885 жылы жазған «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі бұл тақырыптағы тұңғыш шығармасы болумен қатар, ақынның сөз өнері жолындағы жаңа ізденісін де танытады. Абай мұнда, ең алдымен, жаңа үлгідегі ақынға керек ғылым жайын сөз етеді. Ғылым-білімді кезінде зерттей алмағанына өкініш білдіреді. Өз қателігін балаларын оқытумен түзеуге бет алғанын айтады. Сонымен қатар ол «Қызмет қылсын, шен алсын» деген халық мүддесіне жат тәрбие жайын мінеп, сынайды. 1886 жылы Абай «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» деген өлеңдер жазды. Мұның алғашқысы ұстаз ақынның кейінгі ұрпаққа айтар өсиеті түрінде жазылған. Бүкіл өлең бойына Абай «ғылым» деген сөзді қайталап айта отырып, адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы - ғылым болуы керектігін түсіндіреді [2].

Ғылым таппай мақтанба!

Орын таппай баптанба!

Құмарланып шаттанба!

Ойнап босқа күлуге, - дейді. Сөйтіп, ғылымға берілудің, ғалым болудың жолдарын әңгімелейді. Ғылым жолы – әділдік жолы. Оны ұстаған адам ескі жолмен жүре алмайды. «Надандарға бой берме, шын сөзбенен өлсеңіз», - дегенде, ол ғылым үйренетін жастың қараңғы, надан қауымнан өзгеше болуын қалайды.[3]

Осы тұста Елбасы мақаласындағы «Білімнің салтанат құруы», «Сананың ашықтығы» бағдарламасының идеялары үндес екені байқалады. Мақалада «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі

керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» делінген. Өзі билеуші тап ортасынан шықса да, тарихи дамудың беталысы мен қоғамдық шындықты түсінген ол еңбекші шаруаға шындап бет бұрғанын байқатады. Оларды «елім», «жұртым», «халқым» деп, дос тұта сөйлейді. Осы бетбұрыста Абай сол халықты жүдетіп, шаршатып отырған ұнамсыз әрекет-мінездерді, олардың ішкі сырын үлкен шеберлікпен ашатын психолог ақын ретінде танылады. Заманы мен өзі өмір сүріп отырған ортаның кемшілік-қайшылықтарын өткір және әділ мінеп-сынайды. Бұл сарын, әсіресе, Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп аталатын өлеңінде анық байқалады. Мұнда өз халқының басындағы қайғы-мұңды көріп дерттеніп, «Қалың елі - қазағының» қазіргі халіне қинала сөйлеген ақын бар [4].

Абай өз шығармаларында рухани жұтаңдықты, білімсіздікті, көкірек көзінің мөрлілігін, надандықты, имансыздықты, тоғышарлықты, енжарлықты, жалқаулықты, сөзуарлықты, екіжүзділікті, күншілдікті, мақтанқұмарлықты, мақтансүйгіштікті, дүниеқоңыздықты, мансапқорлықты, көрсеқызарлықты, менмендікті, мақтаншақтықты, еңбексіздікті, әділетсіздікті, сатқындықты және т.б. қай замандарда болмасын адам бойында болатын моральдық-этикалық қасиеттерді сөз ете отырып, адам баласының бойындағы қасиеттерін жақсартуға, жетілдіруге, толықтыруға, жаман қасиеттері болса солармен күресуге, оларды ауыздықтауға талаптануы керектігін түсіндіріп, ғасырлар бойына адамзат баласының ақыл-ойында ұшталып келе жатқан, діни-пәлсафалық, моральдық-этикалық, интеллектуалдық, адамгершілік тұжырымдамасы – толық адам ілімін адамзат қоғамына мұра етіп қалдырды.

Халқының келешегін ойлап егілген, сол үшін ұнамсыздықты аямай сынау арқылы түзетуді ойлаған Абайдың жас ұрпаққа айтар ақылы да, уағызы да аз болмаған. Соның бірі – достық мәселесі.

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде ол тіршілікте өзі көрген, халық тәжірибесі танытқан шындықты айта отырып, жастарды шын адамгершілік жолына, қиянатсыз, адал достыққа үгіттейді. Оларды жалған татулық, бояма мінезден сақтандырады. Отыз төртінші қара сөзінде: «Адам баласына адам баласының бәрі - дос» деген хакім Абай өлеңдерінде «Адамзаттың бәрін сүй – бауырым деп» жырлап, ұлтқа, дінге, нәсілге, әлеуметтік жікке, жынысқа бөлмей баршаға махаббат сезімде болуды үндеуі, қазіргі адамзат қоғамының басты ұранына айналуы тиіс.[4]

Елбасы Н.Назарбаев: «Абайды мұқият оқыған адам оның көзқарастары күні бүгінгі нарық экономикасымен де тікелей үндес екенін айқын аңғарар еді. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен», - дейді.

Ұлы Абай қазақ халқының руханияты мен мәдениетінің символы болып табылады. Оның ілімі халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты. Абай шығармашылығымен танысу сананы оятып, ойға ой қосады, жаңа көңіл күй мен

сезімге бөлейді, асыл армандарға жетелейді, өзінді өзін талдап тазаруға итермелейді.[5]

Хакім Абай өз халқының мұң-мұқтажын, қоғамдық-философиялық ойларын, мәдениеті мен әдебиеттегі көремдік ізденістерін жаңа сапаға көтерді. Ақынның арман-тілегі бүкіл адамзаттың ең биік асыл мұраттарымен де үндесіп жатыр. Қазақты ояту үшін үн қосқан ақындардың бірі Міржақып Дулатұлы: «Абайдың өлген күнінен қанша алыстасам, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, «Бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар» деп болашақ ұрпаққа бабалар алдындағы борышын сезіндіргендей.

Қорыта келе, Абайды тану арқылы біз өз болмысымызды танып, болашағымызды бағдарлаймыз. Бүгінде Абай есімі жеткілікті деңгейде ұлықталып жатыр. Бірақ оның шығармаларымен жаңғыру деңгейіне әлі жете қоймадық. ХХІ ғасырда кез келген қоғамның парқын, түптеп келгенде, адам сапасымен өлшеу үрдісі бірінші орынға шығып отыр. Бұл ретте Абай армандаған «бүтін адам», Абай көксеген «толық адам» тұжырымдамасы ең озық идея ретінде бүгінгі зерделі оқырманды да бей-жай қалдырмайды. [6] Данагөй ақынның терең ойлары мен асыл сөздері, өлеңдері мен қара сөзері қай заманда болмасын жақұттай жарқырап, көкіректерге нұр болып құйыла берері хақ. Оның мұрасы жаңа ұрпақпен бірге жасай береді.

Әдебиеттер

1. Абай жайлы сөз = Слово об Аббае / Шығыс Қазақстан мәдениет басқармасы. - Өскемен, 1995.
2. Абай және Әуезов = Абай и Ауэзов Абайтану оқулары=Абаевские чтения. - Алматы: Б.и., 1998.- 227 б.
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. - Алматы: Ана тілі, 1995.- 272 б.
4. Бітібаева Қ. Мектепте Абай шығармаларын оқыту. - Өскемен: Б.ж., 1994.- 180 б.
5. Жүрегімнің түбіне терең бойла: (Абай туралы естеліктер). - Алматы: Жазушы, 1995.- 296 б.б.
6. Қонаев Д. ж.б. Әлемнің Әуезові. - Алматы: Санат, 1997.- 144 б.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШЫ

Мамбеталина Бақыткүл Сәбитбекқызы
Шағын орталық тәрбиешісі
А.Құнанбаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы
Арқалық қаласы, Қостанай облысы

Аннотация. Несомненно, искусство и литература любого народа в определенный исторический период, то есть вся культурная сущность, поднимается на разную высоту и открывает широкий путь для дальнейшего роста и развития. Действительно, в истории нашего казахского народа есть такие периоды.

Ключевые слова. Абай, история, цивилизация, поэтический талант, поэзия

Annotation. Undoubtedly, the art and literature of any people in a certain historical period, that is, the entire cultural essence, rises to different heights and opens up a wide path for further growth and development. Indeed, there are such periods in the history of our Kazakh people.

Keywords. Abai, history, civilization, poetic talent, poetry

Қай халықтың болмасын белгілі бір тарихи кезеңде өнері мен әдебиеті, яғни бүкіл мәдени болмысы өзгеше бір биікке көтеріліп, кейінгі өрлеу мен дамуға кең жол ашары сөзсіз. Ендеше біздің қазақ халқының тарихында да сондай кезеңдердің бар екендігі шындық. Қазақ халқының руханияттық дамуында осындай толағай өзгерістер мен ерекше серпілістердің көзге айрықша шалынар сәті — ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басы.

Қос ғасырдың тоғысар тұсында «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп» екі жаққа үңілген ұлы Абай, халықты өркениеттің өріне алып шығар амалды тапты. Ол ғылым мен білім, өнер үйрену жолы еді. Замананың тұрпатын, ұлт тұрмысының кемшілікті тұстарын Абайдай көре білген, ұлы ақындай таныған жан кемде-кем. Абай жасампаздығының мәңгілігі мен өнерінің өрістілігі осында жатса керек. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басындағы Абай феномені – қазақ ұлтының өркениеттік болмысындағы орны айтып болмас ұлы құбылыс!

Әрине, Абай ұлылығын, шығармашылық тұлға ретіндегі болмысын тап басып тануға біраз уақыт қажет болды. Ал абайтануды алғаш жүзеге асырғандар – ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары. Олар өздері міндет етіп алған ұлт үшін атқарылар ұланғайыр істердің бастау көзі ұлы Абайды тану мен танытуда деп біліп, ең алдымен, сол ұлы ұстаздың ұлылық қасиетін ардақтауға ұмтылды. Абайды өздері ғана қадір тұтып қоймай, оның ұлт абызы ретіндегі кеменгерлік тұлғасын өздері айтпақшы «жұртқа», яғни көпке танытуды мақсат тұтты.

Абайды әр қырынан ашуға тырысқан мағыналы мақалада мынадай жолдар бар: «Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алып, төр түгіл тақтан орын берген. Бірақ басқа сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қандай, оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен

тыңдаушының көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран таңдама екендігі, жұрт мағыналы, терең сөзден гөрі мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа дыбысы тиіп өте шығатын жеңіл сөздерді таңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөздерінде көрсетілген» [2]. Мұндағы Ахметтің айтпағы — Абай ақынның сыншылық көзқарасының өткірлігі мен нағыз ақынға қажетті де керекті шеберлікті толық игерген жасампаздық тұлға екендігі.

Замана ауыртпалығын, елдің басына түскен зорлық-зомбылықты терең сезініп, жүрегімен түсініп, жырлай білген Абайды «Қазақ» газетінің авторлары пір тұтқан, ұлы ұстаз тұтқан.

Ахмет Байтұрсынов аталмыш мақаласында Абай өлеңдерін қабылдау қиынға соғатындығын айта келіп, «...Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас, бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан болатын кемшілік» [3], — деп бір түйіп алады. Сөйтіп, Абай сөзін ұғынудың қиындығы

«Әрбір сөзі оқырманға сын» Абай ақындығының өзгелерден оқ бойы озықтығы оның өмірден түйгені мол көрегендігімен қатар, терең білімпаздығынан деп таныған Ахмет, Абай білімінің құнары еуропалық ғылым-білімде деп есептейді. Абай білімінің негізі жайлы жаза келе: «Михайэлис пен Гроссқа кез болмаса, сол күйімен бәлки кетер еді, қандай асыл, қандай мағыналы, қандай терең сөздер жерге көмілер еді. Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ» [4], — деген ой түйеді.

«Басқа жоғары мәдениетті елдерге еліктеп біз де мәдени-әдеби кеш, жиындарды жиі ұйымдастырып тұрсақ деген ниет» деген жолдар осының айғағы. Мақаланың өн бойынан сол кезеңдегі өнер-білімге жақын, жалпы, қолына қалам ұстаған кез-келген азаматтың цензурадан көздерін аша алмай, айтарын айта алмай қиналғанын байқаймыз. Нәзипа Құлжанова оқырмандарға «сендер тек сол жоспарыма қосылыңдар, бірігіп жұмыс істесек алға басамыз» деген ой тастайды.

Абай творчествосын тану мен танытуда өзіндік орны бар мақаланың бірі — Міржақыптың «Абай» атты мақаласы. Ұлы Абайдың қайтыс болуына 10 жыл толғанына орай жазылған бұл мақаланың мынадай басты құндылықтары бар. Бірінші — Абай ақындығын, Абай мұрасын, Абайдың ұлылығын ұғынудың алғашқы соқпағын салушылардың еңбегін көрсетіп, зерттеушілер есімін нақты атаумен бағалы.

XX ғасыр бас кезіндегі қазақ ақын-жазушыларының бүкіл шығармашылығы Абай атты ұлы арнадан бастау алады. Сондықтан XX ғасыр басындағы әдебиетті сөз еткенде, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан сынды ұлы тұлғалар поэзиядағы Абай салған дәстүрдің сан қырын ашып, жаңашылдықпен жалғастырғанын атап өту ләзім. Онсыз сол кездегі поэзияның даму барысын, көтерілген биігін аша алмаймыз.

«Абай — қазақтың жаңа реалистік жазбаша поэзиясының, әдебиетінің негізін салды. Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Ол — керемет суреткер ақын және сыршыл лириканың сирек кездесетін шебері. Сонымен бірге біз Абайды ойшыл ақын дейміз. Мұны алдымен ақынның өмір

құбылыстарын терең толғау жағы басым келетін өлеңдеріне қатысты айтсақ, сонымен қатар өмір, адам тағдыры, дүние, заман ағымы жайлы пікірлері, дүниетанымы көбірек көрінетін өлеңдеріне қатысты, яғни ойшыл-философ ақын деген мағынада айтамыз» — деп, З.Ахметов ұлы дарынға үлкен баға береді де: «Ақын тұлғасы қаншалықты ірі болса, ықпалы соншалықты зор болатыны, айналасына түсетін жарығы да мол болатыны анық», — деген тұжырым жасайды.

Абай өзінен кейінгі ақындардың барлығына «Жарығын түсірді» десек, өсіріп айтқанымыз емес. Өйткені «Абай — қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы, тереңге сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне өрнек берген, түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан – Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан». Ұлы Мұхтар Әуезовтің бұл ойларынан артық Абай болмысын тап басып тану қиын. Абай дәстүрін жалғастырушылар оның осы «оқушылары». Олар ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан сынды бір туар дарындар еді.[5]

ХХ ғасырда Абай дәстүрінен үлгі алып, қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген бір-туар ақындар дүниеге келіп, олардың әрқай-сысы соны үнімен, тың тынысымен қазақ поэзиясы айдынында емін-еркін жүзді. [6]

Поэзиясы аз да болса саздығымен, қазақ өлеңінің төл табиғатынан туған тазалығымен, бір естігенде-ақ көңілге қона кетіп, ойға ұялай қалатын әрі бейнелі, әрі мағыналы сөз үлгісімен ерекшеленетін Ахмет Байтұрсынов, жеке басының, әлеуметтік топтың, немесе белгілі бір таптың мүддесі емес, ел мұңы, ел шері, ел зары, ел кегін жырлаған Міржақып Дулатов, заманымыздың атақты жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай “жарқыраған әшекейімен, Европалығымен” тамсандырған жыры сұлу, сезімі сыршыл Мағжан, терең танымдық өлеңдерімен, асқақ романтикалық эпикасымен толғандырған Шәкәрім, қазақ ой-санасының аспанына жарық “күн” сәулесінің нұрын шашуды, өлең өнерінің “толған айы” болуды аңсап, ұлтының ұлы мұратын алға асыруға ұмтылып, поэзия көгінде жарық жұлдыздай жарқырап өткен Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетінің “алтын кезеңінде” өмір сүріп, туған әдебиетімізге қайталанбас туындылар сыйлады. Олардың бәрі Абайды поэзия әлеміндегі ұлы ұстаз тұтты. Ұлы ақын дәстүрін жаңашылдықпен дамытты. Сол арқылы қазақ поэзиясында мәңгілікке өшпес із қалдырды.

Әдебиеттер

1. «Қазақ», 1913, № 3
2. «Қазақ», 1913, № 41
3. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. — Алматы: Атамұра, 1995.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. — Алматы: Жазушы, 1988. — 267 б.
5. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. — Алматы: Білім, 1995. — 288
6. Дулатов М. Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынович. Общество изучение киргизского края.

ЖАСӨСПІРІМ КЕЗЕҢІНДЕГІ АҚЦЕНТУАЦИЯ

Мұса Қожабай Жаңабайұлы
5B010300 ПП-31 тобының студенті,

Тауекелова А.Е
аға оқытушы, п.ғ.м.,
педагогика және психология кафедрасы
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық
Институты Арқалық. Қазақстан

Резюме: Полученную в работе информацию воспитатели, родители, социальные работники могут использовать для адекватного общения с подростками и создания эффективных программ, направленных на коррекцию высоких конфликтов подростков с учетом индивидуальных особенностей подростков.

Summary: Teachers, parents, and social workers can use the information obtained in this work to adequately communicate with adolescents and create effective programs aimed at correcting high conflict among adolescents, taking into account the individual characteristics of adolescents.

Кілт сөздер: бала, қорқыныш, эмоция, қақтығыс, психология.

Ключевые слова: ребенок, страх, эмоции, конфликты, психология.

Key words: child, fear, emotions, conflicts, psychology.

Мінездің акцентуациясы - мінездің шектен тыс күшеюі. Олар норманың шекті нұсқаларын көрсетеді.

Оларға ортаның және тәрбиенің әсеріне байланысты әлеуметтік оң және әлеуметтік теріс тенденциялары тән. Термин авторы - неміс психологі және психиатрі К.Леонгард. Мұғалімге мінездің акцентуациясын білу тәрбиеленушілерді түсіну және олармен индивидуалды айналысуға қажет [1].

"Акцентация" терминін 1968 жылы неміс психиатры Карл Леонхард енгізді, ол оны "екпінді тұлға" және "екпінді тұлға" тіркестерінде қолданды. Ол екпіндерді қолайсыз жағдайларда патологиялық жағдайға көшу үрдісі бар жеке тұлғалық қасиеттер ретінде сипаттайды. Леонхард екпіндерді "нормадан ауытқу" деп сипаттайды. Ол сонымен қатар психикалық бұзылулардың типологиясы туралы психоаналитикалық идеялардың айтарлықтай әсерін көруге болатын екпін классификациясын жасады [2]

1977 жылы Андрей Евгеньевич Личко Леонардтың еңбектері мен Петр Борисович Ганнушкиннің психопатияларын жіктеу негізінде тұжырымдаманы дамытып, жеке тұлғаны акцентация үшін тым күрделі тұжырымдама деп санайтын "кейіпкердің екпіні" тіркесін қолдана бастады. Ол жасаған типология Ганнушкиннің психопатиясын жіктеуге нақты сілтеме жасайды, сонымен қатар тек жасөспірімге арналған.

Қазіргі уақытта ресейлік психиатрияның ICD-10-ға көшуімен Ганнушкиннің психопатияларының жіктелуі моральдық тұрғыдан ескірген және жұмыстың ыңғайлылығы үшін екпіндер көбінесе жеке басының бұзылуының халықаралық типологиясына немесе жеке басының бұзылуының психоаналитикалық типологиясына байланысты жіктеледі, дегенмен бұл тәсіл қатаң емес немесе ғылыми қауымдастық мойындаған емес.

ICD-10 акцентациясы қалыпты өмір салтын сақтау қиындықтарымен байланысты проблемалардың бірі ретінде жіктеледі (Z73). Бұл жіктеуде "жеке қасиеттердің акцентациясы" диагнозына (Z73.1) мінез-құлық үлгісі жатады, ол өршіл амбициялармен, жоғары жетістіктерге ұмтылумен, сондай-ақ шұғыл сезімге шыдамсыздықпен сипатталады.

Психология ғылымындағы ең маңызды орын тұрақты жеке қасиеттердің жиынтығы ретінде адам табиғаты мәселесі болып табылады. Бұл тек теориялық қана емес, практикалық мәселе. Адам дамуының ерекшеліктері мен көріністері туралы ақпарат өмірдің көптеген салаларында көмектесе алады: бизнесте, білім беруде және т. б.

Мінез мен сөйлеу мәселесі білім беру мен тәрбие саласында ерекше мәнге ие. Бұл мәселені түсіне отырып, психологиялық тұрғыдан дәл мәліметтер мұғалімдер мен тәрбиешілерге оқу мен тәрбие процесін тиімді жүзеге асыруға көмектеседі.

Біздің қоғам өмірінің көптеген салаларындағы тұрақсыз жағдай өсу бұзылыстары бар адамдардың жеке дамуы мен мінез-құлқындағы әртүрлі ауытқулардың өсуіне байланысты. Балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқын қалыптастырудағы әртүрлі ауытқулар ерекше алаңдаушылық тудырады.

Жасөспірімдердің мінез-құлқының өзіндік ерекшелігі олардың мінез-құлқынан көрінеді. Көріністердің бірі-жанжал жағдайындағы жасөспірімнің мінез-құлқы. Жасөспірім жоғары моральмен сипатталады", - деп атап өтті рәсімдер процестері. Арта түсуі, бұл дау-шарды жиі теріс салдарларға, сондықтан, бірлесіп үйренуге ерекше көңіл бөлінеді жасөспірімдерде және ерекшеліктері олардың шиеленіс.

Жасөспірімдердегі мінез-құлық пен жанжалға баса назар аударатын жалпы ережелер: проблема теориясын талдау.

"Оларды орната білу" ұғымы психологияға К. Леонардпен бірге екпінді тұлғалар тұжырымдамасын жүзеге асырады. Терапевтік тәжірибеде жинаған негізгі эмпирикалық материалды қорытындылай келе, ол адамның жеке басын анықтайтын кейбір белгілер бар деген қорытындыға келді. Бұл өзгеріс белгілерінің қарқындылығы.

"Ерекше тұлғаны құрайтын элементтер мен адамның жеке басының өзгеруін анықтайтын белгілер арасында нақты сызық салу оңай емес", - деп жазды К.Леонард. Бұл жағдайда ауытқулар екі бағытта байқалады. Біріншіден, желімделген немесе педантикалық немесе гипоманикалық тұлғалардың сипаттамалары соншалықты елеусіз болып көрінуі мүмкін, сондықтан адамның талғамы жоқ, "экранның" моделінен кетеді деп айтуға болады. Бұл әсіресе бейтарапқа дейінгі аралық түрлердің барлық кезеңдерінде көрінетін темпераменттің кейбір қасиеттерін анықтауда байқалады. Екпін әрқашан белгілі бір сигнал деңгейін жоғарылатуға бағытталған. Осылайша, бұл жеке қасиет екпінге айналады ".[3]

"Дәм шынымен де бірдей жеке қасиет, бірақ патологиялық жағдайдың өзгеру тенденциясы бар. Ананкастикалық, параноидтық және истерикалық белгілер кез-келген адамға тән болуы мүмкін, бірақ олардың көріністері соншалықты маңызды емес, олар рефлексиядан аулақ бола алады. Жоғары қарқындылықпен олар жеке тұлғаның брендин қалдырады және ақыр соңында патологиялық сипатқа ие бола алады, жеке тұлғаның құрылымын бұзады".

Мінезді оқшаулау мәселесі психопатия мәселесімен тығыз байланысты, өйткені екпін мен психопатия арасындағы айырмашылықтарды нақты ажырату өте маңызды. Осыған байланысты п.б. Ганнушкин, О.В. Кербиков және т. б. психопатияларын зерттеудің маңызы зор - бұл П.Б. Ганнушкиннің айтуы бойынша "адамның бүкіл психикалық келбетін анықтайды, бүкіл психикалық қоймада өз ізін қалдырады", " өмір бойы... ешқандай түбегейлі өзгерістерге ұшырамаңыз", «бұғатталған... қоршаған ортаға бейімделу»

П.В. Ганнушкин, О.В. Кербиков, А.Е. Личко стресс пен психопатияны ерекшеліктен тағы бір маңызды ерекшелікті тізімдейді. Психопатияда, декомпенсацияда, жедел аффективті және психопатиялық реакцияларда, сондай-ақ кез-келген психикалық жарақат нәтижесінде пайда болатын әлеуметтік бейімделу кезінде, әртүрлі қиын жағдайларда, барлық себептермен және тіпті себепсіз. Шығару кезінде бұзылулар психикалық жарақаттың белгілі бір түрімен ғана пайда болады, кейбір қиын жағдайларда, атап айтқанда, сіз "ең аз қарсылық орнына", "әлсіз буынға" назар аударған кезде. Бұл бұзылулармен байланысты емес және әрдайым Ахиллес өкшесін тудырмайтын қиындықтар мен басқа да стресстерге қарсы тұрады. Әрбір акцентация түрі басқа түрлерден өзгеше, "әлсіздіктердің" болуымен сипатталады. Жасөспірімнің даму ерекшеліктері келесі белгілерде көрінеді: ересектермен қарым-қатынаста қиындықтар туындайды: негативизм, қыңырлық, жетістіктерді бағалауға немқұрайлылық, мектептен кету, өйткені бала үшін бастысы қазір мектептен тыс жерде жүреді; балалар компаниялары (дос табу, сізді түсінетін адамды іздеу) [4].

Жасөспірім кезінде баланың өзіне жүгінуі тән. Осыған байланысты рефлексияның дамуы және оның негізінде — Өзін-өзі тану тән, бұл осы жастағы неоплазма.

Түбегейлі өзгерістер жасөспірімнің мотивациясына қатысты. Мотивтердің мазмұнында қалыптасқан дүниетаныммен, болашақ өмір жоспарларымен байланысты мотивтер бірінші орынға шығады.

Қорытындылай келе, мінездің акцентуациялануы - адамның әрекеті мен істерінде көрініс беретін мінез ерекшеліктеріне қарағанда жиі басымдылық танытатын, күшті дамыған мінез. Мінездің акцентуацияланған типтері — әртүрлі жағдайлардағы адамның қылығын анықтайтын, мінездердің басқа қасиеттеріне қарағанда жетекші орын алатын және басқалардың жәрдемімен ерекше дамитын мінездің типтік қиылысқан көрсетеді. Мінез акцентуациясы — психопатиялармен шектесіп, норманың шеткі варианттарын көрсететін белгілі бір мінез бітістері мен олардың үйлесімдерінің ерекше көрінісін білдіреді, К.Леонгардпен ұғым. Акцентуация басқа қасиеттерінен қандай да бір қасиеттің немесе белгінің бөлініп ерекше дамуы. Жасөспірім кезіндегі мінез-құлық белгілері мінез-құлық белгілері шамадан тыс күшейтілетін норманың

экстремалды нұсқалары, соның салдарынан психогендік әсердің белгілі бір түріне қатысты таңдаулы осалдық басқаларға жақсы және тіпті жоғары қарсылықпен анықталады.

Әдебиеттер

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.
2. Леонард К. екпінді тұлғалар. - Киев, 1981
3. Карл Леонхард. Ерекше тұлғалар = Akzentuierte Persönlichkeiten. — Берлин, 1976. — 328 б.
4. Личко А. Е. жасөспірімдердегі психопатия және мінез-құлық екпіні, Ленинград, 1983 ж
5. Ғаламтордан алынған материалдар.

ЖАРАТЫЛЫСТАРУ ПӘНДЕРІНЕ АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫН АРТТЫРУ

Нұрмаш Гүлсезім Нұрмашқызы
Кейкі батыр атындағы № 4
ЖОББМ Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В данной статье рассмотрены философские и педагогические взгляды великого гуманиста Абая Кунанбаев на проблему нравственного воспитания. Особое внимание обращается на основополагающие общечеловеческие проблемы формирования нравственных принципов и нравственных ценностей в жизни каждого человека. Подчеркивается значение стихов Абая в преподавании естествознания.

Ключевые слова. Педагогика, воспитание, природные науки, образование

Annotation. This article examines the philosophical and pedagogical views of the great humanist Abai Kunanbayev on the problem of moral education. Particular attention is paid to the fundamental human problems of the formation of moral principles and moral values in the life of every person. The importance of Abai's poems in teaching natural science is emphasized.

Keywords. Pedagogy, education, natural sciences, education.

*«.....Менің балаларыма, ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық,
Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс»
Нұрсұлтан Әбішұлы*

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлын «Өлмейтұғын артынан із қалдырған» - дей отырып, өзінің жарқын бейнесімен, жалынды жырларымен, өнегелі өмірімен, үлгі боларлық ұлағатымен бізбен бірге өмір сүріп келе жатқанына міне – 175 жыл болыпты. Абай бұдан әрі де біздің жадымызда мәңгі өмір сүре берері анық.

Абай шығармалары – мазмұнға бай, ізгі ойға толы, шебер тілді туындылар, асыл мұралар.

Оның асыл мұралары көз тірісінде бүгінгі таң дәрежесіндей жоғары бағаланып, кең танылып, етек жайып кете алмады. Бұл өкінішті, әрине. Дегенмен, Абайдың әрбір мұрасы – білім беруде құндылығы жоғары, тәрбиелік мәні жағынан теңдесі жоқ деп есептеймін. Абайдың шығармашылығына деген сүйіспеншілік, оны реалистік қазақ әдебиетінің негізін қалаушы ретінде құрметтеу ұзақ уақыттан бері қазақ педагогикасының ажырамас бөлігі болды. Абай дәуірі тарихқа қаншалықты терең енген сайын, оның сан қырлы мұрасын зерттеу қажеттілігі соғұрлым айқын сезілді. Бұл жұмысты бірінші болып әдеби сыншылар, кейінірек мұғалімдер бастады [1,17].

Абайдың шығармашылығын оның педагогикалық көзқарасынан бөліп қарауға болмайды. Оның шығармаларын, олардың тәрбиелік мәні тұрғысынан зерттеу қажеттілігі туралы бірінші болып М.Әуезов айтқан болатын. Абай мұраларынан тарихи прогрессивті таңдап, оны оқушыларға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру қызметіне қоя отырып, М.Әуезов ең алдымен ақын шығармашылығының патриоттық және интернационалдық мотивтеріне жүгінеді [2,103].

Абай сана-сезімді тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның ролін материалистік тұрғыдан түсіндіре білді. Адамның жақсы-жаман болуы, ақылды-ақылсыз болуы генетикалық негізге байланысты, ақ сүйек тұқымынан шыққандар ақылды, батыр, алғыр болады деген буржуазиялық нәсілдік, идеалистік көзқарасқа қарама-қарсы. Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - деді.

Абай жастар тәрбиесінде отбасы тәрбиесіне ерекше мән берген. «Баланың өміріндегі ең алғашқы және маңызды тәрбиешілер, мұғалімдер, бұл – ата ана» - деді. Адамды қалыптастыруда, тәрбие маңызды рөлге ие. Абай адамға табиғатынан жаман мінез-құлық берілмейді деп, ол тек тәрбие барысында қалыптасады деп айтқан. Баланың мұғалімі кім? Әрине, бұлар-ең алдымен оны қоршаған адамдар. Абай оларды 3 топқа бөледі.

Біріншіден, Абайдың айтуы бойынша баланың ата-анасы, бауырлары, әпкелері, яғни отбасы, туыстық ортасы.

Екіншіден, бұл-мұғалімдер, тәрбиешілер, тәлімгерлер, яғни ересектер, олар бала тәрбиесіне кәсіби түрде жауапты.

Үшіншіден, олар құрдастар, достар, жолдастар [3,45].

Бірақ Абай маңызды моральдық-этикалық тұжырым жасайды: «Балалар осы категориялардың қайсысын ең құрметтейді, олардың қайсысына көбірек сенеді, олардың қайсысының әсері ең қуатты, маңызды болып шығады.» - деп, Абай моральдық-этикалық тұжырым жасайды. Абайдың айтуынша, сүйікті адам - балалардың бірінші және басты тәлімгері. Сондай-ақ, Абай өзінің сөздерінде қазақ балаларының мінез-құлқы ата-аналарының, тәлімгерлерінің дұрыс тәрбиесіздігінен, надан құрдастарының зиянды әсерінен нашарлайтындығын бірнеше рет еске салады. Ол қоғамдық өмірдегі артта қалу

мен күнделікті өмірмен емес, ол өзі жаңаны бар жанымен қуана қарсы алды. Ол жастарды оқуға, орыс ғылымын, түрлі жаңа қолөнерді игеруге шақырды, оларға қоғамның игілігі үшін адал еңбек етуге кеңес берді.

Абайдың педагогикалық көзқарастарын ашуда Т.Тәжібаев, Қ.Жарықбаев, Х.Сүйіншалиев, А.Қазыбаев, Е.Нілдібаев, А.Сембаев, С.Срымбетов және т.с.с. сияқты қазақстандық ғалымдардың еңбектерін атап өткен жөн. Олардың зерттеулері Абайдың педагогикалық көзқарасын анықтауда маңызды болды.

Қазақ даласында қазіргі психология ғылымы тұрғысынан, бірінші болып Абай «адам» деген ұғымға анықтама берген. Адам – ұғымы – педагогика мен психология ғылымында негізгі пәндік ұғым. Абай түсінігіндегі «адам – ақылдылық пен еңбек сүйіспеншіліктің әділдік пен білімділіктің, махаббат пен адалдықтың, адамгершіліктің жиынтығы». Адам болу – кісіліктің кісісі, шын мәнінде азамат болу, қара бастың қамы, тіпті, бүкіл адамзаттың қамын ойлайтын, «өзін - өзі зор тұтып», «надандарды менсінбейтін», дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат адам болу. Абай қазақ жастарын желөкпе, әр нәрсеге көрсеқызар болмай, өнерді үйренуге, табиғатты тануға, ғылыми көзқарасқа негізделген тиянақты білім алуға үндеді.

Мұғалімдердің еңбектерін және халықтық педагогиканың ұлттық тәжірибесін зерттеу негізінде ойшылдың педагогикалық көзқарастары қазіргі ғылымның даму деңгейіне сәйкес келеді, тіпті көп жағдайда олардан асып түсті.

Абайдың педагогикалық көзқарасын түсіну оның шығармаларын зертеуді талап етпейді. Себебі, Абайдың қазақ халқының өмірінде, оның халықтық педагогикасында, халық даналығында болған барлық прогрессивті нәрселерді бойына сіңіргендігін түсінбеу мүмкін емес. Бұл Абайдың философиялық-педагогикалық көзқарастарында ұлттық және интернационалдық қарама-қарсы емес, бір-бірімен өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын идеялар ретінде әрекет ететіндігін түсіндіреді. Оның қазақ және басқа халықтар мәдениеттерінің арақатынасы мәселелерін қамтуы туралы да осыны айтуға болады[4,96].

Абайдың қазақ ағартушылары, ғалымдары мен мұғалімдерінің арасында тәрбиелеу барысында балалардың жас ерекшеліктері мен психологиялық ерекшеліктерін ескеруді бірінші болып түсініп, талап еткен.

Абай тәрбиеші мен тәлімгердің педагогикалық шеберлігінің басты ерекшеліктері мақсаттылық, жалпы педагогикалық мәдениеттің жоғары деңгейі, ақылдылық, мейірімді жүрек, педагогикалық дарындылық, үнемі ізденіске дайын болу, қайырымдылық деп санайды.

Абай өз халқын орыс халқының мәдениетінің ұлы мұрасымен, ол арқылы - басқа халықтардың мәдениетімен таныстыра отырып, өз кезіндегі қоғамдық ойдың прогрессивті қозғалысын басқарған тәлімгер және оқытушы. Ол адамдарға жарқын болашақ жолында кедергі болған барлық кедергілерден өтуге қабілетті ағартушының барлық жақсы қасиеттерін жинақтады.

Бүгінгі күнде де. Абай өлеңдері арқылы жаратылыстану пәніне деген оқушылардың қызығушылықтары арттары сөзсіз. Себебі, ғаламның, болмыстың әрі құпия, әрі сырлы, әрі нәзік таңғажайып құбылыстары ересен өлшеусіз екені белгілі. Табиғатты түсіну, әсерлі құлшыныспен қабылдау, мұқият тындау, тәлімін адами таным мен тәжірибеде мықтап ескеру – адамзаттың асыл парызы. Абай поэзиясында осы парыз ерекше көрініс берген.

Абай өлеңдері қазақтардың өмірін терең, жан-жақты бейнелейді, халықтың дәстүріне деген сүйіспеншілікті оятады, жалпы мінез-құлықты қалыптастырады, адам мен табиғатқа деген қатынасты ажырата отырып, құндылығын ашып көрсетеді. Жаратылыстану пәндерінің негізі табиғатты, оның құбылыстарын, ерекшеліктері мен қыр-сырын Абай керемет бейнелеп өтті.

Осы жылдар аралығында ақын бізді өзінің таланты туып-өскен аңызға айналған жерді қорғауға және сақтауға шақырады. Оның поэзиясы қоршаған табиғи әлемнің сұлулығын түсінудің кілті болып табылады.

Абайдың да айрықша жырлағанының табиғат болды. Ол табиғат аясында өсіп, оны сүйе білді. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Күз», «Қыс», «Жаз» деген өлеңдерін оқығанда, табиғаттың әртүрлі құбылысы көзіңе елестейді. Және осы тұрғыда оқушылардың да табиғатқа деген, оны білуге құштарлығы мен қызығушылығын арттыруда маңызы ерекше.

Абайдың «Қыс» өлеңіне назар аударайық:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті-басы - ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Абай бұл жолдарда қыс мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін кейіптеу тәсілі арқылы ашып көрсетеді. Қыс табиғаттың суреті, көрінісі емес адам кейіпінде суреттеледі: ақ киімді; денелі; ақ сақалды; соқыр; мылқау; танымас тірі жанды, т.б.

Ақын өлеңдерінде табиғаттың тек жалаң суретін ғана беріп қойған жоқ, оны адам өмірімен нық байланыстыра білді. Мал бағумен күн көріп, көшіп-қонып жүрген қазақ елінің өмір шындығын дәлме-дәл көрсетіп, жылдың әрбір мезгілінің мал баққан елге қандай әсер ететіндігін баяндады:

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,

Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.

Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,

Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен

деп Ақын қазақ даласындағы жазғытұрғы кездің барлық суретін толық берумен бірге, бұл кезді қазақ халқын еңбекке жұмылдыратын, тіршілік үшін күресінің қайнар көзі деп таниды[5,103].

Табиғатты оқиғамен байланыстыра суреттеу халық ауыз әдебиетінде де болды. Бірақ қазақ әдебиетінде табиғаттың өзін жеке тақырып етіп алып, Батыстың классик ақындарының үлгісімен суреттеу Алтынсарин мен Абайдан басталады. Әсіресе оны жоғарғы сатыға көтерген - Абай.

Табиғаттағы құбылыстарды қимылға келтіріп, жанды бейнеге, яғни кейіптуді қолданады. Сыртқы ортаның тіршілікке әсерін Абай шығармаларындағы табиғат лирикасынан жылдың төрт маусымындағы тіршілік сипаттауын байқаймыз. Абай –оқығаны, білгені мол, білімі терең, дана ақын болумен қоса табиғаттың құбылысын ерте түсінген табиғатшы ғалым.

Қорыта келе, Абай – қазақтың бас ақыны, жол көрсетуші кемеңгер тұлға. Уақыт өткен сайын оның асыл мұрасы әр қырынан өсіп өркендеп отыратын мұра болып, біздің санамызда орын алады.

Абай шығармаларының мәні, мақсаты, бағыты, ол – «Толық адам». «Толық адам» Абай арманында білім мен өнерге етене жақын, ғалым болуға құмарту, жылы жүректі, ақылды да парасатты бола білу, еңбекқор, әділетті тұлға. Ал махаббатпен сүйу, адамды сүйу, Алланы сүйу, әділетті сүйу – Абай шығармаларының биік мұнарасы.

Тәлім – тәрбие болмаған жерде адамгершілік мәдениеті мен қасиеті де қалыптаспайды дегеніне көзім толық жетті. «Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» Әбу Насыр Әл – Фарабидің сөзін әрдайым жадымызда сақтауымыз керек деп ойлаймын.

Абайдың асыл мұрасының зерттелу кезеңдері мен тарихымен таныса отырып, біз әлі де ашылмаған сыр көп екенін әлі де зерттеуді талап ететін үлкен тақырып екенін байқадық. Оның әрбір сөзі – тұнған байлық.

Мен әрбір алдына мақсат қойып, білім мен ғылымға қарай ұмтылған талаптыға «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе» дегім келеді. Абайдың шығармаларында біл білуіміз керек дүниелердің бәрі де бар.

Әдебиеттер

1. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы (екі томдық). – Алматы: Көркем әдебиет, 2002. – 368 б.
2. Абай Құнанбаев. Избранное. Серия «Мудрость веков». – М.: Русский раритет, – 426 с. 3 Құнанбаев А. Книга слов / Пер. с каз. Р. Сейсенбаева. – Семипалатинск, 2001. – 218 с.
3. Абай педагогикасы «Келешек - 2030» Көкшетау, 2003
4. Абай қара сөздері «Көшпенділер» баспасы Алматы, 2007
5. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Сатмаганбетова Айгуль Фазылбекқызы
Мектепке дейінгі шағын орталық тәрбиешісі
Кейкі батыр атындағы №4 орта мектеп
Арқалық, Қазақстан
aygul.satmaganbetova@bk.ru

Аннотация. В данной работе рассмотрено воспитание детей дошкольного возраста через произведения Абая. Приводятся примеры из стихотворения поэта по нравственному, умственному, эстетическому, физическому, трудовому воспитанию детей. Показан вклад поэта в формировании личности, определенного характера ребенка и развития словарного богатства языка у детей дошкольного возраста.

Ключевые слова. Воспитание, стихотворения Абая, характер, виды воспитания, вклад поэта.

Abstract. This work examines the upbringing of preschool children through the works of Abai. Examples are given from the poet's poem on the moral, mental, aesthetic, physical, and labor education of children. The author shows the poet's contribution to the formation of personality, a certain character of the child and the development of the vocabulary richness of the language in preschool children.

Keywords. Upbrining, poems of Abai, character, types of education, the poet's contribution.

Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма
Абайдан артық, Абайдан ұлы,
Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс.
Н.Ә. Назарбаев

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары, Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы – заңдылық. Абай – ұлы ұстаз, кемеңгер. Абай тақырыбы – мәңгілік тақырып. Абай тақырыбы – таусылмайтын телегей теңіз.

Халқының келешегін ойлап егілген, сол үшін ұнамсыздықты аямай сынау арқылы түзетуді ойлаған Абайдың жас ұрпаққа айтар ақылы да, уағызы да аз болмаған. Соның бірі-тәрбие мәселесі.

«Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы.....» — деген Әл-Фараби еңбегінде.

Тәрбие адам тағдырын ойластырады, болжайды, адамның рухани өмірін сақтайды. Бала дамуының алғашқы кезеңінен яғни адамгершілік нормалары, дәстүрлері, мінез – құлық ережелері туралы түсініктер пайда болғаннан бастап, адамгершілік ұғымдары санасына сіңіре бастайды.

Егеменді еліміздің тірегі — білімді ұрпақ. Білім бастауы мектепке дейінгі мекемелерде берілетіні айқын. Осыдан мектепке дейінгі мекемелерде әр түрлі пәндер тоғысып, бүлдіршіндердің білімін дамытып, қабілетін сомдауға үлес қосады. Әсіресе, баланың адамгершілік — құлықтық тәрбиесін ұштап, ұлттық тәрбие береміз. Баланың тілін ұзартпай, ойы, мінез-құлқы қалыптаспайды. Қазіргі кезде Абай еңбектеріндегі және тұлғаның «Кемелдену» мәселелерінде адамгершілік — құлықтық ерекше орын алып отыр.

Қай қоғамда болмасын ұрпақ тәрбиелеудің алатын орны ерекше. Білім негізі мектепке дейін қаланады десек, ұрпақ тәрбиесі алдында тәрбиешілердің жауапкершілігі арасан зор.

Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндердің мінез-құлық тәрбиесін қалыптастыруда Абай шығармаларының тәрбиелік маңызы ерекше. Абай шығармаларымен байланысы бар деген кейбір жанама деректерді ақынның дүние, дін, өнер, әсіресе этикалық пікірлеріне нақтылы салыстырулар жүргізіп барып, оның өзін ерекше сын елегінен өткізе отырып анықтасақ қана жемісін бермек.

Күнде өзгеріс болып жатқан бүгінгі таңда халқымыздың арғы-бергі тарихы мен дәстүрін, тарихи асыл мұраларымызды біліп, қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру. Өмір қажеттілігінен туындап отырған әрқайсымыздың азаматтық, перзенттік парызымыз. Еліміз егемендікке ие болып, Қазақстан өз алдына мемлекет мәртебесіне жетіп, бүкіл әлемге, жер жүзіне өзінің елдігін, саясатын таныстырып жан-жаққа жетіп отыр.

Бүгін мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленіп жүрген әрбір бүлдіршін — ол ертеңгі қоғам иесі. Сондықтан да оқытуды мектепке дейінгі мекемелерден бастап оқушыларға сапалы білім мен тәрбие беру, халықтық педагогиканың нәрлі қайнарымен сусындатуды білуі тиіс.

Абайдың нақыл сөзін назарға алар болсақ «Егер де ұлың адам болсын десең, оны оқуға бер! Қайырымдылықты аяма! Ол білімсіз оңбаған болып қалса, одан кімге пайда? Ол сен үшін жұбаныш бола ма? Оның өзі бақытты бола ма? Өзі халыққа жақсылық жасай ма?»

Бүлдіршіндерді тәрбиелеу барысында сабақтан тыс жұмыстар жүргізуде үлкен орын алады.

Бүлдіршіндердің мінез бітістерінің саңылауы мектеп жасына дейінгі кезеңде көріне бастайды. Төрт-бес жастағы балалардың мазмұнды, рөлді ойындарынан мінез бітістерін көрсететін жолдастық ұжымшылдық, ұстамдылық сияқты сапаларды байқауға болады. Оларда мәдени мінез-құлықтың қарапайым ережелеріне түсіне алушылық және ол ережелердің кейбір нақтылы түрлерін іс жүзінде орындай алушылық жиі кездеседі.

Жас балалардың мінез бітістерінің ересек адамдардың ісіне, мінез-құлқына, өнегесіне еліктеу арқылы қалыптасып отырады.

Мектепке дейінгі мекемелер бала мінезінің жақсы жақтарын жүйелі түрде дамытып отыратын негізгі орын. Бүлдіршіндердің мінез-құлқының қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Бүлдіршін мінезін тәрбиелеудегі басты міндет — олардың жан-жақты болып өсуін, мінез құлқының әлеуметтік мәнге ие болу жағын көздестіру. Бұл үшін тәрбиеші жас ұрпақтың адамгершілік идеяларын баяндайтын иманшарт принциптерін басшылыққа алып, тәрбие жұмысының жоспарын көздейді.

Құлық сезімдерін өрнектеу жолдарын былайша көрсетуге болады:

Баланың маңайындағы адамдардың құлықты болуы. Бала ізгі құлық пен жауыз құлықты айыра алмайды. Баланы ізгі құлықты болуы үшін маңайындағы адамдар, ата-ана, туған-туысқандары өздері ізгі құлықты болуы тиіс. Балаларда құлық сезімдері болуы үшін балаға әдебиеттен, тарихи өрнек әңгімелер айту және оқып беру керек.

Баланы құлық туралы ой жүргізіп үйрету. Бала салыстырып, құлық туралы белгілі бір ұғымға ие болады. Ол уақытта алдағы дұрыс пен терісті, ізгі мен жауызды, ақ пен қараны, дұрыс және жеңіл айыратын болады.

Сана сезім жақсы жетілген адам ғана өмірдің сан түрлі құбылыстарын таразыға салып, оның әр түрлі ағымына төтеп бере алады.

Бала жас шыбық сияқты, қалай исең, солай қарай бейімделіп өседі. Жастайынан адамгершілік, имандылық қасиеттерді бойына сіңіріп, жүрегіне дарытқан баладан жамандыққа әуес болады деп ойлаудың өзі қиын.

Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндердің мінез-құлық тәрбиесін қалыптастыруда Абай шығармаларының тәрбиелік маңызы ерекше. Абай шығармаларымен байланысы бар деген кейбір жанама деректерді ақынның дүние, дін, өнер, әсіресе этикалық пікірлеріне нақтылы салыстырулар жүргізіп барып, оның өзін ерекше сын елегінен өткізе отырып анықтасақ қана жемісін бермек.

Абай даналығы мен өсиетін балалардың жас кезінен бастап бойларына сіңіре беру үшін, халқының сөз өнерін еркін қолдана білуі мен шешендік талантына тәнті ету үшін, сол арқылы балалардың сөз өнеріне сүйіспеншілігін оятуға, халқының әдет-ғұрпы, салт-санасы, дәстүрінде тәрбиелеуге ықпал ету үшін Абай шығармаларын 2020-2021 оқу жылының жұмыс жоспарыма енгіздім. Мысалы: «Ата-ана көз қуаныш», «Досыңа достық — қарыз іс», «Қуанбандар жастыққа», т.с.с., ал аудармаларынан «Жарлы бай», «Қарға мен бүркіт» сияқты шығармаларды енгізіп отырдым. Өйткені бұл шығармалардың мазмұны түсінікті, сөздері қарапайым. Ол үшін әрине шығармалардағы сөздерді талдап түсіндіруден барып қалыптасады. Сондықтан көрсетілген өлеңдерді оқудың әдістемесі бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне қарай іске асырылады. Көбінесе, Абай өлеңдерін — мәнерлеп оқу үлгісін тәрбиеші өзі көрсетеді. Осыдан кейін өлеңдегі сөздер мен тіркестерге ерекше тоқталып, олардың мән мағынасын ашу қажет.

Мысалы: «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңдегі «әсемпаз», «өнерпаз» сөздерінің мәнін ұғындыруда «әсемпаз» адам қандай?, «өнерпаз» адам ше?, неге Абай «арқалан» деп тұр, «Сен де бір кірпіш» дегені несі?, «кетігі» деген сөзге қалай түсінесің? Оны тағы қандай сөздермен ауыстыруға болады?, т.б. сұрауларға бүлдіршіндердің өздерінен жауап алу — оларды ойлантуға, онан әрі өз пікірі мен ойын ауызша жеткізуге жетелейді, яғни ойы мен тілін дамытады. Ал оқып отырған шығарманың тақырыбы мен идеясын сабақ барысында түсіндіруде ақынның көзқарасын, оның ой пікірімен қоса түсіндіру, өмірімен байланыстыру, баланың жас дүниесіне әсер ету сияқты мәселелерді бала түсінігіне сай жеткізу тәрбиешінің әдіскерлігіне, тіл байлығына байланысты. Сонымен бірге жоғарыдағы өлеңдердің адамгершілік-құлықтық мәселелеріне

тоқталу керек. Абай өлеңдеріндегі сұлу суреттеулерге, теңеулерге бүлдіршіндердің көңілін аударту. Балаларға шығармаларының көркемдігін, бейнелілігін танытып тұрған көркем сөздерге тоқталу арқылы өз құлқының сұлулығына, көркемдік ерекшелігіне мән береміз. Мысалы: «Күз» өлеңіндегі «сұр бұлт», «дымқыл тұман» тіркестердің мәнін ашу арқылы табиғат құбылыстарын ауа райындағы өзгерістерді көз алдарына елестету, ол өзгерісті қазақ тұрмысынан байланыстыра баяндату, мұндағы суреттеу тәсіліне тоқталу арқылы оқушының табиғат арқылы өздерінің мінез-құлқына ерекше көңіл аудару.

Абай шығармаларын мектепке дейінгі мекемелерде оқытудың маңызы өте зор екені тәжірибеде дәлелденді. Олай дейтін себебіміз балалар Абай шығармаларын тыңдай отырып, одан рухани тәрбие алады. Олардың табиғатқа сүйіспеншілігі оянады.

Мектепке дейінгі тәрбиешілердің басты міндеті — бүлдіршіндердің бойындағы поэзияға, лирикаға, көркем шығармаға деген қызығушылығын ояту. Бұл жастағы балалар ерекше әсершіл, еліктегіш болып келеді. Сондықтан Абай шығармаларын оқыту өте пайдалы.

Әдетте кімнің де болмасын шығармаларын оқып үйренбес бұрын, сол шығарма иесінің өмірімен танысу керек. Бұл әдісті Абай шығармаларын өткенде өте ұтымды пайдалану қажет. Олай дейтініміз, Абай — қазақ мәдениеті тарихында орны зор, замандастарынан ойы озық, еңсесі биік ерекше тұлға. Сондықтан да өзім ақынның шығармаларын оқытпас бұрын, ақынның өмірімен таныстырып кеткенді жөн көрдім. Ондағы мақсатым — балаларға ақынның шығармаларын шын ықыласпен оқып-үйреніп, ақынның өзін құрмет тұтып, үлгі аларлық дәрежеде тәрбиеленуі керек. Әрі қарай сабақты түрлендіре отырып, оқушыларға Абайды әр қырынан таныстыруға тырыстым. Мысалы: "Абай және табиғат", - деп алып, оның табиғат тақырыбына жазған өлеңдерімен таныстырдым. Бұл сабақтарымды таным сабағы деп атадым. Мұғалім қиялына қанат бітірер дәстүрлі емес сабақ түрлерін Абай шығармаларын оқытуда пайдаланудың берері мол.

«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе,

Адамдықты көздесең, жаттап оқы көңілге». - -деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай келешек ұрпаққа Абай өмірін оқыту барысында берілетін өнегелі тәрбие ұшаң-теңіз. Абай өзге жұрттың тілін, халықтың қалпын біліп, өз жұртымен салыстырып, керегін алып ғибрат етті. Абай армандаған, әсер ұрпақ бойынан көргісі келетін тамаша қасиеттерді бала жүрегіне ұялата алса, ол ұстаз еңбегінің жанғаны. «Адамдықтың ең жаманы - талапсыздық» — деп ақын өзі айтқандай, қазір не ғылымға, не еңбекке, не өнерге талаптана алмайтын өмірге икемсіз жандар өмірде кездесіп жатады. Сондықтан да ұстаздар жүгі ауырлап, адамға өмір сүру міндеті қиындап келе жатқан жағдайлар байқалады.

Абай өмірін оқытудың барысында оның өскен ортасының өнегелік жағын көрсете оқытудың маңызы зор. Абайдың өнегелі өмірін естіп өскен баладан ешқандай жамандық күтуге болмайды. Тек соны жеткізе білу, бүлдіршіндердің санасына ұялату тәрбиешілердің алдына қоятын мақсаттарының бірі. Сондықтан да Абай шығармаларын оқытпас бұрын оның өнегелі өмірімен таныстырудың пайдасы зор.

Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Ол — керемет суреткер ақын және сыршыл лириканың сирек кездесетін шебері. Олай дейтін себебіміз Абай табиғаттың көрінісін, жыл мерзімін, адам мінезін суреттегенде де оның тамаша көрінісін өмірмен, тіршілікпен ұштастырып, тілдестіріп, сұлулыққа өң, рух беріп отырды.

Біз Абайдың Жыл мезгілдері өлендерінен көретініміз, адамның мінезі сияқты жыл мезгілдерінің де құбылыстары бар екен. Табиғат та қуана да, ренжи де біледі. Тек оны жүрегіңмен түсініп, аялай біл. Сонда ғана сен табиғатты сүйе білесің, оны түсіне білесің.

Абай мұрасы туралы сөз қозғасақ, данышпандық, көрегендік, ұлылық ұғымдар қоса жүреді. Сондықтан да біз Абай мұрасын мәңгілік өнеге мектебі дейміз. Бүгінде жан аямай кәсіп қылудан безінетін, бейнет көрмей дәулет жоқ екенін парасаттамайтын, «ұрлық пен құлықты қызық көретін» балаларды жақсы мінез-құлық пен имандылыққа үйрететін, ел болып ер жетуімізге жол нұсқайтын асыл — Абай мұрасы.

Абай шығармалары тек оқып, әсерлену үшін ғана емес, іс жүзінде қолдану, күнделік өмірде пайдалану үшін жазылғандығын түсіну керек.

Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруда Абай мұрасын қолданудың әдістемелік сипатын, өсіп келе жатқан буындардың көзқарасы, ақыл парасаты, іс-әрекеті, мінез-құлқы жүріс-тұрысына іс жүзіне ықпал етуінде екендігі ашық көрсетілген. Осы жастағы балалардың «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деген жан құмарын қанағаттандыру көзделген. Балалармен тәрбиелік жұмыстар Абай шығармаларын пайдалану тәртіпке бойұсынуға тәрбиелеумен қатар еңбектену дағдысын қалыптастыру. Бұл жастағы балаларға оқу, білім алуға әрекеттену, білу үшін намысының барынша ұмтылудың өзі еңбек екендігін түсіндіру.

Бүгін де мектепке дейінгі мекемелерде әрбір өскелең ұрпақ — ол ертеңгі қоғам иесі.

Балалардың ой санасын дамытуға, мінез-құлқын қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге, көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен іс-әрекеттері үлкен әсер етеді. Әсіресе бастауыш сыныптардың балалары өздерінің жас шамаларына қарай ертегі, аңыз-әңгімелерді, батырлар туралы шығармаларды сүйсініп оқиды. Ондағы басты кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне еліктейді, тәтті қиялдарға сезімді, өзінше қорытынды жасауға тырысады.

Абай шығармаларын бастауыш сыныптарда тәрбиелік мақсатта пайдаланғанда педагог-ғалымдар мен психологтардың жас ерекшелігі туралы ілімін және Абайдың өзінің жас балаларға арналған тәрбиелік пікірлеріне сүйену іс-шаралардың нәтижелі болуының кепілі.

Бұл орайда біздің пікіріміз бойынша Абай шығармалары тәрбиелік мақсатқа қол жеткізудің құралы ретінде қарастырылуы, тәрбиелік іс-шараның мазмұны емес, керісінше тәрбиелік мазмұнды жүзеге асыратын құрал болуы керек.

Абайдың асыл мұралары қазір де өзекті, жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызды құрал болып отыр. Ендеше, бүгінгі ұрпақ, біз үшін Абай – ұлы ұстаз, ал оның мұралары – Мәңгілік Елдің таусылмас асыл қазынасы. «Өлді деуге сыя

ма, ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», - деп ақынның өзі айтып кеткендей, Абай бүгін жарқын бейнесімен, жалынды жырымен, нақыл сөздерімен бізбен бірге жасасып келеді.

Әдебиеттер

1. Абетаева Е. Абайдың педагогикалық және психологиялық көзқарастары//Ұлағат.- 2003.- №3.- Б.49-55.
2. Әуезов М. О. Абай Құнанбаев: Монографиялық зерттеулер мен мақалалар.-Алматы: Санат, 1995.- 320 б.
3. Бақтыбаева Г.О. "Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе" //Ұлағат.- 2004.-№2.-Б.27-30.
4. Жарылғапов Ш. Кеменгер Абай көрсеткен тағы бір жол //Қазақстан мұғалімі.- 2002.-1 қаңтар.
5. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы.-Алматы: Ғылым, 1994.-280б.

АБАЙ МҰРАСЫ – РУХАНИ АСЫЛ ҚАЗЫНА

Сәлімжан Мәдина Ерланқызы
3 курс студенті

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің «Бастауыш білім беру» мамандығы

Назарова Гулмира Куандыковна
*педагогика ғылымдарының магистрі,
бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі пәнінің оқытушысы*

Аннотация. В статье рассматривается воспитание учеников через важность наследия Абая, вклад великого поэта в духовность, нравственный лик народа, старость к непрерывному самообразованию. Сход из этого, предполагается познавать индивидуальную творческую манеру мыслителя, ценить, беречь и преумножать многовековое наследие.

Ключевые слова: *воспитание, слова назидания, сознание, наследие, поколение, общество.*

Annotation. The article deals with the education of student through the importance of Abais heritage, the great poets contribution to spirituality, the moral face of the people, the passion for continuous self-education. On this basis, it is proposed to learn the individual creative manner of the thinker, to appreciate, cherish and multiply the centuries – old heritage.

Keywords: *education, the book of words, consciousness, heritage, generation, society.*

«Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты болуы керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқитын, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол» - деп М.Дулатовайтқандай, әлем өркениетінің биік тұлғасы және асқар шыңы ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймай келе жатқан рухани қазынасы. Абай атамыздың әр шығармасын оқығанда көз жетпес көкжиектей кең, теңіздей терең ойларын, алтындай асыл, қорғасындай салмақты сөздерін әрбір қазақ баласы, халқымыз оқып санамен, жүрекпен қабылдап өмірде рухани бағдаршамдай пайдалану керектігін айдан айқын байқауға болады. Жас буын өкілдері сөзсіз Абай мұрасын ерекше деп санап жүрегінде сақтайды, себебі Абай біз үшін ерек тұлға.

Абай тұлғасы мен мұрасын елімізде ғана емес шетелдерде де насихаттау ол біздің рухани байлығымызды, мәдениетімізді халықаралық деңгейге көтеріп Абайдың ұлылығын асқақтатып және барша әлемге паш ету керекпіз. Биылғы жыл атаулы мерекелерге толы жыл қазақ ұлтының біртуар азаматы, данышпан, ағартушы, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан дара тұлға Абай Құнанбайұлының 175-жылдығы қазақ елі үшін ерекше мерейтой. Абайдың өмірі, мұрасы, уақыт өткен сайын қазақ қоғамында ғана емес, күллі әлемде өз орнын тауып, мойындалып келе жатқандығы белгілі. Философиялық ой-өрімдерге толы өлеңдерінде Абай Құнанбайұлы адамның жеке бас мәселелерінен бастап, күрделі әлеуметтік сұрақтарды, адам мен қоғам, түрлі жас өкілдерінің, қоғамның түрлі санаттарының бір-бірімен қарым-қатынасы туралы анық айту арқылы келешек ұрпаққа асыл мұра қалдырды. Ал, оның қара сөздері адам өміріне, ой-санасына, дүниеге, жаратылысқа, терең бойлай отырып жазылған адамгершілікті, имандылық құндылықтарды насихаттайтын, мән-мағынасы ерекше туынды және осы туындыларды оқыған адамның жүрегінен еріксіз орын алып ойландырады анық. Біздер жастар қауымын елдің қамын ойлаған ойшыл атамыздың мұрасын терең зерделеуге, оның шығармаларының мәніне барынша үңілуге, оқып, жаттап қана қоймай бойымызға сіңіріуіміз керек. Абайды мұқият оқыған адам оның көзқарастары күні бүгінгі нарық экономикасымен де тікелей үндес екенін айқын аңғарар еді. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен. Абайды оқып отырып, көштің басын баяғыда-ақ жөнге салып алуға болатын еді. Сорлатқанда, біреудің уақыты жетпейді, біреудің ұғымы жетпейді, біреудің атымен зауқы жоқ.

Әр дәуірде қоғамдық ой, қоғамдық қажеттілік туындайтыны белгілі. Ақын өмір сүрген дәуірде қазақ өмірінде мәдениет, өнер – білім кенжелеп, халық қамын ойламайтын таптың мінез, болмысы Абай шығармаларында орын алды. Сол арқылы ұлы ақын адам бойындағы адамшылықты нақты көрсете отырып, халқына мәңгі өлмес тәрбиелік мұраны нақтылап берді. Кез келген ұлттың маңдайына біте бермейтін осындай ұлы тұлғаның асыл мұрасын келер ұрпаққа таныту біздің ең басты міндет. Абайды оқысаң бәрін табасың, бәрін аласың. Әлем өркениетінің биік тұлғасы және асқар шыңы – Абайдың қоғамдық –

саяси, философиялық ой толғаулары болып табылатын «Қара сөздерінің» маңызы ерекше. Бүгінгі таңда Абай шығармалары әр қилы халықтар мен мәдениеттерді жақындастырып, барлық көзі ашық азаматтардың рухани игілігіне айналып отыр. Абай қара сөздері арқылы ұрпақтың бойына адамның әрқилы қасиетін ашып, ұғындыра аламыз, тәлім мен тәрбиені жеткізе аламыз. Тек оның мағынасын ашып, ұрпақ санасына жеткізу жолын білу қажет.

Әлемдегі әрбір халықтың жүріп өткен жолы, көнеден бүгінге дейінгі өзіндік тарихы бар. Кез келген ел өзінің ірі тұлғаларымен, қайраткерлерімен танылатындығы сөзсіз. Қазақ халқының тарихында аттары алтын әріптермен жазылатындай лайықты орынды иеленген қадау-қадау тұлғалар бар. Олар әр дәуірде өмір сүріп, сол заманда халықтың басына күн туған шақта халықтың ішінен суырылып шығып, алмас қылыштай жарқылдап, өзінің болмыс-бітімімен, ақыл-парасатымен елден-ерек, жұрттан бөлек дараланғандар деп айтуға негіз бар. Міне, осындай қазақтың дана және дара тұлғасы - Абай Құнанбайұлы деп ойлаймын.

Абайдың қайратты қарасөздері оның сөзге деген өнерінің көркемдік күшін, даналығын көрсеткен прозалық шығармалар болып табылады. Абайдың қарасөздерінің жалпылық саны 45 бөлектен тұрады. Олар тақырып нысанынан бірғана бағытта жазылмады, олар әр алуан болды. Абайдың 6 - 7 қарасөздері қысқалау болса, кейбіреулері тақырып және мағынасы жағынан ауқымды болды. Абай өз қарасөздерінде туындының көркіне ғана емес, сонымен бірге оның ауқымдығы мен мағынасына назар аударған.

Абай поэзиясы – қазақ халқының ұлттық мақтанышы. Тек қана Абай өлеңдерінен қазақ даласының табиғаты, қазақ өмірінің шындығы, қазақ халқының сезім-сыры, арман-тілегі, ұлттық ерекшелік қасиеттері түгел көрініп, сезіледі. Ұлы ақын "Абайдың қазақ әдебиетіне ХІХ ғасырда және ХХ ғасырда еткен әсері аса мол. Абайдың өзін көрмей, сөзін оқу арқылы, естіп ұғыну арқылы, сол Абайдың өлеңдерінің үлгісінде әлеуметтік мәселеге, адамгершілік жайға, ағартушылық турасына арнап көп-көп өлеңдер жазған талай ақындар бар. Абайдың қазақ әдебиеті алдындағы ұлы қызметі оның ұлттық әдебиетте шындық дегеннің не екеніне бірнеше рет көңіл аударып, оны тұңғыш аша білуі деуге болады. Ол - қазақ әдебиетінде әйелдердің тағдырына бірінші көңіл бөлген ақын. Оның кіршіксіз, таза, терең сезіміне үңілді, ананы, даналықты, достыққа берік адал сезімді жырлады. Абай нағыз адам мұратын қалыптастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол мақсатқа жетудің шынайы жолын көрсетіп берді. Абайдың айтуында, ой кісіге табиғат құбылыстарын ғана емес, адам өмірін талдау, қорыту, салыстыру үшін берілген. Нағыз адам мұратына жетудің екінші шартын Абай еңбек, қызмет деп есептейді. Ақын еңбек туралы да жаңа сөз айта алды. Ол қазақ қоғамында еңбек туралы жаңа түсінік қалыптастырды. Абайдың айтуынша, еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. Еңбектің өмір сүру құралы екендігін баршаға насихаттайды. Ғылымды игеру, тану, білімді болу - табан ақы маңдай тердің, еңбектің мәні. Сондықтан ақын еңбек пен мақсатты өлеңдерінде асқақтата жырлады. Абай қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет өз заманында халықты толғандырған қоғамдық және саяси өмір проблемаларын күн тәртібіне қойды. Ол қазақ қоғамының қайшылықты

жақтарын, замандастарының алауыз берекесіздігін, патшаның отаршылдық саясаты қоздырып отырған рулық тартыстардың елдің бірлігіне келтірген зиянын қатты сынап отырып, еңбекші елге іш тартты, халықты озық мәдениетке сүйреді. Ол халықтардың оңашаланып өмір сүретін дәурені өткенін, ендігі жерде ел болудың кепілі - дамыған көрші елдермен қарым-қатынас жасауда екенін айтты. Елді сол жолда бірігуге, ынтымақтастыққа шақырды. Уақыт талабын заманынан оза шауып түсіну - Абай даналығының белгісі. Ол шындықтың ақыны болып туды, солай өмір сүрді. Оның өлеңдерін оқи отырып, одан жалғандық табу қиын. Өлеңдерінен қазақтың ұлттық табиғатына тән шындық мөлдіреп көз алдына келеді. Ұлы суреткер есебінде Абай оны көркем бейнелеудің жаңа жолын тапты. Оның өлеңдері өзінің қарапайымдылығымен, табиғилығымен құйылып, ойға, сезімге ұялайды. Сондықтан ол қазақ әдебиетіндегі тұңғыш ұлы суреткер саналады. Абай ақын боп сөз жазып қана отырмаған, өз өлеңіне өзі ән шығарып таратқан. Оның композиторлық шығармашылығы біздің халықта ерекше бағаланады. Қазақ даласында бірінші шырқалған Татьяна тек Пушкинді ғана насихаттап, халыққа таратып қана қойған жоқ, сүйгеніне қосыла алмаған мұңды орыс қызын қазақпен байланыстырды. Жасынан әке ырқымен ел ісіне араласқан Абай сөз сырын жақсы білді, дау ұстағандардың талай сынынан өтті, шешен атанды, төбе билікке де сайланды.

Абайдың зерттеу нысанасы- адам. Ол «Толық адам» ұғымын талдай келіп, оның мәні үш сипатты (ғылым, рақым, әділет) болуға талаптану деп көрсеткен. Осы хакім Абай көтерген «Толық адам» қағидатының ұлттық педагогикада «Сегіз қырлы, бір сырлы» ұрпақ тәрбиесінің қағидатымен үндесетінін байқауға болады.

Біз оның шығармаларын үш жүйеге бөліп қарастырамыз: бірі - өз жанынан шығарған төл өлеңдері; екіншісі- қара сөздері (немесе ғақлиялары) деп аталатын прозасы; үшіншісі- өзге тілдерден , әсіресе, орыс тілінен аударған өлеңдері.

Абайдың ақындық еңбектері үш түрлі жолмен таралған. Таратып айтатын болсақ, біріншіден,- баспа арқылы, екіншісі- халық арасында ауызша жатталып, әнмен таралуы болса, үшіншісі- қолжазба түрінде таралуы. Оның өскен ортасы мен шығармашылығын жүйелеп, тұңғыш рет бір ізге салған Абайтанудың іргесін қалаушы - Әлихан Бөкейханов.

Ұлылардың өмірі мен тағылымы арқылы ұрпағын тәрбиелеу - әсіресе қазақ халқында ежелден-ақ келе жатқан үрдіс. Бұл жерде сөз өнерінің атқарған орны ерекше болған. Қара сөздің жалауын төрге көтеріп, адам санасына ұқтыра білген Абайдың әр шығармасы қазақ халқының тәлім-тәрбиесінде орын алатын ерек тәрбие құралы. Ұлтымыздың осы бір жақсы әдет-салты бүгінгі тәрбие үрдісінде тиімді екені даусыз мәселе. Адамзат ақыл-ойы, ақындығының ірі тұлғасы Абай тағылымы білімнің де, тәрбиенің де қайнар бұлағы екені түсінікті. Ұлы дананың қай шығармасын алмайық, оның алтын қазығы – Адам. Ол нағыз Адам, Толық Адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап береді. Мысалы, «Атымды Адам қойған соң қайтып надан болайын», «Адамды сүй, алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа» - дейді. «Адамды сүюден басқа қызық жоқ» деген пікірінде қазір көп айтылып жүрген гуманды педагогика ұстанымдары жатыр. Осы жерде жас

ұрпақты тәрбиелеу ісі ең алдымен, оларды адамды сүйеге баулудан басталуы керек деген тұжырым шығады. Ендеше, Абай өнегесі әрдайым көз алдымызда болғай! Қай ісіміз де болмасын Абай аңсаған және армандаған биіктерді бағындырып, сол шыңдардан көріне бергей!

Әдебиеттер

1. М.Әуезов. Абай Құнанбаев. Алматы: Санат 1995ж.
2. Е.И. Григорьев. «Прометей великой степи». Усть-Каменогорск, 2005 год.
3. Қ. Бітібаева. Абай шығармашыларыноқыту. Алматы: Атамұра, 2003.
4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық табиғаты – тұлғаның өздік дамуында. А, 2006 ж.
5. Б.Майтанов. Абай. Тарих, тұлға, уақыт. Алматы: «Аруна» баспасы. 2010. 92 бет. «Шығыстың ұлылары» топтамасы.

АБАЙ – БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ ҰРАНЫМЫЗ

Сәрсенбайқызы Гүлназ
Қостанай облысы, Арқалық қаласы
«Балапан» шағын орталық тәрбиешісі

Аннотация. Гуманист Абай Құнанбаев очень высоко оценивал возможности и значение человека. Он хотел чтобы люди приобретали новые знания, познакомились с новыми языками, художественными произведениями.

Ключевые слова. Точка зрения, труд, нравственность, воспитание.

Abstract. Humanist Abay Kunanbayev highly appreciated the capabilities and importance of a person. He wanted people to acquire new knowledge, get acquainted with new languages and works of art.

Key words. Point of view, work, morality, upbringing.

Өлмейтұғын артына сөз калдырған...» — дейді. «Адам өлмес» дегеннің мағынасы өзі өлсе де, кейінгіге сөзі, айтқан ойы қалады деген пікірге саяды. Абай «Өлең сөздің патшасы» өлеңінде «сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел!» - деп жұртшылықтан ақындық сөзге зор маңыз беріп қарауын, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап етті. Жаңа танымның баурап аларлық күшін, жаңа ақындық сөздің құнын әрбір адамның тани алатынына қазақ өмірінің сол кездегі жағдайында толық сенім арту қиын да еді. Абай оны жақсы түсінді, мұны оның «Мен жаз-баймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңіндегі мына шумақ-тар толық дәлелдейді: ...» Шу дегенде құлағаң тосаңсиды, Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей». Бұдан біз ақын өлең-жырларындағы жаңа, соны ой-пікір-лерді жұртшылықтың қалай қабылдайтынына ерекше мән бергенін айқын аңғарамыз. Өлең-жырға көңіл қоятын мән-жайын түсініп байыбына жетуді талап етті. «Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей». Абай ақын халықтың тағдыры мен қасіретін терең түсініп, оның жоғын жоққаушы болуға тиіс деп санаған.

Абайдың өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар мол. «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің», «Қан сонарда бүркітші шығады аңға», «Калыңелім, қазағым, кайран жұртым», «Жаз», (Жазды күні шілде болғанда) «Желсіз түнде жарық ай», «Болыс болдым, мінеки», «Қызарып, сұрланып», «Келдік талай жерге енді», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», «Көк тұман — алдындағы келер заман» секілді өлеңдерінің кайкайсысын алсақ та, мүлде тың дүние, шығармашылық жаңалық. Бұларға қоса «Ем таба алмай», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сағаттың шықылдағы емес ермек», «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», аударма өлеңдерден «Жалғыз жалау жалтылдап», «Жолғашықтым біржым-жырт түндежалғыз», «Қанжар», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» сияқты тағы сан алуан шығармаларды атауға болар еді. Абай өлеңдерінің көбі не тақырыбы, не стилі, жанрлық сипаты немесе өлең өрнегі жағынан мүлде жаңа болып келетіндіктен осы топқа жатқызуға болады деген туындыларды түгел қамтып, бөліп алудың өзі өте қиын. Міне, осындай ондаған кемеліне келген өлең үлгілерін туғызған Абай соларға ұқсас, біртектес өлеңдер жазуға үмтыла бермейді. Әрине, қай ақында болсын бірнеше өлеңдер тақырыбы жағынан жалғас келіп отырады. Бұл сол тақырыпқа терендеп бару үлгісі қажет. Бірақ ол тақырып әр өлеңде әр қырынан ашылады. Абайдың сарқылмас шығармашылық тапқырлығы, оның қолынан шыққан кемеліне келген, көркемдік бітімі жағынан мүлтіксіз өлең үлгілерінің көптігі және әрқайсысының бір-біріне ұқсамайтын, жаңаша сипатты дүние болып келетіні. Абайдың тіпті жылдың төрт мезгілін суреттейтін «Қыс», («Ақ киімді, денелі, ақ сақалды»), «Күз» (Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан»), «Жаз» («Жаздыгун шілде болғанда»).»Жазғытұры» («Жазғытұры қалмайды қыстың сызы») секілді бір топқа, циклге жататын өлеңдерінің де әрқайсысы мазмұн-мағынасы, суреттеу тәсілі, құрылысы жағынан әр түрлі болып шыққан. Сондай-ақ өлең, ән-күйдің мәнін, ақындық өнердің қасиетін бағалайтын, тақырыбы жағынан бір-біріне жалғас «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, каралы-ол». «Мен жазбаймын.өлеңді ермек үшін». «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа». Өзгеге көңілім тоярсың», «Адамның кейбір кездері» деген шығармалары да ойды әр қырынан өрбітуі, пікір сонылығы, бейнелеу, айту ерекшелігі бойынша бір бірінен өзгеше сипатталған. Осындай бір-біріне ұқсамайтын әр өлеңінде акынның өнерпаздық тұлғасы әр қырынан көрініп, жаңаша сипат табады. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес». «Көк тұман алдындағы келер заман». «Сағаттың шықылдағы емес ермек» деген сияқты өлеңдерін оқығанда Абайойшыл акын екен деп танысақ, «Жүрегім, нені сезесің», «Не іздейсін. көңілім, не іздейсін», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді» секілді өлеңдерді оқығанда. Абай асқан сыршыл лирик акын-ау деп тамсанамыз. Ал «Қан сонарда бүркітші шығады аңға». Жаздыгун шілде болғанда». «Желсіз түнде жарық, ай».»Жазғытұры қалмайды қыстың сызы» сияқты өлеңдерге назар салсақ.Абайдың өмір кұбылыстары сөзбен мүсіндеп, жанды бейнеге айналдырып сипаттауда алдына жан салмайтын суреткер акын екеніне ден қоямыз.. «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Бөтен елде бар болса», тағы сондай

туындыларға карап нағыз сықақшыл. өткір мысқылға шебер ақын осындай-ақ болар десек. «Мәз болады болысың» атты өлеңді еске түсіріп, әжуалап келемеждеудің мұндай да өте нәзік, өтімді түрі болатынына тәнті боламыз. Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» атты өлеңдердің қазақ поэзиясында қалыптасқан насихат, өсиет үлгісіндегі нұсқалардан мазмұны да, ойды бейнелеп айту тәсілі де мүлдем өзгеше екені көңіл аударарды. Ал «Сен мені не етесің, ‘Ем таба алмай», «Қор болды жаным» секілді нәзік лирикалық туындылар қазақ поэзиясында бұрын орын теппеген сыршыл лириканың жаңа үлгілеріне екені айқын аңғарылады.. Абайдың әр өлеңінде оның осындай ақындық тұлғасына жаңа бір қырынан танытатын өзгешілігі болады десек, олар іштей астасып жатқан сипат, қасиеттер екенін де айтуымыз керек. «Сегіз аяқты» оқығанда мұнда терең сыршылдық, ғиратты насихатшылық, бейнелеп суреттеуге, тіпті өлең өрнегін өзгеше өрнектеуге шеберлік те бәрі ұштасып келетіні анық көрінеді.

Абайдың көркемдік ойлау, бейнелеп айту, суреттеу тәсілі мүлде жаңа, даралық стилі еркін. икемді, поэзиядағы қалыптасқан, дайын үлгілерді қайталамайды, Осының өзі-ақ оның поэзиясына жаңашылдық, сипат дарытады. Ол қазақ поэзиясының мазмұндық ауқымын, тақырыбын кеңейтті, әдебиетте жаңа жаналық түрлер туғызды. Халықтың сөйлеу тілінің. қазақтың ауызекі ақындық және ән өнерінің байлығын кең пайдалана отырып, ол өлең сөздің шеберлік құралдарын жетілдірді, өлеңдік өлшемінің интонациялық - ритмикалық, байлығын терең ашып көрсетті, жаңа ырғақты, үйлесімді өлең үлгілерін енгізді, ақындық тілдің образдылық-бейнелеу, стилистикалық мүмкіндіктерін молықтырды. Қазақтың ақындық тілін әдеби тілін ұстартып жетілдірді, әдеби тілді биік жаңа сапаға көтеріп, жаңа үлгіле қалыптастырды. А.С. Пушкин. М.Ю. Лермонтов. т.б. ақындардың шығармаларын шеберлікпен аударып, қазақ әдебиетін жаңа ой орамымен байытты. Пушкиннің «Евгений Онегинінен» бірнеше үзінді-нұсқаларды таңдап алып, «Татьянаның хаты», «Ленскийдің сөзі» атты өлеңдерін шығарды. Лермонтовтың «Ой», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Қанжар», «Теректің сыйы», «Асау той, тентек жиын, опыр-топыр», «Жартас», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Альбомға» өлеңдерін қазақтың төл туындысынша сөйлетті. Бұл шығармалар Абайдың ой көрігінде қайта қорытылып жаңадан дүниеге келген туындылар еді. Мыс., Абайдың Лермонтов мәтінін қазақша жеткізу әдістері әр түрлі. Ал қалған жартысы еркін аудармалар. Мыс., «Ой», «Теректің сыйы» сияқты өлеңдер. Абай жеке сөздерді, сөйлемдерді аударғанда алшақ кеткен тұстары бар дегенде, көбірек айтылатыны өлеңнің алғашқы шумағындағы: «Арыстанның жалындай бұйра толқын, Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып», — деп келетін тармақтар. Бірақ осындағы «айдаһардай бүктеліп» дегенін еркіндікке жатқызсақ та, «арыстанның жалындай» дегені Лермонтовтың басқа бір шығармасындағы: «И Терек, прыгая как львица, Абайдың замандастары — Дүтбай Уандықұлы, Ысқақ. Солтабайұлы және інісі Оспан Құнанбайұлы аударманың түп нұсқаға жақындық. дәрежесі ылғи бірдей емес. Бара-бар, дәлме-дәл аудармаларында Абай Лермонтов шығармасының ішкі әлемін, оның толқын лебізін, жаңа саласын қазақ тілінің суреттеу мүмкіншіліктерін пайдаланып, мол жеткізеді.

Барлық жарастық сәнімен қазақ тілінде қайтадан туғызады. Солардың қатарына «Альбомға», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» сияқты өлеңдерін жатқызуға болады. «С косматой гривой на хребте,»- деп келетін сөздермен үндес екені байқалады. Және жал арыстанда ғана болатынын Абай дұрыс ескерген («львица» деп жаңылыс айтылған ғой). Абайдың аударма жасауға тереңдікпен, шеберлікпен, жауапкершілікпен келгенін байқайсыз. Абай аудармалары қазақ поэзиясының өркендеп өсу жолындағы баға жетпес зор табысы болды. Абай — мысал өлеңдердің де шебері. Қазақ, халқының сол дәуірдегі өмірінің шыншылдықпен суреттеуге, әр түрлі топтар өкілдерінің мінезін, іс-әрекетін дәл көрсетіп, сатиралық бейнелер жасауға сөз өнерінде мысал жанрынан асқан көркемдік құрал жоқ, Абайдың мысал өлеңдері Крылов шығармаларынан аударма деп саналып жүр. Алайда осы өлеңдерді талдап танығанда мысалдың өзіндік жанрлық ерекшелігін ескеру қажет. Мысалдары толық мағанасындағы аударма емес, көбінесе, белгілі бір сюжет еркін баяндалады. Абай мысалдарының тағы бір дені ауыз әдебиетінен бастау алып, әлем халықтары әдебиетінде кеңінен тараған ежелгі танымал мотивтерден тұратындығы. Ортақ сюжетке жазыла берер мысал жанрының типологиялық дәстүрін сақтай отырып, сол сюжетке мысал жазған ақындармен жарысқа түскен: «Қарға мен түлкі» (Эзоп, Федр, Бабрий, Крылов, Абай, Ыбырай, Әлихан, Ахмет, т.б.), «Құмырсқа мен шегіртке» (Эзоп, Федр, А. Құрманбаев, Абай, Әлихан, т.б.). Бұдан, Аарне және Томпсонның дүние жүзілік ертегілер каталогындағы сюжеттердің (сюжет ауысу теориясы) мысал жанрында әлем жазушыларының шығармаларында көрініс тапқанын байқап отырмыз. Абай мысалдары Крыловтан аударма емес, ортақ сюжетке жазылған төл шығармалар. Абай «Масғұт», «Ескендір», «Әзім» поэмаларын жазған. Олардың үшеуі де шығыс халқына ортақ сюжетке құрылған. Бұларға қоса, ол Лермонтовтың «Вадим» атты көлемді прозалық шығармасын және «Демон» поэмасын өлеңмен аударуға кіріскенін ескерсек, поэма жанрындағы акынның шығармашылық ізденістері аз болмағанын көреміз. Бұл екі аудармасы мен «Әзім» поэмасы бізге толық жетпегендіктен, нақтылы байлам жасау қиын. Ал «Масғұт» пен «Ескендір» туралы айтсақ, олардың өзгешелігі, бұрынғы осы сюжетке жазылған поэма-дастандар ізін кумай, басқад калыпта жазылуы поэмаларға даралық сипат берген. Абай — әлемге көзқарасы калыптасқан, өзіндік философиялық түйіндері бар ғұлама. Ақынның рухани, даналық мұрасы терең мағыналы философиялық идеяларға толы. Ол күллі Шығыста философияның негізгі мәні болып табылатын «жетілген адамды» өзекті және басты проблема етіп қарастырып, соған айрықша көңіл бөлді. Адамгершілік туралы ілімді дамыта отырып, адамды адамгершілік, кісілік тұрғысынан жетілдіру принциптерін, ұлттық эстетика мәселелерін алға тартты. Адамның шексіз танымдық мүмкіндіктері жөнінде, білім мен ғылымның әлеуметтік рөлі туралы, адамтану мәселелерін көтерді. Даналықтың өлшемі бола білген философ-ақынның рухани мұрасы шын мәнісінде, қазақ халқының зерделі ойы мен өмірі тұрғысындағы энциклопедия секілді. Абайды танып, белсенді игере отырып, сол кездегі қазақ қоғамының экономикалық, саяси, құқықтық, отбасылық, мәдени-тарихи, моральдық хал-жайынан айқын да толық мағлұматтар алуға

болады. Ақын шығармалары сусындаған негізгі үш қайнар көзді айтатын болсақ, ол ең алдымен Абай қазақ елінің ұлттық рухы мен менталитетін, оның көкейтесті арманы мен даналық ойларын абыздық көрегенділікпен, өлеңмен өрнектеуді қазақ эпосынан үйренді. Сондай-ақ Абайдың жүйелі ойларының үлкен бір арнасының калыптасуына Шығыстың рухани қазынасының да ықпал-әсерінің аз болмағандығы сөзсіз. Өйткені ол күллі араб пен парсының батырлық дастаны мен жырларын, Шығыстың атағы жер жүзіне мәшһүр классик ақындарын, Әбу Жафар Мұхаммед ат-Табари, Рабғузи, Рашид әд-Дин, Бабыр Захиреддин Мұхаммед, Әбілғазы Баһадүр ханның тарихи еңбектерін, сондай-ақ, логика ғылымының негіздері мен мұсылмандық құқық, Шығыстың шарият қағидаларын ұғындыратын ғұламалар еңбектерін жетік меңгерген. Сол еңбектерді түпнұсқасында оқитын жан-жақты білімдар, ғұлама болған. Араб, парсы, түркі тілдеріндегі білім көздеріне Абай ерекше көңіл аударады. Айрықша қабілетінің арқасында, араб, парсы тілдерін өз бетімен жүйелі түрде оқып, игереді. Сөйтіп ол Ә.Бөкейханов айтқандай, қасиетті кітаптардың білімпазы атанады. Отырардан шыққан және Шығыстың екінші ұстазы атанған ғұлама ғалым Әбу Наср әл-Фараби философиясы Абайдың дүниетанымын қалыптастырып дамытуда елеулі рөл атқарған. Ақынның шұрайлы философиялық ойлары, негізінен, шығыс ойшылдары мен ақындарының кемел пікірлерін айрықша шеберлікпен игергендігін көрсетеді. Орыстың қоғамдық-филос. ақыл-ойы ақынның эстетик. көзқарасының калыптасуына елеулі әсер етті. Сондай-ақ басын сонау антикалық ежелгі заман мәдениетінен алатын Батыс Еуропа мәдениеті Абай дүниетанымының даму процесінде тарихи сабақтастық желісін атқарды. Қазақ кемеңгері Сократ, Платон, Аристотель еңбектерімен жақсы таныс болды. Сонымен қатар ол Спенсердің «Тәжірибелерін», Льюистің «Позитивтік фило-софиясын», Дрепердің «Еуропа ақыл-ойының даму тарихы» атты туындылары мен Милльдің, Бокльдің және тағы басқа көптеген авторлардың да шығармаларын оқыған. Батыстың өркениеті мен философиясы, қоғамдық ойдың даму тарихы, ғылымы мен мәдениеті Абайдың рухани есею жолында елеулі рөл атқарып, Батыс пен Шығыс мәдениеттерін оның өз дүниетанымында тамаша ұштастырды. Абайдың негізгі зерттеу объектісі - адам. Сол адамның эстетик., этик. талғамы, арман-мақсаты, өмірінің мәні, сезімі мен түйсігі, болмысы мен ұлттық ойлау ерекшелігі ұлы ойшылды терең тебіреніске түсірген. Шығыс ойшылы ретінде

Абай адам проблемасын үлкен ауқымда, яки қоғамдық, руханилық, құндылық, этик., эстетик. тұрғыдан зерделеді. Ол адам табиғатын этик. тұрғыда қарай отырып, «сегіз қырлы, бір сырлы» сырбаз адам, яки кемеліне жеткен, «толық адам» кейпінде алға тартады. «Абайға шығыстан кірген бұйымдардың басы ислам діні», — дейді Әуезов. Шындығында, Абайдың «жан сыры», «жан құмары», «жан қуаты», «жанжарығы», «хауас», «хауас сәлим», «хауаси хамса», «хауаси хамса заһири», «толық адам», т.б. филос. ұғымтанымдар жөніндегі көзқарасы Ислам филос.-сын терең танығанын байкатады. «Әрбір ғалым — хакім емес, әрбір хакім — ғалым», «Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса дүние ойран болар еді» — деген пікір — ғұламаның филос. көзқарасы. Жалпы, Абайдың . көркемдік, әлеум. гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген

еңбегі — қара сөздері . Абайдың қара сөздері (Ғақлия) — ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, филос-дағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық алты бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан.

Әдебиеттер

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
2. Абай. Қара сөздері. Алматы 2006
3. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I -том. 2-том. Алматы, “Ғылым”-1977

АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ – ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ

Таутенова Алтынай Талгатовна
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Кейкі батыр атындағы №4 жалпы
орта білім беретін мектебі
Арқалық, Қазақстан

Аннотация. Абай Құнанбаев — великий гуманист, общественный деятель, просветитель, талантливый поэт и мыслитель — человек, заложивший основы национальной литературы. Гуманист Абай Құнанбаев очень высоко оценивал возможности и значение человека. Он хотел чтобы люди приобретали новые знания, знакомились с новыми языками, художественными произведениями.

Ключевые слова. Точка зрения, труд, нравственность, воспитание.

Abstract. Abay Kunanbayev is a great humanist, public figure, educator, talented poet and thinker — a man who laid the foundations of national literature. Humanist Abay Kunanbayev highly appreciated the capabilities and importance of a person. He wanted people to acquire new knowledge, get acquainted with new languages and works of art.

Key words. Point of view, work, morality, upbringing.

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп төрелігін өзі айтып кеткен Абай бүгін жарқын бейнесімен де, жалынды жырымен де бізбен бірге жасап келеді.

Ойы сергек, қаламы жүрдек сыншы Сағат Әшімбаев 1988 жылы жазған «Абай тағылымы — азаматтық тағылым» атты мақаласында былай деген еді: «...Абай тағылымын түту дегеніміз – Абай тағылымынан шындап үлгі-өнеге алу, тәлім-тәрбие көру. Абай айтқан: жаныңа жара салар жамандықтардан, яғни кеселді кесапат мінездерден бойынды да, ойынды да көш бойы аулақ ұстау,

оларға жол бермеу, жол бергенге «сенікі жөн» дегенді айтпау деп білеміз... Абай тағылымынан үйрену деген сөз – өміріңе және өзгелерге де Абайдың көзімен әділ баға беруді үйрену, барынды да, жоғынды да Абай таразысына салып өлшеп көру. Абай көрсеткен кемшіліктерге кеңшілік бермеу дегенді баса айтқымыз келеді. Абайдың бізге беретіні сол, біздің одан тек батпандап ала білуіміз ғана.

Абайсыз өмір сүру – рухани бейшаралық пен адамдық ақыл-ой мешеулігінен, сезім жұтандығынан, жазылмас жан жарасының қасіретінен арыла алмау деген сөз. Барлық гәп осында жатыр... Бір сөзбен айтқанда, Абай тағылымы – өте ауыр тағылым. Сондықтан да оны еріксіз мойындауға тура келеді, өйткені ол бәрібір мойындатпай қоймайды».

Тахауи Ақтанов Абайдың ақындығы жайында әңгімелесе қалғанда: «Мен Абайды енді-енді түсініп жүрмін. Өлеңдерін оқыған сайын бір жаңалық ашқандай боламын» деген екен.

Абайдың педагогикалық көзқарасына тоқталсақ, ол бар асыл ойын замана жастарына, келер ұрпаққа арнады. Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты - адам тәрбиесі. Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абайдай ағартушыға өте орынды айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақлияларымен де жеткізе білді. Ойшыл ақынның ағартушылық тұрғыдағы педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат - «Толық адам» етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған.[1]

Абайдың педагогикалық мұраларының негізгі идеяларының бірі — адамдардың өзара қарым-қатынасы, әсіресе, жастарды еңбекке баулу. Ақын, ойшыл ұлы ұстаз — Абай халықтың әл-ауқатының деңгейі, санасы, мәдениеті, адамдардың өзара қарым-қатынасы, бір-біріне мейірбандығы мен парасаттылығы, ұлттың ерекшелігі, салт-дәстүрінің дамуы — сол халықтың еңбек сүйгіштігіне, еңбек ету дәрежесіне тікелей байланысты екенін даналықпен болжады. Еңбекті Абай, басқа да қазақ ағартушылары сияқты — байлықтың, молшылықтың көзі — деп санады. Жастарды еңбекке шақырды. Оған 1886 жылы жазған мына бір шумақ өлеңін келтіруге болады⁷

«Қартайдық, қайғы ойладық ұлғайды арман,

Шошимын кейінгі жас балалардан,

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман — деп, өз кезіндегі еңбек етпейтін жастардың осындай жағымсыз мінездерін сынады. Абай даналығы «еңбек ет — мал тап» деген ақылға саяды. Тек еңбек, еңбекқұмарлық халықты өнерге үйретеді, білімге меңзейді, ғасырлар бойы қайыршылық жайлаған халықты еңбек қана биікке шығарады, психологиясын өзгертеді — деген Абай даналығы бұл күнде де күшін жойған жоқ. Абайдың пікірінше, ерінбей еңбек еткен, ізденген, әр нәрсенің жөнін біліп, әрекет еткен кісінің жетпейтін арманы болмайды. Жұмысы жоқтық, Тамағы тоқтық, Аздырар адам баласын,- дейді. Осыны оқи отыра ұлы Абайдың көптеген сөздерінің нақылға

айналып, күнібүгінге дейін мәнін жоймағанына таң қаласың. Абай қырық төртінші сөзінде: «Адам баласының ең жаманы — талапсызы», дейді.

Не нәрсеге болса да, талап ету міндет, мақсат адал ниет пен талапта.

Талаптың өз шарттары бар:

1. Ғылымға ең алдымен берік ынта, білмегенді біле беруге құмарлық, махаббат керек.
2. Ғылымнан ақиқат табу мақсатын қою. Өз айтқанымды ғана болдырам деп, ғылымға қол созба.
3. Ғылымда салғырттықтан, еріншектіктен сақ бол. Білгендерінді іске асыруың керек. Ол үшін еңбек етуің керек.
4. Ғылым-білімде ұстамдылық қажет, ақыл-ойдың, мінездің беріктігі керек, ол үшін қайрат керек.

Талаптың ішіндегі ең зоры – бір өнерді таңдап, содан нәтиже шығармай тынбаушылық. Абайдың түсіндіруінше, талапсыздықтың түрлері – ынтасыздық, ықылассыздық, жігерсіздік. Абай «талапты ерге нұр жауар» деген халық мақалының текке айтылмағаны туралы ой қозғайды.

Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең негізгі моральдық принцип ретінде поэзиялық -тәрбиелік туындыларында да, қара сөздерінде де үнемі атап көрсетіп отырады.

Ол он жетінші сөзінде: «Адамның адамгершілігі неден құралады дегенде – қайрат, ақыл, жүрек» – үшеуін айтып, ғылымға жүгіндіреді. Абай жүрекке бірінші орын береді. Бірінші – жүректің сезгіштігі. Мұның өзі көрегендік екендігін түсіну қиын емес.

Қайрат пен ақыл жол табар Қашқанға да қуғанға. Әділет, шапқат кімде бар, Сол жарасар туғанға. Бастапқы екеу соңғысыз Біте қалса қазаққа, Алдың-жалын, артың-мұз, Барар едің қай жаққа? — дейді ақын «Әсемпаз болма әрнеге» деп басталатын өлеңінде. Сөйтіп, ол әділеттік, мейірбандық болмаған жерде ақыл мен қайрат та адамды жақсылыққа жеткізе алмайды деп түйеді. Ғылым-білімді, оқу-тәрбиені уағыздаған ағартушы ақын ақылды, білімді адамды аса жоғары бағалауы әбден орынды. Не нәрсеге болсын ақыл-таразы, («ақыл-мизан, өлшеу қыл») дүниенің сырын танып білуде адамгершіліктің, ақылдың мүмкіндігі шексіз мол деп санайды.

Ақын адам болам десеніз өтірік айтудан, екі жүзділіктен құтылып, шындықпен, ақиқатпен өмір сүру керек деген терең тұжырым жасайды. Адамдардың бойына біткен жаман қылықтардың ең жағымсызы — еріншектік. Надандық білімсіздіктен, сауатсыздықтан туындаса, еріншектік адамның талапсыздығынан, жігерсіздігінен, енжарлығынан пайда болатын қылық. Еріншектік – дүниедегі күллі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Осыларды қорытындылай келе, Абай: «Күллі адам баласын қор қылатын 3 нәрсе бар: содан қашпақ керек. Ол: әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Абай осы үшеуін жоюдың емі- ғылымды, адал еңбекті, адамгершілікті атап, өз шығармаларында осы үшеуін дәріптеп, өсиет етті. Ақын адамдар арасындағы береке – бірлік, достық, ынтымақтастыққа ерекше көңіл бөледі.

Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты – адам тәрбиесі. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақлияларымен де жеткізе білді. Ойшыл ақынның ағартушылық тұрғыдағы педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат – «Толық адам» етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған. Адам туралы, оның рухани жан дүниесі туралы ол былай деп жазады: «Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады, бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреу білсем екен демелік ... мұның бәрі жан құмарлығы – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» [2, 154-156 бб.].

Білімнің қайнар көзі – қоршаған орта, адамның өзі. Оның ақыл ойының, сана сезімінің жоғары болуы өзіне байланысты. Адам барлық уақытта осы мақсатта өзін өзі жігерілендіріп, мұраткерлік танытып отыруы керек. Адам танымын Абай өте күрделі процесс деп қарайды. Адам ұдайы ақыл ойын, таным түсінігін, рухани жан дүниесін табанды еңбегі арқылы жетілдіріп, ұштап, күш қайратын, жігерін осы мақсатқа шоғырландыруы тиіс. Ғылымға ден қойған адам қоршаған ортаны, адамдардың бойындағы сапалық қасиеттер мен ерекшеліктерді бұрынғыдан да кеңірек танып біледі. Абайдың айтуынша, адамның өмірі мен оның бүгіні, болашағы үшін ең басты қажеттілік, адамның мақсатына, мұратына жетуі үшін өзін және қоршаған ортаны кеңірек танып, оның нәтижесін шындықты өтіріктен, әділеттілікті әділетсіздіктен, қайырымдылықты қатыгездіктен айыра білуі қажет. «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті. Осы үш сүю болады имани гүл, Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл, Ойландағы үшеуін таратып бақ, Басты байла жолыңа малың түгіл. Дін де осы шын ойласаң, тағат та осы, Осыларды бұзатын және үш іс бар: Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы.» [3, 89 б.].

Абай дүниетанымы мен философиясындағы даналықтың қыр-сырын, бүге-шүгесіне дейін ашып көрсете білген профессор Т.Х. Рысқалиевтің пікірінше: «Абай даналыққа, даналықты білдіретін сөзге, іске, мінез-құлыққа ерекше мән берді; ол даналықты танып, ажырата білді, жүзеге асыра білді. Даналық Абай ілімінде теориялық концепция болып қалған жоқ, өмір сүру тәсіліне айналды.» «...Абайдың түсінігі таң қалдырады. Оған дейінгі, одан кейінгі қазақ ойшылдары мен ғалымдарында кездеспейтін түсінік. Өткенді де, қазіргіні де, болашақты да қамти алған түсінік. Оқумен, тоқумен, тәжірибемен, ойланумен, толғанумен, терең бойлаумен келген түсінік. Адамды өсіретін, сонымен бірге кімнің кім екенін, ненің не екенін таразыға салып өлшеп беретін түсінік» [4, 44 б.]. Сондықтан да, Абай педагогикасы да, таңқаларлық терең әлем!

Абай педагогикасында бала тәрбиесінен бастап тұтас ұлттың, халықтың санасына ықпал ету мақсатындағы ойларын ортаға салды. Оның тәрбиелік бағыттағы ойлары кең ауқымдағы ағартушылық идеяларға ұласты. Бұл тұрғыда Абай ұлттың бір ғана белгілі тобының тілек-мүддесіне орай идеялық мақсат ұстанған жоқ, тұтас ұлттың, халықтың болашағы туралы, күнделікті мұң-

мұқтажы, қажетті іс-әрекеті туралы ой қозғады. Халықтың бірде-бір тобын жекелеп алып қарамай, тұтас сөз қылды. Абай көкसेген оқу мен білім алу жүйесі, негізінен, рухани-адамгершілік ұстанымдарға сүйеніп қалыптасуы тиіс.

Қорыта келе, Абайды тану арқылы біз өз болмысымызды танып, болашағымызды бағдарлаймыз. Бүгінде Абай есімі жеткілікті деңгейде ұлықталып жатыр. Бірақ оның шығармаларымен жаңғыру деңгейіне әлі жете қоймадық. ХХІ ғасырда кез келген қоғамның парқын, түптеп келгенде, адам сапасымен өлшеу үрдісі бірінші орынға шығып отыр. Бұл ретте Абай армандаған «бүтін адам», Абай көкसेген «толық адам» тұжырымдамасы ең озық идея ретінде бүгінгі зерделі оқырманды да бей-жай қалдырмайды. Данагөй ақынның терең ойлары мен асыл сөздері, өлеңдері мен қара сөзері қай заманда болмасын жақұттай жарқырап, көкіректерге нұр болып құйыла берері хақ. Оның мұрасы жаңа ұрпақпен бірге жасай береді.

Әдебиеттер

4. Wikipedia

5. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9

6. Абай. Қара сөздері. Алматы 2006

7. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I -том. 2-том. Алматы, “Ғылым”-1977

8. https://adebiportal.kz/kz/news/view/ruhani_zhangirudin_negizgi_kilti__abai__ilimi__20136

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ТРЕВОЖНОСТИ В ПОДРОСТКОВОМ ВОЗРАСТЕ

Абдукаримова З.Б.

студент 3 курса специальности «Педагогика и психология»

Каратаева Т.О.

*Старший преподаватель,
магистр педагогических наук Аркалыкский
педагогический институт им. И. Алтынсарина*

Аннотация. В статье раскрываются психологические особенности тревожности в подростковом возрасте. Уточняются ключевые понятия проблемы. Авторами рассматриваются основные компоненты психологической особенности тревожности в подростковом возрасте.

Ключевые слова: тревожность, причины тревожности, подростковый возраст, самооценка, акцентуации характера.

Аннотация. Мақалада жасөспірім кезіндегі мазасыздықтың психологиялық ерекшеліктері көрсетілген. Мәселенің негізгі түсініктері нақтыланады. Авторлар жасөспірім кезіндегі мазасыздықтың психологиялық ерекшеліктерінің негізгі компоненттерін қарастырады.

Түйінді сөздер: мазасыздық, мазасыздықтың себептері, жасөспірім, өзін-өзі бағалау, мінез-құлықтың екпіні.

Annotation. The article reveals the psychological features of anxiety in adolescence. The key concepts of the problem are clarified. The authors consider the main components of psychological features of anxiety in adolescence.

Keywords: anxiety, causes of anxiety, adolescence, self-esteem, character accentuations.

Понимание тревожности было внесено в психологию психоаналитиками и психиатрами. Многие представители психоанализа рассматривали тревожность как врожденное свойство личности, как изначально присущее человеку состояние. Слово "тревожный" отмечается в словарях с 1771 года.

Существует много версий, объясняющих происхождение этого термина. Автор одной из них полагает, что слово "тревога" означает трижды повторенный сигнал об опасности со стороны противника. Понятие тревоги и тревожности имеют разный смысл. Если тревога - это эпизодические проявления беспокойства, волнения ребенка, то тревожность является устойчивым состоянием. Впервые тревожность была описана Зигмундом Фрейдом. Тревога, с точки зрения Фрейда, является функцией «Эго» и предупреждает «Эго» о надвигающейся опасности, угрозе, помогая личности реагировать в подобных ситуациях (ситуациях опасности, угрозы) безопасным, адаптивным, способом. Фрейд определял тревожность как неприятное эмоциональное переживание, являющееся сигналом антиципируемой опасности.

Тревожность - индивидуальная психологическая особенность, проявляющаяся в склонности человека часто переживать сильную тревогу по относительно малым поводам. Рассматривается либо как личностное образование, либо как связанная со слабостью нервных процессов особенность темперамента, либо как и то и другое одновременно.

Тревожность может проявляться длительными, затяжными, ежедневными симптомами, которые значительно снижают качество жизни (генерализованное тревожное расстройство), или же короткими всплесками с паническими атаками. Частота, количество и интенсивность симптомов варьируются в зависимости от человека. Тревожность может привести к психическим или психологическим проблемам. Содержание тревожности — переживание неопределенности и чувство беспомощности. До сих пор нет единого мнения о причинах тревожности у людей. Преобладает точка зрения, что тревожность имеет частично врожденную, частично приобретенную природу. Имея некоторую генетически обусловленную склонность к тревожности, человек, в результате неправильных действий родителей, педагогов, внутренних конфликтов (прежде всего самооценочного характера) и других социально обусловленных причин, со временем приобретает её.

К настоящему времени тревожность изучается как один из основных параметров индивидуальных различий. При этом ее принадлежность к тому или иному уровню психической организации человека до сих пор остается спорным вопросом; ее можно трактовать и как индивидуальное, и как личностное свойство

человека. Исследования А.М. Прихожан (2001) показали, что есть особые способы ее переживания, осознания, вербализации и преодоления. Среди них можно выделить следующие варианты переживания и преодоления тревожности: открытая тревожность - сознательно переживаемая и проявляющаяся в деятельности в виде состояния тревоги. Она может существовать в различных формах, например: как острая, нерегулируемая или слабо регулируемая тревожность, чаще всего дезорганизирующая деятельность человека; регулируемая и компенсируемая тревожность, которая может использоваться в качестве стимула для выполнения соответствующей деятельности, что, впрочем, возможно преимущественно в стабильных, привычных ситуациях; культивируемая тревожность, связанная с поиском "вторичных выгод" от собственной тревожности, что требует определенной личностной зрелости (соответственно, эта форма тревожности появляется только в подростковом возрасте). Скрытая тревожность - в разной степени неосознаваемая, проявляющаяся либо в чрезмерном спокойствии, нечувствительности к реальному неблагополучию и даже отрицанию его, либо косвенным путем через специфические формы поведения: теребление волос, расхаживание из стороны в сторону, постукивание по столу и т.д.: неадекватное спокойствие (реакции по принципу "У меня все в порядке!", связанные с компенсаторно-защитной попыткой поддержать самооценку; низкая самооценка в сознание не допускается); уход из ситуации. Таким образом, следует заметить, что состояние тревоги или тревожность как психическое свойство находятся в конфронтации с базовыми личностными потребностями: потребностью в эмоциональном благополучии, чувстве уверенности, безопасности. С этим связаны значительные трудности в работе с тревожными людьми: они, несмотря на выраженное стремление избавиться от тревожности, неосознанно сопротивляются попыткам помочь им сделать это. Причина такого сопротивления им самим непонятна и трактуется ими, как правило, неадекватно.

Тревога и тревожность не всегда осознаются субъектом и могут регулировать его поведение на неосознаваемом уровне. Наблюдение тревожного поведения "со стороны" также зачастую затруднительно в силу того, что тревожность может маскироваться под другие поведенческие проявления. Таким образом, тревожность представляет собой фактор, опосредующий поведение человека либо в конкретных, либо в широком диапазоне ситуаций. Несмотря на то что существование феномена тревожности у психологов не вызывает сомнений, ее проявления в поведении проследить довольно сложно. Это связано с тем, что тревожность часто маскируется под поведенческие проявления других проблем, такие как агрессивность, зависимость и склонность к подчинению, лживость, лень как результат "выученной беспомощности", ложная гиперактивность, уход в болезнь и т.д.

Тревожность как психическое свойство имеет ярко выраженную возрастную специфику, обнаруживающуюся в ее содержании, источниках, формах проявления и компенсации. Для каждого возраста существуют определенные области действительности, которые вызывают повышенную тревогу у большинства детей, вне зависимости от реальной угрозы или тревожности как устойчивого образования. Эти "возрастные пики тревожности" детерминированы возрастными задачами развития.

Устойчивым личностным образование тревожность становится к подростковому возрасту. В подростковом возрасте тревожность начинает опосредоваться. Я-концепций ребенка, становясь тем самым собственно личностным свойством. Я-концепция подростка часто противоречива, что вызывает трудности в воспитании и адекватной оценке собственных успехов и неудач, подкрепляя тем самым отрицательный эмоциональный опыт и тревожность как личностное свойство. В этом возрасте тревожность возникает как следствие потребности устойчивого удовлетворительного отношения к себе, чаще всего связанного с нарушениями отношений со значимыми другими. Существенное повышение уровня тревожности в подростковом возрасте может быть связано и с формированием характера, отличительной особенностью которой являются тревожно-мнительные черты.

У человека с такими личностными особенностями легко возникают опасения, волнения, страхи. Недостаток уверенности в себе заставляет заранее отказываться от деятельности, которая кажется слишком трудной. По той же причине занижается оценка достигнутых результатов. В такой ситуации затруднено принятие решения, так как человек чересчур сосредоточен на тех неблагоприятных последствиях, которые может повлечь за собой то или иное решение. Из-за низкой уверенности в себе часто наблюдаются трудности в общении, особенно при вхождении в новый коллектив.

Высокая тревожность способствует развитию астении, порождает психосоматические заболевания. Аналогичные тенденции могут сохраняться и в период ранней юности. К старшим классам тревожность изменяется, локализуется в отдельных сферах взаимодействия человека с миром: школа, семья, будущее, самооценка и т.д. Ее появление или закрепление связано с развитием рефлексии, осознания противоречий между своими возможностями и способностями, неопределенностью жизненных целей и социального положения. Важно, что тревога начинает оказывать мобилизующее влияние только с подросткового возраста, когда она может стать мотиватором деятельности, подменяя собой другие потребности и мотивы.

Необходимо отметить, что тревожности подвержены как мальчики, так и девочки, но специалисты считают, что в дошкольном возрасте более тревожными являются мальчики, к 9-11 годам соотношение становится равномерным, а после 12 лет происходит резкое повышение тревожности у девочек. При этом тревога девочек по своему содержанию отличается от тревоги мальчиков: девочек больше волнуют взаимоотношения с другими людьми, мальчиков - насилие во всех его аспектах. Таким образом, детская тревожность на каждом этапе возрастного развития специфична и связана с решением той или иной возрастной задачи развития. Как устойчивая личностная черта формируется только в подростковом возрасте. До этого она является функцией ситуации. Школьная тревожность - это самое широкое понятие, включающие различные аспекты устойчивого школьного эмоционального неблагополучия. Она выражается в волнении, повышенном беспокойстве в учебных ситуациях, в классе, в ожидании плохого отношения к себе, отрицательной оценки со стороны педагогов, сверстников. В целом,

школьная тревожность является результатом взаимодействия личности с ситуацией. Это специфический вид тревожности, характерный для определенного класса ситуаций - ситуаций взаимодействия ребенка с различными компонентами школьной образовательной среды. Наиболее типично возникновение школьной тревожности, связанной с социально - психологическими факторами или фактором образовательных программ. На основе анализа литературы и опыта работы со школьной тревожностью выделили несколько факторов, воздействия которых способствует ее формированию и закреплению. В их число входят: учебные перегрузки; неспособность учащегося справиться со школьной программой; неадекватные ожидания со стороны родителей; неблагоприятные отношения с педагогами; регулярно повторяющиеся оценочно - экзаменационные ситуации; смена школьного коллектива или непринятие детским коллективом. Тревожность подростка часто нарушает его нормальную жизнь, нередко выступает причиной нарушения социальных связей с окружающими. Подобную тревожность испытывают часто школьники, которые хорошо учатся, ответственно относятся к учебе, общественной жизни, школьной дисциплине. Тревожные дети обычно не вызывают жалоб со стороны учителей и родителей и сами не обращаются к психологу.

В современной психологической литературе тревожность рассматривается как индивидуально-психологическая личности, проявляющаяся в склонности к частым и интенсивным переживаниям состояния тревоги без явных на то оснований. Причинами тревожности могут выступать отношения сверстниками, акцентуации характера, уровень самооценки. Уровень самооценки подростка влияет на формирование тревожности.

Литературы

1. <https://moluch.ru/archive/107/25568/>
2. <https://www.docsity.com/ru/osobennosti-proyavleniya-trevozhnosti-v-podrostkovom-vozhraze/4538031/>
3. <https://www.dissercat.com/content/psikhologicheskie-osobennosti-struktury-lichnosti-trevozhnogo-podrostka>

АБАЙДЫҢ НАҚЫЛ ЖӘНЕ НАЗЫМ СӨЗДЕРІ

Абдуллина Ардақ Амирхановна
аға оқытушы, магистр
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық
педагогикалық институты,
Арқалық қаласы, Қазақстан Республикасы

Толенова Гульзаш Каскырбековна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы
білім беретін орта мектеп
Аманкелді ауданы, Қостанай облысы

Аннотация. В статье упоминается, что Абай был великим поэтом, личностью, прославившейся в казахских степях во второй половине XIX века, и мнение Алашского интеллектуала Ахмета Байтурсынова в его первой статье. А также в статье написано о пословицах и поговорках великого поэта Абая Кунанбаева.

Ключевые слова. Великий поэт, гений, пословицы, советы.

Abstract. The article mentions that Abai was a great poet, a person who became famous in the Kazakh steppes in the second half of the 19th century, and the opinion of the Alash intellectual A. Baitursynov in his first article. The article describes the proverbs and sayings of the great poet Abai Kunanbaev.

Keywords. Great poet, genius, proverbs, advice

Абайдың ұлы кемеңгер ақын екенін, дара тұлға екенін, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласындағы атақты болғанын – барлық әлем білетіні бізге аян.

Бүгін, біз Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында, ақын туралы алғашқы 1913 жылы "Қазақ" газетінде Алаш зиялысы, аталмыш газеттің редакторы Ахмет Байтұрсынов "Қазақтың бас ақыны" атты көлемді мақала жарияланған болатын. Байтұрсынов өзінің мақаласының басын, "Онан асқан бұрынғы – соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ", - деп бағалаған болатын.

Қазақстан егемен ел болғанша біз көп дүниемізді үстіріт қана біліп келген екенбіз. Жақсы менен жаманды, асыл менен жасықты көбіне - көп айыра білмеппіз. Танып білгеніміз шамалы. Оған дәлелді ұлы Абай тағылымынан анық аңғаруға болады. Кезінде Абай Құнанбаевты мектепте оқығанда демократ ақын дегеннен әрі аспадық. Әрі кетсе, әкесі Құнанбай қажыға қарсы тұлға ретінде таныдық.

Ұлы ақынның 175 жылдық мерейлі мерекесі қарсаңында шығармаларын жаңа көзқараспен оқи отыра, оның жаңа қырларын тани бастадық.

Абайдың ең басты қасиеті – адамзат таланына туылған ойшылдығы.

Біз, оны ақын шығармаларын қайта оқи отырып, білдік. Ақынның өзі жазғандай «жүрегінің түбіне терең бойлай» отырып, оқыр болсақ, Абайдың әр сөзін ақыл, әр сөзі назым екендігін тануға болады.

Абай өлеңдеріндегі тарихи шындықты, Абайдың аудармашылдығы, сазгерлігі, қара сөзі туралы білмейтін халық, танымайтын қазақ жоқ. Абай атамыздың шығармаларын оқығанда, әрбір көзі ашық, көкірегі ояу адам, оның жүрек соғысын елім, халқым деп соққан сезімін түсінеді. Ол бар болмысымен, шын жүрегімен жырлап өткен ақындардың ақыны. Сондықтан да, өзі өлсе де, асыл мұрасы, яғни өлеңдері, шығармалары қазіргі уақытқа дейін орын тауып келеді.

Абай Құнанбаевтың әр сөзіне үніліп қарайтын болсақ, одан үлкен ғибрат, өнеге, рухани сабақ аларымыз анық.

Қоғам жағдайында кездесетін «пысықайлар» келбетін Абай былайша суреттейді:

Бас – басына би болған өңкей қиқым,
Мінекей бұзған жоқпа елдің сиқын.

Осындай «пысықайларды» ақын: «жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс» деп мәмілеге шақырады. «Келісіп жасаған істің келте болмасын» түсіндіреді. Ал, ондай адал достықтың белгісі ақын ойынан қорытындыланған мына өлең жолдарына жатыр:

Кей құрбы бүгін тату, ертең бату.
Тілеуі, жақындығы – бәрі сату.
Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,
Қажымас, қайта айнымас қайран тату!

Бұл ойын данышпан ақын өзінің көпке танымал өлең жолдарымен тағы да былайша қайырып тастайды:

Асыл адам айнымас,
Бір бетінен қайырылмас [1,144] .

Ойшыл ақында дәлелдеп жатуды қажет ептейтін нақылға айналған өлең жолдары тіпті де көп.

Жақсылық ұзақ тұрмайды.
Жамандық әркез тозбайды.

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да қуғанға.

Тәуекелсіз, талапсыз, мал табылмас,
Еңбек қылмас, еріншек адам болмас!

Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.
* * *

Дүние ойдан шығады[2,151].

Сондай-ақ, Абай атамыздың әр сөзіне үніліп қарайтын болсақ, одан үлкен ғибрат, өнеге, ұлы сабақ аларымыз анық. Ақын атамыздың «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңінен үндіні алсақ, осы өлеңде нақ жазылғаны көруге болады.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де, бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан! [3,77].

деп, адамдарға өсиет қалдырғанын көруге болады. Абай атамыздың өсиетін адамның қоғамның қадірлі азаматы боларына сенімдіміз. Ақын атамыздың өзінің ғұмырында адамгершілікке, адамшылдыққа тәрбиелеу адам құқының басты мақсаты екенін аңғартты. Ақын өлеңдерінің қай - қайсысын алып қарасақ та, олардың барлығы адам баласын ойландырмай қоймайтын өсиет - өнегеге толы. Сондықтан да Абай өлеңдерінде тәрбиелік арналар көптеп кездеседі.

Әсіресе, ақын шығармашылығындағы қоғамдық, әлеуметтік, саяси тақырыпқа жазылған бірқатар өлеңдерден барша халықты адамдық асыл қасиеттерге үндейтін ізгілікті ойларды көреміз. Оған алдымен, ақын ұраны іспеттес «Ғылым таппай, мақтанба!» өлеңі дәлел.

Ондағы:

«Ғылым таппай, мақтанба,
Орын таппай баптанба.
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге» , - деген жолдардың өзінде

қаншама тәлім-тәрбие бар.

Абай атамыз адам болам деген ұрпағын өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, мал шашпақ тәрізді қасиеттерден аулақ болуға шақырса, талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сынды бес қасиетті бойға сіңіруге үндейді. Сондай-ақ, «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» шығармасында да ақын ер-азаматтарға «кімді сүйсең де, шын көңілмен сүй, талапты болып, әр түрлі өнер, жақсы қылықты бойға сіңір, бір-біріңмен тату бол, біреуді сыртынан ғайбаттама» деп ақыл айтады. Ақын қалың елі – қазағын жақсылыққа үйретіп, жамандықтан жиренткен қазақ халқының кемеңгер ақын – шешені, дана көсемі.

Енді тани бастадық.

Абай қазақ деген халықтың ғана Абайы емес. Абай бүкіл адамзаттың асқан ойшылдарының бірі екен. Өлмейтұғын артына сөз қалдырған ойшыл данышпан ақынның жүрегін тербеген тамаша өлең – жырлары өзінің қалың елі – қазағымен бірге жасап келеді. Уақыт өтсе де, ақын атамыздың терең мәнді туындылары болашаққа бағдар беріп тұрады. «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, таңырқа!» демекші, өмірге азық боларлық асыл ойлардың, нақыл да назым сөздердің Абай жырларында тұнып тұрғаны баршаға мәлім.

Ұлы ойшыл Абайдың нақыл да назым сөздері адамзаттың асыл қазынасы ретінде бағаланатынына еш күмән жоқ.

Әдебиеттер

1. Абай шығармаларының екі томдық жинағы.-Алматы: Жазушы, 2005
2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 2001
3. Әділханов Т. Абай өлеңдерінің білімдік, тәрбиелік мәні. Қазақ тілі мен әдебиеті. 1994

АБАЙ МҰРАСЫ – ҒАСЫР ТУЫНДЫСЫ

*Ақылбекова Луиза Бекетқызы
арнайы пәндердің оқытушысы
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық
колледжі Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. Читая произведения великого Абая, несомненно можно увидеть в них глубококомыслящего мыслителя. Для нас всех он неординарная личность, поэтому навсегда останется в сердцах подрастающего поколения, которые считают наследие Абая бесценным. Мир Абая бесспорно велик!

Ключевые слова. воспитание, наследие, поэт, подрастающее поколение.

Reading the works of the great Abai, you can undoubtedly see them as a deep-thinking thinker. For all of us, he is an extraordinary person, so he will always remain in the hearts of the teenage generation, who consider Abay's legacy priceless. The world of Abay is undoubtedly great!

Егеменді еліміздің ертеңі жастар екені белгілі, бұл орайда өскелең ұрпақты тәрбиелеу басты назарда. Ал, жалпы бастау болар тәрбиенің көзі - Абай мұрасы. Бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде олқылықтың орын толтыруда ұлы ақынның асыл сөздері болашаққа бағдар. Осындай жоспарлы міндеттер жүктелгеннен кейін ұлы хәкім Абайдың мерейін асқақтату арқылы қазақ дүниетанымы мен философиясына терең бойлауға, ұлттық құндылықтарымыздың кеңінен насихатталуына басымдық берілуі тиіс. Әсіресе, бүгінгі ақпараттық технологиялар ағыны үстемдік құрып, виртуальды әлемде өмір сүріп жатқан жас ұрпақтың санасына Абай шығармашылығы арқылы серпін беріп, ұлттық таным-түсініктің жастардың бойында көрініс алуы үшін ақын шығармаларындағы тәлім-тәрбие мәселелері кеңінен насихатталуы тиіс. Абай шығармасының сая бағында өсу, тәрбие алу – қазақ халқының бүгінгі ұрпақтарының алдағы тұрған міндеттерінің бірі. Оның шығармашылығы арқылы жас ұрпақтың көкірек көзін ашып, Абайды әлемге таныту, оны адамзаттың Абайына айналдыру міндетін жүктеу керек. Адамзаттың ақылман абызы атанған Абай Құнанбайұлы – қазақтың ұлы, дана, бас ақыны. Ол - ХІХ ғасырдың рухани кеңістігімізге тарту еткен аса бір талантты тұлғасы. Мұхтар Әуезов айтқандай: «Поэзияда, музыкада, қоғамдық – азаттық ой-пікір саласында өлмес -өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Европа мәдениетінің игі әсерімен молықтырды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы - заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр»[3, 82] Иә, ұлы ақынның шығармалары әрбір оқырманның жүрегінен орын алады. Оның асыл мұрасы – өлеңдері мен қара сөздері сан ұрпаққа үлгі болып қала бермек. Бұл орайда ақынның өлеңдеріне талдау жасасмай кету мүмкін емес.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла,
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз күрестім кінә қойма.
Мақсатым тіл ұстарту өнер шашпақ,
Наданның көзін ойып, ойын ашпақ.
Үлгі алсын деп ойлы жас жігіттер,
Думан, сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.[1, 102]

Абай болашақ ұрпаққа осы сөзін арнап, ұлы ақын, үлкен мұра қалдырды. Абай мұралары адамгершілікке, парасаттылыққа шақырады. Ол өз халқын ғана емес, бәрін де білім – ғылымға үндеген ұлы тұлға. «Бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол, адам болам десеңіз» - деп жырлаған ақын туындысында «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым» - деп аталатын жақсы қасиеттерді оқушы санасына құйып, адамның бес дұшпаны өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтан аулақ болуға үйрету педагог міндеті. Сонымен қатар, Абайдың табиғат лирикасын әр оқушы, студент біледі. Ақын табиғатты ерекше жырлаған. Табиғаттың төрт мезгілі туралы өлеңдерінде Абай өзінің сырын, биік парасаттылығын, қиялын, ойымен ерекшелейді. Ол табиғат аясында өсіп, оны сүйе білді. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Күз», «Қыс», «Жаз» деген өлеңдерін оқығанда, табиғаттың әртүрлі құбылысы көзіңе елестейді. Жаратылыстың жайдары жазын, түсі суық тұманды күзін, не болмаса сақылдаған аязы мен қарлы боранын өзің көріп тұрғандай боласың. Мысалы, үскірік бораны бұрқырап тұрған қысты рақымсыз адам бейнесіне ұқсатады. Қыстың малға да жағдайсыз соқыр, мылқау күш екендігін аңғартады.

*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,*

Аязбенен қызарып ажарланды – деген өлең жолдары қылышын сүйреткен қысты көркемдейді. Ақын жылдың қай мезгілін суреттесе де, ең алдымен оның шындық бейнесін береді. Жылдың төрт мезгіліндегі табиғаттың өз әдемілігінің мына жері кем қалыпты деп ешкім таласа алмастай етіп суреттелінеді. Сондай-ақ, ақын өлеңдерінде табиғаттың тек жалаң суретін ғана беріп қойған жоқ, оны адам өмірімен нық байланыстыра білді. Мал бағумен күн көріп, көшіп-қонып жүрген қазақ елінің өмір шындығын дәлме-дәл көрсетіп, жылдың әрбір мезгілінің мал баққан елге қандай әсер ететіндігін баяндады. Ақынның бұл тақырыпта жазған жыр жолдары білім алушыларға табиғат жайлы анықтама беріп, жыл мезгілдері туралы білімін кеңейтеді әрі асқан суретші екенін дәлелдейді.

Абайдың жазған шығармалары сезімге, адамның рухани әлеміне әсер ету құралы ғана емес, ақынның шығармашылық шеберханасынан қазақ халқының ұлттық болмысы мен салт-санасы, тұрмыс-тіршілігінің суретін танып, жалпы мәдениеті туралы көп мағлұмат алуға болады.

Адамның өміріне, еңбегіне шын көңілмен септігін тигізіп, көрегендікпен айта білген туындылар жастарды еңбекке шақырады:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған,
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған.

Ойшыл ұлы Абай білім алу саласына да өз көзқарасын болашақ ұрпаққа үлгі болсын деп, білімнің екі түрі болады деген ұғымын берген. Білімнің біріншісі – материалдық түрі; екіншісі – рухани.[2, 38] Материалдық білімге табиғатты зерттейтін барлық ғалымдар, оның ішінде қоғамдық қатынастар жөніндегі көпшілік білімдер жатады. Рухани білімге - табиғатты және олардың арасындағы қарым-қатынасты қамтиды. Материалдық білім- рухани білімнің бір бөлігі, сондықтан рухани білім материалдық білімді қамтиды. Бұл Абайдың өзінің зерттеген ұғымдары.

Әрбір жеке тұлғаның бойында: адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, батырлық, әдептілік, Отан сүйгіштік т.б. қасиеттер болу керек. Ал адамның бұл қасиеттері-өскен ортасына, тәрбиеге байланысты. Оны біз Абай Құнанбайұлының «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген сөздерінен көре аламыз.

Абайдың айтуында, ой кісіге табиғат құбылыстарын ғана емес, адам өмірін талдау, қорыту, салыстыру үшін берілген. Нағыз адам мұратына жетудің екінші шартын Абай еңбек, қызмет деп есептейді. Ақын еңбек туралы да жаңа сөз айта алды. Ол қазақ қоғамында еңбек туралы жаңа түсінік қалыптастырды. Абайдың айтуынша, еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. Еңбектің өмір сүру құралы екендігін баршаға насихаттайды. Ғылымды игеру, тану, білімді болу - табан ақы маңдай тердің, еңбектің мәні. Сондықтан ақын еңбек пен мақсатты өлеңдерінде асқақтата жырлады. Абай қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет өз заманында халықты толғандырған қоғамдық және саяси өмір проблемаларын күн тәртібіне қойды. Ол қазақ қоғамының қайшылықты жақтарын, замандастарының алауыз берекесіздігін, патшаның отаршылдық саясаты қоздырып отырған рулық тартыстардың елдің бірлігіне келтірген зиянын қатты сынап отырып, еңбекші елге іш тартты, халықты озық мәдениетке сүйреді. Ол халықтардың оңашаланып өмір сүретін дәурені өткенін, ендігі жерде ел болудың кепілі – дамыған көрші елдермен қарым-қатынас жасауда екенін айтты. Елді сол жолда бірігуге, ынтымақтастыққа шақырды. Уақыт талабын заманынан оза шауып түсіну – Абай даналығының белгісі. Ол шындықтың ақыны болып туды, солай өмір сүрді. Оның өлеңдерін оқи отырып, одан жалғандық табу қиын. Өлеңдерінен қазақтың ұлттық табиғатына тән шындық мөлдіреп көз алдыға келеді. Ұлы суреткер есебінде Абай оны көркем бейнелеудің жаңа жолын тапты. Оның өлеңдері өзінің қарапайымдылығымен, табиғилығымен құйылып, ойға, сезімге ұялайды.

Сондықтан ол қазақ әдебиетіндегі тұңғыш ұлы суреткер саналады. Абай ақын боп сөз жазып қана отырмаған, өз өлеңіне өзі ән шығарып таратқан. Оның композиторлық шығармашылығы біздің халықта ерекше бағаланады. Қазақ даласында бірінші шырқалған Татьяна тек Пушкинді ғана насихаттап, халыққа таратып қана қойған жоқ, сүйгеніне қосыла алмаған мұңды орыс қызын қазақпен байланыстырды. Жасынан әке ырқымен ел ісіне араласқан Абай сөз сырын жақсы білді, дау ұстағандардың талай сынынан өтті, шешен атанды, төбе билікке де сайланды.

Абай мұрасы — қазақтың ең қасиетті, теңдесі жоқ, алтын қазынасы. Заман ауысып, уақыт өткен сайын халқымыз ғұлама Абайдың рухани дүниесіне терең бойлап, оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді.

Абайдың айтуы бойынша, білім алу әдістері де үшке бөлінеді:

- 1) білім алу сезімдері арқылы;
- 2) көріп-білген нәрселерді логикамен саралап білім алу;
- 3) басқа біреуден есту арқылы.

Мен болашақ педагог ретінде Абай мұрасымен үнемі сусындап, зерттеу үстіндемін. Себебі, маған ел ертеңі өскелең ұрпақты тәрбиелеу міндеті жүктеліп отыр, тұңғыш президентіміз Н.Назарбаев айтқандай: «Абай мұрасы - қазақтың ең қасиетті қазынасы. Абай өзінің халқымен мәңгі бірге жасайды. Ғасырлар бойы қазақ елін жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді» Ендеше, Абай мұрасы біз үшін мәңгілік.

Осы тұста,елімізде жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін «Абай оқулары» бұл ақын мұрасын ұмыт қалдырмай ұлықтайтын ең керемет байқау екендігін айтқым келеді. Бұл байқауда оқушыларымыз ақынның өлеңдері мен қарасөздерін жатқа айтып,әндерін жүрекке жеткізе шырқаса, жыр жазамын Абайдың үлгісімен деп қалам ұстаған жас ақындар жүрек жарды туындыларын арнайды.

Тоқсан сөздің тобықтай түйінің Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мына өлең жолдарымен қорытындылағым келеді:

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе,
Адалдықты көздесең,

Жаттап тоқы көңілге. [4, 74] Абай мұрасы бұл – мәңгілік өшпей жанымызда жатталатын,жүрегімізде сайрап тұратын құнды мұра, ұрпаққа ұлағат

Әдебиеттер

1. Абай.Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы, 1961
2. А.Абдрахманова. «Абай – дана ақын». Алматы // Ұлағат, № 6, 2007 ж.
3. Р.Сыздық. «Абайдың сөз өрнегі». Алматы, «Санат», 1995 ж.
4. Д.Омаров. Абайтану «Білім алу». Алматы., 2002 ж., 155 б

АБАЙ И ЛИТЕРАТУРА

Амиркулова Нурсулу Сериковна
учитель русского языка и литературы,

Мамырбаева Асель Куатовна
*учитель английского языка
средняя общеобразовательная школа имени Ш.Уалиханова
Костанайская область, город Аркалык*

Аңдатпа. Мақалада Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасы, қазақтың ұлы ақыны және ағартушысы шығармаларының ерекшеліктері, қазіргі кезде үшінші мыңжылдықта өзекті. Авторлар ақын шығармаларының адамгершілік мазмұнына қаншалықты еніп, жан-жақты дамыған жастарды тәрбиелеуге бағытталғандығын талдауға бағытталған.

Аннотация. В статье раскрывается литературное наследие Абая Кунанбаева, актуальное в третьем тысячелетии, особенности произведений великого казахского поэта и просветителя. Авторы ставят своей целью проанализировать, как произведения поэта пронизаны нравственным содержанием и направлены на воспитание всесторонне развитой молодежи.

Annotation. The article reveals the literary heritage of Abai Kunanbayev, current in the third millennium, features of the works of the great Kazakh poet and educator. The authors aim to analyze how the poet's works are permeated with moral content and are aimed at educating a comprehensively developed youth.

Тірек сөздер. Абай, ақын, өзекті, жаңарған, жаңарған, жаңа қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, мұра.

Ключевые слова. Абай, поэт, актуально, обновление, модернизация, основатель новой казахской литературы, наследие.

Keywords. Abai, poet, actual, renewal, modernization, founder of new Kazakh literature, heritage.

Для нас Абай Кунанбаев – поэт, просветитель, мыслитель, основатель новой казахской литературы, переводчик, композитор. В его произведениях отражен образ жизни казахов: бытие, мировоззрение, характер, душа, религия, менталитет. Влияние А. Кунанбаева на культуру казахского народа бесценно: он дал колоссальный толчок развитию казахской литературы и стал ее первым классиком, способствуя сближению культур Казахстана и России, а в дальнейшем и зарубежной литературы. Работы Абая, его ценные педагогические идеи о воспитании подрастающего поколения, не утратили актуальности до сих пор. Огромный интерес Абай проявляет не только к произведениям поэтов и мыслителей Востока, но и к достижениям общественной философской мысли европейских стран, сочинениям авторов нового времени, в том числе к произведениям крупных представителей французского, английского и немецкого просвещения.[1]. Интерес имел решающее значение для формирования Абая, как личности, так и для его творческого развития. Абай Кунанбаев способствовал распространению русской и европейской культуры среди казахов.

Долгое время, к сожалению, имя Абая и его труды оставались неизвестными для мировой, в особенности, европейской общественности.

Эпический роман Мухтара Ауезова «Путь Абая», переведенный на многие языки мира, сыграли большую роль в популяризации имени Абая Кунанбаева. Роман вызвал восторженные отзывы со стороны критиков, зарубежных литературоведов. Русские и зарубежные читатели познакомились с творчеством Абаем и заинтересовались его другими произведениями благодаря этому роману.

Основная мысль произведений Абая Кунанбаева заключалась в том, что он всегда призывал свой народ к развитию, движению вперед, получению знаний. Одним из главных побуждений Абая Кунанбаева была пропаганда по изучению иностранных языков, в то время русского языка, через который казахский народ мог получить доступ к знаниям и расширить горизонты своего самосознания. Он писал, владея языком другой страны и народа, ты становишься с ним равным. Об этом он писал в своих «Словах назидания».

Абай указывал на недостатки общества, через свои произведения призывал к трудолюбию и борьбе с невежеством и ленью. Таким образом, поэт обращался к каждому представителю казахского народа: и к старому и молодому, будущему поколению.

Одним из ярчайших трудов Абая Кунанбаева являются «Слова назидания». Произведение состоит из 45 Слов, разных по объему и содержанию. Дословно название «Қара сөздер» переводится как «Черные слова», что имеет определенный смысл. Это, по сути, прямое обращение к читателю, открытый разговор-беседа, это и "ума холодных наблюдений и сердца горестных замет", это и философия жизни отдельного человека на фоне судеб народа. Термин "кара" (черный) в сочетании с термином "соз" (слово) чрезвычайно многозначен: это и обозначение прозы в отличие от рифмованной речи и текста, это и обозначение печали, и, наконец, обозначение, идущее от тюркской традиции, важного, значительного, первостепенного. "Кара соз" по жанру близки к тому, что в чингизовской традиции называлось "биликом", метким изречением, рассказом о жизненном примере, имеющим значение образца. По европейской традиции, это жанр "максим", "афоризмов", "бесед". А по сути "Кара соз" – исповедь[2]. В программе общеобразовательных школ для 9 класса с казахским языком обучения на уроках русского языка «Слова назидания» Абая Кунанбаева изучается как отдельная тема. Для восприятия смысла абаевских строк, по моим наблюдениям, надо чтобы обучающиеся прочитали «Слова...» на казахском языке, для полного восприятия произведения, а только потом можно рассуждать о том, что хотел сказать Абай в своем «Семнадцатом слове». Подискутировать, чья же позиция верна.

Задавая вопрос, можно продемонстрировать свое мнение, обозначить свою позицию. Дать возможность обучающимся логически выстроить свои мысли, ответы, самим составить «тонкие» и «толстые» вопросы. Ответы на «толстые» вопросы могут быть развернутыми, подробными, более наполненными, обстоятельными.

Кто прав? Сила? Воля? Или же Сердце? Почему автор судьей выбрал Знание? Ставя такие вопросы, можно настроить собеседника на нужный вам темп, лад речи, позволяют проанализировать поступки того или иного персонажа. По программе русского языка для 8-го класса дана тема «Слова назидания: Слово четырнадцатое: человек ли он?». Не каждый взрослый сможет дать полный, исчерпывающий ответ на этот вопрос, тем более (по мнению тех же взрослых) тринадцатилетний ученик. Только через внимательное чтение, анализ, обсуждение можно ответить на следующие вопросы: Какими качествами должен обладать человек, чтобы оставаться Человеком с большой буквы? Что, по мнению Абая, является главным, «драгоценным» в человеке? Почему? От однозначных ответов ученик приходит к более детальным, развернутым ответам. И тут надо провести грань между тем временем, когда жил и творил Абай и настоящим. Показать насколько тема предназначения Человека актуальна и в третьем тысячелетии. Надо чтобы дети запомнили строки из «Слов...» «Милосердие, доброта, умение принять чужого за родного брата, желая ему благ, которые бы пожелал себе — все это веление сердца. И любовь — желание сердца. Язык, повинувшись сердцу, не солжет». Здесь можно сказать, что Абай вышел за пределы эпохи, что его стихи, как вода в роднике, свежая и прозрачная, которую пьют все, живучесть стихов Абая не только в красоте их слога, но и в том, что они несут мысли. Сегодня глубоко современны идеи Абая в том, что народы должны жить в мире и согласии. Абай воспринимал человечество в единстве, не разделяя на восток и запад.

Несмотря на столетия, строчки, написанные великим мыслителем, до сих пор применимы как в работе, так и в быту.

Заветы Абая актуальны и в XXI веке. Глава государства Касым-Жомарт Токаев в своей статье еще больше раскрыл глубокий смысл произведений Абая, указывая на то, что труды поэта-просвятителя будут способствовать пробуждению чувства гордости у населения, особенно у подрастающего поколения. Глава подчеркнул, что изучение трудов и стремление к познанию мудрости, слов назидания Абая Кунанбаева, его формулы «толық адам», т.е. полноценного, самодостаточного человека, а также «әділетті қоғам», идеи справедливого общества, не должны ограничиться только рамками юбилейных мероприятий, а должны стать жизненным ориентиром и духовно-нравственными ценностями общества. [3]. В «Словах назидания» Абай поднимает проблемы педагогики, истории, права казахов, морали и взаимоотношения людей. О достоинствах человека, о старости и смерти, о вере и неверии, о воспитании молодежи, о необходимости просвещения, об отношении к людям другой национальностей. Главная мысль «Слова» - это утверждение красоты человека, человеческого духа, неисчерпаемых возможностей человека, как личности. «Слова назидания» Абай создал уже в зрелом возрасте. Поэтому он знает цену всему – искушению, соблазнам, невежеству, с возрастом все это проходит, остается только истина, мудрость человеческая.

В семнадцатом слове – притча о споре Силы, Разума и Сердца говорится о духовном качестве человека. Героями выступают человеческие качества, а судьей в этом споре выступает Знание. Решает их спор Знание. Вывод судьи: «Я приказываю вам троем объединиться в одно целое, и повелителем троих будет Сердце. Разум, ты слишком разносторонен, Сердце не станет следовать за каждым твоим решением. Сила, могущественна и крута.. Сердце не будет давать тебе воли. Соединитесь же вместе, и пусть вами управляет Сердце!» [4].

Обновленное содержание образования РК – это программа образования, которая в будущем будет удовлетворять запросам будущих поколений. Обновленное образование – гарант будущего. Программа обновленного содержания образования дает возможность еще раз осознать, понять его труды и разумно, рационально использовать в деле модернизации нации. Усовершенствование, модернизация не означает, что люди должны отказаться от прошлого и открывать дорогу новым идеалам. В идеале это сохранение и обогащение национального наследия лучшими достижениями человечества. И как тут не обойтись без философских идей Абая. Абая, который призывал нацию к модернизации, обновлению, жить, следуя требованиям времени.

Обновленное образование важно по многим критериям: ученик в центре образования стоит как личность, которая умеет думать, исследовать, проводить опыты, умеет использовать функциональную грамотность, творчество в работе, работает индивидуально и в группе.[5]

Наследия Абая актуально и значимо в наше время. Философские труды Абая являются духовной поддержкой для всех нас. Его труды учат нас понимать окружающий мир и человека, не пасовать перед сложившимися трудностями, не бежать от сложных жизненных проблем, уметь сопереживать, видеть красоту слова, поэзии.

Гонясь за новым, зачастую мы забываем о прошлом наследии нашего народа. Как показывает практика «все новое - это хорошо забытое старое». Мы никак не можем обойти вниманием произведения Абая. Ведь более века назад великий мыслитель призывал нацию именно к модернизации, обновлению. Знакомясь с его произведениями, осознаешь, что он всегда говорил о своем желании видеть процветание великой нации и через свои произведения пропагандировал эту идею. Поэтому изучая Абая в школьной программе, надо чтобы обучающийся не только выучил, а надо, чтобы понял и понимал смысл каждого его слова, научился использовать наследие мыслителя в жизни и практике, передал из поколения к поколению. Изучая Абая, его произведения мы должны понять самого себя, развивать интеллект обучающегося, казахскую культуру. До конца своей жизни Абай был за развитие и процветание литературы и нации. Абай искренне желал, чтобы казахский народ неустанно учился и развивался. По словам поэта, основу прогресса составляют образование и наука. «Не постигнув наук, не хвались» – наставлял он, говоря о необходимости получения знаний для достижения высот. Словами «Мы не стремимся овладеть знаниями в целях наживы», – он подчеркивал, что основу благополучия страны составляют образованные граждане. Именно в таком контексте следует понимать изречение великого

Абая: «Не думай о выгоде, думай о чести, стремись знать, как можно больше». [6] Эти умозаключения актуальны и сегодня. Более того, их значимость стала гораздо выше. Существует мнение, что труды Абая имеют отношение только к литературе. Что мысли и идеи поэт направляет на духовное, нравственное воспитание. Тогда возникает вопрос. А кто движет наукой, делает открытия, изобретает? Человек! Кем бы ни был он учитель, ученый, космонавт, дворник..., он не должен забывать о достоинстве, чести, нравственности, воспитании. Нести ответственность за свои поступки. Мы видим, как быстро, семимильными шагами развивается наука в XXI веке.

Тема Абай – это вечная тема. Бесценность Абая – это неисчерпаемая ценность его философии, литературы. Мечта Абая – мечта народа. Мы не должны остаться в стороне от исполнения народных мечтаний и желаний. Назидания Абая приведут новый Казахстан XXI век и к новым высотам.

Наследие казахского поэта, просветителя, мыслителя, общественного деятеля и выдающейся личности в национальной истории Абая Кунанбаева неопределимы, его вклад в интеллектуальное и духовное развитие народа и прогресс современного общества велики.

Литературы

1. Карпык А.-Х. Абай. Наследники на перепутье. -Алматы: Агентство «Аль-Халел», 1995. - С.75-78
2. Абай Кунанбаев «Слова назидания».
3. НУР-СУЛТАН. КАЗИНФОРМ – МИА «Казинформ» публикует текст перевода статьи Президента Республики Казахстан К. К. Токаева «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан».
4. inform.kz https://www.inform.kz/ru/abay-i-kazahstan-v-xxi-veke-perevod-stat-i-prezidenta-rk-kasym-zhomarta-tokaeva_a3618011
5. https://www.inform.kz/ru/abay-i-kazahstan-v-xxi-veke-perevod-stat-i-prezidenta-rk-kasym-zhomarta-tokaeva_a3618011
6. inform.kz https://www.inform.kz/ru/abay-i-kazahstan-v-xxi-veke-perevod-stat-i-prezidenta-rk-kasym-zhomarta-tokaeva_a3618011

АБАЙ ДАНА ПЕДАГОГИКАСЫ

Асипова Акерке Кайыржанкызы
химия пәнінің мұғалімі
Кейкі батыр атындағы №4 жалпы
орта білім беретін мектеп
Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В данной статье приводятся аргументы бесценного вклада Абая на образование и воспитание, нашедшие своё отражение в его произведениях. Постигание педагогических взглядов Абая невозможно без изучения национальных истоков его творчества, без понимания того, что Абай впитал в себя все прогрессивное, что было в жизни самого казахского народа, в его народной педагогике, народной мудрости. Он был за светское образование и воспитание, развивающие ум, формирующие в человеке человеческое достоинство. Исходя из проделанной работы мы видим, что наследие Абая передается и будет передаваться на все поколения. Актуальность данной статьи в том, что её можно использовать на уроках русского языка, литературы, истории и на внеклассных мероприятиях.

Ключевые слова. образование, педагогика, учение

Annotation. This article presents the arguments of Abay's invaluable contribution to education and upbringing, which are reflected in his works. Comprehension of Abay's pedagogical views is impossible without studying the national origins of his work, without understanding that Abay absorbed all the progressive things that were in the life of the Kazakh people, in their folk pedagogy, folk wisdom. He was for secular education and upbringing, developing the mind, forming human dignity in a person. Based on the work done, we see that the legacy of Abay is passed on and will be passed on to all generations. The relevance of this article is that it can be used in Russian language, literature, history lessons and extracurricular activities.

Keywords: education, pedagogy, teaching

Абай халықтың болашағы жастарды адамгершіліктің игі қасиеттеріне тәрбиелеуші үлкендерден ұстаздық шеберлікке лайық қабілет болуын талап етті. Бұл ойын ақын: «Ұстаздық қылған жалықпас Үйретуден балаға...» – деп тұжырымдады. Абайдың педагогикалық көзқарасы қазақ жерінде патриархалдық-феодалдық қатынастар әлсіреп, капиталистік қатынастардың өмірге ене бастаған кезеңінде қалыптасты. Ақынның ағартушылық ой-пікірлерінің қалыптасуына игі әсер еткен арналардың алғашқысы – ақынның дүниеге келген ортасы. Жас Абайдың бойына адамгершіліктің ізгі қасиеттерін ақ сүтімен қоса дарытқан ана мейірімінің қуаты. Кеудесі шежіре-тарих, аңыз-әңгімеге толы, халықтың салт-дәстүрлерін жетік білетін мейірбан әжесі Зере мен мінезге бай, тілге шешен анасы Ұлжан бала Абайды өз алдына бір бөлек рухани қазына бесігі болып тербетті. Өскенбей шаңырағына бекем орнаған «Қарашаңырақ мектебі», Асыл әжелердің басшылығында жұмыс жасаған «Дана Аналар» мектебі, Білікті аталар арқылы бұл әулетте жұмыстаған «Дана Аталар»

мектебі ауыл балаларымен бірге жас Абайды үкілеп өсірді, айтулы адам болдырды. Осы отбасы мектептерінің өзіндік педагогикасы қашаннан бар болатын, Абай дана педагогикасында бұл дәстүр ұнасымды орын тауып, сабақтастықпен жалғасқан. Талантты жастың өз бетінше ден қоя оқыған, құныға тыңдаған ауыз әдебиеті шығармалары туған халқының өмірі мен дәстүрін, арманы мен мұңын ертерек танып білуіне себепші болды. Өмір заңдылықтарын түсінуге ілгері ықпал еткен әке тағылымы да ақын бойында ұстаздық қасиеттің қалыптасуына үлкен әсер етті. Туған халқының рухани мұрасын жан-жақты игеріп, Батыс пен Шығыстың ғылыми ой-санасын сыншылдықпен бойына сіңіру арқылы Абай қазақтың қоғамдық ой-пікірін өзінің ағартушылық тұрғыдағы тұжырымдарымен байытты. Ақынның жастарды білім алуға, ғылымға, адамгершілікке үндеген педагогикалық топшылаулары шығыстың атақты ғұламалары Әлішер Науаи, Ғ.Дауани, Әл-Фараби т. б. ой-пікірлерімен сабақтас, өзектес келеді. Ол орыстың алдыңғы қатарлы ойшылдары мен көрнекті педагогтарының маңызды тәлім- тәрбиелік ой-толғаныстарын өзіндік құнды қағидалармен толықтырып, кейінгі ұрпаққа ағартушылық жаңа дәстүр қалдырды [1], [2].

Абайдың айтуынша, адамның өмірі мен оның бүгіні, болашағы үшін ең басты қажеттілік, адамның мақсатына, мұратына жетуі үшін өзін және қоршаған ортаны кеңірек танып, оның нәтижесін шындықты өтіріктен, әділеттілікті әділетсіздіктен, қайырымдылықты қатыгездіктен айыра білуі қажет.

Абай педагогикасы тәрбиелеу ілімінің әрі тереңі, әрі тұнығы. Ол бес баулудан тұрады.

1 Елдікке, ерлікке, Отаншылдыққа баулу. Бұл Арғы қазақтан келе жатқан ұласпалы дәстүр, текті де, тегуірінді қасиет. Мұны бар қазақ, еш адам, ешуақытта аттап кете алмайды, қанға сіңген қатал тәрбиелік ұстаным. Оны бойына сіңірген адам ғана толық адам, нағыз қазақ бола алады.

2 Кісілігі мол кісі болдыру, адамшылыққа баулу.

3 Имандылыққа баулу.

4 Өнер, білім-ғылымға баулу.

5 Өмірге дайындау, еңбекке баулу. Осы баулу мектептерінен өткен, адамшылықтың асыл қасиеттерін бойына сіңірген, өнер, білім-ғылымға көргенділікке қол жеткізген, қоғамда өз орнын таба білу (өміртану) ғылымын игеруші жанды атамыз, толық адам деген. Олай болса Дана Абай педагогикасы—заманауи толық адам қалыптастыру ісінде тұғыр боларлық, Қазақстан білім жүйесінде, жастарға тәлім-тәрбие беруге ғылыми негіз боларлық ұлтанды ілім болып табылады. Абайдың өз шығармаларындағы негізгі ұстанған этикалық қағидасы – бұл «Адам бол!» деген үндеуі – ол ақынның шығармашылығының өзегіне айналды. Абай үндеуінің этикалық мәні адамның өмірдегі міндеті мен ролін жоғары бағалау. Адам – ақын көзқарасында, ақыл ойдың, адамшылықтың, еңбексүйгіштіктің және білімділіктің, достық пен махаббаттың түгелдей көрініс табуы, жинақталуы. Ай мен күн – аспан әлемінің әшекейі, орман мен жемістер – таудың әшекейі, ал жердің сәні – адам. Абай үлкен мақтанышпен: «Адам деген даңқым бар!», – деп жар салады [3, 86 б.].

Абай дүниетанымы мен философиясындағы даналықтың қыр-сырын, бүгешүгесіне дейін ашып көрсете білген профессор Т.Х.Рысқалиевтің пікірінше: «Абай даналыққа, даналықты білдіретін сөзге, іске, мінез-құлыққа ерекше мән берді; ол даналықты танып, ажырата білді, жүзеге асыра білді. Даналық Абай ілімінде теориялық концепция болып қалған жоқ, өмір сүру тәсіліне айналды.» «...Абайдың түсінігі таң қалдырады. Оған дейінгі, одан кейінгі қазақ ойшылдары мен ғалымдарында кездеспейтін түсінік. Өткенді де, қазіргіні де, болашақты да қамти алған түсінік. Оқумен, тоқумен, тәжірибемен, ойланумен, толғанумен, терең бойлаумен келген түсінік. Адамды өсіретін, сонымен бірге кімнің кім екенін, ненің не екенін таразыға салып өлшеп беретін түсінік» [2, 44 б.]. Сондықтан да, Абай педагогикасы да, таңқаларлық терең әлем!

Абай педагогикасында бала тәрбиесінен бастап тұтас ұлттың, халықтың санасына ықпал ету мақсатындағы ойларын ортаға салды. Оның тәрбиелік бағыттағы ойлары кең ауқымдағы ағартушылық идеяларға ұласты. Бұл тұрғыда Абай ұлттың бір ғана белгілі тобының тілек-мүддесіне орай идеялық мақсат ұстанған жоқ, тұтас ұлттың, халықтың болашағы туралы, күнделікті мұң-мұқтажы, қажетті іс-әрекеті туралы ой қозғады. Халықтың бірде-бір тобын жекелеп алып қарамай, тұтас сөз қылды. Қазақ қоғамындағы әрбір әлеуметтік топ өкілдерінің мінез-құлқы мен қасиеттерін ашып көрсетуінің себебін ақын жиырма екінші қара сөзінде: «Байды қадірлейін десең, бай жоқ. Бай болса өз басының, өз малының еркі өзінде жоқ. Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреуді бір пайдама келтірем деп мырза болып жүр. Мықтыны сыйлайын десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ. Есті кісіні тауып құрметтейін десең, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Қулық, сұмдық, арамдық, амалға елдің бәрі есті» [1, 129 б.],- деп түсіндіреді. Абай өз халқының бойындағы жаман мінез-құлықты, еңбексіздікті, ғылымнан мақрұмдықты сынады. Ол халқын еңбек етуге, ғылымды меңгеруге, адамгершілікті болуға үндеді Білімнің негізі-еңбекте, талапта. Ой еңбегін атқарудың ерекшелігін игеруде талаптанып және оған үнемі жаттығып, машықтанса, бұл саладағы қиындықтың да болатындығына Абай дәл бағыт береді. «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге. Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге.» Оқу мен білімді меңгеру тұрғысынан қарап: «Талап әр балада бар,-дейді ақын,- оған талас қылуға болмайды. Егер талапты ескеріп,күтіп тәрбиелей білсе,ол дамып,өрістеп жетіледі. Ал оған мән бермесе,өз-өзінен жоғалып кеткенін адам байқамай қалады»,-деп, оның қалай жоғалып кеткенін айналасындағы жұртшылық та байқамай қалатынын айтады. Абай не қажет,не залал-осының бәрін білімді адам толық біледі,өз өмірін жандандырады,өз халқына пайдасы тиеді деп ұғынды. Жастардың бірінші міндеті ғылымға, білімге, білуге талпыну деп білді. Абай ғылым үйрену деп мынадай талаптар қойды. Отыз екінші қара сөзінде: «Білім – ғылымды үйренбекке талап керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар: әуелі білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесі керек болады деп іздемеске керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектің өзін дәулет білсең, һәм әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгеніңді берік

ұстап,білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар,махаббат пайда болады.Сонда әрбір естігенінді,көргенінді көңілің жақсы ұғып,анық өз суретімен ішке жайғастырып алады»,-дейді. Көреген Абай ғылымды үйренушілерді екі топқа бөледі. Бірі-сол ғылымды ақиқат үшін,білу үшін үйренушілер де,екіншісі-бақас үшін, яғни біреуден озу, біреуден жоғары болу мақсатын көздеушілер. Біріншісі-сөз жоқ, нағыз ғалым, ғылымға нағыз берілген адам. Ал екіншісі - ғылыми дәрежені жеке басының пайдасына бір жолата бұратын, Абай заманынан бері келе жатқан,біздің заманымызда да кездесетін ғалымсымақтар. Абай ғылымды үйренуге тойымдық жасап,жеткілікті деп отырып қалмау жөнінде он екінші қара сөзінде былай дейді: «...үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей,үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып,үйренгенін қойса, оны Құдай ұрды, ғибадат болмайды»,-дейді. Кеменгер Абай ғылымды іздеп,тауып үйренген адамда енді бір мынандай қасиет керектігіне отыз екінші қара сөзінде былай мән береді: «Ғылымды,ақылды сақтайтын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен,жеңілтектікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез-келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып-үйреніп те пайда жоқ. Қонарға орны жоқ болған соң,оларды қайда сақтайсың?»,-дей келіп, алған мақсаттан таймайтын табанды болуды талап етеді: Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң арқаланң Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан, -деп, ғылым қуған жастар әр нәрсеге көре желікпе, қызыққуғыш болмай, мақсатты болу, сол жолға өзін даярлау керектігін ескертеді. Абай ғылымды кімнен үйрену керек деген сұраққа шығармаларында толық жауап береді. Мысалы, ол «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде мынандай пайымдаулар айтады: «Білгендердің сөзіне, Махаббатпен ерсеңіз. Ақыл сенбей сенбеңіз, Бір іске кез келсеңіз. Ақсақал айтты, бай айтты, Кім болса, мейлі, сол айтты, Ақылменен жеңсеңіз?, -деп, яғни өзіңнің көзің жетпей ештеңеге, ешкімге сенбе дейді. Мұны жазған кісінің, Атын білме, сөзін біл! Егер түзу көрінсе, Ойлап-ойлап, құлаққа іл». Ал ғылымды кітап арқылы ғана игеруге болытынын және аңғартады. «Интернатта оқып жүр» деген еңбегінде: Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге,-дейді. Білім-ғылымды көбейту үшін адам бойында ойласып, пікір алысатын, екінші, ол пікірді сақтап қорғайтын екі түрлі қуатты қасиет болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды. «...Мінезде арды, ақылды сақтарлық қайраты бар болсын. Бұл ақыл үшін, ар үшін болсын...» «Ақылға кесел нәрселерден сақ болған жөн. Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар. Көкірегі байлаулы берік болу керек. Сол нәрсені естігенде я көргенде бірдемеге үлгі етіп, ұқсатып, бар ынтамен ұғу керек. Бірнеше рет қайталап, көңілге бекіту керек. Ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Ол кеселді нәрселер: салғырттық, уайымсыздық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, болмаса бір нәрсеге құмарлану, бұл төрт нәрсе ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер. (31-қара сөз) [4,173-174]. Адам бойындағы кеселді нәрселердің ең жағымсызы, Абайдың пікірінше, ол – уайымсыз-салғырттық. Салғырттық – құдайдың да, елдің де, үлгінің де, ақылдың да, ардың да қас дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды, – дейді ғұлама Абай. Абай білім алуды, ғылым үйренуді жастық ісі деп

қарайды: Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра-
тексермедім. Ер жеткен соң, түспеді уысыма, Қолымда мезгілінен кеш
сермедім. немесе: Жастықтың оты қайдсың, Жүректі түртіп қозғамай?
Ғылымның біліп пайдасын, Дүниенің көркін болжамай. Абай жасөспірімдерден
көп үміт күтті, халықтың ілгері дамуына, жаңа заманға ие жастар екенін баса
айтты. Жастар айналысар іс-өмірлік мұратпен сай келуі керектігін ескертті.
«Дүниенің һәм көрінбеген сырын түгендеп, ең болмаса, денелеп білмесе,
адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, жан адам жаны болмай, хайуан
жаны болады», - дейді Абай. Ақылды, білімді адамды құрмет тұтты: «Бақпен
асқан патшадан, мимен асқан қара артық», - деп жастардың білімді
болып, ғылымды игеруі арқасында, ел-жұртына, заманына көп пайда келтіре
алатынына кәміл сенеді. Оның білім, ғылымға, өнер үйренуге бағытталған
көзқарасы жалпы дүниетанымына, философиялық ойларына негізделеді, білім,
ғылым ақын пікірі бойынша дүние, мал табудың көзі болуымен пайдалы. Абай
“дүние де өзі, мал да өзі ғылымға көңіл берсеңіз” немесе “түбінде баянды еңбек
егін салған, жасынан оқу оқып білім алған” деген. Осы арқылы ол адамдарды,
әсіресе, жастарды оқу, ғылымға қызықтырғысы келеді. Ол ғылым, өнердің мал
тауып жақсы өмірге тұғыр болатынын “ниетің түзу болса сенің аппақ, ғылым,
өнер, мал таппақ жұртқа жақпақ” дей келе, өнер туралы “әуелі өнер үйренелік
қолдан келсе”, немесе “ұқпасын ба сөзді тез сөз өнері тұр таяу” деп өнер мен
ғылымды адамның қабілетімен байланыстырады. Жастық қайрат, сергек ақыл,
қаны тасыған жүрек қана шынайы махаббатпен айналысқанда ғылымның
көсегесін көгертеді. Көсегесі көктеген ғылым ғана елдің еңсесін тіктейді.
Өркениет әлеміне тікелей жол ашады. Ғылымы мен білімі дамыған
мемлекеттердің бүгінгі қол жеткізген жетістіктері осыған меңзейді. Мұның бәрі
бүгінгі қоғамда өмір сүріп жатқан жастарымызға тікелей қатысты, ғибраты
мол, өнегелі сөздер.

Қазіргі білім беру саласындағы Абай дана педагогикасының шеттетілуі
жарамсыз-ақ. Егер Абай дананың бүгінгі таңға жеткен жетілген толық адам
педагогикасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне толығынан
тәрбиелеу, білім беру ісінде тұғыр етіп алынатын болса, ол осы жүйеге білім-
ғылым-технологиялық революция әкелер еді.

Әдебиеттер

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I -том.
2-том. Алматы, “Ғылым”-1977
2. Қазақ ағартушыларының философиясы / Қазақ халқының
философиялық мұрасы: 20 т. — 10-т. — Астана: Аударма, 2007.
3. Абай. Қара сөздері. Алматы 2006
4. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас
редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9

АБАЙДЫҢ ЖОЛЫ ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ, ТАПТЫРМАС ТӘСІЛІ

Аубакирова Асель Аубакировна

аға оқытушы магистр

Aubakirova_aa@mail.ru

Пернебай Асылай Нұрланқызы

студент

Pernebay.asylay@mail.ru

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық
педагогикалық институты Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье рассмотрены роль и значение духовного наследия Абая в области педагогики. Особое внимание уделялось его мудрости и индивидуальности, умелости решать общечеловеческие проблемы.

Ключевые слова. Поэт, педагогика, поколение, народ, история.

Annotation. This article examines the role and significance of Abai's spiritual heritage in the field of pedagogy. Special attention was paid to his wisdom and individuality, ability to solve universal problems.

Keywords. Poet, pedagogy, generation, people, history.

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы - соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ. (Ахмет Байтұрсынов)

Абай Құнанбаев – қазақтың қаныны біткен ақын, қазақ даласының ойшылы, халықтың мұңымен мұңдасқан, үнімен үндескен, көңілді кір басып, қараңғылық орнаған сәтте сәуле болып шуағын шашып, жүректен ойсырата орын алған, ұрпаққа нәр сыйлап, қазақ рухын көтеріп, көзін ашып, өрлеу жолына бастаған, өлшеулі өз ғұмырын, тәнін, тілін, мінезін, тұрмыс-тіршілігін, рухын халыққа арнаған таңғажайып тұлға.

Абайдың жолы, өмірі мен өнері озық та өнегелі, баянды да бақытты ғұмыр кешуге насихаттайтын сыр мен сымбатқа толы. Оның әдебиет пен сөз өнеріне берілгендігі сонша, өлең-сөздің қадір-қасиетін қашырмай, халықтың мұңлы шерін, қиын-қыстау кезеңін, халықтың басына түскен зорлық-зомбылықты терең сезініп, жүрегімен түсініп, байлар мен көсемдерге, билер мен болыстарға азулы, өткір тілімен, көркем жырымен жеткізе білген. Оның өлеңінің бір естігенде-ақ терең ойға батып, тағылымды әрі мағыналы әсерге ие Абай Құнанбаевтың өзі мен сөзі бай патшалардың мүддесі емес, ел мұңы мен зарын жырлаған, сезімі сыршыл, танымы бөлек өлеңдерімен ұлтының ұлы мұратын іске асыруға ұмтылған.

Абай мұрасы - келер ұрпаққа қалдырған асыл қазына. Оның өмірлік ұстанған негізгі мақсаты - адам тәрбиесі, білімді қазақ. Абай халықтың кәрісі мен жасына, ұлы мен қызына өмірлік азық өнер-білім, тәлім-тәрбие, достық-жолдастық, адалдық, мейірімділік, халқына деген сүйіспеншілік сияқты адами қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ісімен де жеткізе насихаттай білді. Халық қамын, мұң-мұқтажын тебірене жырлаған ойшыл, дана, дара ақын жастарды «толық адам» ету мақсатында аянбай еңбек етіп, сындар мен сынақтарға қарсы тұра білді.

Ақын педагогика, ғылым, білім саласына беріліп, сол сала төңірегінде ғылыми шығармалар жазып, педагогикалық іспен айналыспаса да, ақынның шығармалары мен қарасөздерінен ұрпаққа қайтсе де тура жол нұсқап, тәрбиелеу мен оқытудың кейбір дидактикалық қырлары жөнінде тәлім-тәрбие, астарлы, салиқалы ойлар мен тұжырымдарды көп кездестіруге болады.

Ақын жастар тәрбиесінің қыр-сыры мен оның өзекті салаларына баса назар аударды, жас ұрпаққа үміт арта отырып, олардың жүрек сезімін оятып, өзінің көкейкесті мақсат-мұраттарына жұмылдыруға ұмтылды. Жастардың еңбек етіп, ғылым мен білімге ден қоюы, алда тұрған мақсаттарына жету жолында табандылық көрсетуі қажеттігі сияқты асыл қасиеттерді уағыздау - Абайдың бүкіл ақындық қызметінің негізгі де үзілмейтін идеялық- тақырыптық желілерінің бірі. Абай мектепте оқып жүрген қазақ балаларына үміттеніп қарап, елдің болашағы осылар деп қуанды. Елдің мешеулігін, халықтың қараңғылығын, надандықты әшкерелеп, жаңа өмірге бастар жол оқу-ағарту, адамның рухани жағынан азат болуы деп түсінді. «Адамның білімі, өнері - адамшылықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі - жастық шақты оқуға, ғылымға жұмсауды еске салады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, білімдіден үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс дей келе: «Дүние де өзі, малда өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз...», - деген тұжырым ұсынады.

Ақын ғылым жолына түскен жастарға оны тек жеке басының қамы, бәсекелесу үшін емес, халқына адал, абыройлы қызмет ететін, жан-жақты жетілген, білімді - «толық адам» болып шығу үшін өз білгенімен бөлісіп, ақыл айтып: «үйреніп жеткенше осы да болады ғой деп тоқтамай, үйрене беру керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды», - деп, оларға тынбай еңбектеніп, білім жолын қууға, үздіксіз ізденуге кеңес береді. Абай қазақ жастарын әр нәрседен қызық көріп, көрсеқыазарлыққа салынбай, өнер-білім үйренуге, әлемді тануға, ғылым, тазалыққа бағыттайтын білім алуға шақырды. Ол оқу-ағарту саласындағы таптық, ұлттық және мүліктік шектеулерге қарсы шығып, оқытудың ана тілінде жүргізілуіне баса назар аударды. Абай отыз сегізінші қара сөзінде ғылымды әл-Фарабидің үлгісімен сала-салаға бөліп, ұстаздарға ғылым негізін жоспарлы және жүйелі түрде балаға түсінігіне түсінікті, қызықты, тартымды етіп оқытуға, білімді өмір талабымен ұштастыра білуге кеңес береді. Ақын ғақлияларында оқудың шәкірттердің ынтасын арттыратындай түсініктілігі мен ерікті, көрнекілігі жайлы құнды дидактикалық пікірлер айтты. Ол жеке адамның қалыптасуына оқу-ағарту ісін ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесімен тығыз сабақтастыра қарастырады. Ақын түсінігінде адамгершілік тәрбиені құрайтын қасиеттер: адам баласын сүю, адамдардың бір-біріне адал, мейірімді және бірлік, ынтымақта болуы. Ол адамгершілікке баулуда жастардың сол замандағы мінез-құлық олқылықтарын өз бойларынан іздетіп, олардан арылуға, өзін-өзі тәрбиелеуге өсиет етті. Жасөспірімдердің мінез-құлық, адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген Абай: «Тез үйреніп, тез жойма, Жас уақытта көңіл-гүл...» - деп, жас баланы тәрбиелеуді өте ерте қолға алып, олардың дақ түспеген

санасына ізгі қасиеттерді еге білу қажеттігін ескертеді. Ол өзі өмір сүрген әлеуметтік ортада орын алған бес түрлі зиянды мінез-құлықтан адам боламын деген әрбір жасөспірімнің сақтануы керектігін ашық айтады. Адам өзіне-өзі сыншы болу керек: «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір, өзіңнен есеп ал», - деген Абай тұжырымы жастардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырып, олардың бойында өзіне деген берік сенімін қалыптастырады.

Ойшыл ақын адамдар арасындағы адалдық пен сезім тазалығына негізделген шынайы достық пен жолдастықты жоғары бағалады. Достық бағзы заманнан бері адамзатпен бірге жасалып келе жатқан жасампаз ұғымдардың қатарына жатады. Ол туралы әр ұрпақ заман шындығы мен талабына орай ой қорытты. Абай Ғ. Дауанидың достықтың табиғаты мен негізгі өлшемі жайлы айтқан пайымдауларын жүйелі тұжырымдармен байытып, достықтың мәнін кең тұрғыдан терең түсіндіріп берді. «Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым, Етек басты көп кердім елден бірақ...» - деп, өзі ескерткендей, заманында достық пен қастықты, әділдік пен қиянатты басынан мол кешіріп, өмір талқысы ой салған Абай өзі қастерлеп, ардақтаған достық пен жолдастықты келер ұрпаққа өсиет етіп жеткізуді азаматтық борышым деп білді. Ақын әділетсіздік жайлаған феодалдық қоғамдағы достықтың өлшемі малы үшін, күні үшін жағымпазданып, екіжүзділік жасау деп түсінетін жалған достықты жеріне жеткізе сынады. «Жаман тату қазады өзіңе ор, Оған сенсең, бір күні боларсың кор...» - деп, жалған достықтың бет пердесін әшкерелеп, жастарды жағымсыз жалған қылықтан сақтандырады. Ақын нағыз адал, шынайы достықтың күдіретті күшіне терең талдау жасайды. «Жолдастық, сұхбаттастық- бір үлкен іс, Оның қадірін жетесіз адам білмес. Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас, Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес...», - деп, құрбы-құрдас, дос-жолдас болып жүріп, көзі жоқ жерде жолдасын жамандап, келеке ететін екіжүзді залымдарды сынға алып, оларға адал достық пен шынайы жолдастықты қарама-қарсы қояды.

Ойшыл ақын жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде гуманизм, отаншылдық және интернационализм принциптеріне достықты, әділеттілік пен мейірімділікті негізгі қазық етіп алды. Абайдың ұлттар достығы, интернационалдық тәрбие жайлы ойлары өз халқына деген сүйіспеншілік сезімінен туындады. Көршілес халықтардың озық дәстүрлеріне, жетістіктеріне үңіле қарап, соларды үлгі-өнеге тұтты. Озық ойлы ақыл-ой иелерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, жақсы тәлім-тәрбие үлгілерін батыл насихаттады.

Жастарды адамгершілік рухында тәрбиелеп, оларға ғылым мен білімге бастар жолды көрсете отырып, ақын бұл мәселелердің шешімі еңбекте деп білді. Ол еңбектің адам мен қоғам өмірінде алатын қызметіне зор мән берді. Абай шығармалары олардың әр түрлі кәсіпті еркін меңгеруіне ықпал етіп, еңбекті тиімді ұйымдастыру жолдарына баулыды. Ақын жастарды бойындағы күш-қуатын пайдалы еңбекке жұмсауға шақырды. Өз заманындағы еңбекке салғырт көзқарастың зардабын дәлелдеп, адам бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуында еңбектің атқаратын шешуші қызметіне талдау жасады.

Жастардың айналысар кәсібінің аясы тарлығына тоқталып, өзімен көршілес халықтардың егіншілік пен қолөнерін, сауда жасауды, түрлі кәсіпті үйренуге үндеді. Ақын кейбір жастардың бойындағы еңбекке икемсіздігін, құлықсыздығын, жалқаулығын сынап, берекесіз адамның болашағы жоқтығын әрдайым еске салып отырады. Жастарға жеке басыңның қамын күйттеп кетпей, халқыңның жарқын болашағы үшін еңбек ет: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың», - деген өсиет қалдырды. Абай қалың бұқараны адал еңбекке үндеді, құлық-сұмдықпен, алдау-арбаумен, ұрлық-зорлықпен, еңбексіз тапқан мал мен мүліктің: «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы сықылды тез суалар...»- деп, ондай арзан дүниенің жұғымсыз екенін ұқтырды. Ол қалың қазақ жұртшылығын адал, қарапайым еңбекті қадірлей білуге, ерекше құрметтеуге және оны бағалай білуге үндеді. Жастардың әрбірінің айналысар кәсібі болуын, ол кәсіпке дағдылану машығының неғұрлым ертерек басталуын, жастық шақта еңбекке деген ұмтылыстық, икемділіктің тұрақты қасиетке ұласуын құптады. Еңбек етуге де өзіндік байлам, талаптылық пен берік табандылық сияқты қасиеттердің керектігін ескертті. Ақын әрбір жастың келешегінің нұрлы, болашағының жарқын болуы адал еңбегі арқылы жүзеге асатыны туралы терең педагогикалық тұжырым жасады.

Абай жастарды еңбекке үйрету жолында, отбасы тәрбиесі мәселесінде ондағы басты тұлға ата-ананың жауапкершілігі мен жүктемесіне, міндетіне ерекше назар аударды. Ұрпақ жауапкершілігінде ең бастысы әкеге салынатын жүкті ескертіп, әкенің ақылы мен көрсетер бағдары болмай еңбекке, тура жолға, мәнді өмірге дұрыс баулу, жас ұрпақтың бойында игі қасиеттерді қалыптастыру мүмкін емес екенін айқын көрсете білді. Сондықтан, баланы азамат болып - «толық адам» етіп тәрбиелеу үшін, үлгі алар ата-аналарының сол дәрежеге сай, өнегелі болуын талап етті. «Басында әке айтпаса ақыл жарлық, Ағайын табылмаса ой саларлық. Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен, түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?» - деп, ойын-сауықты қызықтап, өмірді белгілі бір мақсатсыз, дәурен құмарлыққа салынып босқа өткізудің соңы жамандыққа, надандыққа алып келетінін, қалайда ата-ананың ақылына көңіл бөліп, басшылыққа алуы керектігін еске салады. Абай Құнанбаев әкенің игі қасиеттері - оның адамгершілігі, еңбексүйгіштігі, отбасы, жарына адал болуы деп есептеді. Әкенің отбасына, жарына деген сүйіспеншілік сезімі үй-ішіне күн сәулесіндей нұрын төксе, әкесі ақылды үйден, анасы таза, тату болса, басындағы баспана құдды жұмақтай болса, бала жақсы мінезге, асыл қасиетке малынып, игі іс істері хаққа аян. Осы орайда, ақын өз отбасынан безініп ел кезіп, қызыққұмарлыққа салынып, өз отбасының құтын қашырған, ұрпақ тәрбиесіне мән бермейтін әкелерді сынға алады.

Абай ұрпақ келешегіне жауапты адамы - әке деп танумен қатар, ұрпақ тәрбиелеудегі ана орнын да ерекше атап өткен. Ананы өз туғанының алғашқы, ең ардақты, өнеге тұтатын тәрбиешісі деп білді. Қыз баланың тәрбиесіндегі ананың беретін тәрбиесінің ықпалына Абай педагогикалық жағынан қыр-сырып ашып, талдау жасап, келісті тұжырымдар айтып кеткен. Ол қыз балаларды

отбасылық өмірге ерте, бала шақтан әзірлеу керектігіне көңіл аударған. Қыз күнінде таза, жинақы болып жүрген қыз баласы, тұрмыс құрған соң еш қиналмай, ана жолын қуып, еңбекпен айналысқаны тайға таңба басқандай көрініп тұратынын айтқан. Сондықтан ол қыз бала тәрбиелеп отырған аналарға оның тәрбиесінде қазақ дәстүрін негізге алуды ұсынды. Қазақ тәрбиесінде аналар бой жете бастаған қыздарына ине ұстатып, үйдің шаруасына баулыған. Осындай аналарды ақын қатты құрметтеп, қалыңдық іздеген жігіттерге тәрбиелі ананың қызына көз салуды ескертті. «Жасаулы деп, малды деп байдан алма, кедей қызы арзан деп құмарланба. Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, ата-ананың қызынан ғапыл қалма», - деп, өзіне қатын, отбасына келін, ұрпағына ана таңдағанда тәрбиелі, ақылды ананың перзентін малды болмаса да бағалап, өзіне жолдас ет деген аса құнды ақылын айтқан. Бойында адамгершіліктің игі қасиеттерін жиған қыз болашақ көтерілер шаңырақтың ажырамас іргесі, мәні мен сәні деп есептеді. Болашақ отау құру мәселесінде қыз балалардың оң солын таныған оқыған, білімді азаматша болуына ерекше ден қойды. Ең болмағанда, оқу-жазуды білу керектігін айтып, сауатын ашуға шақырды.

Абай болашақ отбасы болып, шаңырақ құрғалы жатқан жастарға отбасылық өмірдің қызығы мен қатар шыжығы да, қиындығы болатынын, оны жеңу жолында шыдамдылық танытып, сабыр көрсету керектігін, алдын ала дайын болу қажеттігін ескерте кеткен. Отау құрған жастардың бір-бірін, бір-бірінің әулетінің мүшелерін, келін болып түскен ауыл адамдарын құрметтеуді парыз етіп, мінез-құлық пен іс-әрекеті арқылы абыройлы болуды насихаттайды.

Абай ақын, ағартушының өзі де, сөзі де, өмір жолы да, аманат еткен шығармалары да, өмірдің сан қилы жайттарына арнаған қара сөздері мен қазақ дәстүрін насихаттаған туындылары барлығы дерлік тұнған тәлім-тәрбиеге, үлгі-өнегеге толы. Абайдың жолы ұрпақты тәрбиелеудің тиімді жолы, таптырмас тәсілі.

Әдебиеттер

1. Бейсембиев К. Мироззрение Абая Кунанбаева. - А., 1956;
1. Тажибаев Т.Т. Философские, психологические, педагогические взгляды Абая Кунанбаева. - А., 1957;
2. Шаймерденова К. Педагогические взгляды Абая Кунанбаева. - А., 1990.
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы,
4. <https://egemen.kz/article/156660-abay-%E2%80%93-manhgilik-poeziya>

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ФИЗИКА

Аубакирова Асель Аубакировна

аға оқытушы, магистр

Aubakirova_aa@mail.ru

Ташибаев Спандияр Талгатович

Студент, tst.99@bk.ru

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В этой статье описывается еще один характер стихотворений Абая. Стихи Абая Құнанбайұлы рассказывают о том, что его стихи не только богаты лирикой, но и раскрывают физические явления. Это говорит о том, что Абай Құнанбайұлы является мастером своего дела.

Ключевые слова. Физика, поэт, стихотворение, лирика, наука.

Annotation. This article describes another character of Abay's poems. Abay Kunanbay's poems tell us that his poems are not only rich in lyrics, but also reveal physical phenomena. This suggests that Abay Kunanbayev is a master of his craft.

Keywords. Physics, poet, poem, lyrics, science.

Абай Құнанбайұлының есімін естігенде құлағымыз елең ете қалатыны белгілі. Абай атамиздың даналығы, өлеңдері мен қара сөздерінің ғажаптығын айтпаған ғалым жоқ шығар бәлкім. Абай өлеңдеріндегі мән-мағынаны бізде өзімізше зерттеп көруге тырыстық.

Абай өлеңдері арқылы өз идеямызды жүзеге асыру барысында ешқандай қиындық тумады, себебі Абай атамиздың өлеңдерінде барлық ғылымның «қаймағы» бар. Неге ақын Абай елдің басшысы бола тұра үкіметті сынады? Неліктен гуманитарлық бағытта ғана жұмыс жасап жаратылыстану бағытында еңбектенбеді? Неліктен ол мүмкіндігі жоғары болса да, өз мүмкіндігін пайдаланып нақты ғылымға бет бұрмады? Осындай сұраққа жауап беру үшін Абай заманындағы нақты ғылымның деңгейін дәйектеп көрелік.

Абай өмір сүрген кездегі физика ғылымының жағдайына көз жүгіртсек. Физика тарихындағы үшінші (қазіргі) кезең ХІХ ғасырдың соңғы жылдарынан басталды. Бұл кезеңде зат құрылысын, оның микроқұрылымын тереңірек зерттеу қолға алынды. Электрон ашылды, оның әсері мен қасиеттері зерттелді (Дж. Томсон, Г. Лоренц).

Электрондар динамикасына және электрондардың сәулелер өрісімен әсерлесуіне байланысты қазіргі физиканың ең жалпылау теориясы — салыстырмалық теориясы (А.Эйнштейн, 1906) пайда болды. Жаңа теория материя қозғалысын және сол қозғалысқа қатысты физиканың негізгі ұғымдары — кеңістік пен уақыт жөніндегі түсініктерді жаңа белеске көтеріп, олардың қасиеттері жөніндегі ғасырлар бойы қалыптасқан көзқарасты негізінен өзгертті. Салыстырмалық теориясы ғасырлар бойы қалыптасқан Ф. заңдарын түгелдей теріске шығарған жоқ, қайта оның қолданылу шекарасын анықтап берді.

М. Планк ХІХ ғасырдың соңында заттың сәуле шығаруы және жұтуы үздіксіз жүретін құбылыс емес, үздікті түрде, энергия үлестері күйінде өтетін құбылыс екенін көрсетті. А.Эйнштейн, Э.Шрёдингер, Л.Де Бройль, В.Гейзенберг т.б. Планк идеясын онан әрі дамытып, оны математикалық тұрғыдан бір жүйеге келтірді. Кванттық теория және оның негізінде кванттық механика осылай қалыптасты. Кванттық теорияның негізінде атомның әр түрлі қасиеттері және оның ішінде өтіп жатқан процестер түсіндірілді (Н.Бор т. б.).

XX ғасырдың 2-ширегінен бастап атом ядросының құрылымын және онда байқалатын процестерді зерттеуге, сондай-ақ элементар бөлшектер физикасының жасалуына байланысты физикадағы революциялық өзгерістер онан әрі жалғасты. ХІХ ғасырдың соңында радиоактивтілік және ауыр ядролардың радиоактивтік түрленуі ашылды (А.Беккерель, П.Кюри, М.Складовская-Кюри). XX ғасырдың басында изотоптар анықталды. Э.Резерфорд сс-бөлшектермен атқылау арқылы азоттың орнықты (ыдырамайтын) ядросын оттектен ядросына түрлендірді (1919).[1] Физикаға, жалпы табиғат әлеміне Абай Құнанбайұлының шығармалары тікелей байланысты. Физикалық құбылыстар мен табиғат заңдары Абай шығармаларында кең, әрі ғылыми негізінде көрініс тапқан. Мысалы, «Қыс» өлеңінде:

*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды...*[2] деген жолдарында:

«Ақ қырау» - кристалданған жұқа мұз қабаты. Бұндай кристалдар әртүрлі бейнеде, әртүрлі пішінде болады. Бұл дегеніміз ауадағы су буының қатуы салдарынан болатын физикалық құбылыс. Қырау болуы үшін міндетті түрде аздаған болсын аяз болуы керек. Ал аяз әрине, қыс мезгілінде болатыны анық. «Басқан жері сықырлап» - аязды күні ғана қар сықырлаған дыбыс береді. Сықырлау ауаның температурасымен тығыз байланысты болып табылады. Аяз қатты болған сайын дыбыстың да қаттырақ шығатыны белгілі. Қар дыбысының сипатына қарай ауаның температурасын біле аламыз. Қардың сықыры – қардың ең ұсақ жұқа кристалдарынан шығатын дыбыс. Әрқайсысы жеке-жеке бір-біріне соғылғанда адамның құлағы қабылдай алмайтын жиіліктегі дыбыс толқындары шығады. Барлығы тұтасқанда дыбыс қаттырақ шығып айналаға естіледі. Акустикалық зерттеулер нәтижесі бойынша, қар дыбысының спектрі шамамен 250, 400 Гц және 1000, 1600 Гц диапазондағы аса айқын емес, жазық максимум екендігі дәлелденген. Көп жағдайларда аз жиіліктегі максимум, жоғары жиіліктегіден бірнеше децибел артығырақ болады. Ауаның температурасы -60°C -дан жоғары болған жағдайда, жоғары жиіліктегі максимум тегістеліп, мүлдем жоғалады. Аяз күшейген кезде мұздың кристалдары қатая бастайды және сынғыш келеді. Қадам басқан сайын мұз инелер сынып, дыбыстың акустикалық спектрі жиілігі жоғары аймаққа ауысады. Ауаның температурасы -80°C -ден -200°C -ге өзгергенде қар сықыры 1 децибелге артады. Физика ғылымының дамуы – әлемнің физикалық бейнесімен тығыз байланысты. Оның өзгерісінен физика әлемінде жаңа түсініктер пайда болады. Қазір бұрын өмір сүрген адамдардың «үш ұйықтаса түсіне кірмейтін» құрылғылар жетерлік. Бұл физика, яғни нақты ғылымдардың жетістігі.[3]

«Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда» - деген жолдарды қарастырсақ, боранның «бұрқ-сарқ» етіп қозғалуы, ауа массаларының қысымы жоғары аймаққа, қысымы төмен аймақтан келуі нәтижесінде пайда болатыны белгілі. «Шидем мен тон қабаттап киген малышы»- бұл жерде жылуөткізгіштік қасиет қарастырылады. Адам қабаттап киім киген сайын киімдерінің арасында ауа қабаты пайда болып, сырттағы ауа температурасы ішке кіруі тежеледі, киім ішіндегі температура сақталады. Бәріміз білетіндей ауа жылуөткізгіштігі төмен орта болып табылады. Осы өлең жолдарындағы тон мен шидем жылуөткізгіштігі төмен материалдарға жатады.

«Желсіз түнде жарық ай» - деген жолдарда жалпы ай жарық болған түндері жел болмайтыны белгілі, жел – Жер бетіне қатысты ауаның көлденең қозғалысы болып табылады. Желдің қозғаушы күші Күннің көзі арқылы Жер бетіндегі қабаттардың бірдей жылынбауынан, ауа қысымының өзгеруі салдарынан туындайды. Жел Жер бетіндегі температураны реттеуші. «Сәулесі суда дірілдеп» - судың бетіне түскен ай сәулесі, судағы толқындар әсерінен діріл қаққандай көрініс береді. Судың бетінде механикалық толқындар туындайды. Сол себепті сәуле дірілдегендей болып көрінеді. «Тасыған өзен күрілдеп» - өзен тасыған кезде, су өзінің аққыштық қасиетіне сай бірнеше қабаттары пайда болады. Олар өзара әсерлескен кезде, күрілдеген қатты дыбыс шығады. Қатты жел болмаса, түнгі уақытта дыбыстың қатты шығатыны белгілі.

«Қалың ағаш жапырағы,

Сыбырласып өзді-өзі» [4] - ағаш қатты дене болғанымен серпімділік қасиетке ие, яғни ағаш қозғалысқа түскен кезде жапырақтардың да қозғалатыны заңды, жапырақтардың бір-біріне тиіп дыбыс шығаруын автор: «сыбырласып өзді-өзі» деп шебер жеткізген. Осындай шумақтар тұнып тұрған физика емес пе?! Ары қарай, осы қатарлы:

«Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде:

Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек,

Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек – жолдары адам жүрегінің физикалық механизм екендігі, жүрек арқылы қан қозғалысқа түсіп адамға энергия беретіндігі көрініс тапқан.

Үлкен шабытпен жазылған «Қансонарда бүркітші шығады аңға» [5] өлеңі физикалық ұғымдарға бай десем артық болмас. Қансонарда бүркітші шығады аңға – қансонар – ең алғашқы қар түскеннен кейін аңға шығатын уақыт болып табылады. Салаң етіп жолықса қайтқан ізі – із дегеніміз – векторлық параллель көшіруді береді немесе траектория сызығын көрсетеді. Қар-анпақ, бүркіт-қара, түлкі-қызыл - деген әдеби тіркестің табиғаттағы жарықтың шағылуына сәйкес келетінін көреміз.

Қорыта айтсақ, Абай Құнанбайұлының ұрпағы, кемеңгер, өз ұлтының ақыл-ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын дәл бейнелеп, қоғамдық дамудың қиындығын дұрыс көрсете білген ұлт қайраткері ретінде таниды. Абай – туған халқының, болашақ ұрпақтың өнегелі тәрбиешісі, ана тіліміздің бастауы, қамқоры, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушысы. Абай атамыз қозғамаған тақырып не мәселе бар ма?! Ол кісінің өлеңдері аз сөзбен көп мағына беруі, өмірлік тірі дүниелерге теңгеріп айтуы, заманда айтқан

мәселелер әлі күнге дейін өзекті, өз құнын жоғалтпаған. Абай Құнанбайұлының айналада болып жатқан физикалық құбылыстарды шығармаларына кіріктіруі, теп-тегіс жұмыр келген өлеңдеріне сән беріп әрлендіреді.

Әдебиеттер

1. Bilim-all.kz / Физик ғалымдар ашқан жаңалықтар
2. Bilimland.kz / Абай Құнанбаев. Қыс өлеңі
3. uniface.kz/ Ең атақты физиктер
4. Zharar.com / Желсіз түнде жарық ай,
5. Wikisource.org/ Қансонарда бүркітші шығады аңға., Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек

АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ТУРАЛЫ ТАҒЫЛЫМЫ

Байгенжина Злиха Байкенқызы
*А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы орта
білім беретін мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*
Арқалық қаласы
Baygenzhina62@mail.ru

Түйін. Қазіргі аласапыран уақытта жастарды патриоттық сезімге, адамгершіліктің асыл қасиеттеріне тәрбиелеудің бірден-бір қажетті құралы – бұл Абайдың «Толық адам» ілімі. Абай мұрасы – Адамды адам етіп тәрбиелеудің, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың қайнары. Ұрпақты Абай үлгісінде тәрбиелеу – ізгілікке, имандылыққа, адамдылыққа, биік адамгершілікке бастайтын жол.

Түйін сөздер. Құрмет, тәрбие, дамыту

Резюме. «Полное человеческое учение» Абая – один из важнейших инструментов воспитания молодежи в духе патриотизма и моральных ценностей в сегодняшнем беспокойном мире. Наследие Абая- это источники воспитания человека, формирования развитой личности. Воспитание поколения по примеру Абая- путь к добру, высокой человеческой нравственности.

Ключевые слова. Уважение, воспитание, развитие

Abstract. In our time develop patriotism among young people and humanity respect for each other-said Abai. He said that in order respect for everyoune, prime must be brought to young people. We need to educate young people as the great poet Abai.

Key words. Respect, educate, develop

Жастарға ұлттық тәрбие беруде адамның рухани дамуына, жетілуіне байланысты Абай ойларының маңызы зор. Абай адам тәрбиесіне өз шығармашылығында айырықша тоқталады. Қазіргі кезеңде жас ұрпақты рухани тәрбиелеуде Абайдың толық адам концепциясын тәрбие негізінде бірден-бір ұстаным етіп алуға болады.

«Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін. Күрделі мәселенің шешімін Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеген жөн. «Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі сөз. Бұл – тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты», - деп атап көрсетті мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында [1]

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек». Абайдың осы ұстанымы–жастарды адамгершілікке тұрғыдан өз-өзін танып білуге тірек болатын үлкен бір қағида. Қазақ жастарына ұлттық тәрбие беруде алдымен ішкі әлеміне үнілдіруді, сол арқылы адами қасиеттерді жетілдіру негізінде тәрбиелеудің маңызы зор. Абай толық адам болу үшін керекті адами сапаларды сараптап көрсетіп береді. Нағыз адам болу үшін *нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек* қажет. Абай адамның өз бойындағы ізгілікті сапаларды қастерлеп ұштай білуді мақсат тұтады. Абайдың өмірлік кредосы – ар жолы. Адамгершілік жолы, адалдық, әділдік, білім, ғылым. Ақын толғаныстарының ең басты түйіні – адамшылықты сақтай отырып халқымен бірге болу, бірге өсу.

«Адамшылықты сақтау үшін, надандықты жою үшін не істеу керек?» деген сұраққа жауапты оның тұтас поэзиялық шығармалары мен қара сөздерінен табамыз. «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес», «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны» немесе «Адамның баласы – бауырың», «Адам баласы адам баласынан тек қана ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген нақыл сөздері осы сұрақтардың жауабы деп тануымыз керек.

Дана Абай ақыл, қайрат, жүрек үшеуінің төрешісі ретінде ғылымға жүгіндіріп, адамның баянды өміріне сілтеме жасайды. Ақын осы үш қасиетті, сипатты түгел меңгерген адамды толық адам деп таниды.

Профессор Мекемтас Мырзахметұлы Абай шығармаларындағы «пенделіктің кәмелеттілігі мен толық адам» туралы танымы Абайдың мораль философиясы деп бағалайды. Ақынның ұлы мұраты дегеніміз – бұл толық адам, идеясы [2] Бұл идея ақынның мына өлең жолдарында берілген: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті – Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Абайдағы толық адам туралы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алып, жыл өткен сайын қоюлана, күрделене түседі.

Шығыс ойшылы ретінде Абай адам проблемасын үлкен ауқымда, яғни, қоғамдық, руханилық, құндылық, этикалық, эстетикалық тұрғыдан зерделеді. Ол адам табиғатын этикалық тұрғыда қарай отырып, «сегіз қырлы, бір сырлы» сырбаз адам, яки, кемеліне жеткен, «толық адам» кейпінде алға тартады. Адам болу туралы ойлар, әсіресе, ақынның қара сөздерінде молырақ таратылған. Ондағы «адам болу, адам, жарым адам, толық адам, адамның адамдығы, адамшылық, адамшылығының кәмалаттығы, пенделіктің кәмалаттығы, инсанияттың кәмаләттығы», т.б. терминдік мәні бар сөздердің бәрі де толық адам жайлы пікірлерімен сабақтасып жатады.

Абай ілімінде қоғам мен адамның даму үдерісі үш сатыға бөлінеді. Біріншісі – төменгі саты, онда белгілі бір әлеуметтік тәртіп, өмірлік бағдарлар жоқ. Бұл – «жарым адамның» ауыр, ұзақ бақытсыз өмірі, ол адамды Абай жануарға теңейді. Екінші кезеңде қоғам белгілі бір тәртіпке ие болады, оны нығайтады, материалдық молшылыққа қол жетеді, ақыл-ой рухани болмыс ретінде жалпы адамзаттың негізі танылады. Бұл деңгейде Абай жеке адамды «адам» деп атайды. Үшінші деңгейде адам таза рухани жолмен кемелдікке жетуі тиіс. Бұл – шынайы ілімге және мәңгілік қанағаттандыруға апарар жол, оған «толық адам» жетеді. Алайда бұл деңгейде жалпы қоғам түгел қол жеткізе бермейді, оған тек жекелеген адамдар қол жеткізе алады, сондықтан да ол алдағы мақсат болып қала береді.

«Адамның бойындағы қалыптасатын мінез-құлықтың ең басты сипаты неден тұрмақ?» деген сұраққа әр заман ойшылдары өзі жасаған заман талабына орай жауап беруге ұмтылған. Ақынның шұрайлы философиялық ойлары негізінен шығыс ойшылдары мен ақындарының кемел пікірлерін айрықша шеберлікпен игергендігін көрсетеді. Философиялық лирикадағы бұл рухани соны ұмтылыс тамырсыз, төркіні беймағлұм дерексіз құбылыс емес еді. Бұл ойтолғаныстар орта ғасырдағы Тұран жеріндегі түрік халықтары поэзиясынан ойып тұрып орын алған түп иені танып білу жолындығы Әбу Насыр әл Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік», Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі», Иассаuidің «Диуани хикметі» туындыларынан нәр алып жатқан еді. Әбу Насыр әл Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларын «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Адам жанына (интеллект) оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне (хауас) талдау бергенде жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отырады. [3] «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билей алмайды. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да – басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» деп жүрекке шешуші мән береді.

Абай Фараби ұйғарымындай жүрекке шешуші мән-мағына берумен қатар оны ізгілік, рақым, шапағат атаулының шығар көзі, тұрар мекені деп біледі. Ойшыл ақын көп көңіл бөлген мораль философиясы да осы танымға негізделген. Абай туындыларының өн бойында таралып отыратын адамгершілік, имандылық ойларының бәрі де осы көзқараспен ұштасады. Ақынның «хиуас», «үш сүю», «жәуанмәртлік», «әділет», «шафағат» жайлы ой толғаныстарының желісі – осы таным шеңберіндегі ұғымдар. Бұлар – Фарабидің еңбегіндегі адамның жеке басының ең кемелденген (камили инсани) үлгі-өнегесі жайлы арналы танымы. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны мораль философиясы жайлы ой-толғаныстарының, әсіресе, жәуанмәртлік жөнінде айтылатын тұжырымдарының рухани көздеріні бірі болып табылады. Баласағұн шығармаларында мораль философиясының «толық адам», «бенделіктің кәмалаттығы», «хаһим», «мұлахаза» ұғымдары мен ғылымды жіктеу жүйесі жайы сияқты пікірлер желісі ұшырасады. Дастанда жәуанмәртлік ұғымы – «ерсинг тона» кейбір тұста «ахы» сөзімен беріліп, ақыл, әділет, ізгілік (рақым, шапағат) ұғымын қамтып отырады.

Толық адам ілімі Жүсіп Баласағұнидің жәуәнмәртлік ілімі мен Иассауидегі хал ілімінен (кемел адам) нәр алып, XX ғасыр соңында Абай арқылы дүниеге келді.

Ал XIX ғасырдың екінші жартысында Абай бұл мәселеге айрықша назар аударып, өзіне дейінгі ойшылдар дәстүрін жалғастырып дамытып, толық адам туралы ілімнің негізін салса, XX ғасыр басында өз шәкірті Шәкәрім ар, ғылым арқылы жалғастыра дамытты.

Шәкәрім поэзиясының негізгі арқауы – адам болмысы. Ол адамды физиологиялық, психологиялық, этикалық, эстетикалық және философиялық әлеуметтік құбылыс ретінде үнемі зерттеген. Ақын адам болашағына, оның рухани ішкі әлеміне және қуатына сенеді. Абай талап, шыдым, қайрат, жүрек, ақыл сияқты адами сапалардың қатар болуын, адам бойынан бірдей көрінуін қаласа, Шәкәрімде бұлармен қатар мейірім, ынсап, әділет, ақ ниет сияқты сапалық қасиеттерді уағыздау басып. Адами қасиеттердің түп қазығын ол адалдық пен ақ ниетке келіп тірейді. Шәкәрім «Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі- адал еңбек, ақ жүрек, ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ» дейді. [4]

Шәкәрім адам өмірін түзетерлік әділет, ақ жүрек, ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ» дейді. Шәкәрім адам өмірін түзетерлік әділет, ынсап, мейірім сияқты қасиеттердің маңыздылығы қиянатқа жол бермейтін бірден-бір құрал деп есептейді. Шәкәрім философиясында толық адамның қасиеттерінің бірі ақ жүрек болып табылады. Дегенмен, «Ақ жүрексіп жүретін пандар да бар» болғандықтан, Шәкәрімдегі толық адам – айнымайтын ақ жүрек пен таза ақылға сүйеніп адал еңбек еткен адам. Сонда ғана «толымдының ісі толымды болады». Шәкәрім өзінің «Үш анық» деген кітабында Абайдың имани ілімін ар іліміне айналдырады. Шәкәрімнің ойынша, арлылық, ұяттылық ол тек қана Алланың атымен шектелмейді. Ол, ең алдымен, адамның жүрегінде болуы керек және адамның істеген ісі мен ойлаған ойы бір болуы керек. Шәкәрім ақ жүрек пен адал еңбекке сүйенген адам мен елді көре алмады. [5]

«Толық адам» ілімі Еуропада мүлдем жоқ. Тіпті XII-XIII ғасырға дейін араб-парсы әлемінде «кемел адам» деген болмаған. Ол ұғымды көне түркілер әкелген. Оның арғы жпғынан Әбу Насыр әл Фарабидің «парасатты адам» деген ойы жатыр. Абай «толық адам» ілімін неге шығарды, не қажеттілік туды? Ұлтты сақтаудың жолы – білім мен ғылымда деп білді. Өмірінің соңғы 10-15 жылын осы «толық адам» ілімін насихаттауға арнады.

Қазіргі аласапыран уақытта жастарды патриоттық сезімге, адамгершіліктің асыл қасиеттеріне тәрбиелеудің бірден-бір қажетті құралы – бұл Абайдың «Толық адам» ілімі. Абай мұрасы – Адамды адам етіп тәрбиелеудің, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың қайнары. Ұрпақты Абай үлгісінде тәрбиелеу – ізгілікке, имандылыққа, адамдылыққа, биік адамгершілікке бастайтын жол.

Әдебиеттер

1. Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы
2. М.Мырзахметұлы. Әуезов және Абай. А., «Қазақстан», 1996.
3. М.Мырзахметұлы. Ұлы ақын дүниетанымы туралы бірер сөз. // «Қазақ әдебиеті», 2005.
4. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. А., «Атамұра», 2005.
5. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шығармалары. А., 1989

АБАЙ МҰРАСЫН ИНТЕРТЕЙМЕНТ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ НАСИХАТТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Болат Наркыз
*«5B010300 – Педагогика және психология» мамандығы,
4 курс студенті.
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті.*

Ғылыми жетекші: Бұлақбаева Мейрамгуль Кеңесбайқызы
пед.ғ.к., проф.

Аннотация. В статье рассматриваются актуальные проблемы на сегодняшний день, внедрения наследий Абая Кунанбаева в учебный процесс среднего образования. В тексте приведена методика Интертеймента как инновационные методы, групповая работа и критерий современного образования: теория, практика, рефлексия. Интертеймент – уникальная коммуникационная технология, помогающая в совершенствовании онлайн обучения.

Ключевые слова: наследия, произведения, современное образование, метод Интертеймент, групповая работа.

Annotation. The article discusses the current problems of implementing the legacy of Abay Kunanbayev in the educational process of secondary education. The text presents the method of Entertainment as innovative methods, group work and criteria of modern education: theory, practice, reflection. Entertainment is a unique communication technology that helps improve online learning.

Keywords: heritage, works, modern education, method of entertainment, group work.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Ақынның дүниеге келгеніне бір жарым ғасыр, ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына сөздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани өміріндегі қай бұрылыстар мен қай құбылыстар тұсында да айнымас темірқазық, адастырмас құбыланама болып қызмет етіп келеді.

Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алады. Абай қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы болып саналады. Қазақстанда ұлы Абайдың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге, Алматы Ұлттық университетіне, Алматы қаласындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына берілген. Ұлы ақынның құрметіне Қазақстан мен Ресейде ескерткіштер орнатылған. Қазақстанның жоғары оқу орындарында Абай шығармашылығына арналған халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар жыл сайын өткізіліп тұрады.

Қ.Салгарин зерттеу жұмысында Абай Құнанбаев шығармашылығы арқылы батыстың әдеби дәстүріне әсерін оқып-үйрену, Абайды шығармашыл тұлға ретінде қалыптасуына еуропалық және орыс әдебиеттердің тигізген әсерін қарастырған, ақынның шығармашылығының тарихилығын оның көркем-әдеби мектептерде қалыптасуына сипаттама берген [1].

Б.А.Абдыгазиев зерттеу жұмысында Шәкәрім Құдайбердиевтің ақындық мұраларын талдау, оның еңбектерін Абай поэзиясымен сабақтастықта байланысын ғылыми тұрғыда зерделеумен шұғылданған [2].

Ж.Зейнуллина Абай мұраларындағы музыкалық-эстетикалық тәрбиенің орта мектеп оқу-тәрбие процесіне енгізу жолдарын зерттеген [3]. Абай мұраларының теориялық негіздерін жан-жақты зерделеген.

Г.Төретаеваның зерттеу жұмысында педагогикалық мұраларын оқу-тәрбие процесіне енгізу мәселелерін теориялық тұрғыда негіздеп, «Абай Құнанбаев педагогикалық мұралары» элективті курс бағдарламасын құрастырған [4].

Жоғарыда келтірілген ғылыми зерттеулерде Абай мұраларының өміршеңдігі мен болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы жан-жақты қарастырылған.

«Білімді ұрпақ - болашақтың кепілі», - демекші, қазіргі таңда елдің болашақ азаматтарын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі - мемлекетіміздің басты саясатының бірі. Білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылу себебі, білім мен ғылымның дамуына оңтайлы әсер етуінде. Осыған орай, ұстаз іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыра отырып, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алуы керек.

Яғни заман талабына сай келу қолда бар оқыту ресурстарын таңдай біліп, тиімді қолдану мұғалім іс-әрекетінің түйінді мәселесінің біріне айналып отыр. Сонымен бүгінгі күнгі білім ресурстары дегеніміз тек оқулықтар мен қосымша дидактикалық материалдармен шектелмейді, себебі жоғарыда атап өткендей оқушы қажеттілігі бұл шеңбердің көлемінен әлдеқалай көп.

Біз мақаламызда бүгінгі күнгі қашықтан оқыту жағдайында онлайн режимінде өтілетін сабақтардың болашақ ұрпақ тәрбиелеудегі орнының маңыздылығын атап өтеміз. Осындай инновациялық-коммуникациялық технологиялардың бірі – Интертеймент әдісі.

Интертейнмент – ойын, сауық (развлечение); кино – теле – бейне компьютерлік өнімдердің жаһандық жиынтығы деген мағынаны береді [5].

Оқушылардың сабақ кезінде планшет, ұялы телефондардың ең үздік түрлерін қолданып отыруы, тіпті сабақты меңгеруге қажетсіз болған кездің өзінде олардың өз сүйікті құралдарынан ажырағысы келмейтіні ешкімге құпия емес. Ал бұл құралдардың ақпараттық кеңістікке шығу мүмкіндігін неліктен сабақ мүддесіне қолданбасқа.

Мынадай мысал келтірейік. Әрбір ғылым саласының кез келген сабағында термин сөздердің кездесуі заңдылық, кейбір сөздер түсіндірме сөздікте берілмегендіктен олардың мәні ашылмай қалады. Егер адам өзі не тұралы айтпақшы, не тұралы ой қорытпақшы екенін білмесе оның іс әрекеті біздер қашып құтыла алмай жүрген механикалық жаттауға қайтып келеді. Осы сабақтарда оқушылардың қолда бар сандық технологиялардың мүмкіндігін қолдану арқылы сөздік жұмыс жүргізіп, алынған ақпаратты игеріліп отырған тақырыпқа сай қолдануларына жетекшілік жасауға болады. Бұл бір ғана мысал тұрғысынан мен мынандай ой қорытпақпын егер ізденуші (оқушы) өзіне ыңғайлы әрі қызығушылығын арттыратын құралмен жұмыс істегісі келсе неге оған әріптес болып осы үдеріске басшылық жасамасқа. Осы жұмыс барысында оқушылардың топтық ізденіс жұмысын жүргізуіне мүмкіндік жасалады және диалогтық оқытудың барлық сатысының қамтылу, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларының қалыптасуына жақсы жағдай туындайды. Бұл дағдылар оқушы бойында біліктілік қалыптастырады.

Бұдан әрі біз оқушыларға топтық жұмыстарды өзара және өзін - өзі бағалауды өткізуді ұсындық. Алдымен топтарға алдын ала дайындалған және келісілген өлшемдер бойынша бір-бірінің сөздерін бағалау ұсынылады, содан кейін оқушыларға топқа қатысушылардың өзара және өзін-өзі бағалау парақтары ұсынылады.

Топтағы оқушылардың жұмысын өзіндік және өзара бағалау парағы

	4	3	2	1
Тапсырманы түсіну	Мен тапсырманың мәнін және оны орындауға қойылатын талаптарды терең түсіністікпен көрсеттім.	Мен кейбір екінші дәрежелі аспектілерді біз жіберіп алмадық немесе дұрыс емес болғанына қарамастан, тапсырманың мәнін қанағаттанарлық түсінуді көрсеттім	Мен тапсырманың мәнін дұрыс түсінбегенімді көрсеттім.	Мен тапсырманың мәнін минималды дұрыс түсінбегенімді көрсеттім
Тапсырманы орындау	Мен жұмыс барысында ойластырылған түсініктемелерді айтып және түрлі гипотезаларды ұсына отырып, тапсырманы толық орындадым.	Мен тапсырманы орындадым.	Мен тапсырманың көп бөлігін орындадым	Мен тапсырманы орындауға талпындым, алайда сәтсіз болды
Топтық жұмыс	Біз барлық уақытты нәтижелі пайдаландық. Әр адам жұмысқа тартылып, топ жұмысына өз үлесін қосты.	Біз көп уақыт бірге жемісті жұмыс істедік. Әдетте біз бір-бірімізді тыңдап, топ мүшелері ұсынған идеяларды пайдаландық.	Біз уақыттың бір бөлігін бірге жұмыс істедік. Бірақ содан кейін оқушылардың бір бөлігі ғана жұмыс істеді.	Біз іс жүзінде бірге жұмыс істемедік, немесе топтағы жұмыс нәтижесіз болды.

Қорыта келе айтарымыз, тәжірибе көрсеткендей, мұндай жұмыс барысында оқушылар өз іс-әрекеттері мен білімдеріне біртіндеп объективті баға бере бастайды.

Нұсқалар көп болуы мүмкін, бірақ ең бастысы, күнделікті толтыру формальды емес: балалар өздерінің ой-пікірлері тыңдалатынын сезінуі керек. Ол үшін келесі сабақта оқушылардың қалауы ескерілуі тиіс. Нәтижесінде олардың жұмысы, әдетте, барынша нәтижелі болып табылады: барлық топтарда қатысушылар белсенді, өз идеяларын ұсынады, өз көзқарасын қорғауға дәлел келтіреді.

Осылайша, рефлексивті Парақ және күнделік оқушыларға өзінің "өсуін" көруге көмектеседі, олардың оқуға деген мотивациясын арттырады, өз жұмысын объективті бағалауға және белгіленген мақсаттарды іске асыру бойынша жоспар жасауға үйретеді.

Әдебиеттер

1. Салгарин Қойшығара. Исторические взгляды Абая и их литературные источники. Автореф. ... фил.ғ.к. 10.01.03. – Алматы, 1993. – 27 б.
2. Абдыгазиев Б.А. Традиции Абая и поэзия Шкарима Кудайбердиева. Автореф. ... фил.ғ.к. 10.01.03. – Алматы, 1990. – 27 б.
3. Зейнуллина Ж. Абай мұраларындағы музыкалық-эстетикалық тәрбие беру. Дисс ... пед.ғ.к. 10.01.03. – Алматы, 1998. – 31 б.
4. Төретаева Г. Абай Құнанбаевтың педагогикалық мұралары. Дисс ... пед.ғ.к. 10.01.03. – Алматы, 1996. – 17 б.
5. Бұлақбаева М.К. Қашықтан оқытуда Интернет-әдісін қолдану ерекшеліктері //Қазақстан өмірі мен ғылымы. – Алматы, 3(45), 2013. – Б. 54-59.

THE SPIRITUAL GROWTH OF THE NATION IS IN THE WORLD OF ABAY

Гилжанова Зауреш Кошкарбаевна
*А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы орта
білім беретін мектеп-гимназиясы
Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Арқалық қаласы*

Аннотация. Абай Құнанбаев, как мыслитель, поэт, просветитель, основатель новой литературы нации, переводчик, композитор, оставил неизгладимый след в истории страны. В его стихах и словесных словах были отражены бытие, быт, жизнь, мировоззрение, характер, душа, религия, менталитет, язык, дух народа, а затем оценивались как уникальное явление «мир Абая». Благодаря этому весь Казахстан еще раз изучил наследие Абая. Это-уважение к Абаю и эффективный способ воспитания подрастающего поколения. В этом году в рамках празднования юбилея поэта был проведен ряд мероприятий.

Ключевые слова. Абай Кунанбаев, ученый, мыслитель, поэт, просветитель, нация, новая литература, основатель, переводчик, композитор, история страны, бессмертные следы, стихи, слова назидания, бытие, жизнь, мировоззрение, характер, душа, религия, менталитет, язык, дух, «мир Абая», уникальное явление, Казахстан, наследие Абая, уважение.

Today, in the age of globalization, the issue of educating the younger generation in accordance with international standards is relevant in our country in a scientific and pedagogical way, a new organization of education and upbringing, taking into account national experience, taking into account national experience. In this regard, we will talk about the features of the technology of data obtained during the development of scientific and technological progress. If any future specialist wants to use the data effectively in his work, he must be able to formulate the problems in his field.

Abai's noble heritage is still relevant and an important tool in educating the younger generation. So, for today's generation, for us Abai is a great teacher, and his legacy is an inexhaustible treasure of the Eternal Land. "Think about whether he is dead or not, he left behind the word that he is immortal," said the poet himself.

The invaluable legacy of Abai in his time will be a lesson for today's and tomorrow's youth as a testament, a teaching.

In my opinion, the relevance of this chosen topic - where there is morality and conscience - there will be truth and justice, and the moral spirit of the younger generation will be higher.

One of the world-class poets, a giant of culture, philosophy, music, thought, aesthetics, humanist, moralist, educator - democrat, orator, lawyer, fair dancer, translator, public figure, educator - teacher not only in one nation, but in the world of mankind. major phenomenon.

No matter how far we are from the day of the death of the great Kazakh poet Abai, the Kazakh people will never forget his art. Although Abai himself died, his words did not die. "Tell me if he is dead, he left behind the word of immortality," - said the genius, - Abai left behind the word, example, testament of immortality. It is a genius that will be passed down from generation to generation, passed down from century to century, and will continue to be created together with the native people.

At first glance, it seems that there is no Kazakh who does not know Abai. When we open our eyes, we remember the name of Abai, the image in front of our eyes. We study Abai at school, every city has a street named after Abai. There is a city, a district, a scientific institute, a university, many theaters, colleges and schools named after Abai.

There is no poet or writer who has not written about Abai since M. Auezov. There are enough movies and other works of art about Abai. The poet's songs are sung every day and his books are reprinted. Abai is a ruler who compared the past with the present and left a great legacy. "Not every scientist is a ruler, every ruler is a scientist," Abai said. Abai's authority is reflected in his every word and every poem.

For us, Abay Kunanbayev is a poet, enlightener, thinker, founder of new Kazakh literature, translator, composer. His poems and “Words of edification” reflect the lifestyle of the Kazakhs: being, worldview, character, soul, religion, mentality.

Students of the department vigorously discussed the words of edification from the brightest works of Abay Kunanbayev "Words of edification."

Students made reports on the creative path of the great Kazakh poet. They also read excerpts from the works of Abay Kunanbayev, expressed their opinion about the poet's work, about modernity to those that in those distant years worried Abay. At the end of the event, teachers gave a speech, expressed their admiration for the work of the great poet Abay Kunanbayev and expressed gratitude to the students who prepared this event.

A century and a half ago, Abai lamented that the Kazakhs had lost their honor, dignity and unity.

In spite of the fact that there exist a large amount of literature on translation of texts of different functional styles, the vast majority of investigators approach the subject either from quite a negative or, on the contrary, too optimistic points of view. Neither of these approaches can account for the cultural and aesthetic impact on the development of cultural relations between different countries, nations, organizations and people. One of the main components of it is translation of verbal art, in general, and poetry, in particular. The aim of translation of verbal art is to show how the combination of different linguistic means and stylistic devices used by the author of the original work of literature is conveyed in its translation without loss of its aesthetic essence and impact on the reader, how it reveals the peculiarities of the original utterance. As far as the material of research is concerned the poetry of the outstanding Kazakh poet and enlightener Abay Kunanbayev seems to be a very good choice, because his books have been already analyzed in terms of lexical, grammatical and stylistic research, but have never been envisaged in detail, as far as we know, in terms of translation from Kazakh into foreign languages, especially English. The first problem the linguists were faced with was the fact that every imaginable kind of utterance, irrespective of register, was analyzed in terms of the same parameters. But when it comes to verbal art these criteria appear to be only the preliminary step.

If a philologist wants to appreciate a translation of the work of verbal art it should be studied as a global whole. Such analysis is aimed at appreciating the way a piece of translated text is organized as a work of art. The ultimate aim of this kind of analysis is to account for the nature of aesthetic impact produced by the translated text to the same degree as the original one. Its aim consists in finding out in what way different linguistic means (words, word-combinations, patterns of major syntax, etc.) are involved in the process of verbal creativity, how this or that combination of linguistic units results in a particular aesthetic impact and how is the artistic effect determined by the author's global intention. In other words, while translating a text of verbal art a linguopoetic analysis becomes a must.

In the field of linguopoetic analysis alongside with general investigations which disclose the essence of the linguopoetic analysis, the time has come to work out a concrete method of linguopoetic research of translated texts. This method gives the scientists an opportunity to be acquainted with all the peculiarities of the original

work of literature and its translations into other languages. This method was elaborated and developed by applying to the poems of Abay Kunanbayev and their translations in English and Russian.

As it was mentioned above a system of parameters has been worked out: voice of the author, the thematic content, words and word-combinations, the use of idiomatic phraseology and the vertical context. All these aspects of analysis taken together help readers of translated poetry to appreciate a poem as a work of art.

Poetic speech, The Queen of literature, implies The finest words put well together by the wisest bards. Words that a person easily can memorize, Words that will smoothly flow and touch the heart. Lines cluttered with unnecessary words Speak of the poet's helplessness and lack of culture. Alas, there are so many ignorant among the poets, So many readers who're not competent to judge. In the course of investigation it became clear, that the two levels of linguostylistic analysis should be used to single out the characteristic features of the original text and of translation.

On the semantic level we deal with the semantic nominative meanings of linguistic units and their inherent connotations. On the metasemiotic level we are mainly interested in adherent connotations, that is those expressive, emotive, evaluative, emotional overtones that can only be understood from the context of the work of verbal art. When this had been done we concentrated on the peculiarities of the extracts which show us most clearly the linguopoetic essence of the original poem and that it cannot be said unfortunately about the translations.

We began with the semantic and metasemiotic levels and only then we passed on to the linguopoetic analysis which was carried out with special reference to the following aspects: verbal polyphony, the correlation between verbal and non-verbal parts of the text and variation of timbre 2. The tone of the extracts can be characterized as elevated or epic. The use of stylistic devices, the specific structure of sentences with the characteristic functional sentence perspective call for the particular timbre 2. The rhythmical, syntactic organization of translations is quite different from that of the original. Its rhythmical structure greatly depends on lexical devices and syntactic constructions.

There can be no doubt that all this requires a specific prosodic organization. We've come to the conclusion that the character of the original poem is based linguopoetically on the correlation of the two different aspects: those characteristic features which are, as it were, on the surface and can be observed by everybody, and those which are part of the inner purport of the author's global intention. It is reflected in a peculiar lexical, rhythmical and prosodic organization. It is a pity that, in our opinion, these factors also cannot be found in the translations.

In Kazakhstan during the whole XXth century, great attention was paid to the artistic translation, a certain work was carried out to translate literary masterpieces from Kazakh into other languages and, conversely, from other languages into Kazakh. As a result, a significant number of works of Russian and world literature were published in the Kazakh language. At the same time, it should be noted that many works of the classics of Kazakh literature have been translated into foreign languages.

Moreover, they were translated both in Kazakhstan and abroad. In 1953, the epic "The Path of Abai" by Mukhtar Auezov, a famous and recognized Kazakh writer of the XX century, was published. In the 1950s, this novel was published in Bulgaria, Poland, Czechoslovakia, Hungary, and Romania. In 1958 in France the first book of the epic entitled "Abay's Youth" was published, in 1960 - the second book entitled "The Path of Abai". Thanks to these translations, foreign readers learned about the great Kazakh poet and thinker of the second half of the 19th century, Abai Kunanbayev.

The first translations of some poems by Abay into foreign languages have been done in the 50-s of the XX century. Thus, in the years 1951-1955, some of his poems have been published in the Mongolian language. Professor Ha Huanjian translated Abay's works into Chinese language. In 1950, he translated the poem "Iskander" into Chinese, which was published in the journal "Literary Translations". In 1958 he translated the other two poems by Abay, which have been published in the book "Abay Kunanbayev. Three Poems" together with the first poem. Ha Huanjian contributed much to the translation of the creative heritage of Kazakh poet into Chinese language. He has done almost all translations of Abay, which were published in China. His translations of the "Poems of Abay" and "Words of edification" have been published by Xinjiang publishing house in 1982 and in 1984.

Three years later, his collection of essays "Abay and his poetry" was published by "the National Publishing House" in Beijing. In 1994, the same publishing house has published "The complete collection of Abay's works" translated by Ha Huanjian. The edition of the book "Words of edification" in the Czech language in 1959 can be considered as the first translation of Abay's writings into European language.

In 1969, the Prague magazine "New Orient" published Abay's poems translated by Czech linguist and Turkologist Ludek Grzhebichek. In those years, Imre Trencheni-Valdampfel, Hungarian scientist, academician of the Hungarian Academy of Sciences, professor at the University of Budapest, was actively involved in the studies of Kazakh literature. He learned the Kazakh language and translated original verses of Kazakh classics into Hungarian, including the poem "Summer" by Abay Kunanbayev. In one of his articles he wrote: "I love Abay's poetry and Auezov's novels. In their works – there is the whole life, the whole history of Kazakh people, past and present".

In the 70 years of the XX century, some poems of Abay were published in English, German, Arabic. Translation of Abay's works into foreign languages has become widespread in 1995, when the entire world community celebrated his 150th anniversary under the auspices of UNESCO. In the anniversary year of Abay, the books of his selected works have appeared in many languages. International conferences, colloquia and solemn meetings in honor of the 150th anniversary of Abay, took place in many cities around the world: London, Washington, Istanbul and Beijing. Abay's days were held in Germany, Hungary, Egypt, India, Pakistan, Iran. In Iran the book "Abay's works and thoughts" was published, in Pakistan – "Abay Kunanbayev. Selected Poems", in Turkey – "Selected Works of Abay". "Words of edification" was published in Chinese, Korean and Mongolian. The publication of the book "The works and thoughts of Abay" in the Persian language became a significant event in the cultural life of Iran and Kazakhstan, because previously the artistic heritage of Abay has not been translated into Persian.

The publication of this book has become possible thanks to the efforts of Rasool Islami, the Extraordinary and Plenipotentiary Ambassador of the Islamic Republic of Iran in the Republic of Kazakhstan. The famous Pakistani translator Khalid Iqbal Yasir translated "Abay Kunanbayev. Selected Poems" into the Urdu language. He has got such an opportunity thanks to the book «Abay Kunanbaev. Selected poems», published in 1985 in English language by publishing house "Zhazushy". In the preface to the book "Abay Kunanbayev. Selected Poems" Khalid Iqbal Yasir compares Abay with Muhammad Iqbal – the national poet of Pakistan. "Selected Works of Abay" in Turkish language are accompanied by an introduction article by Zia Yylmazer, who in 1995 was Deputy Chairman of TURKSOY – International Organization of Turkic Culture and Art. The publication of the book of Abay's works in Turkey became possible thanks to this organization. In Mongolia, the book "Abay Kunanbayev. Selected Works" was published in Ulaanbaatar. Preface titled "The great poet of Asia" is written by Mongolian writer and playwright Habyshiyn Islam.

He has found interesting parallels between Abay and Genghis Khan, as two most outstanding representatives of the national genius of their nations. In 1995, the Kazakh writer Rolland Seisembayev organized a translation of "words of edification" into English by poet and translator Richard McCain, and into French – by poet and translator Antoine Garcia. Thanks to these translations, a wide range of foreign readers, scholars and literary critics, who gave an assessment of Abay's creativity in newspapers and magazines, have received an access to "Words of edification". In addition, two books were published in French language. The first book includes "Words of edification", the poem "Iskander" and "Masgud" by Abay Kunanbayev, translated from the Kazakh language by Galymzhan Mukanov. The second book, published under the title "Poetry - Queen of words ..." is a collection of selected poems by Abay.

Attention should be paid to participation of French authors in the translation and editing of these books. Preface to the First Book was prepared by Albert Fischler, who also edited the translation by G. Mukanov. In his foreword A. Fishler draws attention to the relevance of Abay's reflections concerning the relationship between different cultures. He spoke about the wonderful quality of the translation: "we must congratulate the translator Galymzhan Mukanov with success, as he managed to emphasize the depth of thought of the poet, philosopher and brave moralist whom we didn't know before". Translation of Abay's poetry into French language for the second book was done by Galymzhan Mukanov in collaboration with Christian Visanti, who at that time was working in Almaty. In his foreword to the collection of poetry, Christian Visanti emphasizes that "the messages of Abay have been far ahead of the time period in which he lived".

In the history of literature there are cases when one work has been translated several times into foreign language by different translators. So, the "words of edification" have been translated into French three times. In addition to these translations, there is also a translation of "words of edification" into French, done by a group of translators such as J. Martin, G. Sarsekeeva and K. Duisekova in 2000. Over the years, there is a continuous interest in the creative writings of Abay Kunanbayev in foreign countries. The process of literary translation of his works

continues. In 2007, publishing house «Oenel» in Cologne published a book «Abay. Zwanzig Gedichte» («Abay. Twenty Poems»), which includes Abay's poems translated by German literary critic, translator Leo Kossuth. In 2003 during his visit to Almaty, he decided to start translating Abay's works.

At that time he was awarded the prize "For significant contribution to the promotion of Kazakh culture and edition of literature of Kazakhstan in German language" by Kazakhstan representation of International PEN Club. The book «Abay. Zwanzig Gedichte» was published in three languages: Kazakh, German, Russian. It also includes an article by Leo Kossuth "My way to Abay and the issue of translation of his poems", in which he told about the process of translating Abay's poems into German. In addition, this article tells about how German literary scholar perceives Kazakh poet, what impresses him and what is amazing for him. One can feel respect for the high skills of Leo Kossuth, who felt Abay's poetic reflections by his heart and soul, carefully chose each word, trying to accurately transmit all the peculiarities of national poetry of Abay. In 2007, in Saudi Arabia "Words of edification" by Abay Kunanbayev have been published in Arabic language, and in Italy – the book of Abay's, Shakarim's and M.Auezov's writings in Italian language. In 2010 the book "Abay. Songs of golden yurt" was published in Korean language. In 2013, in Warsaw there was a presentation of "Words of edification" in Polish language.

In 2014, in Ankara there was a presentation of the "Words of edification" and a collection of poetry by Abay in Turkish language. In conclusion, we should note the international recognition of Abay Kunanbayev, the classic of Kazakh literature. His works (verses, poems, philosophical essay) have been translated into many foreign languages. Multi-genre creative heritage of Kazakh poet of the second half of the XIX century Abay Kunanbayev is an invaluable treasure of the world literature

References

1. Ahmanova O.S., Gyubbenet I.V. Vertical context as a philological problem // Problems linguistics.-1977.- №3.-p.47-54
2. Zadornova V.Y. perception and interpretation of artistic text.-M., 1984.- p.152
3. Latyshev L.K., Semenov A.L. Translation: theory, practice and teaching methods. - M.: Academy, 2003. - 192 p.

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ ДІН ТУРАЛЫ АЙТҚАН ОЙ-ПІКІРЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА АЛАТЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Елеусов Баубек Аймаханулы
Каненова Гульжихан Тулеубаевна
Бижанова Гулзада Хамитбековна
Аға оқытушы, магистр Б.Алтынсарин
атындағы Арқалық педагогикалық институты
Арқалық Қазақстан

Аннотация. В данной статье рассматривается религия казахского народа в интерпретации великого мыслителя Абая Кунанбаева. Современное время мы осознаем как мыслитель Абай Кунанбаев решил проблемы религии в своем творчестве.

Ключевые слова. Религия, мораль, этика, современность

Abstrakt. This article examines the religion of the Kazakh people in the interpretation of the great thinker Abai Kunanbayev. We understand modern times as the thinker Abai Kunanbaev solved the problems of religion in his work.

Keyword: religion, morality, ethics, modernity

Әр дәуір өзіне қажет тұлғаны тудыратыны тарихтан белгілі. Орта ғасырда түркі әлеміне танымал бабамыз әл-Фараби өз ілімдерімен әлем жұртшылығын таң қалдырса, ХІХ ғасырда отарлық езгіге түскен қазақ халқының маңдайына Алла Абайды бұйыртқан секілді. Өзі ізденіп ілім-білімін жетілдірген Абай, бірден даналыққа, ақыл-ойдың кеніне бірден жеткен жоқ. Орыстың, батыстың, шығыстың ғылымын ақыл-ой талқысына сала отырып, туған халқына қандай ілім мен білімнің қажет екенінін іздеумен болды. Сондықтан ұлы Абай шығармашылығында ол қызықпаған ғылым саласы кемдеу десек те болады. Абай отарлық езгінің қамытын ілген халқының жағдайын ойланып, оның кейінгі жағдайына алаңдаумен болды. Халық қалыбын нықтап, дәстүрін бекем ұстауда ғылым мен білімнің, сондай-ақ этикалық-моральдық тұрғыда діннің қажеттігін түсінді. Дін болғанда араб елдеріндегідей шарифат заңымен жүріп тұратын ортодоксальды ислам емес, қазақ қоғамына лайықталған ислам дінін, оның дәстүр, ғұрпына кедергі келтірмейтін дінді өз шығармаларында атап өткен болатын. Өз заманының алыбы Абайдың дінге көзқарасын бағалап, тұжырымдауда жалпы екі түрлі қате пікір орын алып келді. Осы пайымдаулардың қайсысы дұрыс, қаншалықты дұрыс екенін зерделесек қайбір зерттеушілер Абай «ислам дінінің қазақ ішінен шыққан өкілі» дейді, келесі бір зерттеушілер Абайдың дін туралы ойлары ақын шығармашылығының әлсіз, кертартпа жағы деп түсіндіреді. Бұл жерде алғашқы пікірде Абайға тағылған жаланы көрсек, екіншісі – Абайдың дін туралы түсініктеріне тарихи, диалектикалық тұрғыдан баға бермей, қарадүрсін тұрпайы социологияға бас июдің сарыны байқалады. Абайдың дін туралы толғамдарын дұрыс түсініп, бағалау оған тарихи тұрғыдан қарауды талап етеді. Абай заманында қазақ даласында қос дінділік орын алды, ресми өмірде ислам

діні үстемдік еткенімен, күнделікті тіршілікте шаманизмдік түйсіктер мен түсініктер басым болды. Қос дінділік қазақ халқының сол кезеңдегі наным-сенімі мен дүниетанымынан айқын байқалады. Шаманизмдегі негізгі категория-«Тәңірі», исламдағы - «Алла» қазаққа тән ұғымдар. Шаманизмде тәңірінің, аруақтардың адамдармен ұштастырушы «жын» болса, исламда Алланың адамдармен байланыстырушысы «періштелер» деп саналды. Қазақтың күнделікті өмірінде шаманизмнің өкілі, іс жүргізушісі - жын шақыратын бақсылар, ал ислам дінінде - өздерін пайғамбардың ұрпақтары санайтын қожалар болды. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінде қазақ жерінде ислам дінінің қалай тарағандығын және оның шаманизммен байланысын арнайы талдайды[1, 28б.].

Абайдың дін мәселелері - құдай мен адамның, өмір мен өлімнің, жан мен тәннің, иман мен ұяттың, дін мен ғылым, дін мен дін иелерінің өзара байланысы туралы түсініктері сыни бағыттағы талдау. Құдай мен адамның қарым-қатынасын Жиырма жетінші, Жиырма сегізінші сөздерінде арнайы талдап, гректің ұлы ойшылы Сократпен пікір таластырады.

Абайдың ұғымынша құдай біріншіден жаратушы, табиғаттан тыс күш, «...жақсылық, жамандықты жаратқан - құдай, ләкин қылдырған Құдай емес, ауруды жаратқан - Құдай, ауыртқан Құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан - Құдай, бай қылған, кедей қылған Құдай емес...».

"...Жаратушы тұрғанда жаратылғаннан не сұрайсың?!..."

Екіншіден, құдай - жазалаушы күш, адамгершілік заңымен өмір сүрмегендерді құдай атады, ант ұрады. Абайдың түсінігінде Құдай жауыз, сұм, екіжүзді, арамтамақ адамдарды жазалаушы. Отыз бесінші сөзінде ол Құдайды құлқынның құлы болған, халыққа зәбір көрсеткен, екіжүзді қажылар мен молдалардың «адамның сайтаны - монтаны сопылар» мен мейірімсіз мырзасымақтардың мақшарға барғанда азабын тарттырушы ретінде суреттейді. Абай Құдайды залымдардың жазалаушысы деп түсіндіріп, қарапайым деистік бағыт ұстағанымен, өмір сүрген заман тұрғысынан қарағанда дін иелеріне, оны дұрыс ұстай алмай отырғандарға сын көзбен қарағаны анық. Үшіншіден, Құдай - махаббат пен әділдіктің ерекше көрінісі, адамды адалдыққа бастайтын қамқор да жебеуші күш. Мұнда Абай Алланы жалаң дәріптеуді емес, Құдайдың жақсы қасиеттерін адамның бойына сіңіруді мақсат етеді. Сондықтан да «Құдай» деген ұғымды адам бойындағы асыл қасиеттер - адамгершілік, әділеттілік, шыңдық, тәрбие, махаббат сияқты мораль мәселелерімен байланыстырады, дінді адамгершілікке бағындырмақ болады:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті...»

Абайдың ұрпаққа ұсынар бағыты - адамгершілік жолы. Ақын өзінің көптеген шығармасына «адам бол» деген этикалық принципті арқау етеді. Абай «адам» деген ұғымды кең де терең түсінеді[1, 34б.]. Ойшыл ақынның түсінігінде адам - ақылдылық пен еңбек сүйгіштіктің, әділдік пен білімділіктің, махаббат пен адалдықтың жиынтығы. Тек осы қасиеттерді бойына сіңірген кісі

ғана нағыз адам. Адам жөніндегі Абайдың түсінігі патриархалдық-феодалдық және діни түсініктерді жоққа шығарады. Патриархалдық-феодалдық түсініктегі нағыз адам - ру басқарып, мал таба алатын, сауда жайын білетін амал тапқыш, айлакер, өзінде жоқ болса, әкесін де жат санайтын тасбауыр, «мал тапқан ердің жазығы жоқ» дейтін жылпос, «қарны ашса, қаралы үйіне шабатын» қайырымсыз, «оқымады демесе болаттағы, тілімнің келмегені қайтушы еді» дейтін топас адам. Абай сөзімен айтқанда, патриархалдық-феодалдық түсініктегі адам - бай дегенді, батыр дегенді, қу дегенді, пысық дегенді мансұқ тұтады. Діни түсініктегі нағыз адам - Құдайға құлшылық етіп, күніне 5 рет намаз оқитын, ораза ұстайтын, мешіттің, дін иелерінің қамын ойлап, зекет-ұшырын үзбей беріп тұратын, қажыға барып, Меккенің қара тасына табынатын, дін жолында «шейіт» болуға әзір, исламның бес парызын бұлжытпай орындайтын адам. Абай адам жөніндегі патриархалдық-феодалдық және діни түсінікті ағартушылық-демократиялық тұрғыдан теріске шығарады. Оның адам туралы теориясы - адам табиғатын гуманистік тұрғыдан түсіндірудің бір көрінісі. Абайдың «өмір» мен «өлім», «жан» мен «тән» туралы түсініктері де діни қағидалардан басқаша. Абайдың айтуынша өмір дегеніміз тіршілік, ғұмыр сүру, Алланың адамға берген сыйлығы, тартуы. Өмір уақытша нәрсе, өмір үнемі өзгерісте болады, ал Алла мәңгі.

Абай түсінігінде Алла тағала - құдіреті күшті Құдай, Алла тағала - өлшеусіз, адамдардың ақылы - өлшеулі. Алла тағала біз сияқты көзбен көрмейді, құлақпен естімейді, Алла көңілмен көреді, көңілмен естиді. Ақынның «өмір» мен «өлім», «жан» мен «тән» туралы түсінігі діни танымнан бөлек. Діни түсінікте адам жан мен тәннен тұрады, тән өледі, жан мәңгі өлмейді, күнәсіз, иманды адамның жаны жұмаққа барып, рақат дүниесіне бөленеді, ал күнәға батқан имансыз пенденің жаны тозаққа барып, азап шегеді. Абай бұл мәселені басқаша түсінеді:

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.

«Мені» мен «менікі»-нің айрылғанын

«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес...» - дейді.

Бұл жерде рухы бар адамзат өлмейді, тек білмейтін кісі ғана тәннен жанның бөлінгенін өлу деп есептейді деген ой айтылған. Абайдың түсінігінше «мені» мен «менікінің» екі түрлі мағынасы бар. «Менікі» дегеніміз адамның денесі, ал «мен» - дененің рухани жемісі, өзі өлгенде артта қалдырған ісі, өнері, еңбегі. «Менікі» -дене - өледі, «менен» айрылады, ал «мен» - адамзаттың рухани жемісі - артында қалдырған игілікті ісі, өнері ұрпақтан ұрпаққа ауыса береді, мұра, мирас болып қала бермек[3, 79-80б.].

Абайдың «иман» туралы түсінігі де діншілдік көзқарастан көп алшақ, исламдық ұғымға жанаспайды. Исламда иман дегеніміз құдайға шексіз, шүбәсіз нанудың, сенудің символы, бұл дүниеде барлық ауыртпалыққа төзімділік жасап, рақатты о дүниеден, «ұжмақтан» күту, құдай біреу, ол - Алла, ал Мұхаммед Құдай мен адамдарды байланыстырушы елші, пайғамбар екендігін шүбәсіз мойындау. Бұл дүниеде ауыртпалық біткенге, жоқшылыққа, бейнетке төзімділік жасап, исламның бес парызын өмір бойы орындағандар ғана иманды болады, ұжмақтың төрінен орын алады.

Абайдың түсінігі бұдан мүлде өзгеше. Абай ислам дінінің фанатизмін жоққа шығарады. Он үшінші сөзінде иман жөнінде екі түрлі түсінік бар екенін, иманның якини және таклиди деген екі түрі болатынын айтып, «иман» деген діни ұғымға ғылыми және моральдық мән, мазмұн беруге ұмтылады. Якини иман - шын иман, шын нану, сену. Бұл иман ақылдан, дәлелден, ғылымнан туады. Бір нәрсеге сенгенде, «...соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып...» ақыл дәлелімен нану керек. Бұл иман білімге, ғылымға, ақыл дәлеліне негізделуге тиісті. Демек, Абайдың түсіндіруінше шын иман танымнан шығуы, тууы керек. Неге сенсең де, соның сырын, ішкі мәнін біліп сен, тіпті Құдайға сенгенде де, оған ақыл дәлелі арқылы сенуге шақырады. Абайдың иманға беріп отырған бұл түсінігі - көптеген философтарға тән парасатты түсінік.

Абайдың байқауынша, дінге сенушілердің иман туралы ұғымда қатты қателесетінін, олар шын иманның не екенін білмейді, өйткені шын иман ғылымға, танымға байланысты, ал дінге сенушілердің көбінің иманы бар деуге ғылымы жоқ деген ойды алға тартады. Біріншіден Абай шын иман - таныммен барабар дегенді аңғартады. Екіншіден, иманды этикалық, адамгершілік мәселесімен ұштастырып, оны ар, ұят деңгейіне көтереді де, ұяты жоқ адамның иманы да болмайтынын дәлелдейді. Сонымен қатар, Абай мұсылман ғұламаларымен пікір таласына түсіп, дін иелерінің имансыздығын, олардың ұғымында иман туралы жоғарыдағы екі түсініктің де жоқ екендігін дәлелдеуге тырысады. Абайдың айтуынша, дін бұзарлардың иманы - алдау мен арамдық.

Анти клерикалдық бағыттағы дін иелері - ары мен иманын, нанымы мен сенімін сатушы екіжүзділер екендігін, олардың халықты надандықтан шығарғысы келмейтінін, өйткені наданды алдау оңайға түсетінін, ал қараңғылықта арамдықтың анық көрінбейтінін бірнеше еңбегінде баса айтады.

Абайдың пікірінше адамның парызы - ахиреттен иман іздеу, намаз оқу, ораза ұстау, қажыға бару, жиһадқа қатысу емес, оның ең үлкен парызы - адамгершілігі мол Адам болу. Сондықтан да Абай өз заманында көп тараған, еріккен байлардың ермегі болып бара жатқан қажыға бару дәстүрін сынға алады.

«Дүние жолын тастап, Құдай жолына түскелі отырған» болашақ қажы Меккеге баратын қыруар қаражатты халықтан жияды, ал бұл «көмек» түптеп келгенде «қарашығынның» бір көрінісі ғана. Осы тұста қазіргі таңдағы көпшілік адамдардың қай салада болмасын жұмыс жасап жатқан, бізге көзге түсетіні құдайдың үйі саналатын Меккедегі Қағбаға барып бас иіп, Құдай алдындағы парызын өтеп қайтқандар әлі де материалдық дүниенің байлығынан бас тарта алмауы. Бұл енді бір кем дүние, қажылықтың мәнін түсіне алмаушылық адамдарды одан бетер күнәға батыруда[4, 88б.].

Ұлы Абай ғылым мен діннің арақатынасын сөз еткенде, ғылымды діннен жоғары бағалайды.

Ғылым табуды, білім алуды «адам болудың» негізгі бір шарты деп санайды. «Надандарға бой берме», «Болмасаң да ұқсап бақ бір ғалымды көрсеңіз» - деп, жастарға жігер береді.

Абайдың дін жөніндегі түсінігінің өз кезеңі үшін прогресстік мәні зор. Біріншіден, бүкіл Таяу Шығыс пен Орта Азияда және Қазақстанда ислам діні үстемдік етіп тұрған заманда Абай дінге шүбә келтіріп, Құдай мен иман, дін -

әділеттіліктің, шындықтың, адамгершіліктің, махаббаттың жиынтығы - Алланың өзі, Алланың әр түрлі сипаттары, басқадай ештеңе емес деген пікірді батыл айтады. Екіншіден, дін мен ғылымды салыстырғанда Абай назарын, халық ынтасын дінге, сол кезде мұсылмандық үшін «шындықтың шындығы», «ғылымның ғылымы» болып саналған ислам дінінің догмасы - «кұранға» бұрмайды, ғылымға бұрады. Абай көбіне ғылымды уағыздап, елін білімге, оқуға, мәдениетке шақырады. Үшіншіден, қазақ даласында ислам дінін үстем таптың идеологиялық құралына айналдырып, дінді дәріптеуші дүмше молдалар мен сопылар, ишандар мен имамдар, қажылар мен қазіреттердің іс-әрекеттері мен теріс қылықтарын аяусыз әшкерелейді. Діннің жалпы мәнін түсінуде материалист, атеист дәрежесіне көтерілген Шоқан Абайдан жоғары түр десек те, дін иелерімен, клерикалдармен күресте, олардың жасанды бет пердесін бейнелі сезбен келістіріп әшкерелеуде Абайға тең келетін ешкім жоқ.

Абай атеист болмағанымен, нағыз антиклерикал. Ол қазақ даласындағы дін иелерінің екі жүзділігін, малқұмарлығын, надандығын аяусыз сынады. Отыз сегізінші сөзінде: «...бұл заманның ишандарынан бек сақ болыңдар. Олар - фитнә ғалым, бұлардан залалдан басқа еш нәрсе шықпайды. ...көбі надан болады. ...сүйенгені - надандар, сөйлегені - жалған, дәлелдері тасбиғы мен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ», - дейді. Төртіншіден, Абай ұғымынша ислам дінінің фанатизмінен келетін ешқандай зиян жоқ. Ол адам баласын мұсылман мен кәпірге бөлмей, достыққа, адамгершілікке, ғылым-білімге, әділеттілікке шақырады. Осы игі үгіттерге ұмтылу жолында Абай Сократ пен Аристотельге, Байрон мен Гетеге, Низами мен Науаиге, Пушкин мен Толстойға жақын, рухтас. Оның философиясы ешкімді дініне, нәсіліне, ұлтына қарап бөлмейді, «Адам - адамға дос» оның негізгі идеяларының бірі. Абай ескі заманның орнына жаңа заман, жаңа заманның орнына жақсы заман келеді деп, өз халқын жақсылық атаулыға, білімге үндеді: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел», «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан!» деп тәңірге табынып, уақытты босқа өткізбей, әркімді өмірден өз орнын табуға шақырады[5, 23б.].

Қорыта айтқанда Абай ілімі, адам болуға шақырады, адамдардың арасындағы қарым-қатынаста, тек достықты, адамгершілікті уағыздайды, дінді иман арқылы қабылдауды үндейді. Ұлы Абай шығармашылығын, философиясын асқақтатында осы идеялар болса керек! Демек, Абай философиясы, адам туралы ілімі, жалпы шығармашылығы адам тұрған жерде мәңгі жасай бермек!

Әдебиеттер

1. Әуезов М. , Абай Құнанбаев. Алматы: Ғылым, 1967
2. Әуезов М. Шығармалар. Алматы, 5 том. 1961
3. Әлқожаев Қ. Абай және ислам діні: Абайдың ислам дініне көзқарасы// 1998. №8 79-80 б.
4. Әлқожаева Қ. Абай эстетикасы және ислам. Алматы: Ан Арыс, 2008. 152 б.
5. Досақызы Қ. Абай неден түңілді?..//Шапағат-Нұр.-2007-№1. -25-26б.

АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Ибикенова Лиза Қабылдақызы
*А.Құнанбаев атындағы №6 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Аннотация. Через всё творчество великого Абая проходят красной нитью вопросы воспитания. В педагогических взглядах Абая отражены основополагающие общечеловеческие проблемы. Формулировка нравственности в ровно нравственности в трактовал Абая «Адам бол!» («Будь человеком!»). Это высшая цель воспитания, сделать из ребенка труженика и патриота, а цель образования – познание вселенной, приобретение знаний, получение образований и профессий.

Ключевые слова. Поэт, произведение, проза, тема.

Annotation. The mission of the works of the great Abai is human education. The main object of the pedagogical vision is the humanistic idea: "Do not be a child of parents, be a human being, the benefits will go to your country and people." His wisdom has not lost its significance for today's generation.

Abai is a great psychologist, so if we read and use the works of the great poet, he will be our respect for the spirit of the poet.

Keywords. Poet , work , hrose , topic.

Ұлы Абайдың шығармашылық қызметінің негізгі мұраты - адам тәрбиесі.

Ол оқудағы басты мақсат еліне адал еңбек ету деп білді. Келешек ұрпақты білім ді,ғылымды, игеруге шақырды. Педагогикалық ұстанымындағы көзқарасының басты нысанасы «Атаның баласы болма, адамның баласы бол,пайдаң еліңе, халқыңа тисін»деген гуманистік ой-пікірді қуаттауы еді.Ал Абайдың жастарды тәрбиелеудегі педагогикалық көзқарастары дүниежүзілік педагогика классикте- рі Ж.Руссо, Д.Дидро, орыстың ойшыл ұлы педагогтары: Л.Н.Толстой мен К.Д.Ушинскийдің ағартушылық ой-пікірлерімен терең астасып келеді.Абай атамыз дәнін сепкен оқу, өнер, білім,әдептілік, имандылық, адамгершілік мәсе- лелері бүгінгі күні қазақ халқының рухани азығына айналды.

Оның шығармаларындағы данышпандық ой-пікірлері бүгінгі ұрпақ үшін маңызын жоғалтқан жоқ, керісінше, жаңарып, өмірде өз орнын тауып жатыр. Абай өмір сүрген заманда өзі көтерген тәрбие, білім беру, еңбек, адамгершілік, жақсы мінез- құлық мәселелері бүгінгі күнмен керемет ұштасуда. Жөргекте жатқан кезінен- ақ Абай бойына халық педагогикасы идеяларының нәрі сіңген. Балдәурен балалық шағы өзі өмір сүрген ортаның көсем сөздерімен өріліп, бұғанасы тез қатайды. Ұлағатты Ұлжандай анасының тәрбиесі, зерделі Зередей әжеснің ауыз әдебиетімен сусындатуы, жыр-дастандардың алтын қоймасы Барлас, Байкөкше ақындардың жас Абайдың ақыл- парасатының молаюына, ой- өрісінің толығына, балғын қиялының көкке самғауына тигізген әсері мол. Ақыл- парасатымен де, жүріс – тұрысымен де, сөзімен де зор абыройға ие болған Құнанбайдай әке тәрбиесі тағы бар. М.Әуезов ол кісіні жағымсыз-

дардың қатарына қосқысы келсе, кінәні жазушыдан емес, «Абай» романы жазылған кездің «кесапатынан» іздеуіміз керек. Абай суреттеген, үлгі тұтқан қыздар мен келіндердің, бозбала мен жігіттердің өлеңдегі бейнесі- бүгінгі жастарымызға үлгі- өнеге. Шығыс пен Батыс классиктерінің ағартушылық ой-пікірлерінен мол нәр алған ұлы ақын бала тәрбиесі мәселелеріне де кеңінен тоқталып, өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде педагогикалық көзқарасын білдіреді.. Ұлы ақын еш жерде жазылымаған, заңмен бекітілмеген халықтық педагогиканың кені. Ақын балалық шақ адам өмірінің білім алуға қолайлы кезеңі екенін айта келіп ,өзінің өкінішін білдіре отырып, жастық шақты босқа өткізбей, білім алуға жұмсау қажет деп үйретеді. Абайдың поэтикалық шығармалары мен қара сөздері этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінде өткенге құр өкіну емес, жастардың өзі тәрізді опық жеп қалмай, еңбек етіп ,жастық шақты бос өткізбей өндіре білім аларлық оқуға, ғылымға жұмсау қажеттігін аңғартады. «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» өлеңдерінде ғылым, ғалым деген сөздерді қайталап айта отырып, әрбір жас ғалым болуды армандауы керек екенін түсіндіреді.

Абай дидактика саласына да қатысты пікірлер айтқан. Оның қалай оқу, оқығанды қалай меңгеру, меңгергенді қалай жүзеге асыру жөніндегі ойлары бүгінгі оқыту теориясымен үндесіп жатады. Ақыл –ойды жетілдіру оқыта білу мен оқи білуге байланысты. Сол себепті, білім қуған адам тапқан білімін берік ұстап, білген үстіне біле беруге тырысу, құмарланып іздене түсу керек дейді.

Ақын ғылым мен білімді бойға дарытып, есте сақтаудың 4 түрлі себебін былай көрсетеді:

1. Әуелі көкірегі байлаулы болу керек.
2. Естігенде, көргенде ғибраттану керек, яғни, ынтамен ұғу керек.
3. Естігенді, көргенді қайталап көңілге бекіту керек.
4. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек.[2]

Абай тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Әне оны берем, міне мұны берем деп, бастан алданғаныңа мәз боласың, соңынан балаң алдамшы болса кімнен көресің? » деп теріс тәрбие беретін ата-ананы қатты сынға алды. Ұлы ойшыл адамның өсіп, жетілуіндегі тәрбиеге тоқтала келе, өзінің 19-қара сөзінде: «Адам баласы туа сала есті болмайды:естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарына қослады.[1] Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді» -деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді.

Ағартушы, педагог Абай балаларды тәрбиелеу, оқыту ісінде олардың психологиялық ерекшеліктерін ескеруді түсінген. Ол -адамға үш алуан мінез адамнан жұғатынын айтады:

1. Ата-анадан.
2. Ұстаздан.
3. Құрбысынан.

Бала тәрбиесінде олардың маңызы зор. Сондықтан осы үшеуінен баланың болашағы шешілетінін ұқтырады.

Ақырын жүріп, анық бас ,
Еңбегін кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға - деп, [3] шәкірт бойына сіңетін білім мен тәрбие сапасы ізденгіш, еңбекқор, жалықпайтын ұстаз еңбегіне байланысты екенін заманында ұлы ақын дәл тауып айтқан.

Бір ғана мақалада ақынның педагогикалық- психологиялық көзқарасын айқындап түгел тұжырымдап шығу тіпті де мүмкін емес. Психология- адамның жан дүниесін зерттейтін ғылым болса, ақын Абай ең әуелі адам жан дүниесінің құбылып өзгеруін қас қақпай танитын, өзінің де, өзгенің де ішкі жан сарайын айнадан көргендей көріпкелдікпен тамыршыдай тап басып айтатын қасиет иесі, ол – жан құбылысын тез түсінетін ғұлама. Абай ұлы психолог сондықтан да ұлы ақын. Адам жанының құбылысын терең де текті ақындар ғана түсіне алады да, кереметтей ақ қағазға түсіреді.

Абайдың қара сөздерінде адам жаны туралы ерекше пайымдаулар мен пікірлер бар. (9, 27, 43-ші сөздері). Жан қуаты арқылы адам өміріне рухани азық, ой, ақыл жинайды тән қуаты арқылы өміріне қажетті дәулет, атақ, лауазым өзгеде қажет нәрселерін іздеп табады деп тұжырым жасайды. «Жігаттер ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде сан түрлі жігіттің мінез- құлқын ішкі жан дүниесін жайып салады. «... Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша» деп, ешнәрсеге мән бермейтін бойкүйездерді, «Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша» деп, түсінігі таяз, өрісі тарларды, «сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар, абайлар әрбір сөзді өз халынша» деп шама- шарқы жеткенше түсінуге тырысатындарды дәл меңзеп, бір шумақ өлеңде бірнеше адамның психологиялық сезім түйсігін суреттеп береді.[4]

..... Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,

Қажымас, қайта айнымас қайран тату – деп, Абай жаны таза, көңілі кіршіксіз ақ, адалдығымен тәнті ететін, тұрақты мінезімен тектілігін танытатын адал достықты армандайды. Бұл шығарма өлең ғана емес, сан түрлі адамдардың , мінезді жігіттердің әртүрлі майлы бояумен салынған суреттері. Адамның ішкі жай -күйін, сезім- түйсігін дәп танып, дәл бейнелеуде Абайдан асқан көреген жоқ па дерсің. Қашанда жастарымызға Абай рухында тәлім- тәрбие беріп, жүрегіне имандылық нұрын егу міндетіміз. Уақыт өтер, заман өзгерер, бірақ бұл сөздер, бұл өрнектер ұрпақтан- ұрпаққа мирас боп мәңгілік қалар. Абай- мәңгілік дейтініміз де осы.

Сонымен, ұлы кеменгер, ойшыл Абай ақынның сөздері халқы үшін, халқының пайдасы үшін жазылған мол мұра боп, кейінгі ұрпағына адасқанда жол сілтер, шөлікесе сусын болар мәңгі өлмес, өміршең дүниелер боп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе» деп, кейінгілерге қалдырған өнегелі сөзінің өзінен көп сырды аңғаруға болады.

Абай шығармаларын оқып, қажетімізге жаратсақ, ол біздің ақын рухына деген құрметіміз болмақ.

Әдебиеттер:

1. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Жазушы, 1993. 42 б-67б
2. Абай энциклопедиясы.- Алматы: Атамұра, 1995.
3. Абай шығармалары. I,II том. Алматы, 1968 ж. 191 б
4. Ұлағат ,49-55б , 2003 № 3

ОҚУШЫЛАРҒА АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖАСАТУ АРҚЫЛЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Издигаева Дарига Муратовна
Н.Құлжанова атындағы Торғай
гуманитарлық колледжі оқытушысы
Арқылық, Қазақстан

Аннотация. В данной статье рассмотрена значимость произведений Абая. Посредством произведений Абая прививаем духовно-нравственные ценности обучающимся.

Annotation. This article examines the significance of Abay's works. Abay instill spiritual and moral values in students.

Поэзияда, музыкада, қоғамдық азаттық ой пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай - қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінді. Абай қазақтар үшін сондай теңдессіз құбылыс. Өткен ғасыр адамдары үшін сыйлы, заманының алды болған Абай бүгінгі жас ұрпақ үшін де ең жоғары, ардақты. [1]

Зерттеудің өзектілігі: Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай өскелең ұрпаққа таныту негізінде әр оқушының өздері зерттеуіне жол ашу қажет. Оқушылардың Абай шығармаларын зерттеуін әр сабақта кіріктірілген минуттар арқылы жүзеге асырып отыра аламыз. Бұндағы мақсатымызұлы ақыны Абай шығармалары арқылы оқушыны саналы да сапалы етіп тәрбиелеу.

Зерттеудің міндеті: Абайдың ақындық мектебі, поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәні мен маңызын рухани кемелдік танымы тұрғысынан таныту, ақынның көркем-әдеби туындыларындағы ұлттық таным мен рухани-мәдени құндылықтарды оқушылардың бойына дарыту, қоғам мен жеке адамдарға деген көзқарасын, түсінігін, санасын Абай әлеміне саяхат жасау кезінде Абай ойлары арқылы қалыптастыру, Абайдың рухани әлемімен рухтандыру.

Жыл бойы оқушылардың Абай шығармаларын зерттеуі әр сабақта кіріктірілген минуттар арқылы жүзеге асырып отырсақ, мынадай **болжамды** күтеміз: Абай туралы, оның асыл қазынасы туралы білімдері толығады, білім сапалары артады. адамды құрметтеу, оны бағалау сезімдері артады, ұлтжандылық, Отансүйгіштік сезімдері қалыптасады, азаматтық позициялары беки түседі.

Абай шығармаларына тәрбие тұжырымдамасына кіріктіру - рухани-адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі болары сөзсіз. Осы бағытты жүзеге асыру мақсатында «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» атты Абай шығармаларына негізделген тәрбие бағдарламасын қарастырдым. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сүйенген бұл бағдарлама Абай шығармалары арқылы жеке тұлғаның «толық адам» болуын, адами қасиеттердің ұлттық тұрғыда меңгерілуін, ар-ұжданды сақтау, адамдарға риясыз қызмет ету, мінез-құлқын жетілдіру сияқты міндеттерді көздейді. Абай сөздері адамзат тарихында ескірмейтін, мәнін жоймайтын сөздер болғандықтан, сөз құдіреті арқылы жас ұрпақтың санасын тәрбиелеу, ұлттық намыс пен ар-ұждан, адамгершілік, абырой туралы сөздерінің мағынасын санаға сіңірту парыз болып саналады. Абай: «Ойға түстім, толғандым, Өз мінімді қолға алдым», дейді. Осы өлең жолдарының жас ұрпаққа берер өнегесі-адам баласының өзін-өзі реттеуге қабілеттілігі, жеке тұлға ретінде әлеуметтену іс-әрекетін жүзеге асыра алатындығына көз жеткізуімізге болады. Сөз арқылы жас ұрпақ санасына сілкініс салу, ойландыру - әрбір мектепте жұмыс істейтін мұғалім парызы болса керек. [3]

Ұлы Абай - ұлттың абыройы. Әр ұлттың өзінің биік тұлғасы болады, сол тұлға арқылы ұлтты таныту қай заманнан да бар дүние. Абай шығармашылығы-қанша заман өтсе де маңыздылығын жоймайтын, алмас сияқты жан жақтан жарқырап көрінетін, қай саладан болса да зерттеуге лайық құндылық. Абайды өз биігіне көтерсек, халықтың да бірлігі күшейіп, рухани бір байып шығады деп ойлаймын. Абай шығармаларының астарындағы бүгінгі ұлттық жаңғыруға керек қырлар зерделенген. Онда саналы, білімді және мәдениеті жоғары ұрпақты қалыптастыру шешу арқылы әлемдік көштің басында боламыз деген ой өрбиді. Абайды еске алу-ол Абай туралы үлкен жиналыс өткізу немесе ол туралы көлемді-көлемді баяндама жасау емес. Абайға қарап, әр адам өз бейнесін анықтап, өзін танып білуі қажет. Қазақтың жаңа мәдениетінің негізін салушы, қазақтың классикалық поэзиясының шұғылалы шыңы Абайдың мәңгі өшпес данқының ең асқақ айғағы.

Абайдың педагогикалық мұраларының негізгі идеяларының бірі - адамдардың өзара қарым-қатынасы, әсіресе, жастардарды еңбекке баулу. Ақын халықтың әл-ауқатының деңгейі, санасы, мәдениеті, адамдардың өзара мейірбандығы мен парасаттылығы, ұлттың ерекшелігіне байланысты екенін даңалықпен болжады. Еңбекті Абай, басқа қазақ ағартушылары сияқты-байлықтың, молшылықтың көзі деп санады.

Абай жастарды тәрбиелеудің әр түрлі жолдарын, ең алдымен отбасында, мектепте және әдебиет арқылы тәрбиелеуді ұсынды. Балалардың дүниеге көзқарасын және мінезін қалыптастыруда отбасының рөлінің ерекше зор екенін көрсетті. Абай әлемнің кең өріс алуы, оның поэзиясымен әлеуметтік, оқу-тәрбиелік демек, ағартушылық көзқарасының әлеуметтік сипат алуында болды. [4]

Оқушылардың Абай шығармаларын зерттеу арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруы деп таңдалған тақырыбымының себебі әлемдік деңгейде талданып, үлкен сұранысқа ие болған Абай шығармаларын оқушыларға оқыту, талдау, зерттеу арқылы поэзияны сүйетін, эстетикалық сезімдері,

дүниетанымдары жетілген тұлғалық қасиеттерінің дамуына үлес қосқым келеді. Абай өз заманында жазып қалдырған мұрасы бүгінгі және келесі таңымыздағы жастарға ақыл өсиет, тәлім тәрбие ретінде сабақ болады деп ойлаймын.

Қазіргі кезде елімізді толғандыратын мәселелердің бірі- жастарды адамгершілікке, әдептілікке, адалдыққа, имандылыққа баулу. Абай атамыз қашанда ел жұрттың болашағын ойлап, халықты ауыр тұрмыстан, азаптан құтылудың жолын меңзеп, оқу білімге шақырған. Адамның жаман қасиеттерден бойын алыс ұстап, жамандықтан арылуға, жақсылықты өн бойына жинауға, тәрбиеге көп көңіл бөлген. Өсек, өтірік, мақтаншак, еріншек, бекер мал шашу сияқты, рулық тартыс, бітпейтін ау жанжал елдің сиқын бұзатынын, еш мақсатсыз бос жүрген халықты көріп, қатты қынжылған. Абай өлеңдері жанға дауа, кез келген жанның өмірін жадыратып, құлшынысын оятып, жақсы мінез иесі болуына септігін тигізеді. Қазақ даласы Қазіргі психология ғылымы тұрғысынан, бірінші болып Абай «Адам» деген ұғымға анықтама берген. Абай түсінігінде «Адам - ақылдылық пен еңбек сүйіспеншіліктің әділдік пен білімділіктің, махаббат пен адалдықтың, адамгершіліктің жиынтығы». Абайдың адамгершілік идеалы, мұраты, принципі қысқаша ғана «Адам бол» деген формула. Абай қазақ жастарын желөкпе, әр нәрсеге көрсеқызар болмай, өнерді үйренуге, табиғатты тануға, ғылыми көзқарасқа негізделген тиянақты білім алуға үндеді. Жастардың мінез құлық, адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген Абай «Тез үйреніп, тез жайма, Жас уақытта көңіл гүл» деп өлең жолдарында жазған болатын. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды. Абайдың ой тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. [2] Сондықтан оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын бір мәрте ой елегінен өткізген жөн. Елбасымыздың «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі бақ бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді» деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады. [6]

Абай шығармашылығы – өте күрделі, кең көлемді. Кейде, Абайды оқи келе оның мен үшін ақын, философ, аудармашы және композитор ғана емес, былай айтқанда жақын туыс, туғанымдай сезінемін. Ұлы ақынның шығармашылығымен таныса келе көптеген нақыл сөздерді маған айтқандай, ақынмен сөйлескендей боласың. Бір сөзбен айтқанда, қуанышыңды да, қайғыңды да ақынның өлеңдерімен басасың.

Қазақ халқының Абайды құрметтеуі, қадір тұтуы соншалық, белгілі бір мәселелерді дәлелдеген уақытта Абай атамыз былай айтқан дегенді айтамыз. Мен, әрбір қазақтың баласы Абайдың томын қолына алып, оның өлеңдері мен шығармаларын оқып, оны өзінің жан дүниесімен сезініп, өзіне есеп берсе, қандай болар деп ойлаймын. Ұлы ақынның нақыл сөздерін оқи атырып, Осы дүниеде қалай өмір сүремін? Абайдың айтқандарын орындап жүрмін бе, оның сөздерінен белгілі бір шешім жасадым ба, биіктерге талпындым ба, осы

айтылғандардың барлығын адам баласы болып дүниеге келгендіктен дұрыс жолға нұсқадым ба? - деп өзіне – өзі есеп беріп отырса, адамзаттың барлығы ақылдарымен дұрыс жолға түсер еді деп ойлаймын. Абайдың аударған өлеңдері не адамгершілік тақырыбына байланысты жаман мінез-құлықты шенеу, жақсылыққа үндеу, не патриоттық үлкен идеяны көксеген өлеңдер, не терең ой, философиялық, не үздік көркем өлеңдер болып келеді. Крыловтың мысалдары, Теректің сыйы, Тұтқын, Татьянаның Онегинге, Онегиннің Татьянаға жазған хаттары, тағы басқа осылар тәрізді атышулы өлеңдер. Сөйтіп, Абайдың Пушкин, Лермонтов, Крылов тәрізді орыстың ұлы классиктерін аударуы кездейсоқ емес. Қазіргі кезде қоғамда орын алып жатқан қазақ жандарының түрлі тұрпайы әрекеттеріне ақынның 1891 жылы жазылған «Заман ақыр жастары, Қосылмас ешбір бастары, Біріне бірі қастыққа, Қойнына тыққан тастары..» деген өлең жолдары дәл айтылғандай. Бұл туынды ақынның жастардың әс қылығына, тіршілік сынайына реніш білдіре, сынай жазылған. Осындай бәр мәнді айтылған шығармаларын оқушыларға зертте те отырып бар ниетім, мақсатым рухани, мәдени, адами құндылықтарын жетілдіру. [5]

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой- тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Абайды тану - адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін- өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі -кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де - осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет. Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы- парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан, азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн. Елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ойды - қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру - ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі. Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке бірлігі үшін аса құнды. Бізге, Абай айтқандай, артық мақтанға салыну, өзгені қор, өзімізді зор санау, дау қуу әсте жараспайды. Әр қадамымызды анық басып, әлемде және елімізде болып жатқан оқиғаларды байыппен сараптай біліп, ой түйіп, құндылық қалыптастыруымыз қажет. Абайды өз заманындағы іскерлктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады. Ғұлама Абай- қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл ойдың

жемісін сыйлады. Елбасы «Абай әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға» деген болатын. Шынында да, дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның туындылары әлем халықтарының ортақ қазынасы, өнегелі ойлар шоғыры.

Әдебиеттер

1. Абай педагогикасы «Келешек - 2030» Көкшетау, 2003
2. Абай қара сөздері «Көшпенділер» баспасы Алматы, 2007
3. Абайдың шығармаларына түсініктеме. Алматы 2009ж.
4. Абай өзінің туған халқымен мәңгі бақи жасайды. Президент. №9№2020.
5. Қазақ әдебиет энциклопедиялық анықтамалық «Аруна» баспасы Алматы, 2007
6. Қазақ әдебиеті кітабы, Алматы «Мектеп» 2014. С.Қирабаев, Ұ.Асыл, С.Дүйсебаев, Б.Әрінова, 124 б.
7. Қазақстан мектебі№10№2015. 23 б.
8. Қазақстан мектебі//№3№2017. 21б
9. «Шапағат нұр» журналы 20065. Хадистер жинағы
10. Педагогика. Әбиев Ж.Ә.,Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Дарын.Алматы, 2004. 394 б.

АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА ҚАЗАҚТА

Кажиков Мейирим Сайлауович
Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Денешынықтыру пәнінің мұғалімі

Аннотация. В данной работе рассмотрена пейзажная лирика Абая Кунанбаева, которая прочно связана с нелегкой судьбой казахского народа.

Abstract. The article deals with poems of Abai Kunanbaev. It gives a detailed analysis of natural lyrics Abai Kunanbaev.

Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма
Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан
киелі ұғым болмауға тиіс.

Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын жүзеге асыруға арналған тұжырымдамада «Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін, ең алдымен адамгершілік, ізгілік, имандылық тәрбиесін бойына жинаған білімді, парасатты ұрпақ тәрбиелеу керек» деп көрсетілген. Осы мақсатта ұлттық сана-сезімі жетік, қазіргі заман талабына сай ойлау қабілеті жоғары азаматтар тәрбиелеу – ұстаздар міндеті.

Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе,

Адалдықты көздесең, жаттап тағы көңілге...- деп ақын С.Торайғыров жырласа, Жан-Жак Руссо «Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзінің уақытын аямау» деп айтқандай, жылдан-жылға оқушыларымыздың Абай атамызды танып-білуге деген ынтасы артып келеді. Сондықтан да біздің мақсатымыз - жас ұрпаққа Абайдың даналығы туралы кең түсінік беріп, шығармалары мен асыл сөздерінің мәнін ұғындыру.

Шәкірт жүрегіне жол тауып, оның көкірек көзін оятып, ұлы Абай әлеміне құштарлығын арттыру үшін аямай тер төгіп жүрген ұстаздар еңбегі айтарлықтай.

Абай халқымыздың мақтанышы ғана емес, біздің ұлттық ұранымыз. Ол туралы айтылар сөз, жасалар істер әрқашанда өз арнасын табуы тиіс. Абай өлмес мұра қалдырды, оны алдымен өзіміз танып, сосын әлемге таныту - біздің ғұмырлық парызымыз.

Бүгін мен баяндама тақырыбын «Абай - дана, Абай - дара қазақта» деп тектен-тек алып отырған жоқпын. Осы жерде Елбасымыздың мына сөзіне назар аударайықшы: «Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс». Қаншама сыр, қаншама ой жатыр осы сөзде. «Болмасаң да ұқсап бақ», - деген Абай атамыздың асыл сөзін еске ала отырып, болашақ ұрпағымыздың бойына данышпан бабаларымыздың асыл қасиеттерін сіңіруді, Абайдай халық қамын ойлайтын саналы азамат тәрбиелеуді қазіргі өмір талабы біздерге, соның ішінде ұстаздар қауымына жүктеп отыр. Сондықтан Абай туралы бар білгендерімізді бүгін сарапқа салғалы отырмыз.

Мен қазақпын дейтін әрбір адамның жүрегінің түкпірінде Абайға деген бір жылы сезім жататыны мәлім. Оның терең мағыналы өлеңдері мен әндерін, қара сөздері мен дастандарын оқып, жаттап, айтып өскен әрбір адам Абай десе елең ете қалары сөзсіз.

Абайдың зиялылық шығармашылығы оның педагогикалық көзқарасымен ажырамас бірлікте. Абай адам баласының тіршілігіндегі тәлім мен тәрбиеге ерекше мән беріп, өмірінің ақырына дейін ағартушылық міндетін терең сезінген. Мәселен,

«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай, баптанба,
Құмарланып шаттанба

Ойнап босқа күлуге,» - дей келіп, адам мінезіне жақсы да жаман әсер ететін сипаттарды тарата жіктеп, даралап түсіндіріп береді. Жас ұрпақтың ақыл-ой тәрбиесін жан-жақты жырлап, адамзат баласының ең асыл қасиеті білім-ғылымға ұмтылу деп бағалайды. Ғылым-білімге талпыныс адамның жан дүниесімен қоса сыртқы айнала қоршаған экономикалық-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысты екендігінің шындығын айтады.

Абай – кеменгер! Бүкіл халықтың бетке ұстар данышпаны. Сондай-ақ, Абай көзі тірісінде өзінен кейінгі өнерлі ұрпақты әдебиетке, поэзияға жетелеген өрелі Ұстаз, Хәкім!

Ақынның соңында қалған шығармашылық мұралары ана тілімізде, сондай-ақ басқа тілдерге тәржімаланып, әлемдік деңгейде танылуда, зерделі зерттеу еңбектері де өз оқырманын тауып жатыр. Бұл күні Абай мұрасын зерттейтін өз алдына дербес «Абайтану» ғылымы кең өріс жаюда. Абай мұрасын танып білу, терең меңгеру оңай іс емес. Абайдың осы тереңнен тартқан әдебиет саласындағы тамырын насихаттауды жаңа талап тұрғысынан түлетіп, жаңа серпінмен көрсете білу керек.

Қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгері - Абай Құнанбаев. Дана ақын Абай 1845 жылы тамыз айында қасиетті Шыңғыс тауында туған. Абайдың әкесі Құнанбай өз еліне атағы шыққан аға сұлтан. Зерделі зерек ел ағасы, ірі тұлға. Абайдың анасы - Ұлжан, әжесі - Зере.

Он үш жасында Абайды әкесі Құнанбай оқудан шығарып, ел билеу әдісін үйретеді. 60-шы жылдардың аяқ кезінен бастап Абай аздап оқыған орысшасын өз бетімен оқу арқылы дамытып, орысша кітаптарды көп оқиды. Семей кітапханасынан кейде өзі барып, кейде арнайы кісі жіберіп кітаптар алдырады. Сөйтіп жүріп, ол 1870 жылы Петербургтен жер аударылып келген жас революционер Е.П.Михаэлиспен кездеседі. Кітапханада Л.Толстой кітабын сұрап тұрған қазақы адамды көріп таңырқаған Михаэлис оған таяп келіп, жөн сұрайды. Екеуінің таныстығы осыдан басталып, кейін үлкен достыққа айналады.

Бұл жылдары Абай орыстың ұлы классиктері Пушкин, Толстой, Лермонтовтармен қатар революционер-демократтар Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов, Салтыков-Щедрин, Некрасовтардың және Еуропаның ақын, ғалым, философтарының да еңбектерімен танысып, әдеби білімін, философиялық ой-пікірін, дүниетану көзқарасын кеңейте түседі. Абай орыс әдебиеті мен публицистикасын тек оқушы, үйренуші ғана болып қойған жоқ, оларды қазақ даласына насихаттаушы, өзінің мазмұнына түрі сай, көркем аудармалары арқылы оның идеясы мен мазмұнын да, эстетикалық қасиеттерін де қазақ оқушыларына дәл жеткізуші болды.

1886 жылы Абай "Ғылым таппай мақтанба", "Интернатта оқып жүр" өлеңдерін жазды. Ақынның бұл өлеңдерінің күні бүгінге дейін мәні зор. Ақын айтқан: өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, орынсыз мал шашу сияқты теріс әрекеттер әлі де бар. Ал, талап, еңбек, ғылым, қанағат, рақым да біздің қазіргі тәрбиеге дәл келеді.

Абай қазақ поэзиясын жаңа биікке көтерді. Ол өзіне дейінгі қазақ әдебиетіндегі кемшіліктерді қайталамады. Шығыс, батыс, орыс мәдениетін өз шығармаларына үлгі етіп, сол арқылы өз өлеңдерінің сапасын жоғарылатты, ұлттық түрді сақтай отырып, оған интернационалдық нәр берді, әдебиетімізді шын өнер дәрежесіне жеткізді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Абай қазақ әдебиетінің тарихында сыншылдық реализмнің негізін қалаушылардың бірі болды. Өзінің аса жоғары табиғи дарынымен ол барлық ақын-жазушылардың алды болуымен қатар, өз еңбектерінде тек қана халқының мақсат-мүддесін қорғай отырып, оған көркемдік образ бере білді. Қазақ әдебиетінің демократиялық бағытын негіздей отырып, Абай дәл сол кезде қазақ әдеби тілінің тууын зерттеген. Оның

поэзиясы ойға қонымды, әрі жинақы, аса бай әдеби тіл мәнерін шебер қолдануы арқылы белгілі.

Қазақ халқының қоғамдық ортасында дамып жетілген Абай поэзиясы халықтың әдеби бай қазынасынан нәр алып отырды. Ақын 1880-1900 жылдардағы халық өмірінің елеулі өзгерістерінің бірі болып саналатын сол кездегі қоғамдық-тарихи жағдайдың қазақтарға тигізген әсерін жан-тәнімен түсіне отырып, өз шығармасында қазақ қауымының даму барысын әрі терең, әрі шыншылдықпен суреттей білді.

Өнер жолындағы жоғары, аса керемет жетістіктер мен ескілікті біржолата сыпырып, жаңашылдықты тарихи түрде мойындатуы және халық өмірінің ішкі дүниесін жан-тәнімен түсінуі, өлеңдерінің бай қоры Абай шығармаларының классикаға көтерілуіне, әлем әдебиеті мен орыс әдебиетінің бай қазынасынан нәрлі қорек ала білген Абай қарапайым қазақ халқын реалистік түрде жырлай бастады. Оған жұртшылыққа кеңінен танымал: «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қақтаған аң күмістей кең маңдайлы», «Қартайдық, қайғы ойладық ұйқы сергек», «Интернатта оқып жүр» атты, сол кездегі ел басқарушылар, жыл мезгілдері, махаббат лирикасы қамтыған өлеңдері куә.

Абай өлеңдерінің ең негізгі тақырыбы қазақ халқының бүгінгі жағдайы мен әрі қарай даму жолдары еді. Халқы туралы ой олардың аянышты да ауыр тұрмысын көре отырып жазған өлеңдеріндегі жан күйзелісі: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Күз», «Сегіз-аяқ» және т.б. өлеңдерінде айқын білінеді. Абай лирикасында әлеуметтік тақырыптың көрнекті орын алуын Абай еңбегін зерттеушілердің көпшілігі атап өткен. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қалың елім, қазағым! Қайран жұртым», «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» өлеңдерінде азамат ақын ел арасында кең етек алған зұлымдықтан арылуды аңсаған еңбекші халықтың жоғын жоқтап, күйін күйттеген өз өлеңдерін әлеуметтік күресте ең қарулы күш ретінде танытты. Нақ осы шығармаларының бәрінде халықты қанаушы, езуші «халқының қамын жегендердің» екі жүзді, арам пиғылдары мен еңбекші қарапайым халықтың ақ көңілін салыстыра келе былай сөз қозғайды:

«Бас-басына би болған өңкей қиқым,

Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың» , -деп күңіренеді.

Абайдың табиғатты суреттеп жазған бір топ өлеңдері тек түр жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да ерекше. Ол өлеңдерінде ақын еліне, жеріне, шексіз сүйсіне отырып, өмір шындығын кеңінен, дамытып көрсетеді: онда ел өмірі, жалпы тұрмысы, бай серуені бірге қамтылады. «Желсіз түнде жарық ай», «Қыс», «Жаз», «Күз» т.б. өлеңдерінде жыл мезгілдерінің әрбір кезеңін қазақ ауылының өмір тіршілігіне қабыстыра суреттейді. Ақын табиғатқа жан бітіре суреттейді, ерекше мейірлене жырлайды.

Ақынның, әсіресе жастарға арналған өлеңдері ерекше айшықты. Жастық шақ - адам өмірінің ең бір думанды кезеңі, сондықтан да «Ойлансаңшы, бос қаңқай елең-селең» - деп, уақытын арзан күлкімен өткізбеуді тілейді. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім», «Жас өспірім

замандас қапа қылды» т.б. өлеңдерінде жастарды мәрттікке, татулық, береке, бірлікке шақырады.

Абайды халқымыз ішкі жан сарайының рухани байлығы, сезім пәктігі, сезім мөлдірлігі, шынайылығы, ақындық мәдениеті үшін қатты қадірлеп, құрмет тұтты. Тіршілікті, дүниені, адамның ішкі жан-дүниесінің қыры мен сырын дөп басып, туған халқының жүрегіне жеткізу.

Өзі үстем таптан шықса да, Абай бұқарашыл тілектегі халық ақыны болды. Ол шығармаларында сол халықтың мүддесін, арман мұңын жырлады. Соның жарқын болашағын аңсады. Ақын адамның адамдық қасиеті еңбекте, ғылым-білім үйренуде, адамгершілік мінез-құлықта деп ұқты. Сондықтан елін еңбекке, өнерге үндеді. Қазақ әйелінің бас бостандығын жырлады.

Қазақтың ұлттық музыкасының алғашқы қадамынан бастап, оның қалыптасып өркендеу тарихында Абай мұрасының алатын орны ерекше. Абайдың композиторлық, ақындық мұрасы халқымыздың мәдени тарихының ажырамас бөлігіне айналып, музыкалық жанрды дамытуға жаңа жол салды.

Абай тек ән шығарушы ғана емес, ән-күйдің әділ сыншысы да. Ол ән-күйжөнінде көптеген терең, үлгілі пікірлер айтты.

*Туғанда дүние есігінашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең...*

Бұл арада өлең деген сөз ән мәнісінде айтылып тұр. Ол музыканың адам туғаннан бастап, өмірінің соңғы күніне дейін ілесе жүретінін аңғартады.

Абай қазақтың ұлттық әдебиетін мазмұны жағынан ғана емес, түр жағынан да байытты. Қазақтың әдеби тілінің негізін салды.

Қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы Мұхтар Әуезов Абайды "қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі" деп орынды атаған.

«Абай сөзі – қазақтың бойтұмары. Абай мұрасы- қазақтың ең қасиетті қазынасы. Заманалар ауысып, дүние өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, гасырлар бойы қазақ елін жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді. Абайдай данышпан перзентті дүниеге әкелген қазақ халқы ата-бабаларының арманы болып келген ел тәуелсіздігін көзінің қарашығындай сақтайтындығына, қорғайтындығына сенемін. Ылайым, халқымыз Абай армандаған өмірге жетсін деп тілеймін» деген Елбасы.

Абайдың мұрасын ғылыми тұрғыдан меңгеруде тарихи еңбек атқарған академик М.Әуезов болатын. Ұлы жазушы артына ұлан-асыр көркем туындыларын, әсіресе, «Абай жолы» эпопеясы мен Абай шығармалары жайлы ұзақ жылдар бойы ізденуден туған зерттеу еңбектерін қалдырды. Жазушының «Абай жолы» эпопеясы қазақ әдебиетін бүкіл әлемдік даңққа бөледі. Мұхтар Әуезовтің ұлы Абайға деген махаббаты - оның туған халқына, туған мәдениетіне деген махаббат еді.

Сөзімнің тобықтай түйінін айтар болсам,
Бәрімізге қасиетті Абай ақын,
Оқып-біліп өзіне болдық жақын.
Жылы тиіп жүрекке өлеңдері,

Әр сөзінен ұғамыз ақыл-нақыл.
Үйретті ол ұрпағын жақсылыққа,
Қара сөзі әркімге басшы-нұсқа.
Қаншама жыл өтсе де сөзі өлген жоқ,
Өсиетін аламыз басшылыққа, - дей отырып, міне,
«Абай – дана, Абай – дара» деп бекер айтпайды екенбіз. Қазақ елінің ақыны көп болғанымен, Абайы біреу-ақ. Абай тереңіне әлі де толық бойлай қойғанымыз жоқ. Оны алдағы уақыттарда да терең білуге тырысарымыз хақ. Абайыбар қазақ бақытты. Абайы бар ел қай халықпен де терезесі тең. Абайы бар елдің мерейі үстем.

Абай мұрасы мәңгі өлмейді. Ол таусылмайтын рухани азық, мөлдір бұлақ, құнарлы нәр, асыл қазына. Ендеше, Абай мұрасын мектеп бағдарлама-сында пайдалануда жас ұрпақтың санасына жететіндей етіп түсіндіру үшін Абайды оқып, өмірді Абайша түсіну керек деп ой бөлісер едім.

Абай өлеңдеріне жай ғана үңіле салу мүмкін емес екенін барлық ұстаз мойындайды және ол ақиқат.

...Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма!..

Абай болашаққа сөзін осылай арнады. Даланы торлаған надандық түнегіне ол шамшырақтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай: Жинақ.-Алматы: Жазушы, 1976.
2. Абай: Таңдамалы өлеңдер жинағы.-Алматы: Жазушы, 1985.
3. Абай лирикасы //Абай: Энциклопедия.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, Атамұра, 1995.-Б. 382.
4. Абай: Энциклопедия / Ред. Р.Н.Нұрғалиев.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы.-Алматы: Атамұра, 1995.-720 б.
5. Абетаева Е. Абайдың педагогикалық және психологиялық көзқарастары // Ұлағат.- 2003.- №3.- Б.49-55.
6. Әуезов М. О. Абай Құнанбаев: Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. -Алматы: Санат, 1995.- 320 б.
7. Бақтыбаева Г.О. "Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе" //Ұлағат.- 2004.-№2.-Б.27-30.
8. Есім Ғ. Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман... //Абай.-2003.-№3.-Б.1-5.
9. Есім Ғ. "Ата-анаға көз қуаныш": Әр өлеңі бір әлем //Абай.-2004.-№1.- Б.12-1

АБАЙДЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫН ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Кенжегалиева Сауле Капсултановна
Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектебінің физика пәнінің мұғалімі.
ҚР оқу ісінің үздігі, әдіскер, Д.А.Қонаев ордені, "Алтын адам" төсбелгісінің иегері
Арқалық қаласы

Андатпа. Мақалада Абайдың рухани өміріміздің темірқазығы ретінде мол мұрасының физика пәнін оқытуда пайдасы зор екендігіне мән беріледі. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қоршаған ортаны тану, зерттеу барысында дидактикалық мақсаттарды іс жүзінде жүзеге асыру, білімі мен мәдениеті дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру нәтижелері туралы мәселелері қарастырылады.

Түйінді сөздер. Рухани мұра, әдіс-тәсілдер, мәдениет, заманауи білім беру, нәтиже

Аннотация. В статье подчеркивается, что богатое наследие Абая как броненосец нашей духовной жизни очень полезно для преподавания физики. Рассматриваются вопросы повышения интереса учащихся к предмету, развития творческих способностей, познания окружающей среды, практической реализации дидактических целей в исследовательском процессе, результаты формирования личности с развитыми знаниями и культурой.

Ключевые слова. Духовное наследие, методика, культура, современное образование, результат

Annotation. The article emphasizes that the rich heritage of Abai as an ironclad of our spiritual life is very useful for teaching physics. The questions of increasing students' interest in the subject, development of creative abilities, knowledge of the environment, practical implementation of didactic goals in the research process, the results of the formation of a person with developed knowledge and culture are considered.

Keywords. Spiritual heritage, methods, culture, modern education, result

Қазіргі кезде білім алушының ой-өрісін көтеру, шығармашылық қабілетін дамыту, алған білімін практикада қолдана білуге баулу, әр түрлі ғылыми әдебиеттерді пайдаланып, өзіндік білімін тереңдетуге үйрету мәселелеріне айырықша мән беріліп отыр. Әр шәкіртті жеке тұлға деп санап, оларды өз сұраныстарына, мүдделеріне жаңартылған білім бағдарламасына сай оқыту мен тәрбелеудің сан қырлы әдіс-тәсілдерін қолдану керектігі көзделген.

"Абай мұрасы мәңгілік. Абайдың рухына тағзым ету- оның қағидасын ұстану, аманатына адал болу. Сонда ғана жас ұрпақтың санасына қастерлі құндылықтарды сіңіреміз. Біз ұлы ойшылдың өнегелі өмірі мен тағылымы туралы айтудан жалықпаймыз. Әсіресе қазіргі Қазақстан қоғамын Абайдың рухани ұстанымына сай дамыту аса маңызды"- деген болатын ҚР Президенті Қ.Ж. Тоқаев "Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан" атты мақаласында.[1,2]

Міне, осы орайда білім беру сапасы жоғары болып, кәсіби шеберлігі шындалған және жаңа білім беру жүйесінің негізінде бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда Абайдың рухани мұрасын физика пәнінде қолдана білуіміз қажет. Қазақтың біртуар перзенті, ұлтымыздың дара келбеті, әлемдік деңгейдегі кеменгер тұлғаның аманат етіп қалдырған асыл сөздері мен өлеңдерін физика сабағының кез-келген тақырыбына пайданауға болады.[2,15] Абайды түсіну жеңіл емес. Бірақ қазақтың ойын, ойлау жүйесін жоғары көтеріп кеткен де Абай. Мысалы: "Жарық құбылыстары" тақырыбын өткен кезде Абайдың шығармашылығын пайдалануға болады. Ең алдымен "Жарықтың табиғаты қандай?", жыл мезгілін суреттейтін "Жазғұтырым", "Қыс", "Күз" тақырыптарындағы өлең жолдарына тоқталуымызға болады. Өлең жолдары арқылы оқушыларға жарық табиғаты туралы негізгі гипотезаны, оның таралу заңдарын, толқындық табиғатын дәлелдейтін құбылыстарды түсіндіруге болады. Бұл жерде табиғат құбылыстарын талдай білуге, оның ерекшеліктерін аңғару, әртүрлі құбылыстарға ортақ қасиет таба білу қабілеттерін қалыптастыруға болады. [3,15]. Жарық құбылыстарын осы өлең жолдары талдау барысында қоршаған орта мен әлемді және оның заңдылықтарын көрсете білуге, сабақтың барысында өзін-өзі бақылай білуге дағдыландыру, жауаптың әр өлең шумақтары арқылы әдемі аша білуіне, тіпті пікірталасқа да ұластыруға болады. "Дейін-кейін", "Ақиқат, жалған, шындық", "Ия. жоқ", "Сұрақ-жауап" сияқты әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. [6,87-105] "Желсіз түнде жарық ай, Сәулесі суда дірілдеп..." Абай лирикасы арқылы жарық, толқындық құбылыстарды түсіндіруге болады. Осы өлең жолдарын пайдалана отырып; "Жарық жылдамдығы", "Жарықтың шағылу, сыну заңы", Толық шағылу", "Жарықтың дисперсиясы", "Механикалық толқындардың интерференциясы", "Интерференцияның кейбір қолданулары", "Жарық толқындарының көлденендігі", Оның поляризациясы, электромагниттік теориясы тақырыптарын түсіндіруге болады. [4,138]

"Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Дем алысы үскірік, аяз бен қар,

Кәрі құдаң, қыс келіп, әлек салды" ... деген өлең жолдары арқылы да толқындық құбылыстарды (оптикалық) түсіндіруге болады. Сол сияқты "Жинағыш линза мен нәрсенің кескінін алу", "Жарықтың шашыратқыш линзадан өтетінін бақылау". Жарықтың жазық айнадан шағылуы", "Жарықтың фильтрі мен оның комбинациясынан өткенде жарық түсінің өзгеруін бақылауға болады. Ауа мен судың шекарасын (суы бар мөлдір ыдыс, тиын), жарық сәулесі жүрісінің өзгеруі, тура көру prizмасы мен спектроскоптағы жарық дисперсиясын анықтау тақырыптарында пайдалануға болады. Оқушылар әрі сабаққа қатысып, өз ойларын түсіндірумен қатар, Абайдың өлеңдерін жаттап, көкейге сақтайды.[5,17]

"Ғылым таппай мақтанба", "Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз, "Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге" деген тұжырымдамалары осы кезеңнің басты мәселесі білім мен ғылымды дамыту қажеттілігін анық көрсетіп отырғандай. Абай шығармаларын зерттеген М.Әуезов:"Абай сөзінің негізін

адамгершілікке тірейді. Адамды қор қылатын ең залалды жаманшылықтарды санап өтеді. Олар үш нәрсе: надандық, ерншектік және залымдық"-деп құнды ой қалдырған.[6,105]

Заман қанша ауысып жатса да, Абайдың жұлдызы жарқырай бермек."Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей" деп үнемі ізденіс үстінде болу, өз еңбегіңмен көріне білу керек екендігін басты назарда ұстаған. "Білімдіден шыққан сөз. Талаптыға болсын кез", "Ғылым, өнер мал таппақ- жұртқа жақпақ", "Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек" деген сөздерімен сабақты қорытындылап кері байланыс жасауда қолданып отырамын.[7,27]. Физика пәнінде "Жарық құбылыстары" тақырыбын толығымен өткеннен кейін жоғары сыныптарға "Абай әлемі", "Абай жолы", "Абай-рухани байлығымыз" тақырыптарында қорытынды эссе жааздыртамын, орта буын оқушыларына "Табиғат лирикасы" атты сурет байқауын, "Абай әлемі" сөзжұмбақ құрастырамыз. "Желсіз түнде жарық ай" әнімен аяқтаймыз. [8,26]

Олай болса, Абай шығармаларын физика пәнінің "Жарық құбылыстары" тақырыбын ашуда пайдалану арқылы жеке тұлға үшін ғана емес, жалпыоқушылар үшін пайдасы зор. Абайтанушы Тұрсын Жұтбай: "Абай - біздің рухани өміріміздегі басты бағдарымыз"- деп бағалаған болатын. Академик Зәки Ахметов: Абай шығармаларының мағынасын терең бойлап ұғынып-түсіне алсақ, заманды кейінгі мен бүгінгінің, кешегімізді бағдарлаймыз" деп жазған.

Абай – қайта тумас бір әлем. Абай әлемінде қазақ баласының ой тереңдігі жатыр.

Қорыта келгенде, әр халықтың жан дүниесін айқын көрсететін тұлғасы бар екені анық. Мәселен орыс ғалымы Пушкинді, ағылшындар Шекспирді, ал қазақ халқы Абайды айтып мақтанады. Абай әрқашан ұлттың ұраны, пән сабағымызда қолданатын шығармашылық құралымыз болуы керек. Жарық құбылыстарының жаңа қасиеттерімен танысу, сыну ұғымын қалыптастыру заңдар мен формулаларды үйретуде Абай шығармаларын қолдану оны жаңартылған білім бағдарламасының түрлі әдіс-тәсілдерімен байланыстыру арқылы білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы артады.[9,146] Болашақта Абайдың рухани мұраларын әрі қарай жалғастыру жұмыстары өз жалғасын табатынына сеніміміз мол дегім келеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті К.Ж Тоқаевтың "Абай - рухани реформатор" мақаласы Қостанай таңы газеті. 2020ж. 11 тамыз №93 (19045).
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Алматы. 01.03.2016ж
3. Білім технологиялары. Республикалық ғылыми - әдістемелік педагогикалық басылым. Алматы.2018ж №5
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық бірінші (ілгері) деңгей /Назарбаев Зияткерлік мектебі

5. "Білім беру жүйесін жаңғырту" атты мақалалар жинағы /Өрлеу БАҰО, 2018ж
6. "Тәжірибедегі рефлексия" жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы. Тренерге арналған нұсқаулық 2016ж
7. 7.Қазақстан мектебі. Республикалық ғылыми-әдістемелік басылым 2018ж №3
8. "Физика және астрономия" республикалық ғылыми-әдістемелік журнал 2013ж. №4.5
9. "Физика" республикалық ғылыми-әдістемелік журнал 2018-2019жж №1,5,6
10. "Физика" Закирова Н.А, Аширов.Р.Р 8-11 сынып "Арман ПВ" баспасы 2020ж

ФИЛОСОВСКИЕ И ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ АБАЯ НА ПРОБЛЕМУ НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ

Кикенова Нұрсәуле Бекзатқызы
Учитель английского языка
Средняя общеобразовательная
школа №4 имени Кейки батыра
Аркалык, Казахстан

***Аннотация.** Бұл мақалада ұлы гуманист Абай Құнанбаевтың адамгершілікке тәрбиелеу мәселесіне қатысты философиялық-педагогикалық көзқарастары қарастырылады. Жас ұрпақтың өмірінде адамгершілік ұстанымдары мен адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың жалпы адамзаттық проблемаларына ерекше назар аударылады.*

***Түйінді сөздер.** ағарту, адамгершілікке тәрбиелеу, білім.*

***Annotation.** This article examines the philosophical and pedagogical views of the great humanist Abai Kunanbayev on the problem of moral education. Particular attention is paid to the fundamental universal human problems of the formation of moral principles and moral values in the life of the younger generation.*

***Key words.** enlightenment, moral education, knowledge.*

Жизнь общества в XXI столетии меняется стремительно. Вызовы, риски и угрозы требуют всестороннего углубленного осмысления существующих реалий, выработки и принятия адекватных решений в соответствии с новыми задачами и требованиями. Важно и актуально видение перспективы будущего развития страны в международном сообществе. В своей статье «Абай и Казахстан в XXI веке» Президент обозначил: «Наша задача – не только идти вперед, но и занять лидирующие позиции. Для этого мы должны развивать систему образования в соответствии с современными трендами». Взгляды

Абая способствовали позитивным социокультурным преобразованиям в обществе, внесли существенный вклад в формирование этнокультурного пространства. Одним из важнейших достижений просветительской деятельности Абая стало развитие самосознания народа, национальной интеллигенции, образования и науки. «Почитать Абая – значит следовать его мировоззренческим принципам, быть верным его заветам. Только тогда мы сможем привить новому поколению правильные, жизнеутверждающие ценности», - подчеркнуто в статье Президента «Абай – духовный реформатор».

Абай – один из величайших гуманистов прошлого. Воздействовать на умы и чувства людей, обновлять общество средством поэтического слова, глубокое уважение к достоинству человека – вот что характерно для Абая-гуманиста. Не для забавы я слагаю стих, Не выдумками наполняю стих, Для чутких слухом, сердцем и душой Для молодых я свой рождаю стих, -так сам Абай определил предмет своего творчества [1].

Да, именно к молодёжи – к будущему своего народа, а в его светлое будущее, несмотря ни на какие сложности своего времени, великий мыслитель, поэт просветитель-демократ не терял своей веры, утверждая: «Кто не испытывал зла? Теряет надежду лишь безвольный... Ведь истина, что в мире нет ничего постоянного, значит, и зло не вечно... Разве после суровой многоснежной зимы не приходит весна цветущая, многоводная, прекрасная?!». Одно из «Слов» он заканчивает мыслью «И думаю, что может быть, и хорошо жить так, устремляя взор надежды на будущее» [1].

Если обратиться к педагогическим взглядам Абая, сформировавшимся в прошлом столетии, то в них отражены основополагающие общечеловеческие проблемы педагогической теории и практики. Вот некоторые из них: «Лишь знаньем жив человек, Лишь знаньем движется век, Лишь знанье светоч сердец... » [1].

Хотя Абай не писал специальных философских и педагогических трудов, но почти все без исключения произведения пламенного наставника молодёжи пронизаны нравственно-этическими назиданиями, опирающимися на интересы, нравственные идеалы и мудрость трудового народа, на творчество казахской народной интеллигенции – акынов и композиторов, на достижения общественной мысли народов Востока и Запада.

Актуальны сегодня мысли Абая о формировании нравственных принципов и нравственных ценностей в процессе самой жизни в противовес религиозному учению о «божественной предопределённости» морали. По мнению Абая, человек не рождается с какими-то готовыми качествами личности. Все понятия о добродетели, все правила поведения приобретаются в процессе его жизни и деятельности. Он призывает молодых:

Не кидайся на всё сгоряча, Дарованьем своим гордись:

И ты, человек, кирпич мирозданья В здание жизни самой ложись [2].

Казахский поэт и философ выдвигал гуманистические идеи на протяжении всей своей жизни. Он призывал уважать человека не по его происхождению, не по занимаемому им в обществе положению, не по знатности и богатству, а по тому, что несет человек людям, каков его духовный

мир. «Качества духовные, – утверждал Абай Кунанбаев, – вот что главное в человеческой жизни. Живая душа и отзывчивое сердце должны вести человека, тогда и труд его осмыслен, и достаток уместен».

Абай искренне желал видеть казахов нравственным, просвещенным, трудолюбивым народом и постоянно задавал вопрос: «Что делать?» Как вытащить людей из беспросветной и нищей жизни? Как убедить их не лениться, не предаваться праздности и ничегонеделанию? Как научить их трудиться? Как стать конкурентоспособными? Эти вопросы Абая, обращенные им к своим современникам, исключительно актуальны и востребованы сегодня, они звучат так остро и обжигающе, словно сказаны в наши дни и призваны пробудить казахстанцев, заставить задуматься над своей жизнью. А поскольку люди равны, то им незачем стремиться навязывать свою волю, силу другим, ибо они не лучше других. Наоборот, люди, народы должны проникнуться взаимным уважением друг к другу, любить друг друга, жить в мире, не враждовать и не завидовать друг другу. В центре миропонимания Абая, как и других мыслителей, таким образом, находится человек, сущность которого мыслитель рассматривает чрезвычайно многопланово, с точки зрения биологической, психологической, социальной и педагогической. Абая привлекает эстетический, этический облик человека, его образование и воспитание, мир его чувств и интеллекта, его идеалы и цель жизни. Несмотря на природное равенство, люди, далее утверждает Абай, в нравственном отношении друг с другом не равны: одни безнравственны, порочны, глупы, хитры, другие, наоборот, нравственны, добродетельны, умны, скромны и т. д.

Свой высший этический идеал Абай выразил в нравственной формуле: «Адам бол! — Будь человеком!», с которой он обращается, прежде всего, к молодёжи. Этический смысл абаевской формулы «Адам бол!» состоит в высокой оценке роли назначения человека в жизни. В его понимании человек должен сочетать в себе разум и гуманность, трудолюбие и образованность, дружбу и любовь. Он не устал напоминать современникам, что солнце и луна — украшение небес; леса и ягоды — украшение гор, а украшение земли — человек [3].

Особое значение в воспитании молодежи Абай придавал семейному воспитанию. Первые и самые главные воспитатели, учителя, по мысли Абая, – это родители. Абай свято верил, что время, полное невежества и темноты, уйдет, и его сменит светлый мир, который будет построен молодыми. Придавая первостепенное значение роли воспитания в становлении человека и борясь против тех, кто пытался пороки людей объяснить предписанием рока, судьбы, Абай подчеркивал, что человек не от природы получает нравственные качества, он становится нравственным или безнравственным лишь в процессе воспитания. Кто же является воспитателем ребёнка? Конечно же, это прежде всего люди, которые его окружают. Их Абай делит на 3 группы. Во-первых, это по Абаю, родители, братья, сёстры, то есть семейное, родственное окружение ребёнка. Во-вторых, это учителя, воспитатели, наставники, то есть взрослые люди, профессионально отвечающие за воспитание ребёнка. И, в-третьих, это сверстники, друзья, товарищи [4].

Но Абай делает важный нравственно-этический вывод: кто из этих категорий людей наиболее уважаем детьми, кому из них они больше верят, влияние кого оказывается наиболее сильным, значительным. Согласно Абаю, любимый человек — есть первый и главный наставник детей. *Также Абай в своих Назиданиях неоднократно напоминает, что нравы казахских детей портятся из-за неправильного воспитания их родителями, наставниками, в результате пагубного влияния невежественных сверстников.* Формула нравственности в трактовке Абая: «Адам бол!» («Будь, стань человеком!») заключается также в следующих нижеприведенных положениях. Зрелость человека, на взгляд просветителя, определяют три главных качества: разум, сердце, воля. Опорой общества и народа должны быть личности, в полной мере овладевшие этими качествами. Будучи истинным патриотом, Абай видел будущее своего народа в образовании, просвещении, развитии науки и искусства, в упорном и созидательном труде. Он писал: «Тот, у кого больше знаний, любви, справедливости, — тот мудрец, тот ученый, тот и обладает миром» [4].

В современном Казахстане в контексте глобализации мира актуально звучит призыв великого Абая учиться у всех народов, сохраняя при этом свое собственное лицо, национальное и человеческое достоинство, умножая число друзей, укрепляя дружбу со всем миром. Абай понимал человека как целостную личность, наделенную душой и разумом. Человек для Абая — центр мироздания. Духовность — определяющее начало в человеке, которое впитывается посредством книг и народной мудрости, искусства и духовного опыта.

Просвещение в трактовке Абая рассматривалось в качестве средства совершенствования человека и общества. Осваивая мир культуры, человек воспринимает те или иные идеи и идеалы, языки и нормы поведения. Для великого поэта, мыслителя, гуманиста, выразителя сокровенных дум казахского народа Абая Кунанбаева главное — человечность, ценность человеческого существования, нахождение своего места в жизни. Обращение к советам и нравственным заповедям Абая может очень нам помочь в преодолении собственного нравственного несовершенства и особенно в воспитании молодого поколения. Выдвигая свой нравственный принцип «Адам бол!» в цикле моралистических поэтических произведений, Абай разрабатывает для молодёжи целый кодекс этических норм дружбы и товарищества, любви в супружестве, долга и совести, мужества и красоты человеческих отношений и т.д. В этом отношении характерны такие произведения, как: «О, джигиты, дорог смех, не шутство», «В интернате учиться» и многие другие. Если в одних стихотворениях Абай учит, что надо делать, чтобы быть человеком, то в других учит, чего не следует делать, чтобы стать человеком. Например, «Не щеголай вещами», «Измучен, обманут я всем вокруг» и другие. Высоко оценивая роль воспитания в изменении нравов людей, Абай определяет нравственные цели воспитания и образования. Высшая цель воспитания, по мнению Абая, — сделать из ребёнка труженика и патриота, а цель обучения — познание вселенной, приобретение знаний, получение образования и профессии.

Главными средствами нравственного воспитания Абай считает труд и просвещение народа. У него нет почти ни одного произведения, где не говорилось бы о значении труда в жизни человека. Абай воспевает труд как жизненную потребность человека и как основу его нравственности. Человек труда — есть истинный носитель добродетели. Что касается науки, просвещения, то их Абай считает универсальными средствами для разрешения всех нравственных проблем, то есть воспитание в молодом человеке стремления к знанию, к разумности. Абай стремится доказать необходимость сделать этику научной, а науку — этической, нравственной. Один из путей достижения этого идеального соотношения Абаю видится в благоразумно и умеренности — «қанағат ету» [5].

Умеренность у Абая в потребностях и тем более в поступках выступает как единая нравственная категория, заповедь. Знать меру всему и всего — большое дело. «Не запутывайся в мыслях, одевании, не лишайся здравого рассудка. В еде, в питье, в схеме, в одевании, в объятиях, в поцелуях, в страсти к богатству, даже карьеризму и хитрости — во всём имеется мера. Всё, что сверх меры — зло» [1].

А меру человеку должна подсказать совесть, являющаяся нравственным регулятором поступков и поведения. Совесть человек чувствует свою моральную ответственность перед окружающими людьми, так как совесть — это самооценка своих поступков. Чтобы вовремя удержать себя от безнравственных поступков, Абай предлагает постоянные самоотчеты перед своей совестью. Таким образом, Абаем формулируются в его поэзии и прозе наиболее общие нравственные принципы его высшего этического идеала «Адам бол!». Во-первых, это трудолюбие, во-вторых, стремление к знанию, разумности, в-третьих, умеренность, в-четвёртых, совесть и, в-пятых, самоконтроль, самовоспитание, самодисциплина [5].

Можно утверждать, что провозглашенные в прошлом столетии Абаем моральные нормы, осуждающие с одной стороны, подлость, нечестность, распутство, с другой — возвышающие любовь к труду, самоотверженную борьбу за интересы народа, честность, правдивость, упорство в изучении науки, его высший этический идеал «Адам бол!» не только не утратили своего значения в наше время, а приобрели новую силу звучания и требуют самого пристального изучения и овладения ими каждым.

Литературы

1. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы (екі томдық).—Алматы: Көркем әдебиет, 2002. — 368 б.
2. Абай Құнанбаев. Избранное. Серия «Мудрость веков». — М.: Русский раритет, — 426 с. 3 Құнанбаев А. Книга слов / Пер. с каз. Р. Сейсенбаева. — Семипалатинск, 2001. — 218 с.
3. Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая. — Алматы: Гылым, — 334 с.
4. Мамырбекова А.С. Нравственный оптимизм Абая // Мысль. — 2007. — № 8. — 116 с.

АБАЙ ЗАМАНЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ

Қуанышбаев Сейітбек Бекенұлы
*география ғылымдарының докторы,
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық
педагогикалық институты.
Арқалық, Қазақстан*

Роман Аймағамбетұлы
*гуманитарлық ғылымдар магистрі, доцент
Арқалық педагогикалық институты.
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В статье анализируются произведения великого казахского поэта Абая Кунанбаева. Актуальность произведений Абая в настоящее время не утратила своего значения. Стихи поэта, посвященные проблеме нации, анализируются в преемственности с национальными ценностями, такими как важное национальное сознание, язык, традиции в современном казахском обществе.

Ключевые слова: Нация, дух, сознание, ценности, казахское общество, интеллигенция, образование, воспитание

Abstract: The article analyzes the works of the great Kazakh poet Abay Kunanbayev. The relevance of Abay's works has not lost its significance at the present time. The poet's poems devoted to the problem of the nation are analyzed in continuity with national values, such as the important national consciousness, language, and traditions in modern Kazakh society.

Keywords: Ult, movement, dignity, Hayter, Kazakh oami, Sealy AUM, Bilim, tarbie

*Қазақтың қасиетін тану –
Абайды танудан басталмақ
Мұқтар Мағауин*

Қазақтың ұлттық мәселесі – қазақ қоғамындағы әлі күнге дейін шешімін таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі. Ал ұлттың болашақ тағдыры оның тілімен, дінімен, рухани байлығымен, тарихымен, әсіресе ұлттық санасымен байланысты. Осы тұрғыдан еліміздің Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» және «Абай – рухани реформатор» атты еңбектері ұлтымыздың тарихына, тарихтағы ұлы тарихи тұлғаларға, олардың еңбектерін қайта ұлттық болмыспен қайта қарауға серпін берген маңызды мақала деп ойлаймыз. Мақаланың Абай Құнанбайұлын танып-білудегі маңызын, ақын шығармаларының қазіргі уақыттағы қоғамдық мәселелермен сабақтастығы мен үндестігін, рухани жаңғырудағы оның өлеңдері мен қара сөздерінің құндылығын, күнделікті өмірдегі алатын орнын айқындаудағы алатын орны ерекше. Президенттің: «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық» - деп айтуының орны бар. 100-ден аса ұлттың басы қосылған біздің еліміз үшін

татулықтан, ынтымақтан артық құндылық болмауы тиіс. Абай шығармаларын оқып, насихаттау арқылы қазақ халқының ұлттық қасиетін сақтаймыз.

Мақаланың әрбір қазақтың ұлы тұлғалары арқылы өзіндік «Менінің» қалыптасуы мен мақтаным сезімінің оянуына игі әсері болары сөзсіз.

Қаншама жерден тарихты жасайтын халық дегенімізбен, сол тарихтың бел ортасында жүріп, адасқан халықтың жолбастаушысына, ақыл-кеңесшісіне айналған ұлы тұлғалардың алар орны, тарихта қалдырған ізі ерекше екендігі рас. Сондай ірі тұлғаларымыздың бірі – Абай Құнанбайұлы болды. Араптар үшін Мұхаммед ұлы тұлға болса, қырғыз халқы Шыңғыс Айтматовты дүние жүзілік дәрежеге жеткізгенін білеміз. Сол сияқты қазақ баласы үшін Абайдан асқан дана адам жоқ.

Президент мақаласы қазақ оқырмандарының бір сәтке болса да Абай шығармаларын қайта бір қарап, ой елегінен өткізуге итермелеп отырғаны шындық. Біз үшін Абай кім? Абай шығармаларының рухани құндылықтарды жаңғыртудағы орны қандай? Абай не дейді?

Абай шығармалары ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының айнасы десек қателеспейміз. Қазақты танығың келсе – Абайды оқы. Бұл өзін қазақпын дейтін әрбір азаматтың күнделікті принципіне айналуы керек. Себебі қазақ қоғамының қазіргі уақыттағы шешімін таба алмай келе жатқан рухани құндылықтарға байланысты сұрақтарын осыдан 100 жылдан аса уақыт бұрын Абай қозғап, оның тиімді жолын көрсеткен болатын. Ол білімге, ғылымға, тәрбиеге, дінге, психологияға байланысты мәселелердегі қазақтың орнын көрсете отырып, жанына бататындай сынап, оятуға тырысып, қайткен күнде халқын алдыңғы қатардан көруге тырысты. Соған бар күшін де, қайратын да, білімін де, тіпті қызметін де арнады.

Абайды, оның әдеби-көркем шығармашылығы мен қара сөздерінің мәнін терең түсіну үшін, өзі шыққан қоғамдық ортаның қыр-сырын анықтау қажет. Ал бұл кезең қазақ тұрмысына жаңа қоғамдық-экономикалық формацияның заңдары еніп, осының әсерімен жаңа қоғамдық қатынаста бірінші орынға жеке тұлғаның рөлі шыға бастаған уақыт болатын. Белсенді адам өзін қоршаған әлемге ықпалын тигізеді, ал бұл өз кезегінде адамның сезімталдық қабілетінің дамуына әсер етеді. Заман лебін заманынан озық туған жеке тұлғалар бұрын болжап, үгіт-насихат жүргізеді. Абай да сол заманның мұрагер рубасы ретінде қазақ халқы қоғамдық өмірінің жаңа жағдайына бірден бейімделіп, көне салмағанына шүбә болмауға тиіс.

Абай дәуіріндегі қазақ тұрмысы негізінен ақынның күллі туындыларында толық бейнеленген. Оның қоғамдық-публицистикалық өлеңдерінің тұтас бір дәуірдің дерегі ретінде тарихи мән-маңызын мойындауға тиіспіз.

Тұтас бір ғасыр өтсе де, қазіргі өз қоғамымыздың көптеген әлеуметтік-саяси, мәдени, тәрбие мәселелері әлі күнге дейін күн тәртібінен түспей тұр.

«...Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады.» [2. 19- сөз. 155 бет] Абай айтып отырған адамның адам деген құрметті атақты алып жүруі екі үлкен мәселеге байланысты: оның бірі - білім болса, екіншісі-тәрбие.

Есті адам білімді «қалай» болса да алады, бірақ «қалмысы жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болатын» [3. 38-сөз, 185 бет] тәрбие барлығымызды ойлантады. Қазіргі қоғамымыздың ең ауыр жарасы осы болса керек.

Бала - қоғамның болашағы дейтін болсақ, онда болашақтың бүкіл бет-бейнесі әрбір шаңырақтың тірегі болатын ұрпақтың тәрбиесінде жатыр. Осыған байланысты Абай былай дейді: «Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен, яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады.»[4. 38-сөз. 185-186 беттер] Бұл әрбір ата-ананың әрдайым есінде болатын нәрсесі болуы керек. Себебі, қолынан ештеме келмейтін баланың болуы мүмкін емес, бүкіл баланың бойында таланттың ұшығы, шырағы бар. Бар мәселе соны уақытында ескеріп, еңбекпен ұштастыра білуде. «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ - өнерсіз иттің ісі. Әуел құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды.» - деп ұлы Абай тағы бір ескертіп, шегелеп айтады.[5. 4 –сөз. 135 бет]

Қазіргі қазақ қоғамындағы келеңсіз көріністердің түп-тамыры - жұмыссыздықта жатыр. Нашақорлық, маскүнемдік, жезөкшелік, ұрлық, зорлық, адам өлтіру, әр түрлі дәрежедегі қылмыстардың жастар немесе егде адамдар тарапынан болсын кең етек алуының негізгі себебі осында болса керек. Еңбек - адамның бүкіл талантын қозғайтын, шығармашылығын ұштайтын процесс. Абайдың «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі - жұмысының жоқтығы» - деп бекерден бекер айтпағаны осыған байланысты.[6. 42- сөз. 217 бет]

Жас мемлекеттің тәжірибесінің жоқтығын, халықтың саяси сауаттылығының төмендігін пайдаланған, өз мүддесін жоғары қойған «алаған қолым береген» емес деген принциппен өмір сүретін топтың болуы өтпелі кезеңнің ең бір ауыр келеңсіз жағы. Осыған ұқсас көріністі Абай өмір сүрген дәуірден де көруге болады. «...Ашулансам, ызалана алмаймын, күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі»[7. 9- сөз. 142 бет] дейтін сырты бүтін, іші түтін ұлы ақын:

«Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.»

[8. 15 бет] деп оларға ескерту жасаған болады.

Заман ағымы солай ма «...Ақсақалдың, әкенің, білімдінің сөзінен сырдан тартып, тез жиренбек » [9. 16 бет] болуы заңды болып көрінсе, онда осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын қалыптасқан

«Бір сөз үшін жау болып,
Бір күн үшін дос болып,
Жүз құбылған салттың»

[10. 42 бет]әлі күнге дейін қоғамымызды жайлап, бойымыздан арылмай келе жатқаны ауыр кесел болғаны.

Ғылым кез-келген кісінің тісі батпайтын қоғамның саласы. Онымен бойыңда күш-қуатың, ерік-жігерің бар жастық дәуірден бастап қолға алып айналыса бастамасаң, одан кейінгі уақыттарда нақты ғылыммен шұғылданду қиынға соғатыны шындық. Орыс және Батыстың алдыңғы қатарлы ақын-жазушыларының шығармаларынан хабары бар Абай Құнанбайұлы өлеңдерінің бір бөлігін қазақ жастарының ғылымға назар аударуына, ғылыммен шұғылдандуына арнағандығын байқауға болады. Артынан, жас келген кезде «...Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкініп, опық жемес үшін өзінің өмір тәжірибесін алға тартады.

Ол үшін неден сақтану, қайда ұмтылу керек? Абай мұның да жолын көрсетіп берді. Абайдың айтып кеткен «...Өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, түкке тұрмайтын нәрсеге босқа мал шашу», қарап отырсаңыз, әлі күнге дейін қазақ қоғамын жегідей жеп отырған келеңсіз көріністер екендігін көруге болады. Ал енді сені өрге сүйрейтін, шынға шығаратын «...күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселерге» жету үшін адам ерте кезден бастап еңбекпен айналысып, «Түбінде баянды еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған...» деп ақынның өзі айтпақшы еңбектің құдіретті күшке ие екендігін сезіне білуің керек.

«Талаптыға нұр жауар» деп халқымыз бекер айтпаса керек, адамның бір нәрсеге ұмтылуы, ішкі мотивацияның болуы, соған қол жеткізгенше тоқтамауы – соңында арманның орындалуына алып келетінін өмірден көріп жүрміз. Абай осыған шақырады.

Күйбің тіршілік қамымен «от басы, ошақ қасы» төңірегіндегі ойлармен шектеліп отырған жайымыз бар. Бұл адамды алға тартпақ түгілі, керісінше, шыға алмайтын терең орға жығатынын білсек те, одан арыла алмай келе жатқанымыз жанымызға батады. Қоғамның, әсіресе оның ішінде жастарымызды «арзан күлкі» мен ешқандай мәні жоқ даңғаза әндермен жаулап алған мына заманның келеңсіз көріністері ақыр соңында ұлттық құндылықтардан айырылуға алып келеді. Осындай кезде, Абайша айтқанда, ұлттың қамын жеген «терең ойлы» ұлт зиялыларының қызметтері басты рөл атқарып, қоғамды алға сүйрейтін негізгі күшке айналары қақ. Осы қатардан табылу үшін Абайдың «...Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер, Күлкіні онша күйлеп, шуламалық» деген ескертпесін, ақылын ескере жүрген абзал деп ойлаймыз.

«Қанағат – қарын тойғызар» деген қазақ халқының мәні өте зор асыл сөзін қазіргі уақытта бірлі-жарым қазақ баласы елеп жүруі мүмкін, алайда оны елемек түгілі пысқырмай «болғанның үстіне бола түссін» деп жүргендердің саны көп екендігіне ешкім шүбә келтіре қоймас. Бұл да қоғамның сонау Абай заманынан бері соңымыздан қалмай еріп келе жатқан ащы бір дерті болып тұрғаны ұлтымызға сын. Қанағаты жоқ адамнан мейірім күту мүмкін емес. Себебі ол тойымсыз, өзінен артылмайды. Сондықтан әрбір адамның «қанағат, рақымды ойлап қойғаны» артық болмас еді.

Абай мұның барлығын көрді, білді, заман ағымын сезді, бірақ «жартасқа барып, күнде айғай салғанымен, одан жаңғырықтан басқа ештеме шықпай, баяғы жартас - бір жартас» [11. 74 бет] қалпында қала берді. Заманынан озық туған деп халқына жаны ашыған, өрге сүйреген, жол көрсеткен әрекетіне

байланысты айтқан шығар. Бірақ Абайдың «ақынның ақыны ғана емес, ақылдың ақыны» екеніне ешкімнің ешқандай дауы болмауы керек. Себебі өз халқын басқа ұлттар сияқты алдыңғы қатардан көруге тырысқан Абайдың қазақты сынап жазған өлеңдері мен қара сөздері оны жек көрушіліктен емес, керісінше, оны оятуға, намысын қайрауға, жан-жағына қарауына жол салар деген үлкен үміттен туған уытты шумақтары болатын.

Оның өлеңдерінің әрбір жолы, қара сөздері тәрбиеге толы, неден сақтану, қайда ұмтылудың бағдарламасы десе де болады.

«Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.
Қаруыңның барында қайрат қылмай,
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де - жел»

[12. 143 бет] деп ескерте айтса, ақын енді бір өлең шумақтарында былай дейді:

«Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,
Еңбекті сат ар сатып неге керек?
Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек»[13. 151 бет]

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап,
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап»[14. 161 бет]

Бұл – Абай көрсеткен өркениетті қоғамның толыққанды мүшесі болу жолындағы тәрбие көзі, әрі жолы. Ағылшын саясаткері У.Черчиллдің «Тарих жоқ, тарихта тек ұлы адамдар бар » дейтін сөзі, міне, осындай ұлы тұлғаларға байланысты айтылса керек.

«...Керекті уақытында ойламай, керекті уақытында қылмай, керекті уақытында айтпай, дәйім уақытынан кеш қалып, «Әй, әттеген-ай! Үйтуім екен, бүйтуім екен» деп, өмір бойы ғафил болып-ақ отырмас» [15. 43-сөз. 221 бет] үшін Абай нақылы, Абай ескертуі әрбір қазақтың жүрек түкпірінде жатуы керек-ақ.

Әдебиеттер

1. Қ.Ж.Тоқаев.«Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан». // Егемен Қазақстан. 9 қаңтар, 2020 жыл.
1. Абай Құнанбайұлы. Аудармалар мен қара сөздер. Алматы. 1977.
2. Бұл да сонда.
3. Бұл да сонда.
4. Бұл да сонда.
5. Бұл да сонда.
6. Бұл да сонда.
7. Абай. Өлеңдер. Алматы. 1976.
8. Бұл да сонда.
9. Бұл да сонда.
10. Бұл да сонда.

11. Бұл да сонда.
12. Бұл да сонда.
13. Бұл да сонда.
14. Абай Құнанбайұлы. Аудармалар мен қара сөздер. Алматы. 1977.

ABAY'S LECTURES AND MODERN PEDAGOGICAL SCIENCE

Kaskyrbayeva Meruert Mykhtarkyzy
Master of Pedagogical science
English teacher
School № 4 named after Keiki batyr
Arkalyk, Kazakhstan

Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық,
Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс.
Н.Ә.Назарбаев

Since gaining independence in 1991, Kazakhstan has been making progress in major sectors of society. Under the vision of education reform targeted for the year 2050, trilingual policy (Kazakh, Russian, and English) was adopted to propel the country to join the top 30 developed countries in the world. Yet as early as the nineteenth century, Abay Kunanbayev foresaw the need to adapt to the world being altered by the hands of geopolitical powers. Rather than to be swept away by the waves of colonial influences, he became the lonely voice in the wilderness urging the Kazakhs to become educated multilingually. Though Abay is revered as the country's foremost philosopher and poet, his writings are mostly covered in Kazakh Literature Course for secondary schools.

Abay and Kazakhstan Abay (Ibrahim) Kunanbayev was born in 1845 in Chingiz of the Semipalatinsk region in what is today's Abay district of East Kazakhstan Oblast in the Republic of Kazakhstan. He was also called Abay which means 'to be careful' in the Kazakh language. He lived up to his name during the tumultuous time in Kazakh history; as the sage (teacher) and bey (leader) of his tribe, Abay was responsible for balancing on the political tightrope held together on one side by the laws of the steppes, governed by nomadic tradition and the Islamic Sharia Law, and on the other side by the rules of the Russian Czar. Though various faiths coexisted peacefully on the Silk Road commercial routes, Islam prevailed as the dominant religion when Genghis Khan and his Golden Horde began to rule Central Asia in the thirteenth century. Kazakhs also sought the protectorate power of the Russian Empire before the time of Peter the Great due to deadly conflicts with neighboring Dzhungars in the eighteenth century (Esenberlin, 2015). Rather than to continue the legacy of violence and turmoil, Kunanbayev (2005) "eschewed the realities that surrounded him, and extricated himself from the oppressive atmosphere of feudalism and lawlessness" (p. 10). He chose the path toward peace and desired to raise the status of Kazakhs, not by the military resistance against the colonial power,

but by mastering the knowledge of the West. Abay envisioned Kazakhs to someday have equal footing not only with Russians but with the rest of the world via education. While Seisenbaev, who published the work of Abay, describes him as a “great poet, musician, translator, philosopher and political activist” (Kunanbayev, 2005, p. 8), contemporary Kazakh philosopher Nysanbayev (2009) views him as a “many-sided, versatile and ambiguous figure in the history of Kazakh philosophy” (p.20). Abay was not necessarily appreciated or understood by Kazakhs of his time because he was anticipating a globalized future that others could not fathom. Abay was unique because he stood simultaneously on Eastern traditions of spirituality and Western traditions of rationality. He was the first Kazakh philosopher to synthesize Western ideas with Central Asian needs to “unite organically the wisdom of the East and the progressive ideas of the West” (Kunanbayev, 2005, p. 11). Though grounded in Islamic faith of the East, Abay gave anecdotes from philosophers of the West—he studied the classic works of Greece and Rome as well as contemporary philosophers including Kant, Hegel, and Darwin. He also translated various works of the West into the Kazakh language including “poems by Mikhail Lermontov, Johann Wolfgang von Goethe, Lord Byron, Ivan Krylov, and Alexander Pushkin,” according to the National Academic Library and Semipalatinsk Library named after Abai (Abai Kunabaev, n.d.). Synthesis of the East and West meant guarding the traditions of the past yet seeking liberally about the prospects for the future. It also meant thinking critically toward the religious establishment even though he was a devout Muslim. Recognizing the limitations of religious training, Abay sought to “criticize everything related to the blind faith and the fear of God produced by external, in this instance, superficial aspects of faith and religious practice” (Nysanbayev, p. 22). Abay wanted people to think for themselves. To be enlightened was not for the sole purpose of striving for independence per se from the protectorate power of the Russian empire, but for the liberation of their minds and for their progeny to become masters of their own destiny. Abay was “deeply concerned about the issues of self-determination of the Kazakh people” (Nysanbayev, p. 22) as he “relentlessly placed the question of the fate of Kazakhia before his people” (Kunanabyev, 2005, p. 14). Abay concluded that education would allow the Kazakhs to be truly free (the word kazakh means ‘to be free’ in the Turkic language).

The use of modern pedagogical technologies in the educational process of the creates completely new opportunities for implementing the didactic principles of individualization and differentiation of teaching , positively influences the development of students' cognitive activity, their creative activity, consciousness, and realizes the conditions for the transition from learning to self studying. It is an intensification of the learning process. A number of authors, analyzing modern pedagogical technologies, came to the conclusion that modern pedagogical technologies are oriented to individualization, distance and variability of the educational process , academic mobility of students, regardless of age and level of education. There are many definitions of pedagogical technologies - a term that has become quite popular in the last decade, for example: - Pedagogical technology is a systematic method of creating, applying and defining the whole process of teaching

and learning, taking into account technical and human resources and their interaction, which aims to optimize the forms of education.

- Pedagogical technology is a system set and order of functioning all personal, instrumental and methodological means used to achieve pedagogical goals. - Pedagogical technology is a meaningful generalization using the definitions of all previous authors . Analyzing the definitions, it is possible to allocate the criteria which are the essence of pedagogical technology: - unambiguous and clear definition of training objectives (why and for what?); - choice and structure of content (what?); - optimal organization of the teaching process (how?); - methods and means of teaching (with what?); - taking into account the necessary real level of teacher's skills (who?); - objective methods for evaluating the results of teaching (is it so?). Essential characteristics of pedagogical technologies are: - diagnostic goal set and effectiveness imply guaranteed achievement of the goals and effectiveness of the learning process; - economy expresses the quality of pedagogical technology, providing a reserve of study time, optimizing the work of the teacher and achieving planned learning results at short intervals; - algorithmizability , projectability , integrity and controllability reflect various aspects of pedagogical technologies; - correctness implies the possibility of constant operational feedback, oriented to clearly defined goals; - visualization touches upon the application of various audiovisual and electronic computing equipment, as well as the design and application of a variety of didactic materials and visual aids . Traditional technologies are built on an explicitly illustrative method of teaching, with their use the teacher focuses on the presentation of the prepared educational material. In this case, information is almost always presented in the form of a monologue. That's why the main problems are the low level of communication skills, the inability to obtain a detailed answer from the student with his own assessment of the considered issue, the insufficient inclusion of students listening to the general discussion. Traditional pedagogical technologies have their positive aspects: a clear organization of the learning process, systematic approach to teaching, widely used visual aids, tables, technical training aids. New living conditions put forward their demands for educating young people: they must be not only skillful, but also thinking, initiative, independent. The use of modern educational technologies in teaching practice is a necessary requirement for the intellectual, creative development.

Whatever pedagogical technology we apply in the educational process, it is realized through the system of classes, so the teacher's task is to ensure the inclusion of each student in different activities. Educational technologies give wide opportunities for differentiation and individualization of educational activity and are aimed at the final result of the educational process - the training of highly qualified specialists . Of course, each teacher would like his subject to have deep interest among students, so that they are able not only to write , but also understand what they write. Therefore, it is necessary to make a student an active participant in the educational process. Therefore, the teacher needs the following: - forget about the role of the informer, he must act as the organizer, coordinator of the cognitive activity of the student and organize all kinds of educational and cognitive activities in the classroom; - the educational and cognitive activity of the student must correspond to the educational

material that must be learned; - it is necessary that as a result of the activity the student could independently come to any conclusions, so that he would gain knowledge himself. Systematic work with the active application of innovative pedagogical technologies increases the interest in the subject, the educational activity of students, provides a deep and hard assimilation of knowledge, and develops the thinking, memory and speech of students. An important feature of teaching is the conditions for productive activities on the use of knowledge, their generalization and systematization. Thus, various types of technologies contribute to the development of cognitive and creative interests of students. However, the implementation of modern educational and information technologies does not mean that they will completely replace the traditional teaching methods, but will be a part of it. After all, pedagogical technology is a set of methods, methodical methods, forms of organization of educational activities, based on the theory of learning and providing planned results. Today, for the successful conduct of a modern lesson, one must think over a new position, understand why and for what changes are needed, and, above all, change oneself.

Abay championed education for Kazakhstan because he hoped to bring the community together, to keep Kazakhs on the right path, and to offer self-determination. Education was the key to do the will of the Creator and to free the minds of Kazakhs from colonial influences. For Abay to declare that “it would be good if Kazakh children could get an education” (Kunanbayev, p. 124) was a major understatement. He believed that the door to the rest of the world was education via the power of language, perhaps because he sensed the world becoming globalized early on. In the past, Kazakhs needed to adapt to the achievements of Russians to escape their vices. Today, Kazakhstanis contend with adapting to the English language as the lingua franca of the world as they are forced to compete with the rest of the world in the same pool of talents with the likes of China, Japan, and South Korea. Abay passed away before he witnessed the chaotic rise and fall of the Soviet Union, but as people of Kazakhstan began to search for their spiritual and national identity after independence, Abay’s writings became more relevant and vital to their link to the past as well as their path to the future. First, Abay inspired Kazakhs to embrace nationalism and to imagine the possibility of autonomy from the Russians. Second, educators and leaders carried the ideals and hopes of Abay throughout the time of their independence. At present, President has become the embodiment of the leader who would reform for the country with education. As Kazakhstan sets the course of educational reform for 2050, «know mads» of the information age owe much gratitude to the philosopher and poet of the steppe who foresaw the global future.

Concerns about the Kazakhs prompted Abay to define man as being divine and as an extension of the community. The way to manhood meant cultivation of the soul via the obtainment of proper knowledge. The path toward obtainment of knowledge conveyed providing education for all and mastering other languages to become academically competent. At times Abay took the position of the West as in favoring nurture over nature, while in other times he took the position of the East as in placing greater responsibility on the learner than the educator. Abay is relevant to today’s educators because even though he looked further toward the future than his contemporaries in setting the path for educational progress, many challenges that

haunted him continue to linger. Future generations of Kazakhs would do well to give heed to this philosopher of the steppes whose legacy seems to continue.

References

1. Abai Kunanbaev. (n.d.). Biography. Retrieved November 17, 2016 from <http://abay.nabrk.kz> Egéa -Kuehne, D. (2012).
2. Levinas's quest for justice: Of faith and the "possibility of education." In D. Egéa -Kuehne (Ed.), *Levinas and education: At the intersection of faith and reason* (2nd ed., pp. 26-40). London, UK: Rutledge. Esenberlin, I. (2015).
3. *The nomads: Despair* (Book 2). Almaty: "ALE" Association of Publishers. Johnson, T. W., & Reed, R. F. (Eds.). (2014). *Philosophical Documents in Education* (4th ed.). Boston, New York: Pearson
4. *Abai book of words*. (R. Seisenbaev, Trans.) London: Abai International Club, EL Bureau. (Original work published 1909). Lee, K. Y. (2000).
5. The statesman who talked tough. Retrieved 12 May, 2016 from https://www.mfa.gov.sg/content/mfa/overseasmission/abu_dhabi/embassy-events-and-pressstatements/2015/201503/the-statesman-who-talked-tough-.html Noddings, N. (2012).
6. Айснер Л.Ю. Применение инновационных методов обучения для реализации компетентностного подхода в системе профессионального образования / Л.Ю. Айснер, С.В. Бершадская // Материалы международной заочной научной конференции: Проблемы современной аграрной науки. – 2015. – С. 244-246.
7. Айснер Л.Ю. Об использовании интерактивных методов обучения в высшей школе / Л.Ю. Айснер, С.М. Трашкова // Материалы VII международной научно-практической конференции: Инновации в образовательном пространстве: опыт, проблемы перспективы. – 2017. – С. 67-69.
8. Bogdan O.V. Enhancing students' creativity / O.V. Bogdan, T.V. Agarova // Материалы международной заочной научной конференции: Проблемы современной аграрной науки. – 2016. – С. 165-169. 8. Волкова А.Г. Использование онлайн-словарей как инновационный метод обучения иностранным языкам /А.Г. Волкова // Материалы международной заочной научной конференции: Проблемы современной аграрной науки. – 2016. С. 202-204.

ПАНДЕМИЯ УАҚЫТЫНДАҒЫ АДАМНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ

Мусирова Г.Б.

*п.п.ғылымдарының магистрі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық
педагогикалық институты*

Жасұлан Е.Ж

*педагогика және психология
мамандығының 4-курс студенті
Алтынсарин атындағы Арқалық
педагогикалық институты*

Аннотация. В статье рассматривается теория поведения человека во время пандемий. Классификация ученых изучающие данную проблему. Пути их решения.

Annotation. The article discusses the theory of human behavior during pandemics. Classification of scientists studying this problem. Ways to solve them.

Адамзат өзінің дамуы этаптарында әртүрлі ауруларды, апаттарды басынан өткергенін тарихтан жақсы білеміз. Осындай аурулар, эпидемиялар уақытында адамның бойында түрлі эмоциялар мен сезімдердің өрши түсетіні белгілі. Эмоция мен сезім жеке үрдістер сипатында болғанымен, белгілі жағдайда біріне-бірі ұқсас, алайда олардың өзіндік мәндері ерекше және адамның жан дүниесінің әр алуан ерекшеліктерімен байланысты болады деп қарастырылады [1].

Қазақ тіліне аударғанда «**эмоция**» сөзі – ол жан-дүниенің қозғалысы, жан-дүниенің қобалжуы. Адамның эмоциялары оның мінез құлқында ерекше рөл атқарады. **1. Эмоцияның жағымсыз бағалау рөлі** – адамның оқиғаға адамның түрлі әсерінің болу мүмкіндігін білдіреді. **2. Эмоцияның басқарушы рөлі** – Адамды қоршаған шындықты және қандай да бір оқиғаға қатынасын бейнелеуден басқа, адамның мінез құлқын басқаруда эмоция маңызды рөл атқарады. **3. Эмоцияның қорғаныс қызметі** – адамға төнген шынайы немесе жалған қауіп туралы ақпарат береді. Бұл қызметі қорқыныштың туындауымен тығыз байланысты. **4. Эмоцияның сигналдық қызметі** – сыртқы көрініс арқылы адамның басқа адамға жай күйін хабарлауы.

Академик П.К. Анохин адаммен жануарлардың мінез-құлқын бекітуде эмоцияларды маңызды деп көрсетеді. Эмоциялық әсерленулер эволюцияда тетік ретінде бекітілген, ол өмірлік дәрістерді оптималдық шекте ұстайды және өмірлік маңызы бар факторлардың жетіспеушілігінің немесе артықшылығының алдын алады деген көзқараста болды. Атақты ғалым Л.С. Выготский эмоциялардың теориялық мәселелерін өз зерттеулері арқылы қарастырған. Оның көзқарасы бойынша эмоциялар ағзаны белсенділікке ынталандырып, оның қоршаған ортамен өзара қатынасын реттейді. Тұлғаның эмоционалдық дамуы субъектінің іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымы қоршаған адамдармен

қарым-қатынасының сипатына, мінез-құлық ережелерін меңгеруіне байланысты.

Көп жағдайда эмоция және сезім синоним ретінде қолданылады. Сезім – тұлға қасиеті, ал эмоция сезімнің көріну үрдісі деп қарастырылады. Сезімнің негізгі көзі адамның іс-әрекеттері. Адамның сезімдері бағыты, тереңдігі, тұрақтылығы және әсерлілігі жағынан әртүрлі болып келеді [1]. Эмоция қалпындағы сезімдерді бастан кешіру азды-көпті байқалатын сыртқы көріністермен (бет-әлпет кейпі, ым-ишара т.б.) қатар жүреді. Сезімдер адамның тіршілік қажетіне, өзара қарым-қатынасына байланысты сан алуан формаларда көрінеді. Сезімдерден эмоцияларды айыра білу қажет. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттіліктеріне сәйкес келу-келмеуіне байланысты пайда болып отыратын психикалық процестің түрін сезім деп атайды. Қажеттіліктердің түрлеріне, жағдайға байланысты сезім көптеген жағымды және жағымсыз түрде өтеді: қуану, шошыну, абыржу, наздану, мазасыздану, зерігу, психоэмоционалдық зорлану. Сезімдер мен эмоциялардың бірнеше сапалық ерекшеліктері бар. Олардың сапасын көрсететін осындай ерекшеліктердің бірі – қарама-қарсы, полярлық сапалықтар деп аталады (сүйсіну-сүйсінбеу, көңілдену-қажу, шаттық-уайым, т.б.). Олар өзара екі полюске ажырасып, біріне-бірі қарама-қарсы мағынада болады. Сезімдердің екінші ерекшелігі – олардың белсенді және солғын көрініс беруіне байланысты.

Адамға ерекше күш беріп, әрекетке ұмтылдыратын, көтеріңкі сезімдер стеникалық (стен - грек тілінде күшті деген мағынаны білдіреді) деп аталады, ал адамды күшінен айырып, барлық іс-әрекеттерін баяулататын сезім түрлерін астеникалық (астения – әлсіз) деп атайды. Шамадан тыс күшті тітіргендіргіштер адамда көбіне жағымсыз әсер тудырады. Сезімдер мен эмоциялардың адамның өмір тәжірибесінде алатын орны үлкен. Әр адам өз алдына қойған мақсатын орындау жолында өмір үшін күресте күшті сезімдерсіз табысқа жетуі қиынға соғады. Эмоциялық жағдайлар адамның дем алу, қан айналу мүшелеріне өзгерістер ендіретінін бет әлпеті мен бүкіл дене қимылдарына, сөздің интонациясы мен тембіріне, дикциясы мен паузасына да өзгерістер енгізеді. Көңіл күй – эмоциялардың күрделі түрінің бірі. Адамның көңіл-күйіне оны қоршаған орта үлкен әсерін тигізіп тұрады. Егер оның қызметі жақсы жүріп жатса, ұжымы татулықта, отбасындағы жағдайы жақсы болса, көңілі де көтеріңкі болады. Көңілге адамның денсаулық жағдайы, жүйке жүйесінің ерекшеліктері әсерін тигізеді. Адамның өміртіршілігі үшін елеулі маңызы бар оқиғалар да көңіл-күйі арқылы көрініс береді [2]. К.Изард бойынша эмоциялық ахуалдар және олардың психологиялық сипаттамаларымен сыртқы көріністері көрсетіледі.

Қорқыныш – қауіптің төнгенін сезгендегі адамның немесе жануардың қорғану биологиялық реакциясын бейнелейтін жағымсыз эмоциялық ахуалы. К.Изард қорқыныш пен мазасыздануды ажырату қажеттілігін бірқатар зерттеулері арқылы көрсетеді.

З.Фрейдті толғандырып ойландырған мәселе адамның өз басынан кешіретін эмоциялық көріністері. Әсіресе ол адамның ашу үстінде өз психикасы мен санасын басқара алмай абдырауы, эмоциялық толқу үстінде

адамның өзі істеген істеріне есеп бермейтіндігі не себептерге байланысты деген мәселелерге ерекше назар аударуына себепкер болды және психологияға «мазасыздық» түсінігін енгізді. Қазіргі психологиялық сөздікте «қорқыныш - бұл субъектінің әлеуметтік және биологиялық экзистенциясы үшін қауіп туындайтын аффекті - сезімдік эмоция» деп беріледі. **3.Фрейд бойынша «қорқыныш – бұл аффект күйі, яғни нақты бір жағдайларға байланысты қанағаттану және қанағаттанбаушылықты сезіну».**

Р.Ф. Овчарова қорқынышты адам санасында оның өміріне нақты бір қауіптің эффективті бейнеленуі (эмоционалды өткірлік) ретінде қарастырады. Қорқыныш өзін-өзі сақтау инстинктіне негізделген, жоғары жүйке жүйесінің нақты физиологиялық өзгерістер мен қорғаныс рефлекстерімен сипатталады деп түсіндіріледі. Ал пандемия уақытында адамның өзін қорғауы ол табиғи заңдылық десек те болады. Сонымен, қорқыныш – бұл көптеген адамдарда үрей сезімін тудыратын эмоция. Сондықтан да қорқыныш адам өмірінің шынайы бөлігі болып табылады. Адам әртүрлі жағдайлардан қорқуы мүмкін, алайда бұл жағдайлардың барлығының ортақ белгілері бар. Ол адамдардың қауіпсіздігі мен тыныштығына қауіп төнген сияқты қабылданады және әсер етеді. Қорқынышты интенсивті түрде сезіну ұзақ уақыт есте қалады. Қауіпті түсіну өмірлік тәжірибеде тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырады, қорқыныштың туындауына баланы тітіркендіретін қауіпті әсерлердің біртіндеп жоғарылауы да себеп болады. Әдетте бұндай жағдайларда тәжірибеде (қорқыныш, ауру, конфликт) көрінуі байқалады.

«Қорқыныш» секілді **«үрей»** термині де кеңінен қолданылады. Қорқыныш пен үрейдің ортақ белгісі мазасыздану және алаңдау сезімі түріндегі эмоционалды компонент болып табылады. Үрей мен қорқыныштың ерекшелігі шамадан тыс қорқу болып табылады. Үрей – бұл қауіпті алдын ала сезіну, алаңдау күйі. Үрей, негізінен, жауапкершілік, борыш, адамгершілік сезімі бар адамдарға тән. Сонымен қатар үрей өзінің және жақын адамдардың өмірі үшін жауапкершілікті сезіну, солар үшін алаңдаумен сипатталады. Егер үрей сезімі ұзақ уақыт созылса және қауіпті алдын ала сезсе, онда үрейдің объективті формасы қорқыныш ретінде қарастырылады. Кейбір жағдайларда қорқыныш үрейдің шығу қақпағы ретінде де көрінеді. Психологияда қорқыныштың әртүрлі классификациясы бар.

1.Шынайы қорқыныш – сыртқы қауіпті қабылдауға қалыпты реакция ретінде өзін-өзі сақтау инстинктің рационалды көрінуі.

2.Невротикалық қорқыныш – невротиктердің «мақсатсыз қорқыныштардың» әртүрлі формасы психикалық инстанциялардың жұмыс істемеуінен туындайды.

3.Еркін қорқыныш – жалпы белгісіз үрейленушілік, қорқыныш тудыратын объектілермен байланысты емес жөнсіз қорқыныш.

Қорқыныш – бұл интенсивті түрде көрінетін эмоция, оны қарапайым, шынайы және жасерекшелік сипаты бойынша және ауытқушылық деңгейіне байланысты ажыратуға болады. Әдетте қорқыныш қысқа мерзімді, қайтымды болады, адамдардың құндылық бағдарына тимейді, оның мінезіне, тәртібіне және қоршаған ортадағы адамдармен әрекеттестігіне әсер етпейді. Қорқыныш

объектілерінен жанасудан қашатындықтан қорқыныштың кейбір формалары қорғаныс реакциясы қызметін атқарады. Адамдардың әлеуметтік әрекетін және тұлғааралық қарым-қатынасқа, мінезіне жағымсыз әсер ететін, санасыздықтан еріксіз, қиын, созылмалы шиеленсікен жағдайда (эмоционалды шок, қатты қорқу) паталогиялық қорқынышты білдіреді.

А.Н. Леонтьев эмоцияны іс-әрекет жүйесінде қарастырады. Ол: «Эмоциялар өзіне іс-әрекетті бағындырмайды, қозғалыстың механизмі және нәтижесі болып табылады». Эмоция ішкі сигналдар қызметін орындайды. Эмоция ерекшелігі, олар мотивтер арасындағы қатынасты бейнелейді. А.Н. Леонтьев: «мотивтер сезілмеген уақытта да, олар өздерінің психикалық бейнеленуін ерекше формада – әрекеттің эмоционалды бояуы формасында табады» деген пікір айтады [3].

К.Изард қорқыныш пен мазасыздануды ажырату қажеттілігін бірқатар зерттеулері арқылы көрсетеді деп жоғарыда атап өткен болатынбыз. Соған кеңінен тоқталып өтейік. Мазасыздық қауіптену эмоциясының жақын болғанмен, дегенмен де оның қорқыныштан айырмасы жоқ. Қауіптенудің нақты әсерден көзі бар, шындығында да қауіпті болып бағаланған нақты бір нысанмен байланысты. Ал мазасыздықтың пайда болуына, нақты және анық себеп жоқ. «Мазасыздану» термині нақты жағдайға тәуелсіз пайда болған әсерленулердің кең шеңберін анықтау үшін де жиі қолданылады. Мазасыздық пен мазасыздану түсініктерінің көп қырлылығы мен семантикалық анықсыздығы олардың психологиялық зерттеулерде түрлі мағынада қолданылуларының салдары болып табылады.

Әйтсе де мазасыздық та, мазсыздану да қорқыныштың алдында жүреді деп саналады, ол қауіп сезіліп және анықталғанда пайда болады. Психологияда эмоциялық ахуал ретіндегі мазсыздануды (ситуациялық мазасыздану) және тұрақты сипат (тұлғалық мазасыздану) ретінде бөліп қарастырады.

Психологияда ситуациялық мазасыздану «эмоциялық реакция» ретінде анықталады, ол жайсыздықты алдын ала сезумен, қысымды, невроздылықты, мазасыздануды субъективтік түсінулермен сипатталады және вегативтік жүйке жүйесінің белсенділігімен қатар жүреді [4].

Субъектінің мазасыздыққа бейімділігін және оның ситуациялардың кең ауқымын қауіпті деп қабылдап, олардың әрқайсысына белгілі бір реакциямен жауап берумен байқалатын тұрақты индивидуалдық сипаттаманы тұлғалық мазасыздану деп түсінеміз.

Мазасызданудың белгілі бір деңгейі – белсенді әрекетшіл тұлғаның табиғи және міндетті ерекшелігі. Әрбір адамның өзіндік тиімді немесе қалаған мазасыздану деңгейі болады. Ол пайдалы мазасыздану деп аталады. Бұл қатынастағы адамның өз ахуалын бағалауы ол үшін өзін-өзі тәрбиелеудің маңызды компоненті болып табылады. Алайда егер аяқ астынан адамның өзі немесе айналасындағылар бәрі жалпы қалпында болғанымен, ал оның мазасызданудан арыла алмауы немесе әдетте оқиғаларға әсерленуі шектен тыс немесе бұрын мән бермейтінге назар аударып, мазасыздануы байқалса, онда бұл жағдайда ситуациялық мазасызданудың дезадаптивті сипат алғаны жөнінде айтуға болады.

Әдебиеттер

1. Л. Бутовская ЯЗЫК ТЕЛА: ПРИРОДА И КУЛЬТУРА (эволюционные и кросс-культурные основы невербальной коммуникации человека). - М.: Научный мир, 2004. - 440 с.
2. А.Құдиярова Қарым-қатынас психологиясы, Алматы, 2008
3. Ибраева Ж.К. Саяси қарым-қатынасты зерттеу барысында психолінгвистика жетістіктерінің қолданылуы // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2009. - № 1 (117). -89-91-66.
4. Амалбекова М.Б. Феномен билингвальной личности в этноязыковом ландшафте Казахстана. – Астана, 2009. – 122с.

АҚЫННЫҢ МҰРАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Нұрсали Тоғжан Қайыржанқызы

ТХ-11 тобының студенті

Оразбекова Роза Сүндетбековна

аға оқытушы, магистр

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық

педагогикалық институты Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В данной статье рассмотрены философские и педагогические взгляды, о воспитательной ценностной значимости в поэзии великого гуманиста

Абая проблем нравственного воспитания. Особое внимание обращается на основополагающие общечеловеческие проблемы формирования нравственных принципов и нравственных ценностей в жизни человека.

Ключевые слова. Жизнь, поэзия, воспитание.

Annotation. This article examines the philosophical and pedagogical views on the educational value significance in the poetry of the great humanist Abai Kunanbaev on the problem of moral education. Particular attention is paid to the fundamental universal human problems of the formation of moral principles and moral values in human life.

Кезінде Мұхтар Әуезов: «Жай адамның өмір тірлігін біздің халық мүшелмен санайтын. Оның мүшелі он екі жыл еді: Ақындықтың әбілхаят дана, даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін жүз жылдан қайырмақ»-деген еді...

Биыл қазақтың ұлы ақыны, философ, гуманист және қазақ классикалық әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толды. Көрнекті ақын-ағартушының бейнесі тек әдебиет саласында ғана емес, музыка және бейнелеу өнерінде де сақталған. Абай орыс классиктерінің шығармаларын бірінші болып қазақ тіліне аударды. Абайдың көркем әдебиеттің дамуына қосқан елеулі үлесі «Қара сөздері» болды. Бұл мұра жастарды қазақ халқының рухани құндылықтарымен таныстыруда маңызды рөл атқарды.

Ақын ел арасында болатын көптеген жағымсыз әрекеттер: іштарлық, көрсеқызарлық, сондай-ақ көреалмаушылық, еріншектік, жалқаулық сияқты теріс қылықтардан аулақ болуға үндеп, ұрпаққа үлгі көрсетпек түгілі қара басын әрен алып жүрген мына халықтың берекесіз тірлігін күні бұрын көріп тұрғандай ашық та айқын суреттеп, тереңнен баяндаған. Абай қазақ қоғамын ерінбей еңбек етуге шақырады. Кедейшіліктен құтылудың бір тәсілі-егіншілікпен айналысу, қолөнер кәсібінжәне сауда-саттық жасауды үйрену екенін айтты. Абай жастардың бойындағы кеселді кемістіктерді арсыздық пен ұятты, дөрекілікпен пен надандықты тәпрбие және білім беру арқылы жоюға үндеді. Сонымен қатар дана ақын, ағартушы музыка саласында да кең ауқымды мұра қалдырды. Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі-олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығынан да, халық санасынан өшпес орын алды.

Абай (Ибрагим)1845 ж. Шығыс Қазақста облысындағы(бұрынғы Семей облысындағы) Шыңғыс тауында дүниеге келген . Ол ауыл молдасынан оқып жүрген кішкентай кезінен-ақ зеректігімен көзге түседі. Кейін ол Семей қаласында 3 жылдық медресе тәрбиесін алады. Әке еркімен ел ісіне жастай араласқан Абай тез есейіп, балалықтан да ерте айырылып, жастайынан ел ішіндегі әңгіме, сөз өнерін, билердің шешендік өнеріне құлақ салып, өзінің ерекше талантымен бойына сіңіре білді. Абай қазақ, орыс және бірнеше Шығыс елдерінің тілдерін білген. Әлем және орыс әдебиетін тұңғыш ана тілімізге аударған. Абайдың 170 өлеңі, 56 аудармасы, 45 қарасөзі бар.

Ұлы Абай қазақ халқының руханияты мен мәдениетінің символы болып табылады. Оның ілімі халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты, ал даналығы қазіргі заманмен үндес. Абай шығармашылығымен танысу сананы оятып, ойға ой қосады, жаңа көңіл күй мен сезімге бөлейді, асыл армандарға жетелейді, өзінді өзің талдап тазаруға итермелейді. Кемеңгер бейнесі көптеген аса көрнекті ақындар мен жазушылардың, суретшілердің назарын аударып келеді. Абайды кемеңгер деп атауға әбден негіз бар. Себебі ол халқының бетке ұстар данышпаны.

Ұлы ақын өз дәуірінің ар-ожданы болған сол кезеңдегі қазақ қоғамдық ойы мен әдебиеті Абай есімімен тығыз байланысты болды. Абай атамызды білмейтін қазақ жоқ шығар сірә, тіпті шет ел азаматтары Абайды таниды. Мен Абай атамызды мектеп қабырғасына бармай жатып танып білген болатынмын және оның көптеген өлеңдерін жатқа білемін. Абай атамыздың жақұт жырлары мен ғибратқа толы қара сөздері – күллі қазақ тарихындағы бұрын-соңды болмаған ірі құбылыс. Сондықтанда Абай қазақ халқының-ұлы ақыны болып есептеледі. Ақынның қай туындысын алсақ та тәлім-тәрбиенің, даналық пен өмірлік сабақтың ұштасқан қайнар көзі екенін аңғарамыз. Абай өлең жазуды 10 жасында бастаған. Оның ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Ақынның шығармаларын оқу барысында оның сырын, сыншылдығын түсіну үшін зеректілікте қажет. Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймын. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда

екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ақынның «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Елбасымыз: Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады. Яғни қай ғасыр болмасын Абай есімі шығармашылығы одан әрі дәріптеліп болашақ ұрпаққа ақыл-ой, жігер береді. Сонымен қатар Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі.

Абай өлеңдері түгел дерлік лирикадан құралады, поэма жанрна көп бой ұрмағаны байқалады. Қысқа өлеңдерінде табиғат бейнесін, адамдар портретін жасауға, ішкі-сыртқы қылық-қасиеттерін, мінез-бітімдерін айқын суреттермен көрсетуге өте шебер. Қай өлеңінен де қазақ жерінің, қазақтың ұлттық сипатының ерекшеліктері көрініп тұрады. Ислам діні тараған Шығыс елдерінің әдебиетімен жақсы танысу арқылы өзінің шеберлік — шалымын одан әрі шыңдайды. Шығыстың екі хикаясын «Масғұт» және «Ескендір» деген атпен өлеңге айналдырады. Дінге өзінше сенген діни таным жайындағы философиялық көзқарастарын да өлеңмен жеткізеді. Абайдың дүниетанудағы көзқарасы XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ халқының экономикасы мен ой-пікірінің алға ұмтылу бағытта даму ықпалымен қалыптасты. Дүниетану жолында сары-орыстың төңкерісшіл демократтарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірін қорытып, басқаларға қазақ өміріндегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге қолданады. Дүниетану өңірінде екі қасиеттің — сезім мен қыйсынның, түйсік пен ақылдың қатынасын таразылайды. Сондықтан да: «Ақыл сенбей сенбеңіз, «бір іске кез келсеңіз» деп жазады. Абай сынының тәлкегіне түскен еріншектік, дарақылық, жалқаулық, күншілдік, өтірікшілік, өсекшілдік, мақтаншақтық, жағымпаздық, жікшілдік сияқты қасиеттер қазақ баласының кейбірінің бойындағы туа біткен кемшілік емес, сол Абай өмір сүрген қоғамдағы саяси әлеуметтік қатынастардың нәтижесі екеніне ден қою қажет. Сонда, Абай бұрынғы бабаларымыздың бойынан көрген «кемшіліктерді» себеп ретінде емес, сол замандағы саяси-әлеуметтік қатынастардың салдары ретінде қарастыруға жол ашқан.

Абайдың көркемдік, әлеуметтік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі - қара сөздері. Ақын өлеңдері мен қара сөздері қара сөздері арқылы қазақ халқын ел болуға, ұлт болып қалыптасуына, тәуелсіз мемлекет құруына, оның болашақта өркендеуіне, дамуына, гүлденуіне мәңгілік қызмет жасады. Абайдың қара сөздері - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып

келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. Сөйтіп көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық сананы ұштастырады. Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды. Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан "Абай" журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды.

«Абайтану» атты ғылым жүйесінің анық қалыптастырушысы әрі соны жасаушылардың көш басшысы болған М.Әуезов «Абай Құнанбаев» деген монографиясында осы тарихи құбылысты мына тұрғыдан таратып айтып еді: Абайды тану, таныт, біріншіден ақын шығармаларын әуелде қолжазба күйінде тарату, кейін баспа жүзінде (газет, журнал арқылы, жеке кітап түрінде) екіншіден, бастауыш орат мектептер мен жоғарғы оқу орындарында пән болып оқытылу негізінде жүргізді, үшіншіден, көркем өнер (ақындардың арнау өлеңдері, Абай туралы пьеса, кино мен «Абай жолы» бастаған шығармалар) көлемінде жүргізілді. Төртіншіден, М.Әуезовтың өз сөзімен айтқанда, Абайдың ақындығы мен дәуіріне арналған нағыз ғылымдық ойдағыдай толық, мол монография жазылмады демесек те, С.Мұқанов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев, Б.Шалабаев сияқты тағы бір талай әдебиет тарихшылары мен жазушылардың зерттеулері, мақала, монография, диссертация арқылы «Абайды тану» ғылымы кеңейіп тереңдей түсті.

М.Әуезовтің абайтану жайлы еңбегі жазылған мезгілде Н.Сәбитовтың «Абай» атты библиографиялық көрсеткіші шыққан еді де, ғалым осы көрсеткіштегі мол деректер көзіне сүйсіне келіп, бұлар: ұлы ақын мұрасын біздің советтік жұртшылығымыздың, социалистік мәдениетіміздің берген бейілі, қастерлеген құрмет бағасы қандай екенін танытады деген екен.

Ал содан бергі жылдарды Абайды тану мен танытуда елімізде мол жұмыстар жасалды. Осы аралықта ақынның толық жинақтары бірнеше рет басылып, сұрыптап алынған поэмалары мен өлеңдері, қарасөздері мектеп пен жоғарғы оқу орындарына арналған кітаптар, хрестоматиялар үздіксіз кіргізіліп келеді. Абай туралы әдебиеттерге қысқаша тоқталып кетсек, бұл жылдар ішінде олардың қатары едәір толықты тіпті көп десек болады. Осы жылдарға дейін мындаған баяндамалар және миллиондаған адамдар Хәкім Абай жайлы пікір қозғады.

Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алады. Абай қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы болып саналады. Қазақстанда ұлы Абайдың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге, Алматы Ұлттық университетіне, Алматы қаласындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына берілген. Ұлы ақынның құрметіне Қазақстан мен Ресейде ескерткіштер орнатылған. Қазақстанның жоғары оқу орындарында Абай шығармашылығына арналған халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар жыл сайын өткізіліп тұрады. Ақынның артында қалған шығармашылық мұралары басқа тілдерге де

тәржімаланып, әлемдік деңгейде танылуда, зерделі зерттеу еңбектері де өз оқырманын тауып жатыр. Бұл күні Абай мұрасын зерттейтін өз алдына дербес «Абайтану» ғылымы кең өріс жаюда. Ақынның мұрасын тану, терең меңгеру оңай іс еме. Абайды осы тереңнен тартқан әдебиет, тарих және өнер саласындағы тамырын насихаттауды жаңа талап тұрғысынан түлетіп, жаңа серпінмен көрсете білу керек. Осындай мәңгі жасыл нәрлі мұраны игеріп, қанып ішіп, өміріне қажетті дүниелерді бойына жия білген әрбір жас ұрпақ – нұрлы да шуақты болашақтың иесі боларына кәміл сенемін.

Абай әлемін бүкіл дүниеге таратушы Мұхтар Әуезов: «Мен Абай терңінен шөміштеп қана іштім»-деген екен. Ал біз ұлы ғұлама тереңіне бас қойғанымызбен, тек сол тереңнен дәм татып жүрміз деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. «Абайды білмек парыз ойлы жасқа». Аламты «Санат», 1997, автор М.Мырзахметов
2. «Абай афоризмі» Алматы 1993, автор: Қ.Өмірғалиев
3. «Қазақ әдебиеті» Алматы «мектеп» 2004, С.Мақпырұлы, Г.Құрманбай, А.Қыраубайқызы
4. «Тұлға тағылымы» газеті, М.Жантлесова.

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Нугуманова Гайниса Кайрбековна
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
А. Құнанбаев атындағы №6 жалпы білім
беретін мектеп-гимназиясы
Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В данной статье рассматривается изучение прилагательных в словах назиданиях А.Кунанбаева. Актуальность работы заключается в том, что, опираясь на труды нескольких авторов, проводится всесторонний анализ прилагательных в словах назиданиях Абая, систематизация и обобщение.

Annotation. This article examines the study of adjectives in the words of edification by A.Kunanbayev. The relevance of the work lies in the fact that, based on the works of several authors, a comprehensive analysis of adjectives in the words of edification of Abai, systematization and generalization is carried out.

Сөздер лексика-грамматикалық жағынан бірнеше таптарға бөлінеді. Олардың ішінде есімдер тобында зат есімдерден кейін сын есімдер де өз алдына жеке сөз табы ретінде қарастырылып, басқа сөз таптарынан тұлғалық, мағыналық, құрылымдық жағынан ажыратылады. Тіл ғылымында бұл жөнінде А.Ысқақаов, Ғ.Мұсабаев, Ә.Төлеуов, С.Исаев т. с.с. ғалымдар сөз қозғайды.

Ә.Төлеуов: «Заттың сынын, сапасын, түсін, белгісін, көлемін, сипатын білдіретін сөз табы сын есім деп аталады» [16 15] десе, - А.Ысқақаов: «Заттың сапасын, сипатын, қасиетін, салмағын, түсін және басқа сол сияқты сыр-сипаттарын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табын сын есім» [2, 26], - деп

атайды. Ал, «Қазақ тілінің грамматикасы» (I бөлім) оқулығында сын есімді: «семантика-грамматикалық мағынасы жағынан да, морфологиялық ерекшеліктері мен сөз тудыру, сөз өзгерту амалының жүйесі жағынан да, синтаксистік қызметі мен қолданылуы жағынан да қазіргі қазақ тіліндегі өзіне тән ерекшелігі бар сөз табының бірі»[3, 56], – деп қарастырады. Бұл анықтамалардың ішінде сын есімнің сөз табы ретінде өзіндік ерекшелігін жан-жақты ашатыны соңғы анықтама. Онда сын есім тек заттың сындық белгісін білдірумен ғана емес, сонымен қатар семантикалық белгісі, морфологиялық құрылымы, синтаксистік қызметі жағынан да ерекшеленетін сөз табы ретінде көрінеді. Сын есімдер сөз табы ретінде өзінің семантикасы жағынан да ерекшеленіп, сапалық және қатыстық болып 2 топқа бөлінеді.

Сын есімдердің мағыналық топтары, оның теориялық мәселелері, жасалу тәсілдері біршама зерттелгенмен, сын есімдердің көркем шығарма, яғни жазушы стиліндегі семантикасы әлі де болса зерттелінбей, көңіл бөлуді қажет ететін келелі мәселелердің бірі.

Міне, сол себепті, нақтырақ айтсақ, көркем шығарма тіліндегі сын есімдердің семантикасы жан-жақты болмаса да, біршама түрде анықтау, зерттеу мақсатымен ұлы Абайдың «Қара сөздер» деп аталатын прозалық жинағындағы сын есімнің мағыналық түрлерінің семантикалық құрылысына тоқталуды жөн көрдік.

Ақын ойын көріктендіріп, әрине әр қоса түсуде сын есімдер өзінің құрылымы жағынан ғана емес, мағынасы жағынан да ақын прозасынан өзіндік орын алады. Сын есімдердің мағыналық түрлері «Қара сөздерде» жиі кездеседі. Сондықтан олардың жазушы қолданысындағы мағынасын айқындау және нақты мысалдармен дәлелдеу үшін талдау барысында сын есімдердің тек сыртқы формасы ғана алынбай, әрбір сын есімнің мазмұнына да, өзінің байланысатын сөзімен тіркесу ерекшелігіне де көңіл бөлінеді.

Енді «қара сөздердегі» сын есімнің мағыналық түрлеріне тоқталайық. Бірінші сөзде: *«Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не алабұртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!»*

«Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, керегі жоқ десе, сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа еш жұмысым жоқ» дейді.

Бағусыз дерт – у формалы етістікке -сыз сын есім тудырушы жұрнағы жалғанып, қатыстық сын есім жасалған. Бұл тіркес тілімізде қолданылмайды десе де болады. «Бағусыз» сөзі негізінен малға (*бағусыз мал*), адамға (*бағусыз бала*) қатысты, яғни деректі зат есімдерге қатысты қолданылады. Ал ақын тілінде бұл сын есім өзіндік өрнек тауып, абстрактілі ұғымды білдіретін (*дерт*) зат есіммен тіркесіп, жаңаша тіркес құрайды. «Бағусыз» сөзімен тіркесіп тұрған «*дерт*» сөзі де тура мағынасында қолданылып тұрған жоқ. Бұл сөзді ақын ел басқару ісіне, сол кездегі ел жағдайына байланысты алады. Орта жасқа келгенде ақынның қолына қалам алып, өз ойын қара сөз түрінде қағаз бетіне түсіруіне де осы ел ішіндегі келеңсіз құбылыстар себеп болған. Сондықтан «бағусыз» сын есімі семантикалық жағынан «*емі жоқ*», «*емделмейтін*» деген

ұғымда қолданылып, морфологиялық құрылымы жағынан -сыз аффиксі арқылы –у формалы қимыл есімінен қатыстық сын есім жасалған.

«Қара сөздерде» сын есімдердің сапалық түрі де кездеседі. «Ақ», «қара» сын есімдері түбір күйінде тұрып, ешбір қосымшасыз семантикалық сипаты жағынан түр-түсті білдіреді. Ақынның қолданысында да осы негізде берілген. Сапалық сындардың қатыстық сыннан ерекшелігі: олар өздері тіркесетін сөздерімен түбір формада іргелесе тұрып, өзара мағыналық бірлікте болады. Мысалы жоғарыда келтірілгендей «*ақ қағаз*», «*қара сия*» тіркестеріндегі «ақ, қара» сапалық сындары семантикалық тұрғыдан «қағаз, сия» сөздерімен тікелей байланысты.

Ақын сөзінде басқа топтарға қарағанда сан жағынан өте аз модаль сөздерден де синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сын есімдер қолданылады.

Бірінші сөздегі «керекті сөз» тіркесі тілімізде жиі қолданылады. Бұл жерде ескере кететін жайт: «керек» сөзі екі түрлі мағынада жұмсалады: негізгі лексикалық мағынасында; модальдылық мағынада.

Ол бірінші мағынада қолданылғанда өз алдына сөйлем мүшесі ретінде жұмсалады. Сондықтан, «*керекті сөз*» тіркесіндегі -ті аффиксі тіркескен «керек» сөзі модальдылық емес, негізгі лексикалық мағынасында қолданылған. Семантикалық жағынан бұл сөзге жұрнақ жалғанғанда да өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан алшақтап кетпей, зат есіммен (сөз) тіркесіп, мағыналық бірлікте жұмсалған.

Төртінші сөзден: «...*әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рақаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкі өзі де қайғы*». «*Жаман кісі*» – сапалық сын есім зат есіммен мағыналық жағынан байланысып, адамның бойындағы қасиеттерге байланысты оның сапасын білдіріп тұр.

«*Ызалы күлкі*» – басқа сөз таптарынан қатыстық сын есім жасауда ең жиі қолданылатын актив немесе өнімді жұрнақ -лы, -лі аффиксі. Ал сөз таптарының ішінде жұрнақ жалғану арқылы қатыстық сын есім жасайтын сөз табы – зат есім. Жоғарыдағы тіркесте -лы аффиксі абстрактілі ұғымдағы зат есімге тіркесуі нәтижесінде күлкінің бір сапалық түрін көрсетіп тұр. Семантикалық жағынан «ыза» зат есімі өзінің негізгі мағынасымен мәндес қатыстық сын есім түрінде қолданылған (-лы аффиксінің жалғануы, яғни синтетикалық тәсіл арқылы). «*Жаман кісі*», «*ызалы күлкі*» дегендердің арасында логикалық байланыс бар. Себебі күлкіге осындай сипат беретін сол ортадағы әртүрлі жағымсыз іс-әрекеттер. Ал ондай әрекет, Абай тілімен айтқанда, «жаман» адамдардың қолымен жасалады.

Осы «сөзде» күлкі туралы, оның әр түрлі жайында айта келіп, ақын «*бояма күлкіге*» тоқталады. Мұндағы «бояма» сөзі қатыстық сын есім, күлкінің бір түрін сипаттау үшін қолданылған. Мағынасы «жалған, өтірік, жасанды» деген ұғым. Егер «бояма» сөзі контекстен тыс, жеке дара тұрып қолданылса, біз оны сапалық ұғымды емес қимылдық ұғымды білдіретін сөз табы, яғни етістік деп қарастырамыз. -ма, -ме аффиксі етістіктен зат есім, сын есім сол сияқты болымсыз етістік жасайтын омоаффикс. Бұл жұрнақ басқа сөз табуда есім сөз жасауда сөз тудырушы қызмет атқарады. Ендеше, «бояма күлкі» тіркесіндегі -ма аффиксі есім сөздің алдында келіп, қимылдық мағынаны білдіретін сөз табына жалғану арқылы өзінен кейінгі зат есіммен өзара байланысқа түсіп, сөз

тудырушылық қызмет атқарады. Өзінің анықтайтын затының алдынан келіп, сын-сипаты, сапасы, жай-күйі жағынан анықтау тек сын есімге, оның мағыналық түрлеріне ғана тән. Сол себепті «бояма» сөзі контекстегі орын тәртібіне қарай -ма аффиксі арқылы жасалған қатыстық сын есім.

Абайдың «қара сөздерінде» сын есімдер мағыналық жағынан ғана қолданылмай, сондай-ақ күрделі тіркес ретінде әр түрлі сөз таптарымен де тіркеседі. Мысалы, алтыншы сөздегі «тірімін деме, онан да алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық». Ақ бұйрықты өлім – құрылымы жағынан сапалық (ақ) және қатыстық (бұйрық – зат есім+ты қатыстық сын есім тудырушы жұрнақ) сын есімнің тіркесі абстрактілі зат есімді (өлім) сындық, сапалық сипаты жағынан анықтап тұр. Семантикалық құрылымы жағынан бұл тіркестегі сын есімдердің мағынасы бір-бірімен тығыз байланысты. «Ақ» сын есімнің негізгі мағынасы белгілі бір түсті, реңді білдіру, бірақ бұл жерде «ақ» сөзі өзінің тура мағынасында, яғни белгілі бір түс атауы ретінде қолданылмай, «бұйрықты» сөзімен өзара мағыналық жағынан жымдасып, «адал», «таза» сын есімдерінің синонимдері ретінде қолданылған.

«Қара сөздерде» Абай тіліндегі өзіндік жаңа тіркес, тек ақынның өзіне тән қолданыстар да кездеседі. Мысалы, сегізінші сөзден: *«онша-мұнша қой жүнді қоңыршалар күнін де көре алмай жүр»*. Қой жүнді қоңырша – зат есім мен зат есім және соңғы есімге -ді аффиксінің жалғануы арқылы жасалған күрделі қатыстық сын есім семантикалық тұлғасы жағынан ел ішіндегі момын, әлсіз адамдарды сипаттап тұр. Тілдік тұрғыдан келсек, бұл жерде сөз тудыру тәсілі – аналитика-синтетикалық тәсіл және субстантивтену. Бұндай қолданыс, жансызды жандандыру Абай тіліне тән ерекшелік болып табылады.

Абай қара сөздерінде сын есімдер тек мағыналық жағынан ғана емес, стилі мен тілі жағынан да басқа сөздерден оқшау тұрады. Ақын бұл сөзінде аят-хадистерден мысалдар келтіре отырып, дінді адамгершілікпен теңестіреді, адамды қор қылатын залалды нәрселерді атап өтеді. Ал сын есімдер тек анықтаушылық қызметте ғана емес, әр түрлі синтаксистік қызметте қолданылады.

Бастауыш қызмет атқарғанда сапалық сын есім субстантивтеніп зат есімше түрленеді. Мысалы, *«..егер надандар ол гибадаттың ішкі сырын білмей қалса, соны қылып жүріп, иманы сөнер деген»*. Надан сын есімі семантикалық сипаты жағынан адамға қатысты қолданылып оның белгілі бір сапалық, сындық қасиетін білдіреді. Ал, «сөзде» ол өзінен кейінгі зат есімнің орнына қолданылып, зат есімше көптеліп, сөйлем ішінде бастауыш қызметі ретінде жұмсалған.

Сын есімнің мағыналық топтары сөйлем мүшесі қызметінде инверсияланып та қолданылады. Мысалы, жиырма екінші сөзден: *«...енді қалды қу мен сұм, олар өзі де қуартпай, суартпай тыныштық көрер емес»*.

Әдетте бастауыштың сөйлем соңында келуі поэзия жанрында көп кездеседі. Ал, прозалық шығармадағы бастауыштың орын тәртібінің өзгеруі автордың стильдік қолданысына байланысты. Жоғарыдағы сөзінде ақын *«ел ішінде құрметтейтін де адам қалған жоқ»* деп нали отырып, *«қу мен сұм адамдардың өзі де құрметке жарамайды»* деген ой тоқтамын айтады. Қу мен сұм сапалық сын есімдері анықталушы сөздің орнына қолданылып, сындық мағынадан алшақтап субстантивтік мағынаға ие болып, бастауыш қызметінде қолданылған.

Философиялық терең толғаныстарға толып, тосын пікірлі, идеялы «қара сөздерде» бір ғана қатыстық сын есім әр түрлі мағыналық реңкте қолданылып, түрлі сөйлем мүшелерінің қызметін атқарады. Мысалы: «*Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені көргені көп болған адам есті болады. Естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады*» (19 сөз).

Осы «сөзде» бір ғана «есті» қатыстық сын есімі семантикалық жағынан ерекшеленіп, әр түрлі жағдайда қолданылған. Бірінші жағдайда дерексіз зат есімге -ті аффиксі жалғануы арқылы жасалған қатыстық сын есім құрама баяндауыш тұлғасында келген. Екінші жағдайда субстантивтеніп барып зат есімше түрлену жүйесіне түсіп, анықтауыштық қызмет атқарады. Ал келесі жағдайларда есті сын есіміне -лік жұрнағы жалғанып, бастауыш, септеліп барып, толықтауыш қызметінде қолданылған.

Ақынның дайын тіркеске бой ұрмай, жаңаша, өзінше бір тың қолданыс іздейтіндігі қай «сөзінен» болсын көрініп отырады. Мысалы: «*Олардың адамшылығының кәмелет таппағы (кәмелат – сенім, наным деген мағынада) – қиынның қиыны*» деген қолданыстың орнына өте қиын, тіпті қиын, тым қиын деуге де болар еді. Бірақ ақын тілде жиі қолданылатын ондай үйреншікті қолданысты пайдаланбай, өзіндік үлгі, қолданыс жасайды.

Сөйтіп, сын есімнің күшейткіш шырай арқылы берілуі сапалық сын есімдердің қайталанып келуі және олардың алдыңғысы ілік септігі, соңғысы тәуелденген формада келуі арқылы көрсетіледі.

Ақын тіліндегі тағы бір ерекшелік «қара сөздерде» аят-хадистердегі сын есімдерді де сол күйінде алып қолданады. Мысалы: «*...Мұның табылмақтығына себепкер – әуелі һауас сәлим һәм тән саулық, бұлар туысынан болады*». Мұндағы һауас сәлим – жақсы сипат деген сөз, һауас – жақсы деген ұғымды білдіріп анықтауыш қызметін атқарады.

Қорыта келгенде, қазақтың ұлы ойшылы, ақын, философ А.Құнанбайұлының прозалық шығармалар тобына жататын «қара сөздері» тек ақынның дүниетанымдық көзқарасын, терең толғауларын, адамға, заманға қатысты ойларын білдірумен ғана емес, сонымен қатар әрбір сөзінің құрылымымен, мағынасымен, формасымен де ерекшеленеді. Ақын тілінде үйреншікті қолданыстан аулақ, ақынның өзіне ғана тән сөз тіркестері де баршылық. Сондай-ақ, ақынның барлық «қара сөздеріндегі» кездесетін сын есімдердің мағыналық түрлері әр түрлі сөз таптарымен түрліше байланысқа түсіп, жаңаша мағынаға ие болады.

Әдебиеттер

1. Төлеуов Ә. Сөз таптары. А., 1982. 45 б.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, Ана тілі, 1991. 166б
3. Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы, 1967. 66б.
4. Балақаев М. Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы. А., Ана тілі 1988 59 – 65 б.б.

5. Исаев С. Қазақ тілі А., Ана тілі 1995 33-35 б.б.
6. Қазақ тілінің грамматикасы II т. А., Білім 1989 150-158 б.б.
7. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. А., Ғылым 1968 30-36 б.б.
8. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. А., Арыс 2004 555-566 б.б.
9. А. Құнанбаев шығармаларының II томдық толық жинағы I-II том А., Жазушы 2004.
10. Балақаев М. Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы. А., Ана тілі 1988 59 – 65 б.б.

АБАЙ – ҰЛТТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Нургалиева Гульбаршын Марденовна
Математика пәнінің мұғалімі
«Кейкі батыр» атындағы
№4 жалпы орта білім беретін мектебі
Арқалық, Қазақстан
Gulbarshyn-72@mail.ru

Аннотация. Абай возвышает человеческий разум и осуждает невежество. Одной из таких фундаментальных опор в сознании казахского народа является творческое наследие выдающегося просветителя Абая Кунанбаева. В его произведениях максимально отражены традиции народного творчества и осмысление проблем общества.

Ключевые слова. Философия, образование, нация, педагогика

Annotation. Abai elevates the human mind and condemns ignorance. One of such fundamental supports in the minds of the Kazakh people is the creative heritage of the outstanding educator Abai Kunanbayev. In his works, the traditions of folk art and understanding of the problems of society are reflected as much as possible.

Key words. Philosophy, education, nation, pedagogy.

Адам болмысы тәрізді өмірдің де рухани және заттық тұрғысы бар. Рухани жаңғыру – осы екі болмысты біріктіру жолы. Бұл жол заттық тұрғыдан басталып, Түп Иеге қайтумен аяқталады. Абай Түп Иеге қайту – адам өмірінің негізгі мақсаты деп көрсетеді, «Өзге мақсат ақылға тола ма екен?!» дейді. Осылай рухани жаңғырудың мақсаты да, оның негізі де рухани деңгеймен аяқталады. Егер оған моральдық-этикалық деңгейден асырмай, тек қана материалдық тұрғыдан келетін болсақ, онда рухани жаңғырудың негізгі мақсатына жете алмаймыз.

Данышпан Абай рухани жаңғыру барысындағы сана-сезім деңгейлерін толығымен берген. Адам өмірі осы деңгейлерге байланысты. Рухани жетілу қарын тойдырудан басталады. Сана-сезімді тән басқарады. Бұл – барлық жан иелеріне, оның ішінде хайуанат әлеміне де ортақ деңгей. Қарнытойып, көңілі көншімеген жан одан жоғарыны ойлай алмайды. Тән құмары оны толық

басқарған. Бұл деңгейдегілерді Абай «жарым адам» деп атайды. Тән құмарын қанағаттандыру үшін әуелі өмірді реттеу керек. Өмірге келген соң әркім әке, ана, бала, дос-жора, азамат болу тәрізді бұл өмірде түрлі рөл атқарады, түрлі міндеттері болады. Қоғам өмірінің үйлесімділігі әркімнің өзінің осы міндеттерін дұрыс орындауларына байланысты. Яғни, табиғатынан берілген осындай міндеттерін дұрыс орындайтындай иманды болып, сана-сезімді бір қалыпқа келтіру керек. Қоғам дұрысталса, адамның тұрмыстық қажеттері де қамтамасыз етіліп, қарын тояды. Абай адамның санасын бұл деңгейге көтеру үшін «иманды бол», «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деп түрлі тәртіптер береді.

Дұрыс тәртіппен өмір тұрақты жолға түскен соң тұрмыс жақсарып, дәулет келеді. Бұл – екінші деңгей және табиғи құбылыс. Бұл деңгейдегілерге Абай «Еңбек ет, мал тап... Еңбек етсең ерінбей – тояды қарның тіленбей» дейді. Қарын тойған соң адам енді өмір қызығын көргісі келеді. Осылай ол өмірді бұрынғыдай тамақ арқылы ғана емес, енді ой-өрісі арқылы да қабылдай бастайды. Ол барлығына қызығып, білуге ұмтылып, қоршаған ортасымен тығыз байланысқа түседі. Бұл үшінші деңгейдегілерді Абай «адам» деп атайды. Өмірдің негізгі қызығы қарым-қатынаста. Сондықтан Абай «Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі – бос» деп адамдарды бірлікке шақырады. Осылай сана өсіп, кеңейіп, ой-өріс деңгейіне көтеріледі. Қоршаған табиғатқа қызығушылық өсіп, білімге ұмтылып, адам ой-өрісін кеңейте береді. Адам «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген данышпан Абай көрсеткен гуманизмнің шыңына көтеріледі.

Адам бұл өмірдің барлық қызығын көріп, имандылығы өсіп белгілі бір дәрежеге жеткенде оны фәни өмірдің қызығы жалықтыра бастайды. Бұл өмірдің жалғандығын сезініп, бұдан да жоғары ләззат барын түсіне бастайды. Ол рухани жетілудің келесі деңгейіне – рухани деңгейге көтеріледі. Ондай адам барлық жағынан да кемел, толық. Сондықтан Абай ондай адамды «толық адам» деп атайды. «Толық адам» – рухани жаңғырудың шыңы. Адамның рухани және заттық болмысы толық жетілгенде ол «толық адам» болады.

Хакім Абай осылай рухани жаңғыру жолын толық берген. Оны дұрыс түсініп, пайдалана білу – қай заманда болса да біздің мақсатымыз, әрі міндетіміз [1; 5-6].

Абай халқымыздың ұлы ұстазы. Оның өлеңдері мен қара сөздерінің ең басты объектісі - адам, басты мақсаты - адам тәрбиесі. М.Мырзахметовтің пайымынша, адам болғанда да «өзі үшін оттаған хайуанның» бірі емес, адамдар үшін еңбек ететін, «ақыл, қайрат, нұрлы жүректі тең ұстайтын» жан-жақты жетілген адам. Абайша айтқанда, «толық адам». Ал «толық адам», «жетілген адам» дегендердің мағынасы – терең философиялық ұғымдар. Адамды адамгершілік тұрғысынан, кісілік тұрғысынан жетілдіруді көздейтін үлкен даналық ойлармен ұштасып жатқан күрделі мәселе. Абайдың мұраты – адамда адамгершілік, кісілік жағынан жетілдіру арқылы қоғамды жетілдіру, қазақ қоғамын ілгері дамыған мәдениетті елдер қатарына қосу. «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» деп, адам атына терең мән беріп, жоғары талап

қойған Абай өз шығармаларында адамның жаратылысы мен өсіп-жетілуін, адам болу жолы мен адамдықтан шығатын жаман істерді атап көрсетеді [2;6].

Мақсат Әліпхановтың пайымдауында, адамгершілік - барлық қаламгерлерге ортақ тақырып. Әйтсе де сол қаламгерлердің бәрі де бұрыннан айтылып келе жатқан дәстүрлі тақырып - адамгершіліктің өзіндік жүйесін, қалыбын, танымын жасай бермеген. Абайдың өзге ақын - жазушыдан бөлек болатын жағдайы да осы адам болу мен адамгершіліктің жүйелі жолын, өзіндік танымын жасай білуімен байланысты. Ол адамгершілікті көркемдік тұрғыда суреттеумен шектелмей, оны ілім, таным, ойшылдық деңгейіне көтере жырлайды. Абай – ұлы тұлға. Ғалым, ойшыл, әдебиеттанушы М.Әуезов: «Абай адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қойды» деген. Абайдың бар өмірі халқын адамгершілікке үндеумен өткен.

Абайдың толық адам туралы танымы сол Сократтан басталатын Платон, Плотиндердегі сүюді тірек ететін адам, қытайлардың дао іліміндегі әбден жетілген адам (совершенно мудрый человек), шығыс ойшылдары мен суфизмдегі камили нисани мен бенделіктің кәмалаттығына ұмтылған адам және Ирандағы жәуанмәртлікпен сабақтасып, туыстасып жатады. Абайдың адамгершілікті жырлаудағы ең басты жаңалығы да осы. Абайдағы адамгершілік мәселесі құбылыс ретінде толық адам арқылы көрініп, ең түпкі мәні махаббат пен әділет, ізгілікке дейін дамып, ұштала түседі. Толық адам мен оның негізі махаббат, әділеттің, ізгіліктің аралығында адамгершілік асыл қасиеттің қыр - сыры ашыла түседі [3;258-259 бет].

Абай дүниетанымының қалыптасуы Шығыс әдебиеті өкілдерінің шығармаларымен танысудан басталады. Абайдың дүниетанымына, оның бойында «толық адам» ілімнің қалыптасуына Әл –Фараби, Жүсіп Баласағұн, Науаидай тұлғалар әсер еткен.

М.Мырзахметұлының «Абай және Шығыс» атты кітабында Абай мен Әл-Фарабидің шығармалары салыстыра зерттелген. Ғалымның зерттеуінше, Абайдың 14, 17 – қара сөздерінде және «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек», «Малға достың мұны жоқ, малдан басқа», «Алла деген сөз жеңіл», «Жүрек теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас» атты өлеңдерінде арнайы сөз болып, мол тартылатын ақыл, қайрат, жүрек жайлы философиялық мағынадағы ойларының бастау алар көздерін Әл – Фарабиден табамыз.

«Абай 17 – қарасөзінде ақыл, қайрат, жүрек туралы пікір білдіргенде: «Осы үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет», - деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен... Үшеуің ала болсаң мен жүректі жақтадым», - деп, өз атынан да, ғылым атынан да жүрекке шешуші орын беріп: «Кітаптың айтқаны осы», - деп сілтеме жасап отырған ғылымы қандай ғылым, кітабы қай кітап? Міне, Абай арнайы сілтеме жасап, нұсқап отырған аталмыш деректер төркінін іздеп табу қиын. Абай ойларының бастау алар түп төркінін осы деректерсіз танып білу де мүмкін емес» [4;125-126].

Әл-Фараби мен Абайдың көзқарастарында, әсіресе, «өзін танымақтық», «жан қуаты», «адам жаны» мәселелеріне келгенде, олардың рухани ұқсастықтары байқалады. Ғалым Мекемтас Мырзахметұлы оған мынадай дәлел келтіреді: «Әл –Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат»

деген еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларында: «өсімдік жаны», «хайуан жаны». «адам жаны» деп жүйеледі. Адам жанына (интелектіге) оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне (хауас) талдау бергенде де, жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отыратыны бар. Әл – Фараби: «Жүрек басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін мый келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», - деп, жүрекке шешуші мән бере қараса», оған сәйкес ой Абайда да: «Сен үшеуіңнің басынды қоспақ менің ісім депті. Бірақ сонда билеуші жүрек болса жарайды», - деп таратылады. Екеуі де өз танымдарында жүрекке шешуші мән – мағына берумен қатар, оны бүкіл ізгілік, Абайда мол таратылып, жиі сөз болатын «толық адам», «жарым адам», «адам болу», «инсанияттың кәмелаттығы», «бенделіктің кәмелеттігі», «толық инсаният», «адамшылық», «адамның адамдығы», «адам болу» т.б. толып жатқан осы іспеттес терминдік мәні бар сөздер тобы, ол жайлы пікірлердің шығар көзі, түп – төркіні Әл – Фараби еңбектеріндегі ойлар желісіне қарай сілтейді.

Абай дүниетанымында «жүрек» ерекше орынға ие. Абай өлеңдері мен қара сөздерінде жүректі рахым, әділет, шафағат атаулының қанат қағып ұшар құтты мекені деп қарап, жүректің культін көтере мадақтайды.

«Абай танымында, ақыл, қайрат екеуі де жүректің ізгілікті ісіне ғана қызмет етуге міндетті. Абай жүректің культін көтеріп, оған шешуші орын бергенде, оның гуманистік мағынадағы тетігіне сүйеніп отырады».

Ал «Құтадғу білік» және Абай» атты бөлімінде «Абай шығармаларында жүйелі түрде мол талданатын мораль философиясы жайлы ой толғаныстардың ішкі төркіндері, әсіресе ондағы *жәуанмәртлік* жөнінде айтылатын пікірмен іштей сабақтас рухани қазына деп ХІ ғасырда қазақ жерінде жазылып, дүниеге келген «Құтадғу білік» дастанын жатқызған» [4; 127-133].

Мекемтас Мырзахметұлының зерттеуінше, «Құтадғу біліктегі» бастан аяқ сөз болып, көптеген ой - толғаныстарға өзекті желі болған – әділет, рақым, ақыл, қанағат, ізгілік жайлы моральдық ұғымдардың арғы төркіні Туран жерінде жатқан жәуанмәртлікпен тұтасып жатқан тума құбылыс десе болғандай. Абайдың шығармаларында да жәуанмәртлік мәселесі қозғалған. «Дастандағы жәуанмәртлік жайлы пікірлер желісімен Абайдың 17, 38 – қара сөзі мен «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге» т.б. өлеңдеріндегі ойлардың іліктес, төркіндес келуі – тамыры тереңде жатқан рухани туыстықты танытқандай нақтылы ұғымдармен ұшырастырады». Олар мына ұғымдар: *«жәуанмәртлік, толық адам, бенделіктің кәмелеттігі, халим, мұлахаза, ғылымды жіктеу жүйесі мен жар таңдау»*. «Дастанда жәуанмәртлік ұғымы «ерсиг тоңа» кейбір тұста «ахы» сөзімен беріліп, ақыл, әділет, ізгілік (рахым, шафағат) ұғымын қамтып отырған [4;138].

Абайдың жүрек туралы көзқарастарына баса назар аударған ғалымдардың бірі М. Әліпханов Ол өзінің «Абай – адамгершілікті жырлаған адам» атты мақаласында «жүрек – махаббат пен сүюдің шығар көзі, құтты мекені саналады» деп өз ойын айта кеткен еді. Ғалымның пікірінше, Абай жүрек қасиетін көтере жырлауға бірден кірісіп кетпейді, түпкі мақсаты – сүюге қайраттан ақылды, ақылдан жүректі жоғары қоятын жағдайын дәлелдеп барып жетеді [3;268].

Ұлы заңғар жазушы М.О.Әуезов былай дейді: «Абайға келгенде ... адам мен адамгершілік, ұждан, мораль философиясына тікелей қатысы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, әрі сапалы, терең ойлы пікірлері бар екені даусыз. Біздің білуімізше, Абайдағы философиялық көзқарастың көзі адамгершілік мәселесіне тіреледі». Абайдың «толық адамы» - адамгершіліктің шыңына жеткен, ақылы толықсыған, ақылы мен қайратын жүрекке бағындыра алатын тұлға.

Сөзімізді түйіндей келе, Абай ілімі, Абай философиясы – баға жетпес байлық. Абай тағылымын зерделесек, қазақ педагогикасына мың жылға жетерлік азық табылады. Ал, Абайдың ілім бастауымен сусындап, нәр алсақ, тамырымыз тереңге кетері анық.

Әдебиеттер

1. Досым Омаров «Жаңғырудың шыңы – толық адам».- «Ана тілі» газеті.
2. М.Мырзахметов «Абайтанудың бүгінгі мәселелері», Абай №4, 2005
3. Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1994.
4. М.Мырзахметов «Абай және Шығыс», Аламаты «Қазақстан», 1994

АБАЙ МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ

Оразова Гулхашима Куандыковна.,
арнаулы пәндер оқытушысы
Н.Құлжанова атындағы
Торғай гуманитарлық колледжі
Арқалық, Қазақстан

Түйін сөз. Қай кезде де ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп әлемге паш ету ұлттық болымысызды жаңғырту, насихаттау екені белгілі. Әлемге қазақты танытатын тұлғалардың бірі емес бірегейі ол – Абай. Мақалада Абай тұлғасы қазақ деген ұлттың этолону ретінде дәлелденеді. Абайдың данышпандығы ұлтымыздың мақтанышы, рухани құндылығымыз насихатталады. Мақала әр оқырманға қазақ ұлтына деген мақтанышты қалыптастырады.

Кілт сөз. Рухани, ұлт, жаухар, құндылық, ұлы.

Аннотация. Как известно, всегда популяризация национальных ценностей и демонстрация мира-это возрождение и пропаганда национального бытия. Абай один из выдающихся личностей казахского народа в мире. В статье раскрывается личность Абая как этолон казахской нации, его мудрость - гордость нашей нации, духовная ценность. Статья формирует у каждого читателя гордость за казахский народ.

Ключевые слово. Духовный, нация, ценность, великий.

Annotation. As you know, the promotion of national values and the demonstration of peace is always a revival and promotion of national existence. Abay is one of the outstanding personalities of the Kazakh people in the world. The article reveals the

personality of Abay as a symbol of the Kazakh nation, his wisdom -the pride of our nation, spiritual value. The article makes every reader proud of the Kazakh people.

Key words. Spiritual, nation, value, great

*Абайдың табиғаты, Абайдың дауысы,
Абайдың тынысы – бұл заман тынысы, халық дауысы.
Бүгінде ақын дауысы біздің дауысымызбен ұштасып,
қатая түседі және тың қуат алуда.*
М. Әуезов

Қазақ халқының мақтанышы рухани жаухары Абай Құнанбаев мұрасы ұрпаққа қашан да үлгі. Жаухар су түбінде жатса да, жер астында жатса да өз қасиетін жоғалтпайтын асыл тас. Жаухар қай жерде де жаухар болып қала береді. Мұндағы айтпағым хакім Абай да осы өз қасиетін жоймайтын адамзат баласының жаухары деп айтуға болады. Қанша ғасыр, қанша жыл өтсе де жазған сөздері мен айтқан ойлары бүгінгі күнге дейін өзекті. Сөзімнің дәлелі ретінде Мағжан Жұмабаевтың мына бір дана сөздерін мысал келтіре кетейін.

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес
Бір сөзің мың жыл жүрсе демі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес! ...
Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.

Қазіргі жаһандану заманында ұлттық ерекшелікті сақтап, құндылықтарымызды мақтан тұтып, әлемге паш ететін заманда Абай біздің басты мақтанышымыз болуы керек. «Абай - дана, Абай – дара» қазақта деген сөз бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Қазіргі жастарымызға тағылым, ұрпағымызға рухани азық болатын да хакім Абайдың дана сөздері. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар; Рухани жаңғыру» мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтып, оны заман талабына сай бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналып отырғанын айтты. Еліміздің рухани жаңғыруға бет бұрғаны жай емес. Қазақпын деп айтуға ұялатын, қазақша сөйлеуге намыстанатын батысқа еліктеп, санасы уланған жастарымыздың қалыптасуы, ұлттық тәрбиенің, ұлы сөздеріміздің қадірінің қашқандығының дәлелі. Рухани жаңғырып ұмытылғанымызды қайта түлетіп, көнемізді жаңғырттық ұлттық ерекшелігіміз бен, басты құндылықтарымызды сақтап қалудың бірден бір жолы Адай даналықтары. Қазіргі таңда ақпарат көздерін тыңдасаңыз жастарымызды Абайша сөйлеуге үйрететуіміз керек деген өзекті мәселені қозғап жатыр. Ия қолдаймын өте орынды бастама. Абай даналықтарында, әрбір сөзінен ұлттық рухтың иісі аңқиды, ұлттық тәрбиеге де тұнып тұр. Ұрпағымызды мәңгілік ел болуға апарар бірден бір жол ол ұлттық ерекшелігімізді дәріптеп, құндылығымызды сақтап ел үшін қызмет ететін ұлтжанды жастарды тәрбиелеудің бір шешімі Абайша ойлап, Абайша сөйлеу.

Дүние жүзінде бүкіл адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған тұлғалар бар. Атап айтқанда, Қытай дегенде Лаоцзы мен Конфуций, Ресей дегенде Достоевский мен Толстой, Франция дегенде Вольтер мен Руссо болса, Қазақстан дегенде Абай есімін атайтындай дәрежеге жетіп, өзге жұрт қазақ халқы – Абайдың халқы деп бізге ілтипат білдірсе, бізге зор мәртебе болары хақ. Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым сияқты, әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтың «Абай» жолы романы тұруы керек деп санаймын [1].

Заманның әрбір кезеңінде халық өзінің рухани көшбасшысыларының мұраларына қайта оралып соғып отыратыны – өмір заңдылығы. Міне, Ұлы ақын Абай да осындай тұлға. Әлем халықтары бірі сәулет өнерімен, енді бірі музыкасымен, тағы бірі шешендік өнерімен мақтанатын болса, қазақ халқы да бай сөз өнерімен, өзінің «бас ақыны» Абаймен мақтана алады [5].

Қазіргі заман аллаға шүкір техникалық дамыған білім аламын десен, барлық мүмкіндік қарастырылған, не істесең де барлығы қол жетімді. Ең бастысы мақсаттар айқын болса болғаны.

Ал Абай дәуірінде бәрі де басқаша еді. Сол қиындыққа қарамастан Абай жалғыз мыңмен алысты. Қиындықтарға қарамады, жан-жақты білім алды тіл үйренді. Қазір тіл үйренсек те білім алсақ та үйден шықпай ақ, ғаламтор арқылы өзімізді дамытып, әлемді бағындыруға болады. Бірақ әттен ай,біздің бойымыздағы сылбырлық, жалқаулық, еріншектік деген қасиеттерден арыла алмай келеміз.«Бізге бәрі дайын күйі берілсе» - деп отыратындар да қаншама.

Абай да ұлт бойынан осы қасиеттерді көріп Бес нәрседен қашық бол» деді. Бес нәрсеге асық болып дамыған мемлекеттер қатарынан қалма деп үндеу тастады. Надандықпен алысты.

Абай - қазақ философиясының квинтэссенциясы, ұлттық философияны жаңа биіктерге шығарған ойшылы. Ол адамзат мәселелері туралы толғанады, адамгершілік қасиеттері туралы ілімді дамытады, адамгершілікті жетілдіру қағидаттарын ұсынады, адамның рухани дамуынсыз дүниедегі кез келген қызметтің мәні болмайды деп пайымдайды. Философ-ақын этикалық мәселелермен шиеленіскен эстетикалық мәселелерді зерделеді, адамның танымдық қабілеттерін және оның қазақтың ұлттық дүниетанымындағы ерекшеліктері туралы сұрақтарды қарастырды. Адам өз орнын, өзін тауып, өзімен-өзі болуы тиіс:[2].

«Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!»

Ең бастысы, бүгінгідей бейбіт кезеңде әр азамат өзінің еселі еңбегі еліміздің экономикасын ілгерілетуге тікелей ықпал ететінін түсінуі қажет.

Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады. Ұлы ойшыл шығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады. Сонымен қатар ақын бастамашылдықты, кәсіптегі адалдықты жоғары қояды.

Мысалы, өзінің оныншы қара сөзінде «Ерінбей еңбек қылса, түнілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?», деп тұжырым жасайды.

Абайдың ойынша, табыс табу үшін қолөнер үйрену керек. Себебі «мал жұтайды, өнер жұтамайды» (отыз үшінші қара сөз). Ұлы ақынның бұл ойлары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де өзекті деп санаймын. Қазіргі таңдағы білім саласындағы жаңарту да осы мәселені қолдайды. Балалар тек бір ғана мамандық иесі емес бірнеше кәсіптік дағдыларды меңгеріп шығуына мүмкіндік туғызып отырған модульді оқыту, дуалды оқыту және жаңартылған білім берудің басты идеясы болып отыр [4].

Оның шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани байлығы. Заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын, бұл мирас өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсуде. Сол мұраның халықтың рухани өміріндегі айнымас темірқазығына айналғанын

Ойшыл Абай екі ғасыр бойы адамзаттың бірнеше ұрпағын ойының тереңдігімен және айқын тілімен тамсандырып келеді. Н.Ә.Назарбаевша айтсақ: «Абай жылын өткізген жақсы. Абай жырын жаттаған дұрыс. Ал оның терең ойы мен өжет пікірі тек айта жүрер әңгіме болмай, күнбе-күнгі тірлігімізге бір кірпіш боп қаланып жататын нақты іске айналса, тіптен құба-құп. Ол үйреткен тағлым мен ол көксеген мұраттарды шын қастерлей білгеніміздің Әділет пен Абзалдық ұстазы алдындағы перзенттік қарызымызды терең түсініп, өтей алғандығымыздың бірден бір белгісі де осы болып табылады». Бүгінде Абай туындылары қазақстандықтарды Отанына қызмет етуге шабыттандырады, олардың білімге, ғылымға ұмтылысын, ұлттың мәдениет арқылы дамуын қолдауда [3].

Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады. Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Бірақ біз ұлы ойшылымызды жаһан жұртына лайықты деңгейде таныта алмай келеміз [5].

Осы орайда «Неге қазақтың бітім-болмысын, мәдениетін Абай арқылы танытпаймыз?», деген сұрақ туындайды. Жастарымыз Абайша ойлап, Абайша сөйлеуді үйренсе өркениетті елдерден көш ілгері болаымыз сөзсіз еді.

Сөзімді қорыта келе айтпағым, Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

Әдебиеттер

1. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл.
2. Есім Ғ. Абай және Пушкин // Солтүстік Қазақстан. - 2006. - 9 тамыз.
3. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы ҚазАқпарат – «Egemen Qazaqstan» газеті, Нұрсұлтан;
4. <https://www.inform.kz/kz/>
5. <http://presidentlibrary.kz/kk/node/4691>

АБАЙДЫҢ МҰРАСЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

Оразбекова Роза Сундетбековна,
Жармагамбетов Ербол Ербатырович
Аға оқытушы, магистр
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық
педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В этой статье описывается о воспитательной ценностной значимости в простых словах поэзии Абая. Показаны слова мудрости и учения Абая. Говорится об огромном наследии его трудов и произведений. Жизнь и творчество поэта станут прекрасным примером для будущих поколений. В его поэтических стихах прослеживаются нравственные и воспитательные качества.

Ключевые слова: поэзия, жизнь, творчество

Annotation. This article describes the educational value value in simple words of Abai's poetry. The words of wisdom and teaching of Abai are shown. It speaks of the huge legacy of his works and works. The life and work of the poet will become an excellent example for future generations. Moral and educational qualities are traced in his poetic verses.

Keywords: poetry, a life, creation

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толып отыр. Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды. Мектеп оқушыларынан ел азаматтарына, тіпті әлемдік деңгейдегі танымал тұлғаларға дейін зор қызығушылық танытып, лезде іліп әкеткен бұл бастама бірнеше айға ұласты. Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік

маңызы бар мәселеге айналды. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.

Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады. Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді. Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор. Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз. Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді. Абайдың кейбір қарекеттерге көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында. Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән

бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет. Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн. Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі. Біз егемен ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін мемлекеттілігімізді нығайтуымыз керек. Заң үстемдігін және қоғамдық тәртіпті сақтау баршаға ортақ міндет екенін ұғынған жөн. Халықтың билікке деген құрметі болмаса – елдігімізге сын. Сондықтан азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет. Осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал. Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті. Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнығады.

Адам өмірі тұтасымен түрлі қарым-қатынастардан құралады. Онсыз адам қоғамнан бөлініп қалмақ. Ал қарым-қатынас міндетті түрде өзара жауапкершілікті туғызады. Бұл жауапкершілік қара басының қамын биік қоятын өзіншілдік араласқан кезде бұзылады. Сондықтан Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек, жылы жүрек керек екенін айтады. Осы үш ұғымды ол үнемі бірлікте қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп есептейді. Бұл – қазақ халқының өмірлік философиясы. Осындай таным-түсінікпен өмір сүрген халқымыз өзі қиын жағдайда отырып, өзге ұлттарды бауырына басқан. Өзі асқа жарымай қиналса да, бір тілім нанын бөлісіп жеуді парыз санаған. Үнемі үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, сүрінгенге сүйеу, жығылғанға демеу бола білген. Осы құндылықтарды дәріптеп, бүгінге жеткізу арқылы халқымыз өзінің ұлт ретінде сақталуы үшін барын салған. Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. Абай шығармашылығына арқау болған тақырыптың бірі – масылдықпен күрес. Ақын үнемі уайымсыз салғырттыққа, ойын-күлкіге салынбай, сергек болуға үндейді. Оны ұдайы еңбек арқылы шындап отыруды құп көреді. Сонымен қатар орынды

әрекеттің уайым-қайғыны жеңетінін дәлелдеп, масылдықпен күрестің психологиялық қырларына терең бойлайды. Қазір біз көп айтып жүрген эмоционалды интеллектіге де сол тұста назар аударды. Мақтан мен масылдық психологиядан арылып, қайраттанып еңбек етуді, талаптанып білім іздеуді насихаттаған. Абай өлеңдеріндегі «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», «Өзің сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» – деген қазыналы ойлар бәрімізге жақсы таныс. Әр адам осы түйінді тұжырымдарды санасына берік тоқып, өзінің тынымсыз, адал еңбегімен айналасына үлгі болуы керек. Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады. Ұлы ойшыл шығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады. Сонымен қатар ақын бастамашылдықты, кәсіптегі адалдықты жоғары қояды. Мысалы, өзінің оныншы қара сөзінде «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?», деп тұжырым жасайды. Абайдың ойынша, табыс табу үшін қолөнер үйрену керек. Себебі «мал жұтайды, өнер жұтамайды» (отыз үшінші қара сөз). Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады. Абайдың ақындық қуатының терең тамырына үнілген зерттеушілеріміз оның қазақ фольклорынан, Шығыс пен Батыстың сөз өнерінен, орыс әдебиетінен, тарихи еңбектерден сарқылмас нәр алғанын айтады. Абайдың асқан ойшылдығы оның діни талғам-танымынан да айқын көрінеді. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас», дейді. Бұл ой-тұжырымға Шығыс пен Батыс философтарының еңбектерін терең біліп, зерттеп, зерделеп барып жеткені анық. Ал отыз сегізінші қара сөзінде Аллаға деген көзқарасын толық білдіреді. Абайдың рухани өресіне баға берген дінтанушы философ ғалымдар оның «кәміл мұсылман» ұғымына ерекше назар аударады. «Кәміл мұсылман» ұғымы тек қазаққа ғана емес, бүкіл мұсылман әлеміне қатысты айтылса керек. Міне, біздің ойшыл Абай, хакім Абай – әлемдік деңгейде осы діни көзқарасы арқылы да биіктей беретін тұлға. М.Әуезовтің «Абай жолы» романы арқылы Абай бейнесі көркем образ ретінде әлем әдебиетінде жоғары бағаланғаны белгілі. Бірақ бұл – Абайды танудың бір қыры ғана. Нағыз Абайды, ақын Абайды тану үшін оның өлеңдері мен қара сөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызы ашылуы керек. Ол әлемнің кең таралған негізгі тілдеріне барлық бояуын сақтай отырып аударылуы тиіс. Бұған біз толық қол жеткізе алдық деп айту қиын. Нағыз ұлт ақындарын өзге тілдерге аудару – оңай шаруа емес. Аудармашы да сол ойшылдың деңгейіндегі талант болуы керек. Біздің абайтанушы ғалымдарымыз, тіл мамандары мен жанашыр азаматтар осы мәселеге ерекше мән бергені жөн.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер. Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға», деген болатын.

Шынында да, дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпы-адамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл – классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр. Абай өзінің қара сөздерінде адамзат баласына ортақ мұраларды дәріптей отырып, рухани биікке құлаш сермеп, алысқа қанат қаққанын көрсетеді. Оның қара сөздерінің арқауы – кісілік, мәдениет, ізгілік. Хакім Абайдың қара сөздеріне балама еңбек іздесек, француз ойшылы Монтеньнің жазбалары ойға оралады. Десек те, Монтень өз болмысы мен адам тұлғасы жөнінде көбірек ой толғаса, Абай қара сөздерінің басты миссиясы – ойлану, өзгеге ой салу, мақсатты ұстанымға айналдыру. Демек, ұлы ойшылдың қара сөздері – аса құнды еңбек.

Әдебиеттер

1. Бейсенбай Байғалиев. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: 2001 ж;
2. Тұрағұл Абайұлы. Абай туралы естеліктер. Абай мұражайының кітапханасы. Семей, 2010;
3. Мұздыбай Бейсенбаев. Абай және оның заманы. – Алматы: «Жазушы», 1988;

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Оразбекова Роза Сундетбековна

Аға оқытушы, магистр

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Арқалық, Қазақстан

Оразбекова Мейрамкуль Сундетбековна

Уәлиханов орта мектебінің мұғалімі

Ақмола облысы, Жарқайың ауданы

Аннотация. В этой статье говорится об огромном наследии его трудов и произведений. Жизнь и творчество поэта станут прекрасным примером для будущих поколений. В его поэтических стихах прослеживаются нравственные и воспитательные качества.

Ключевые слова. труд, поэт, воспитание

Annotation. It speaks of the huge legacy of his works and works. The life and work of the poet will become an excellent example for future generations. Moral and educational qualities are traced in his poetic verses.

Keywords: work, poet, education

Ұлы Абайды Ахмет Байтұрсынов: «Қазақтың бас ақыны – **Абай Құнанбаев**. Онан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ», десе, ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы- заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр», -деп бағалаған.

Абай – ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Ол Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері» - тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды.

Абай Құнанбаев – 1845 жылы бұрынғы Семей уезі, Шыңғыс болысында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында) дүниеге келген. Абайдың әкесі **Құнанбай** Қарқаралы уезіне аға сұлтан болған. Абай әуелі ауылда Ғабитхан деген татар молдасынан мұсылманша хат таниды. Абайды әкесі он жасында Семей қаласындағы Ахмет Ризаның медресесіне оқуға береді. Ол бос уақытында Шығыстың ұлы ақындары **Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Навои, Физули, Фирдоуси** шығармаларын өз бетімен оқып, ертегі, дастан, хисса сияқты әдеби мұралармен танысады. Абай медреседе небәрі үш-ақ жыл оқиды, соңғы жылдары өз бетімен «приходская школаға» түсіп, орысша да оқиды. Бірақ мұндағы оқу ұзаққа бармайды. Жасы 13-ке келіп, ерте есейіп, ақыл-ойы тола бастаған шақта өткір, зейінді Абайды әкесі Құнанбай ел билеу ісіне араластырып тәрбиелемек болып, оны оқудан елге алып кетеді. Әкесінің жұмсауымен Абай ел ішіндегі әр түрлі мәселелерге араласады. Ол көптеген ескі әңгімелерді, өлең-жырларды халық ішінен үйренеді. Қаладағы медреседе үш жыл діни оқу арқылы Абай араб, парсы, шағатай тілдерін жетік біліп, Шығыс ақындарының шығармаларымен танысуға мүмкіндік алды. Қазақтың халықтық өлең-жырларын, ертегі, қисса, аңыз әңгімелерін әжесі Зере бәйбішеден, халық ақындары Шөже, Бөйкөкше, Балталардан естіп, жастай жадында сақтады. 1860 жылдардың аяғында Абай өзінің білімінің таяздығын сезініп, Семей қаласындағы Гоголь кітапханасына келіп орыс, Батыс классиктерінің шығармаларын өз бетінше ізденіп оқи бастайды. Осы кітапханада Л.Н. Толстойдың шығармаларын оқып отырған Абай Петербург университеті студенттерінің саяси ереуіліне қатысқаны үшін жер ауып келген жаратылыстанушы ғалым Е.П. Михаэлиспен кездесіп, танысады, кейін олар айырылмас дос болып кетеді. Михаэлис орыстың ұлы классиктері **Пушкин, Толстой, Лермонтов, Крылов, Салтыков-Щедрин**, Некрасовтармен қатар революционер-демократ ағартушылар Герцен, Чернышевский, Добролюбов, Еуропаның ұлы ақын-жазушылары Шекспир, Байрон, Гёте, А. Дюмалардың, философтар **Сократ, Платон, Аристотель, Спенсер, Дарвин**, т. б. еңбектерін оқуға кеңес береді. Бұрын қолына түскен кітапты оқитын Абай енді орыс, Батыс ғалымдары мен ақын-жазушылардың еңбектерін белгілі мақсатпен жүйелеп оқуға көшеді. Абайдың: «Дүниеге көзімді ашқан — **Михаэлис**» деуі осыдан туындаған. 1880 жылдары Михаэлис арқылы ол Долгополов

(антрополог), Леонтьев (адвокат) сияқты Ресейден жер ауып келген демократтармен достасады. Олар жаз айларында Абайдың аулына келіп, қазақ өмірімен танысады. Абай бұлардың әсерімен Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан үзінділерді, Лермонтовтың «Бородино», «Теректің сыйы», «Демон», «Жалау», «Жартас», т. б. ондаған өлеңдерін, Крыловтың «Қазаға ұшыраған қара шекпен», «Шегіртке мен құмырсқа», «Бақа мен өгіз», «Піл мен канден», «Есек пен бұлбұл», т. б. мысалдарын аударды. Гетенің «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін орысшасынан (Лермонтов) аударып, ән де шығарады. Абай орыс, Батыс классиктерінің шығармаларын аударуда олардың өршіл бостандықты аңсаған «Бородино», «Қанжар», «Жалау» сияқты өлеңдері мен әділетсіздікті, топастықты әшкерелейтін мысалдарын таңдап, талғап аударған. Абай ХІХ ғасырдың 90-жылдары өзінің ой-толғаныстарын қара сөздермен жазған. Өз шығармасын қара сөзбен жазудың публицистикалық түрінің негізін қалаушы Шоқан болса, көркем қара сөз қазақтың көркем жазба әдебиеті тарихында Ы.Алтынсариннен басталады. Одан әрі қарай дамытушы **Абай** болды.

Абайдың қара сөздері – көркем әңгіме емес, ғақлиялық даналық сөздер. Онда ғылыми философиялық толғаныстар кең орын алған. Абай қара сөздерді жазуға зор дайындықпен келген. Ол бұл еңбектерін діни сопылық-теологиялық ғылымды да, жаратылыс заңдарын ашқан Галилей, Коперник, Спенсер, Ньютон, Пифагор, Дарвин еңбектерін де, ертедегі философ ғылымдар Сократ, Аристотель, Платон шығармаларын да, Шығыстың ойшылдары — **Фирдоуси, Шамси, Қожа Хафиз, Бабыр**, т.б. еңбектерін де оқып, ақыл-парасаты әбден толықсыған шағында жазуға кіріскен. Ол қара сөздердегі келтірілген терминдік атаулар мен сілтемелерден немесе ой-пікір үндестігінен байқалады.

Абайдың қара сөздерінің өзіндік ерекшелігі бар. Сөйлемдері қысқа, мағынасы терең, оқушыға ой саларлық, ғибрат беруді көздей құрылған. Көпшілік қара сөздерінде философиялық сұрау беріп, сол сұрауға өзі жауап беруге тырысады. Немесе өзімен-өзі кеңесу, ой-пікір білдіру үлгісінде құрылады.

«**Қара сөздер**» Абайдың соңғы туындылары қатарына жатады. Себебі, 1900-1904 жылдары арасында жүрек ауруының асқынуы салдарынан ұлы ойшыл өндіріп көп еңбек жаза алмаған. Сөйтіп, ол 1904 жылы 23 маусымда 59 жасында дүниеден қайтты. Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі - қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. Сөйтіп көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық сананы ұштастырады. Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл

сөзге айналды. Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан "Абай" журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды. Абайдың "Жетінші сөзінде" ұшырасатын "жанның тамағы" деген күрделі философиялық ұғым бар. Оны Абай біздің санамыздан тыс өмір сүретін объективті дүниенің санада сәулеленуі нәтижесінде пайда болатын ғылым, білімнің жинақталған қоры ретінде қарайды. Осы себептен де Абай: "... құмарланып, жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді",— деп қайыра түсінік беріп отыр... Абайдай ұстаз ақынның бұл "Жетінші сөзде" көздеген мақсаты адамның бойында туа пайда болатын жан құмары арқылы өз ұрпағының санасына тек қана жанның пайдалы тамақтарын сіндіру еді. Міне, Абайдың ағартушылық көзқарасының тамыр алған бір саласының қайнар көзі осы жақта жатыр. Абай бұл бағыттағы ойларын өзге сөзбен "Ғылым таппай мақтанба" тағы басқа өлеңдерінде айтқан. Мұнда ол "жанның тамағы туралы" ұғымды өз заманының тұрғысынан келіп, "адам болу" үшін қажет көп керектермен ауыстырады. Ақын толық адам болу туралы өзінің жүйелі де қалыптасқан көзқарасының тезисін ұсынады. Онысы:

Адам болам десеніз...

Бес нәрседен қашық бол...,—

Бес нәрсеге асық бол, - деген жолдарда жатыр.

Ақынның бүкіл шығармаларындағы негізгі бір тұтас тақырыпта өзекті идея болған. Абайдың пікірінше, ішкі рухани қазынамыздың молығуы тікелей өзіміздің қолымыздағы іс. Осы реуішті пікір Абайдың "Он тоғызыншы сөзінде" де қайталанатын. Абайдың дүние танымы бойынша сананың, ақылдың пайда болуы күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен ғана туындайтын табиғи құбылыс. Соңдықтан да Абай "Он тоғызыншы сөзінде":

"Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады", — деп жоғарыдағы өлең үзіндісендегі ойын осы сөзінде одан ары кеңіте отырып дамытатынын көруге болады. Абайды публицист ретінде қарастырған ғалым-зерттеушілер, олар көп емес — саусақпен санарлық қана, негізінен қарасөздеріне тоқталып, солар жөніндегі пікірлері мен пайымдауларын білдірумен шектеледі. Мәселен, тамаша ғалым М.И.Фетисов «Национальное и жанровое своеобразие публицистики Абая Кунанбаева» деген мақаласында әңгімені «Абаю Кунанбаеву и по стилю цикл назидательных рассуждений под общим названием «Гаклия», деп әңгімені бірден қарасөздерден бастайды. Ол Абайдың публицистік сипатын ең алғашқылардың бірі болып ашып көрсетті. Әйткенмен, бұл ғалым Абайдың қоғамдық ой-пікірлерін білдіретін шығармаларына тек қарасөздерін ғана жатқызумен жаңсақтыққа ұрынды деп есептейміз. Аталған зерттеушінің еңбегінде Абай қарасөз жазбаса публицист болмас та еді деген пайымдаулар бой көрсетеді. Абайды публицист деп ең алғашқылардың бірі болып атап айтқан Х.Бекқожин де өз зерттеуіне

қарасөздерді өзек етеді: «Стиль, идеялық мазмұны жағынан алғанда Абайдың қара сөздері — нағыз публицистикалық шығарма» дейді ол. Біздіңше, осы пікірлердің барлығы да «Абай –публицист» деген анықтаманың толық дәйектемесі бола алмайтын сияқты. Абайдың публицистігі туралы әңгіме қозғағанда ел естімеген жаңалық ашуды мақсат етіп отырған жоқпыз.

Өйткені, адамзат ардақтысының публцистік қыры – қазіргі таңда дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Әйкенмен қазақ аудиториясында публицистиканы кемсітетін, оны әдебиеттен көш төмен қоятын теріс көзқарас қалыптасқанын айтуға тиіспіз. Біз «Абай — публицист» деп сипаттама беріп, осы тұрғыдан өз ой-пікірімізді ортаға салар болсақ, кейбір әдебиеттанушы ғалымдарымыз ұлы тұлға өзінің ақындық, ойшылдық тұғырынан түсіп қалатындай көріп, бұл сөзді оның төңірегіне жолатқысы келмейтіні шындық.

«Абай – публицист» деп соқырға таяқ ұстатқандай ашып көрсетпесе де ұлы Мұхтар: «Жалпы қара сөздерден мазмұн, тақырып жағынан өзгешерек тұратын — қырық алтыншы сөз.Ол тарихтық мақала — очерк тәрізді» деген пікірімен, Абайдың публицист болғанын аңғартады. Егерде Әуезов «Абай – публицист» деп астын сызып жазбаса, оның да өзіндік себеп-салдары бар деп ойлаймыз. Оның ең бастысы — публицистика деген атаудың төңірегінде күні бүгінге дейін қызыл-кеңірдек пікір сайысы жүріп, дау-дамай өрбіп» дәл анықтамасы берілмеуінде деп білеміз. Бірақ бір анық нәрсе: қоғам дамуына үн қосып пікір білдіретін дәуір тынысын танытатын шығарма — публицистика. Ал ондай шығармалар Абай мұрасының негізгі бөлігін құрайды. Мұхтар Абай публицистикасына баса ден қоймауына ақынның өз тұсындағы мерзімдік басылымдармен байланысы жөніндегі деректердің жеткілікті анықталмауы да себеп болуы мүмкін. Соңғы отыз бес жылдай мерзімде Абайдың публицистік болмысына тоқталып, оның шығармаларының публицистік сипатын көрсеткен ауыз тұщытатын еңбек дүниеге келген жоқ десек, шындықтан аулақ кетпейтініміз анық. Тіпті Абайдың — публицистігі жайлы әңгіме қозғаған кездің өзінде оның мұрасы тар ауқымда зерттеліп, ой-пікірлер тек қарасөздер жайлы айтылды. Ал біз публицистік сарынды Абайдың.. бүкіл шығармасынан қарастырып, мәселент кең көлемде зерделеген жөн деп есептейміз.

Абай — публицист. Оны публицист еткен өзінің ортасы, Абай дәуірінен көп бұрын басталып, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан сананың мешеулігі, ұлтының талайсыздығы мен ұлтының талапсыздығы еді. Сондықтан да М.Әуезов оның қарасөздері жайлы әңгімелей келіп:

«...Абайдың өз тұсындағы күнделікті өмір шындығына қолма-қол қатынасып, жәрдем етсем деген талабын көрсетеді. Өлеңдік шығармаларында өз заманының шындықтарымен қолма-қол байланысты болып, онны сынау арқылы пайдалы іс етемін деген ақын, жаңағы қарасөзінде сол әлеуметтік, әкімшілік қалпына нақтылап араласқысы келеді» дейді. Бұл біздің Абай жаратылысынан публицист, оның ақындық құдіреті публицистік болмысынан бастау алады деген ойымызды нақтылай түседі. Белгілі ғалым Т.Қожакеев: «Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып», «Көңілім қайтты достан да» дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Менсінбеуші

ем наданды», «Қайғы шығар ілімнен», «Қарашада өмір тұр», «Бойы бұлған» деген өлеңдерінде де ел ішінің бұзылуы, ондағы жікшілдік, баққұмарлық, алауыздық, өтірікшілік, өсекшілік, пайда іздеу ұрлық қылу, сұмдық-сұрқиялық істеу сияқты қасиетсіздіктерге қарғыс таңбасы басылған» дейді. Міне, бұлар қоғамға, оның мүшелеріне баға беретін, сын айтатын шығармалар. Олай болса, публицистика дегеніміз осы. Бұл пікірді сәл өзгертіп ұлы Мұхтар да айтқан: «Абай өскенде, ортасынан асқанда осы сияқты тарихтық, қоғамдық қайшылықтарды терең аңғарып танып барып өседі... барлық ақыл ойын мынау ортаны мінеп, шенеп, нәрсіздік, құнсыздығын ашуға жұмсайды». Осыдан кейін Абайдың публицист болмасқа амалы да жоқ еді. Абай бір-ақ күнде, тек қарасөздерін жаза бастаған сәттен бастап публицист болды деудің қисыны келмейді. Әлемдік өркениеттің қайнаған ортасынан тысқары қалған жартылай көшпелі елдің топырағында кіндік қаны тамған болашақ классиктің көзін тырнап ашқаннан көргені көк бөрідей жұлқысқан, тіршілік үшін жаға жыртқысқан айқастар еді. Оны таразылап, терісін-теріс, оңын оң деп объективті баға беруге Абайдың ақылы тек орыс демократтарын оқығаннан кейін ғана жетті дегеніміз де ағаттық болар. Оның табиғи дарынын үстеуге Мұхаң көрсеткен үш арнаға қоса қоғамдағы эралуан қайшылықтар да белгілі дәрежеде ықпал жасағаны хақ. Ислам әлемінің үлкен қайраткерлерінің бірі Әли ибн Әби Талиб «Мен өзімнің ұзақ өмірімнің барысында адамдардың туған әкелерінен гөрі өздері өмір сүрген заманға көбірек ұқсайтынын жиі байқадым» деп айтуы тегін емес. Сөйтіп Абайға ең алдымен заманы ықпал жасап, публицист етіп өсірді. Оған дәуірдің ызалы, ащы сөзін айтқызды. М.Әуезов: «...Жаманшылықтың жайын жалтарып айтпай, Добролюбов үгіттеген жол бойынша ызалы шабытпен, тура шабуылмен айту керек деп ұғынады. Сондықтан өз бойындағы ажуа мен сатираға толып келген ызалы, толқынды ойларын Абай мысалсыз –ақ ашық, анық өлеңдерімен шығарады» десе, ол да Абайдың - публицистігін ашық мезгегені. Бұл арада М.И.Фетисовтың «Абаевские назидательное рассуждения представляют классический образец национальной публицистической прозы. Закладывая основы казахской демократической литературы, Абай чуткий по всем современным народным запросам, не мог, естественное, миновать и оперативных жанров не мог не использовать их для активного воздействия на сознание своих современников, на общественную жизнь в Казахстане» деген пікірін келтіріп жатудан өзі артық болар. Әңгіме болып отырған оперативті жанрларға тек Абайдың қара сөздері ғана емес, сонымен бірге, уақыт, қоғам тынысын білдіретін өлеңдері де жатады.

Әдебиеттер

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
2. Тұрағұл Абайұлы. Абай туралы естеліктер. Абай мұражайының кітапханасы. Семей, 2010;
3. Мұздыбай Бейсенбаев. Абай және оның заманы. – Алматы: «Жазушы», 1988;

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ РУХАНИ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Русланқызы Сымбат
Н.Құлжанова атындағы Торғай
гуманитарлық колледжінің студенті
Едресова Камшат.Галымжановна

Аннотация: В статье говорится о воспитательной роли произведений Абая, формирующее в человеке разум и человеческое достоинство. О произведениях, в которых максимально отражены традиции народного творчества и осмысление проблем общества.

Ключевые слова: воспитание, нравственность, духовное богатство.

Annotation:The article deals with the educational role of Abai's works, which form the mind and human dignity in a person. About works that maximally reflect the traditions of folk art and understanding the problems of society.

Түйін сөздер: education, morality, spiritual wealth.

Әр халықтың тарихының бір кезеңдерінде өте сирек болса да, сол халықтың менталитеті мен оның мәдениетіне тән белгілері барынша шоғырланған ерекше тұлғалар дүниеге келеді. Осындай тұлғаларға Ұлы Абай атамизды жатқызуға толық негіз бар.

Ұлы дананың қай шығармасын алып қарасақ та, оның астарында сарқылмас қазына, үлкен тәлім – тәрбие жатыр. Абай «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа», - деп ең әуелі адам баласы адам болып қалу керектігін баса айтқан.

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру. Ол үшін жас ұрпақты, өзіміз үлгі бола отырып, рухани-адамгершілікке тәрбиелеп, болашағына жол сілтеу кезек күттірмес мәселелердің бірі болып табылады. Негізгі міндет – болашақ ұрпақтың бойында жақсы әдет, мінез-құлық қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Осы орайда, Абай атамиздың шығармалары бізге үлкен бағыт-бағдар беретіндей.

Өз заманында да сан түрлі оқиғаның куәсі болып, жемқорлық, әлімжеттік сынды жаман қасиеттерге қарсы тұрып, сол қасиеттерді ұрпақ бойынан көрмес үшін адамдықты, адалдықты тереңнен жырлап, толғана насихаттаған. Абай шығармаларын оқыта отырып, ұрпақты Абай үлгісінде тәрбиелеу – ізгілікке, имандылыққа, адамдыққа, биік адамгершілікке бастайтын жол. Заман ауысып, уақыт алға жылжыған сайын халқымыз ғұлама Абайдың рухани дүниесіне терең бойлып, оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түсуде. Ұлы бабамиздың шығармашылығы бүгінгі заман талабына сай қайта түлеп, жыл өткен сайын жаңғырып ұрпақ тәрбиесінде өзіндік үлес қосып келеді.

Абай адамның адамдық қасиеті еңбекте, ғылым – білім үйренуде, адамгершілік мінез -құлықта деп ұқты. Ол елін еңбекке, өнерге үндеді, мінез – құлықтағы ұнамсыз көріністерге қарсы күресті. Атамиз өзі армандаған

толық адамдыққа жеткізетін ең басты қасиетке әділетті жатқызады. Ақынның тікелей басшылығымен жазылған «Қарамола Ережесінің» заңдық, әділеттілік бағасымен қоса, жас жеткіншекке азаматтық- құқықтық тәрбие беру ісінде тәлімдік мәні зор тәлқұжат болып табылады. Оның жеке тұлғаны демократиялық, құқықтық мемлекеттің белсенді де саналы мүшесі етіп тәрбиелеуге қатысты үлесі зор.

Бүгінгі таңда, біріншіден, Абай шығармаларын тұтас алғанда толыққанды оқыту мен пайымдауды қоғамдық тұрғыдан қажет етсе, екіншіден, Абайдың тәрбие мен оқыту саласындағы көзқарастары мен пікірлері жас ұрпаққа оқыту дәрежесінің жеткіліксіздігі айқын сезіледі.

Абай мұрасының рухани-тәрбиелік тағылымдарына қатысты зерттеулер 20- жылдардағы саяси қуғынға ұшыраған қазақ зиялыларының Ж. Аймауытов, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, сондай-ақ тың көзқарастар абайтанушылар – М.Әуезов, К.Бейсенбиев, С.Байжанов, Ғ.Есім, М.Мырзахметұлы, Б.Сапарұлының еңбектерінде кездеседі [1].

Абайдың зерттеу нысанасы-адам. Ол «Толық адам» ұғымын талдай келіп, оның мәні үш сипатты (ғылым, рақым, әділет) болуға талаптану деп көрсеткен. Осы хакім Абай көтерген «Толық адам» қағидатының ұлттық педагогикада «Сегіз қырлы, бір сырлы» ұрпақ тәрбиесінің қағидатымен үндесетінін байқауға болады.

«Қазақ» газеті Абайдың қайтыс болуына он жыл толуына орай қазақ елінің ұлы ақыны Абайдың өмірі мен ақындық өнерін таныту мақсатында ертерек қамданып, арнайы мақалалар жариялауды қолға алды. Газеттің редакторы Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласының жариялануы абайтану тарихына елеулі рухани құбылыс ретінде қабылданды.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап абайтану саласында жазылған зерттеу еңбектерінің бағыт- бағдары да өзгеріп, ғылыми тұрғыда ұлттық таным негізі шешуші орынға шыға бастады. Мысал ретінде атап өтер болсақ, А Машановтың «Әл- Фараби және Абай», Ғ.Есімовтың «Хакім Абай», М Орынбековтың «Абайдың философиялық көзқарасы», М.Мырзахметовтың «Абайдың адамгершілік мұраттары» (1994) деп аталатын еңбектері Абайдың дүние танымы туралы күрделі мәселерді шығыстан ажыратпай қазақтың ұлттық философиясы негізінде қарастыру арқылы абайтану саласында жаңа бағыт- бағдарды ұсынып отыр.

Оның 1905 жылы жазылған дәптері 232 беттен тұрса, ал 1910 жылы жазылған дәптері 204 беттен тұрған. Осы қолжазбалар (1905- 1910) Қазақ ССР Ғылым академиясында сақтаулы. М Әуезовтың кітапханасында 1907 жылы жазылған қолжазбасы сақталған. Көшірменің үшеуі де араб емлесімен жазылған. Мүрсейт Бикеұлы Абай өлеңдерін оқитын жастарға, қарттарға кітап етіп көшіргендерін сатып, кейде арнайы тапсырған кісілердің айтуы бойынша Абайдың қара сөздерін көшіріп берген. Сонымен қатар, Абайдың шәкірттері Көкбай, Ақылбай, Мағауиялардың шығарған поэмаларын да қосып көшірген. Абайдың өз қолымен жазылған нұсқалары жоғалып кеткен, сондықтан Мүрсейттің қолжазбаларын нақтылы жазба дерек есебінде пайдаланылып жүр [2].

Абай шығармаларының ішінде тәлімдік- тәрбиелік мәні зор өлеңдері де баршылық. Абай поэзиясының көкейкесті мәселесі 1885 жылы жазған «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінде анық көрінеді. Бұл - санаға ойтүрткі салар нақыл, өсиет, тағылым айту тақырыбындағы тұңғыш шығармасы болуымен қатар ақынның сөз өнері жолындағы жаңа ізденісін де танытады. Абай мұнда, ең алдымен, жаңа үлгідегі ақынға керек ғылым жайын сөз етеді. Ғылым-білімді кезінде зерттей алмағанына өкініш білдіреді. Өз қателігін балаларын оқытумен түзеуге бет алғанын айтады.

1886 жылы Абай «Ғылым таппай мақтанба!», «Интернатта оқып жүр» деген өлеңдер жазды. Мұның алғашқысы ұстаз ақынның кейінгі ұрпаққа өсиеті түрінде жазылған.

Бүкіл өлең бойына Абай «ғылым» деген сөзді қайталап айта отырып, адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы – ғалым болу керектігін түсіндіреді. Білімнің адам үшін таусылмас кені, бақытқа бөлер дәуірдің ұл-қыздарына сенім мен үміт қоса үн тастайды.

Халқының келешегін ойлап егілген, сол үшін ұнамсыздықты аямай сынау арқылы түзетуді ойлаған Абайдың жас ұрпаққа айтар ақылы да, уағызы да аз болмаған. Соның бірі-достық мәселесі. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде ол тіршілікте өзі көрген, халық тәжірибесі танытқан шындықты айта отырып, жастарды шын адамгершілік жолыға, қиянатсыз, адал достыққы үгіттейді. Оларды жалған татулық, бояма мінезден сақтандырады [3].

Қазіргі кезде қазақ мемлекетінің дүниеге келуі, оның орнығуы мен дамуы туралы бір негізді ортақ ғылыми көзқарас бар. Ал қазақтың ұлт ретінде пайда болуы, қалыптасуы жайында айқын дерек жоқ. Мұны әркім әр түрлі түсіндіреді. Әрбір ғалым өз пікірін, өз көзқарасын ұсынып, өзінше пайымдайды.

Бұл мәселе кемел ойдың кемеңгері Абайға да ой салған. Абай ел тарихына, тұрмыс салтына, әдет-машығына ерекше сын көзбен қараған. Сонымен бірге өз ұлтының арғы-бергі өмірін, түп тамырын танып білуді парыз санаған. Сондықтан да ол халықымыздың тарихына байланысты ғалым ретінде мақала жазып қалдырған. Оның бұл мақаласы – «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деп аталатын «Қырық алтыншы қара сөзі». Бұл еңбектен Абайдың араб, парсы, қытай, орыс тілдерін де жазылған әдебиеттерді терең оқып, зерттегенін, қазақтың шығу тегіне қатысты тарихи деректерді пайдаланғанын анық байқауға болады.

Абай халқымыздың шығу тегін қарастырған осы мақаласында ислам дініне байланысты деректерді де ұсынған [4].

Қорыта келгенде, Абай шығармашылығы уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан өсіп, өркендеп отыратын асыл мұра болып ұрпақтар санасында орын алады. «Соқтықпалы, соқпақсыз» заманда өскен, «Атаның баласы емес, адамның баласы болуды» уағыздайтын ғұлама хәкім «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» деп толғанады. Оның ойынша, адамзатты, әділетті сүйю-толық тұлғаға тән басты кісілік қасиет екенін түсіндіреді. Адамды сүйіп, құрметтеуге үндеген кемеңгер ақын поэзиясы түпкі негізі - адам, Толық адам. Абай арманындағы Толық адам өнерлі, білімді, еңбекқор, адал, әділ, жылы

жүректі, ыстық қайратты, ғылым жолына түскен іздемаз болуы керек. Ал махаббатпен сүю, адамды сүю, Алланы сүю, әділетті сүю - Абай шығармаларының биік мұраты.

Әдебиеттер

1. Н.Назарбаев «Абай и наше время». Абай, наследники на перепутье» Аламты, 1995г.
2. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
3. Әуезов М. Абай мұрасы жайында,- Қазақ ССР ғылым академиясының хабаршысы. 1957, № 3, 21 б.
4. Сыздықова Р. Абай шығармалары мен 19 ғ-дағы жазу нұсқаларының тілін зерттеудің маңызы. «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, № 2

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗІ БАСТАУЫ

Сейдина Балмуздак Зикировна
Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушы
Сарбаева Анар Сериковна
5B010300 – Педагогика және психология, 4 курс
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В статье рассказывается о влиянии произведений Абая для детей дошкольного возраста. Также расскажут советы поэта в воспитании.

Түйін сөздер. Воспитание, поэт, нравственность, качество, дети

Annotation. The article describes the influence of Abai's works for preschool children. They will also tell you the poet's advice in education.

Key words. Education, poet, morality, quality, children

«Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп дана халықымыз бекер айтпаған. Сондықтан да баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік-отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік-білім беру мекемесі екені анық.

Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Заман талабына лайық тәрбие білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет ететінінде айта кеткен жөн.

Балабақшада берілетін тәрбие-барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан-жақты тәбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор. Мектепке дейінгі жастағы баладарға адамгершілік, отан сүйгіштік қасиеттерді дарыту басты бір мақсат болып табылады. Адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу арқылы моральдық түсініктердің, әдеттердің және мінез-құлық мотивтерінің қалыптасуы бірлесіп жүзеге асады және мектепке дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесін қамтамасыз етеді[1].

Жоғарда аталып өткен адам бойыннан табылуы керек асыл қасиеттерді қалай қалыптастыруға болыды? Ол үшін алдымен балалардың ата-анасына, үйіне, туған жеріне, оның табиғатына, өз қаласына, туған-туысқандарына, дос құрбыларына, балабақшаға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу қажет. Ерте сәбилік кезеңнен бастап баланы ана тілінде сөйлеуге үйрету, ауыз әдебиеті үлгілерімен сусындату ең маңызды мәселе. Бала әдеби шығармаларды: өлең, ертегі, ән, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, батырлар жырын тыңдау арқылы ана тілінің байлығы мен әсемдігін меңгерумен қатар оны сүюді үйренеді. Балаларды халықтың қолөнерімен, қазіргі композиторлардың сан түрлі азаматтық тақырыптарға арналған әндерімен таныстыру балалардың қуанышын, көңілді сезімін дамытып, еліне, туған жеріне, ұшқыштарға, ғарышкерлерге, теңізшілерге, Отанға т.б. деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелейді.

Тәрбие туралы сөз қозғалған жерде Абай атамизды еске алмасақ болмас. Өйткені Абай Құнанбаев ағартушылық жұмысында өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде оқу, өнер білім үйрену, оны халық қажетіне жұмсау, жастарды адамгершілік қасиеттерге, өнегелі мінез-құлыққа тәрбиелеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Абай жас ұрпаққа өмір сүруді үйретіп, оның болашақ өсу, даму жолдарын байқатар басты нәрсе – ғылым мен тәрбие деп көрсетеді.

Баланы тәрбиелеуде оның өмірінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ адамгершілік сезімдерін қалыптастыру үлкен орын алады деп жеткізеді. Абай атамиз ең алдымен баланы имандылыққа, одан әрі ғылым, білімге баулу керек деп кеңес береді. Осы екеуін ұштастыру арқылы адам баласы айтулы белестерді тәрбиесімен де, ақылымен де бағындырады. Үлкендермен қарым-қатынас жасау процесінде оларға үйір болу, оларды жақсы көру сезімі, олардың нұсқауларына сай әрекет жасауға, оларды қуантуға, жақын адамдарын ренжітетін қылықтар жасамауға қиындық болмайды.

Абай отыз сегізінші қара сөзін бастағанда *"Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім! Сіздерге адам ұлының мінездері туралы біраз сөз жазып қалдырайын"* дейді. Әдетте жүрегіндегі ең қымбат нәрсесін адам баласына арнайды. Өйткені, өзінің қолы жетпеген бүкіл нығмет атаулыға баласы жетсе деген ниет – кез келген әкеде болады. Ары қарай: *"Әуелі Алланы таны"* деп келеді де, одан кейін: *"адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселермен"* деп айтады. Енді соны қалай үйретеміз дегенде: *"Ғылым-білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша"* деп кеңес береді[2].

Сонымен баланы білімге баули отыра тәрбиелеудің Абай айтқан жолдары қайсы?

1. Балаңды емес, әуелі балаңды адам қылғың келсе, ата-ана, өзінді тәрбиеле. Абай айтып отырған бірінші нұсқа осы.
2. Баланы еркін ұста, қорқытып, жекіп бірдеңе үйретемдеу – бос әуре. Қызықтырып, ындынын ашып, ыждаһатын маздатып үйрет дейді Абай.
3. Жастайынан баланы бұзатын, ойын қулық-сұмдық қажет елейтін сөз бен іске ықтияр берме. "Осы кәпір қиянқыны қойыңдаршы" деген нәрсеге жеткізбе дейді.
4. Баланы білімді қылам десең, жақсы адам қылам десең, Абайша айтқанда "толық адам" қылам десең, әуелі ниетінді түзе дейді [3].

Мектеп жасына дейінгі балалар, сәбилер көркем әдебиетті оқи алмайды, дегенмен, тәрбиешінің шығармаларды мәнерлеп оқып беруі олардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын оятады, жаңашыл мәліметтермен қанықтырады. Мектеп жасына дейінгі балаларға ауыз әдебиеті нұсқаларынан бөлек, жеңіл мазмұнға құрылған әңгімелер, қазақ жазушыларының шығармалары оқылады. Олардың жас ерекшеліктеріне байланысты, жеңіл қысқа әңгімелерден басталып тыңдау, есте сақтау, қабылдауынан бөлек визуалды қабілеттері мен қиялын дамыту үшін көрнекі құралдар қолданылады. Мәселен, Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала», «Жаман жолдас» әңгімелерінің, «Қобыланды», «Қамбар батыр» сияқты батырлар жырының мазмұнын түсіндіру үшін суреттерін қолданған дұрыс. Абай атамыздың да «Қыс», «Жаз», «Көктем», «Күз» өлеңдері мен қарасөздері бала үшін өзінің оң нәтижесін береді.

*«Күн қызып, көбелектер ұша бастайды.
Жазғытұры қалмайды қыстың сызы
Масатыдай құлпырар жердің жүзі
Жан жануар адамзат анталаса...»*

*«Күз болып дымқыл тұман жерді басқан
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қаиқан тай жарысқан...»*

*«Ақ киімді денелі, ақ сақалды,
Соқыр мылқау танымас тірі жанды
Үсті - басы ақ қырау, түсі суық
Басқан жері сықырлап келіп қалды...»*

Абай Құнанбаевтың «Қыс», «Көктем», «Күз» өлеңі арқылы бала табиғат құбылысын танып қана қоймай қиялын да ұшқырлай түседі. Тәрбиеші қай тақырыпта қандай шығарма оқыса да, бақылау, экскурсия, әңгімелесу, әңгімелетіп айтқызу сабақтарын өткізсе де, әр заттың, іс-қимылдың сөздік атауларын бала түсініп, дәл тани білуге дағдыланады.

Ақын жастарды бойындағы күш-қуатын пайдалы еңбекке жұмсауға шақырды. Өз заманындағы еңбекке салғырт көзқарастың зардабын дәлелдеп, адам бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуында еңбектің атқаратын шешуші қызметіне талдау жасады. Жастардың айналысар кәсібінің аясы тарлығына тоқталып, өзімен көршілес халықтардың егіншілік пен қолөнерін, сауда

жасауды, түрлі кәсіпті үйренуге үндеді. Ақын кейбір жастардың бойындағы еңбекке икемсіздігін, құлықсыздығын, жалқаулығын сынап, берекесіз адамның болашағы жоқтығын әрдайым еске салып отырады. Жастарға жеке басынның қамын күйттеп кетпей, халқыңның жарқын болашағы үшін еңбек ет: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың», - деген өсиет қалдырды. Абай қалың бұқараны адал еңбекке үндеді, құлық-сұмдықпен, алдау-арбаумен, ұрлық-зорлықпен, еңбексіз тапқан мал мен мүліктің: «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы сықылды тез суалар...»- деп, ондай арзан дүниенің жұғымсыз екенін ұқтырды. Ол қалың қазақ жұртшылығын адал, қарапайым еңбекті қадірлей білуге, ерекше құрметтеуге және оны бағалай білуге үндеді. Жастардың әрбірінің айналысар кәсібі болуын, ол кәсіпке дағдылану машығының неғұрлым ертерек басталуын, жастық шақта еңбекке деген ұмтылыстық, икемділіктің тұрақты қасиетке ұласуын құптады. Еңбек етуге де өзіндік байлам, талаптылық пен берік табандылық сияқты қасиеттердің керектігін ескертті. Ақын әрбір жастың келешегінің нұрлы, болашағының жарқын болуы адал еңбегі арқылы жүзеге асатыны туралы терең педагогикалық тұжырым жасады[4].

Абайдың қай өлеңін, қай қара сөзін алсақ та, астарлы ойы мен идеясынан адамгершілікке тән асыл қасиеттерді (ар, ұят, намыс, иман, ақыл, білім, ғылым және т.б.) бойына дарыта алмаған ел-жұртын сынағанда оны жек көру тұрғысынан емес, керісінше адами рухты сіңіріп өсу керек деген ойды аңғартады. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

*Ғалым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге,
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз...* – деп жастарды жамандықтан

жиреніп, жақсылықтан үйренуге, үлгі тұтып өсуге шақырады. Ұлы ақын бала тәрбиесіне, жалпы бала болмысына, танымдық ерекшелігіне қатты көңіл бөлген.

Абай Құнанбаев өзінің өлеңдерінде, қара сөздерінде балаларды жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа үйретіп отырған. Абай шығармаларының тәрбиелік потенциалы бүгінгі күнге дейін өз күшін жойған жоқ.

Қорыта айтқанда балалардың әсемдікке, сұлулыққа деген көзқарасын қалыптастыруда Абай өлеңдерінің рөлі ерекше. «Қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп асығар сөз» - деп ұлы ақынның өзі айтқандай оның өлеңдері туған жердің сұлу табиғаты, қазақ ауылының көріністері, адамдардың көңіл - күйі сан алуан сезімдерімен ұласып, музыка үніндей естіледі. Ақын шығармаларының негізі – адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеу.

Әдебиеттер

1. Р.Қ. Аралбаева. Мектепке дейінгі педагогика. Оқулық. Алматы, 2012

2. Г.Худайбергенова, А.Рысбекова. Көркем әдебиет арқылы бала тілін дамытудың мүмкіндіктері. // Ақиқат журналы, 2014
3. Шаймерденова К. Педагогические взгляды Абая Кунанбаева. - А., 1990.
4. Тажибаев Т. Т. Философские, психологические, педагогические взгляды Абая Кунанбаева. - А., 1957

АБАЙДЫҢ СӨЗ ӨРНЕКТЕРІ М.ӘУЕЗОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕ

Серкешова Гулим Болатовна
Қостанай облысы, Арқалық қаласы
А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы
орта білім беретін мектеп -
гимназиясының Қазақ тілі мен
әдебиет пәнінің мұғалімі

Аннотация. Абай-великий поэт, Абай-в единстве, в его поэзии-это новаторство, присущее всему творческому наследию литературного, музыкального искусства. Абай-реалистический писатель, исследовавший всю эпоху своего существования раскрывший внутреннюю внешнюю окраску. Абай сумел глубже понять и интересы родного народа, и общечеловеческие идеалы.

Annotation. Abay is a great poet, and when we talk about Abay – Dara, we mean the novelty of his poetry, which is inherent in the entire literary and musical creative heritage. Abay is a realist writer who carefully studied the realities of the era in which he lived and revealed his inner and outer secrets. Abay was able to understand both the dreams and universal ideals of his native people.

Ключевые слова. Народ, поэт, сочинение, религия, вера, образование и наука, нравственность, нравственность, мечты.

Keywords: population, poet, composition, religion, faith, education and science, humanity, morality, dreams and ideals.

Әуезовтің артында қалдырған мол мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын маңызды рухани игіліктерге қосылады. Себебі жазушының алғашқы әңгімелерінің өзі кезінде әлемдік деңгейге көтерілген еді. М.Әуезовтің алғаш әңгімелері мен повестерін жазған тұста-ақ оның суреткерлік шеберлігі еуропалық деңгейдегі жазушы деген бағаға ие болғаны бүгінгі жұртшылыққа белгілі. Академик жазушы С.Мұқанов: «1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы еуропалық прозаның дәрежесіне көтерілді», - деп әділ баға берген еді [1, 25-26]. «Жазушының жиырма төрт жасында жарық көрген «Қорғансыздың күні» әңгімесі қазақ топырағындағы прозалық шығарма жазудың балаң шағы мен таптаурын тәсілін жаңа сатыға көтеріп, туған әдебиетіміздің абыройын еуропалық деңгейге шығарған айтулы туынды болды» [2, 39]. М.Әуезовтің күллі прозасына тән болып қалыптасқан шеберлік қырлары да осы әңгімеден кейін жалғасын табады. 20-30-шы жылдары жазған прозалық шығармалары

ұлттық әдебиетімізде жаңашылдықтың жаршысы болды. Сан алуан ұлттық рухани игіліктерімізді жаңғыртып, екшеп, жаңа түрмен алдымызға әкелді. Жазушы туындыларында сомдалатын кейіпкерлер өмірі, олардың портреттері мен характерлері, ішкі психологиясы, табиғат құбылысын адам көңіліне лайықтап суреттеу шеберлігі қаламгердің қас дарынын танытады. Әуезов прозасына тән ерекшеліктер мынадай: пейзаж бен адам психологиясы астасып жатады, оқиға желісі реалистік дәлдікпен беріледі, көркем шығармадағы кейіпкерлер психологизмі терең жарасыммен сипатталады. Қай кезеңде, қай туындысын алсақ та, Әуезов әңгімелерінің тақырыбы мәңгілік мәселені қозғайды. Қазақ халқының өткен тарихын қозғап, ел тұрмысының шынайы болмысын баяндап, адамдар тағдырының шындығын суреттейді. М.Әуезов алғашқы әңгімелерінде сол кездегі қазақ тұрмысындағы толғағы жеткен мәселелерді көтереді. Төңкеріске дейінгі қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздікті, әділетсіздікті, озбырлықты, адамдар арасындағы қымқиғаш қайшылықтарды нанымды бейнелейді.

Қорғансыздар мен панасыздар, жетімдер тағдыры реалистік тұрғыдан көрінеді. М.Әуезов бұл әңгімелерінде гуманизм мәселелерін жоғары көтереді. Жазушының осы тұңғыш прозалық шығармаларының өзінен-ақ реализмнің өзгеше бір сипаты анық байқалады. Жазушы ащы шындықты ақтара ашуға ұмтылып, қарапайым жандардың қатал тағдырына жаны ашып, кейіпкерлеріне іш тартады. Қаламгер өзі сомдаған кейіпкерлерінің ауыр тағдырына арапашы болып, оларды авторлық көркемдік идеямен қорғайды. Сондай-ақ, жазушының бұл шығармалары терең психологизмге құрылған. Оның мұндай шығармаларын оқушы көкірегін қарс айырып, егіліп отырып оқиды. М.Әуезов шығармаларына тән нәрсе – стильдің қайталанбауы, ондағы кейіпкерлердің зор сезімталдығымен, нанымдылығымен, психологиялық тереңдігімен ерекшеленіп тұратындығы. Профессор Р.Бердібай М.Әуезовтің қазақтың көркемсөз өнеріне қосқан жаңалығын атап көрсетеді: «М.Әуезовті қазақтың қазіргі жазба әдеби тілін жасаушылардың бірі ғана емес, бірегейі деп білеміз. Оның қаламынан қазақтың сөз байлығы, сөйлеу дәстүрі өзгеше құлпырып, гүлденіп, түрленіп шығатын. Ол қаншама сөзді қайта тірілтуші, көп сөздерді жаңадан жасаушы немесе өңдеуші ұста еді. Суреткердің шығармалары халқымыздың көркемдеп ойлау мәдениетін шыңға көтерді» [3, 181]. Жазушының шағын әңгімелері ғажайып талантын танытып, үлкен прозаға бастайтын алтын көпір болды. «Мұхтар Әуезовтің халық даналығынан нәр алған, өмір өзенінің тұнығынан суарылған тағылымы мол, тартымды шығармаларын қайталап оқыған сайын рухани дүниемізді байытып, баға жетпес жан азығы бола бермек», – деп жоғары баға береді З.Ахметов [4, 35]. Расында да, М.Әуезов ауыз әдебиетінен және Абай поэзиясынан нәр алып, шығыс әдебиеті мен орыс, батыс әдебиетінің озық үлгілерін бойына сіңіріп, қазақ әдебиетіне өзіндік даралығымен келіп, бүкіл әлем әдебиетіне қосылған ірі құбылыс болды. «Мұхтар Әуезов – кесек тұлға, таным тамырлары шеңгелдене ұйысқан күрделі талант иесі. Оның жан сарайын түсінуге тырысу да талантқа көрсетілген тағзым. Оның... өміртанымын, көзқарасын сөз еткенде ұлы Абайдың рухани дәстүрінсіз талдау мүмкін емес. Онсыз Мұхтар тұлғасы толық ашылмайды», – деп ғалым-жазушы Т.Жұртбай

Абай дәстүрінсіз Мұхтар шығармалары туралы сөз қозғау мүмкін еместігін ескертеді [5, 10]. Мұхтар Әуезов шығармашылығының нәр алған негізгі қайнар бұлағы - Абай мұрасы. Абай мұрасынан нәр алып сусындаған, ақын дәстүрін бойына сіңіріп өскен М.Әуезов оған рухани жағынан өте жақын болып кеткен.

Абай мұрасы Әуезовтің шығармаларында көрініп, өзгеше үйлесімдікпен жалғасып, келісімді тұтастықпен түрленіп отырады. Әуезовтің әр шығармасында Абай поэзиясының, ақын қарасөздері әсерінің іздері сайрап жатады. «Менің тілімде Абай тілінің өрнек, бояуы бар», – деп М.Әуезовтің өзі айтқандай, жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясында Абай мұрасы көрініс беріп, прозалық туындыларында ақынның тіл өрнегі, ой желісі молынан кездесіп, әр шығармасында ұшырасып отырады. Көрнекті ғалым Р.Нұрғалидың: «Әуезовтің Абайды тануы әуелі өлеңдерін жаттауы, Шыңғыстау еліндегі әңгіме-аңыздарды тыңдап жадыға тұту, жар-жолдас, ағайын-туыс, көз көргендермен әңгімелесуден басталып, бірте-бірте зерттеушілікке ойысады», – деуі, Әуезовтің шығармашылық жолындағы Абай мұрасының әсерін анықтай түседі [6, 141]. «Әрине, Мұхтардың көркем шығармашылыққа бет бұруында пәлендей кездейсоқтық жоқ. Оның Абай үлгісін ұстана отырып, осы жолға түсуі заңды да» [6, 63]. Ғалымдар пікіріне жүгіне отырып, профессор М.Базарбаевтың: «Ұлы Абайдың қолын алған, достық қолын алған Мұхтар Әуезов өзі де классик жазушыға айналды. Абай сияқты ол да жаңа дәуірдің көркем сөзін биік сатыға көтерді», – деген сөзінен де Әуезовтің өзіне Абайды рухани ұстаз етіп, шығармашылығына үлгі-өнеге тұтқаны айтылады [7, 140]. Жазушының прозалық тұңғыш шығармасы «Қорғансыздың күні» атты әңгімесі қазақ ауылының өмірінен алынған аса бір ауыр шындықты, адамның жаны түршігерлік сұмдықты баян етеді. Жазушы бұл әңгімесінде әлділердің, озбырлардың қорғансыз жандарға жасаған хайуандығын бейнелейді. Осы оқиғалардың барлығын жазушы аса мұнды тебіреніспен оқырманға шебер тілмен жеткізеді. Мұхтар Әуезовтің бұл әңгімедегі кейбір сөз оралымдарынан Абай өлеңдеріндегі сөз өрнектерінің үйлесімдігі байқалады. Мәселен, «Қандай арамдық, не бұзық, құлқы болып еді? – Ешбіріне жауап жоқ» [8, 253]. Бұл үзінді Ғазизаның зұлымдыққа ұшыраған кезінен алынып отыр. Жазушының толғанысты сөзі Абайдың: Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек, Адалдық, арамдықты кім теңгермек? деген өлең жолдарындағы ой желісі мен сөз жүйесіне келеді. Сорлы күйге ұшыраған, ыза кернеген Ғазиза жайлы жазушы ары қарай: «Өмірінде сыртына шықпаған ашу, ыза, намыс барлық еркін билеп, дуылдап басына бір-ақ шықты», – деп суреттейді [8, 253]. Ар, намыс, ұят деген танымдар Абай шығармаларының басты нысаны екені белгілі. Мына өлеңде: Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап – Бұларды керек қылмас ешкім қалап, - деп ақын адамға керек басты қасиеттерді айтады.

Абайдың «Кешегі Оспан» деген өлеңінде інісі Оспанның жақсы қасиеттері айтылады. Кешегі Оспан – Бір бөлек жан, Үйі – базар, түзі – той, – дейді. Оспанның мінезін суреттейтін осы өлең жолдарындағы «үйі – базар, түзі – той» деген метафоралар «Қорғансыздың күні» әңгімесінде кездеседі. Жазушы Абайдың бұл сөздерін өзінің бұрыннан құлағына сіңісті қалыппен қолданады. Мысалы, «Жоқтығына қарамай, үйін – базар, түзін – той қылып, думан қылып

отырудан босаушы ма еді. Момындығы, биязы сыпайылығы қандай еді, топырағың торқа болғыр, қарағым!» [8, 245]. Бұл – Ғазизаның кәрі әжесінің екі жолаушыға айтқан әңгімесі. М.Әуезов кейіпкерлерін сөйлетуге өте шебер жазушы. Әсіресе, жадау үйдің үлкені, үлкенді-кішілі баласын о дүниеге амалсыз аттандырып, су қараңғы келіні мен пәк жанды бойжеткен Ғазизаны пана көріп отырған қарт ананың монологі көп нәрсені ұқтырады. М.Әуезовтің алғашқы туындыларының бірі – «Оқыған азамат» әңгімесі. Бұл әңгімеде қала тұрғындарының өмірі шынайы суреттеледі. Қазақ тұрмысының ауыр жақтары, ұсқынсыз көріністері бейнеленеді. Шығарманың басты кейіпкері мұғалім Мақсұт арманына жете алмай, науқастанып қыршынынан қиылады. Бұнда да қорғансыз кемпір бейнесі бар. Әңгімеде: «Жалғыз баласы – Мақсұттан басқа сүйеніші, тілеуі жоқ әлсіз сорлы шешесі көкірегі қайғы-шерге толып, көздері мөлтілдеген улы жасқа толып, жаутаңдап, қуат-көмек сұрағандай болып, Мейірханға қарай береді», – делінген [9, 6]. Осы үзінді Абайдың мына өлең жолдарына сарындас: Қаза көрген жүрегі жаралы ол, Көзінің жасын тыймай жылап жүріп, - Жазушы әңгіменің атын тырнақшамен «Оқыған азамат» деп береді. «Жазушы бұл әңгімесінде қазақ жастарының оқығандары ішінен дүниеқор, заңқор болып шыққандарды мінейді. Өзінің қайтыс болған жолдасының әйеліне үйленумен тынбай, жолдасының кәрі шешесінің қолындағы дүниемүлікті «заңын» тауып, зорлықпен алатын Жұмағұл сияқтының оқумен тапқан білімі арам байлық, тақыстық жолына жұмсалғанын көрсетеді», – дейді ғалым Р.Бердібай Сонымен қорыта келгенде, М.Әуезовтің алғашқы әңгімелерінен Абайдың сөз өрнектерін табуға болады. Демек, екі ғұламаның сөздік үйірінің ұқсас жақтарына көзіміз жетеді. М.Әуезовтің прозалық туындыларында Абайдың ақындық сөз кестелері кездеседі. Абай поэзиясындағы ақындық тіл Әуезов прозасында түрленіп, жаңарып қолданысқа түсіп, табиғи үйлесімдік табады.

Әдебиеттер

1. Мұқанов С. Жазушы жолы / Мұхтар Әуезов тағлымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жазушы, 1987. – 432 б.
2. Серғалиев М. «Қорғансыздың күні» - композициясы мен тілі. - // Абай. – 1997. - №2-3. – 39-41 бб.
3. Бердібаев Р. Дәстүр тағлымы. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, – 232 б.
4. Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 272 б. 5. Жұртбай Т. Бесігінді түзе: Роман-эссе. – Алматы: Жазушы, 1997. – 560 б.
5. Нұрғали Р. Трагедия табиғаты. – Алматы: Жазушы, 1968. – 176 б.
6. Базарбаев М. Көрікті ойдан – көркем сөз. - Алматы: Рауан, 1994. – 368 б. 8. Әуезов М. Қилы заман. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1979. – 384 б.
7. Әуезов М. Кінәшіл бойжеткен. – Астана: Таным, 2003. – 96 б.

8. Абай Құнанбаев. Шығ. бір томдық толық жинағы. – Алматы: Қазмемкөркемәд баспасы, 1961. – 692 б.
9. Кекілбаев Ә. Әуезов туралы сөз. / М.Әуезов – ХХ ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі. – Алматы: Ғылым, 1997. – 163 б.
10. Дүйсенбаев Ы. Мұхтар Әуезов. (Мақалалар, естеліктер). – Алматы: Ғылым, 1974. – 220 б.
11. Мырзахметұлы М. Абай және Әуезов: рухани сабақтастық. / Қазақтың бас ақыны: халықаралық ғылыми-теориялық конф. матер. Құраст. С.Қорабай. – Алматы: Дәуір, 2004. – 120 б.
12. Абай. Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1976. - 240 б.
13. Әуезов М. Жиырма томдық шығ. жин. Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1979. – 1 т. - 456 б.
14. Кәрібаева Б. Әуезов – әлемдік тұлға // Қазақ әдебиеті. - 2000. - 19 мамыр. - Б. 8.

БАЛА ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АБАЙ ӘНДЕРІНІҢ МӘНІ

Тауекелова Анар Еламановна
*аға оқытушы Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье рассматривается значение песен Абая в формировании мировоззрения детей. Мировоззрение - высшая форма общественного сознания. Это показывает, что у ребенка формируется отношение к добру и злу в жизни и определяется жизненные установки.

Annotation. This article examines the significance of Abai's songs in the formation of the worldview of children. Worldview is the highest form of social consciousness. This shows that the child develops an attitude towards good and evil in life and determines life attitudes.

Ключевые слова. Мировоззрение, категория, песня, воспитание.

Keywords. Worldview, category, song, education

Жас ұрпақтың санасын шыңдауға қызмет ететін білім жүйесін қалыптастыру – қазіргі заманның өзекті мәселесі болып тұр. Ал мұндай білім жүйесі бала дүниетанымын қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Өйткені, дүниетаным мұралары жас буынның рухына негіз болып қаланып, болашаққа бағыт жасап отырған жағдайда ғана ұрпақтар арасындағы сабақтастық үзілмейді. Балалардың дүниетанымына өнердің өркендеуіне жол ашу қажеттілігі туып отыр. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндетінің бірі ретінде көрініс тапқан. Атап айтқанда: «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде

жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» керектігі белгіленген.

Осыған орай балалардың айналадағы дүниені танып- білуі күрделі қайшылыққа толы, ұзаққа созылатын және жаңа білімді игеруімен байланысты жүреді. Адам баласы өзін қоршаған дүниенің құбылыстары мен өзгерістерін білуге қашан да құштар болған. Осындай білсем, танысам, көрсем деген ой-пікір ізденіске, қоршаған ортасын білуге ұмтылдырды. Бұл бағытта Абай Құнанбаев қара сөздеріндегі таным теориясына қатысты пікірлердің маңызы өте зор [1].

Ұстаз Абай адам болып қалыптасудың басты белгісі осы танымының өмір өтіп тірі жан өсіп жетілген сайын тереңдеп, ауқымының кеңейе түсетінін пайымдаған, егер олай болмағанда мұндай тірі жанды адам қатарына қосуға болмайды. “Дүниенің көрінген хәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады” дейді және адамның жаны хайуан жанынан ірі, әсерлі болатынын белгілеген. Танымның ары қарай қалыптасу кезеңін “жан тамағы” немесе жан азығын толықтырумен болатынын айта келіп, “көз көрген нәрсенің сырын қалай білуге болады деп көңілге” ой салу арқылы толлатынын айтады

Әр халықтың мәдениеті ежелден келе жатқан өзіне тән өнері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі есебінде жетілетіні белгілі. Сол себепті, бүгінгі таңда дәстүрлі өнер түрлерін жинақтап зерделеудің, оның айналасындағы тәлім-тәрбиесінің мол тәжірибесі негізінде жеткіншектерді тәрбиелеудің қажеттілігі өсе түсуде.

Сондай-ақ, еліміздің қоғамдық- экономикалық өміріне нарықтық қатынастардың енуіне байланысты өзгеріске түскен саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, рухани қарым-қатынас жағдайлары жас ұрпақ тәрбиесінің проблемаларын осы үдеріс талаптарына сай ойластыруды қажет етеді. Демек, оқушыларға әлемдік деңгейде, өркениетті негізде білім-тәрбие беру маңызды мәселеге айналып отыр. Ал бұл өз кезегінде оқу-тәрбие үдерісін жеткіншек кезеңінде бастап, олардың дүниетанымын мәдениет мазмұнына бағыттау және олардың ғылыми негіздерін анықтауды алға тартады.

Қазіргі физиология, психология және медицина ғылымдарының дәлелдеуін ескеретін болсақ, болашақ дүниеге келер ұрпағымыздың, «шарананың» психикасын қалыптастыруда әуеннің рөлінің үлкен екенін мойындаймыз.

Дүниетанымның басты категориясы ретінде, «дүние» мен «адам» алынды, өйткені, әлемді танушы – адам. Оның ішінде ең негізгісі – дүние өмір, тіршілік ретінде түсіндірілсе, енді бірде дүние ұғымы – қоршаған орта, табиғат, әлем ретінде қарастыруға болады.

Абай әндерінің ерекшелігі, тәрбиелік маңызы арқылы арқылы балардың дүниетанымын қалыптастыру – олардың табиғатпен, дүниемен үйлесімділігін ұғынуға бастайтын іс-әрекетке жетелеу, түрткі беру, сезімін ояту арқылы жүзеге асырылды.

«Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен, Өмір сәуле көрсетер судай тұнық...» - деп, Абай әннің сыртқы дүниенің сәулесі, бейнесі екенін көрсетті. Ол сыртқы шындық біздің сөзіміз мүшелеріміз арқылы бастағы миға жетеді деген дәлел

айтты: «Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй...» немесе: «Жүрек тербеп оятар баста миды», - дейді Абай [2].

Әуен – адам жанының, оның ең сырлы сезімдерінің, ұмтылысы мен арманының негізі. Ол адамның ішкі дүниесінің терең негіздерін қозғайды. Әуен – халық жанының, оның дерті мен қайғысының, ұмтылысы мен шабытының көрнісі.

Ән өнері балалардың жеке тұлға ретінде дамып, қалыптасуында аса маңызды роль атқарады. Ән адам санасына, жүйке жүйесіне ықпал ететін ерекше психофизиологиялық құбылыс болып табылатын дыбыстар арқылы бейнеленеді. Ал ол дыбыстар – түрлі биіктік пен күштіліктегі жай дыбыстар емес, адам сезімін бейнелеуші, реттеуші сұлулық заңына сәйкестенген әсерлі әуен өрнектері.

Әуен-саздың жеке тұлғаның дамып, қалыптасуындағы әсер-ықпалына адамдар өте ерте кезде-ақ назар аударған. Адамзат қоғамының дамуының ең алғашқы кезеңдерінің өзінде оны идеялық-психологиялық қару ретінде қолдана білген.

Табиғаттағы 'жан-жануарлар-дын өміртіршілігіне зер салуға, құстардың әсем дауыстарын тыңдап, бір-бірінен айыра білуге, кең байтақ өлкенің, орман-тоғайлар мен миуалы бақтардың, тау қойнауларының көріністерін қызықтай білуге үйретеді. Бұл өлеңдердің балалар үшін танымдық құндылығы осында.

Абай атамыз айтқандай: "Әннің де естісі бар, есері бар, Тыңдаушының құлағын кесері бар, Ақылдының сөзіндей ойлы күйді, Тыңдағанда көңілдің әсері бар" деген.

Әнде көңіл- күйі сан түрлі болатынын, дүниетанымды кеңейтетінін Абай шебер түсіндіреді

Кесте 1. Абай әндерінің түрлері

Табиғат	Махаббат	Үлгі-өнегелік	Аударма әндер	Сыншыл әндер
Желсіз түнде жарық ай	Көзімнің қарасы. Айттым сәлем Қаламқас.	Ата-анаға көз қуаныш	Татьянаның хаты	Сегіз аяқ

«Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен, Өмір сәуле көрсетер судай тұнық...» - деп, Абай әннің сыртқы дүниенің сәулесі, бейнесі екенін көрсетті. Ол сыртқы шындық біздің сөзім мүшелеріміз арқылы бастағы миға жетеді деген дәлел айтты: «Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй...» немесе: «Жүрек тербеп оятар баста миды». Композитор шебер суреттей, образ жасай білсе, әнде өмір сәулесі тұнық су түбіндегі заттай анық көрінеді, ән мен күйдің санамызда бейнеленуі, «бойымызды алып, жүрегімізді тербеп, бастағы миымызды оятуы құлақ (есту) арқылы келеді», - дейді Абай.

Абайдың шешен тілі, сөздік құрамы, әсем теңеулері балалардың дүниетанымын кеңейте түседі.

Дүниетаным – қоғамдық сананың ең жоғарғы түрі. Ол арқылы баланың өмірдегі жақсы мен жаманға көзқарасы қалыптасып, бағыт-бағдары айқындалады. Дүниетаным тек қана білімдер арқылы ғана емес, сонымен қатар, дәйекті дәлелдері аз жапқан көзқарастарды жеңу нәтижесінде қалыптасады. Қоғамның өзгеруі, қоғамдық және жаратылыс ғылымдарында ашылған жаңалықтар ғылыми дүниетанымды жетілдіреді, толықтырады, нақтыландырады, кейбір көзқарастарды

өзгертеді. Дүниетанымды қалыптастыратындар: тәжірибені теориялық тұрғыдан қорыта білу, сезімнің ақыл-ойға әсері, саналы, алдына қойған мақсаты бар ерік-жігер. Бұлар баланың көзқарастары мен сенімдерін қалыптастырады. Көзқарастар - баланың өзі сенетін білімдері, ұғымдары, практикадан шығарған теориялық тұжырымдары, ұсыныстары. Бала олар арқылы табиғатта және қоғамда болып жатқан түрлі құбылыстарға баға беріп, өзінің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын белгілі бір бағытқа салып отырады. Сенім - ақиқат екендігіне бала ешқандай күмән келтірмейтін білімдер, ұғымдар, тұжырымдамалар, теориялар, болжамдар. Бала өз сеніміне сүйеніп ол үшін күреседі, басқалардан қорғайды, өз басына төнген қауіптен қорықпайды, басқа балаларды өз соңынан ілестіргісі келеді. Сенімге сезім әсер етеді. Таным үдерісінде қуану білімнің ақиқаттығына сену, өз алдына мақсат қою, сұлулықтан ләззат алу сенімнің қалыптасуына ықпал етеді. Қажымайтын қайрат - дүниетаным құрамындағы маңызды бөлік. Баланың дүниетанымын қалыптастыру үшін оған теориялық білімдерді берумен шектелуге болмайды.

Мәселен, Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңінде табиғат көрінісі суреттемесінің нақтылығы, түн мезгіліндегі көл бетіне түскен ай сәулесінің дірілдеп көрінуін, ағаш жапырағының өздіөзімен сыбырласуын сипаттауы, жастарға ерекше бір әсер беріп, лирикалық сезімге бөлей отырып, дүниетанымын қалыптастырып, туған жер табиғатына деген мақтаныш сезімін тудырады [3].

Еліміз әлемдік қауымдастыққа зор құрметпен, беделмен кіруі үшін тұлғалық қалыптасуын әрқашанда назардан тыс қалдырмауымыз керек. Оқушыларға әлемдік деңгейде, өркениетті негізде білім-тәрбие беру маңызды мәселеге айналып отыр. Сондықтан жеткіншектердің алатын білім мен тәрбиесінің сапалығын жетілдіруде олардың дүниетанымын қалыптастырудға Абай әндері негіздері үлкен роль атқарады.

Сол себепті, Абай әндерін зерделеудің, оның айналасындағы тәлім-тәрбиесі мол тәжірибесі негізінде тәрбиелеудің қажеттігі өсе түсуде. Сондай-ақ, еліміздің қоғамдық- экономикалық өміріне нарықтық қатынастардың енуіне байланысты өзгеріске түскен саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, рухани жағдайлар жас ұрпақ тәрбиесінің проблемаларын жаңаша ойластыруды талап етуде.

Қорыта келгенде, Абай шығармалары уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан өсіп, өркендеп отыратын асыл мұра болып ұрпақтар санасында орын алары сөзсіз. Олар әсіресе бүгінгі таңда, қоғамның жаңаруы, демократиялануы процесінде, еліміздің егемендік алып, тарих қайта құралып, жатқан кезде жеткіншек ұрпақтың адамгершілік қасиеттерін, эстетикалық талғамын, дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқара түседі,

Әдебиеттер

1. Нысанбаев Ә. Қазақстан демократия рухани жаңару. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999
2. Есім Ғ. Хакім Абай. – Алматы, 1994.
3. Бапаева Г. Музыкалық терапияның адам психикасына жағымды әсерлері. «Жантану мәселелері». – №4 (20).

АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚТЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Темірбекова Арай Садықанқызы
Педагогика ғылымдарының магистрі
«Арқалық қаласы әкімдігі білім
бөлімінің А.Құнанбаев атындағы
№6 жалпы орта білім
беретін мектеп-гимназиясы» ММ
Қостанай облысы, Арқалық қаласы
arai4ok-88@mail.ru

Түйін: Уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы - заңдылық. Абай тақырыбы - мәңгілік тақырып. Абай тақырыбы - таусылмайтын телегей теңіз. Абай мұрасы - Адамды адам етіп тәрбиелеудің қайнар бұлағы. Абайдың ақындық еңбектері үш түрлі боп жайылып тұрғанын еске алу керек. Бірінші жолы - баспа арқылы тарауы; екіншісі - халық арасына ауызша жатталып, әнмен аралас тарауы; үшіншісі - қолжазба түрінде әр көлемді жинақтар болып, көшіріліп таралуы.

Түйін сөздер: ғылым, ақыл-парасат, заңдылық, мәңгілік, телегей теңіз.

Резюме: В соответствии с велением времени признание новых граней Абая, изучение с научной точки зрения - закономерность. Тема Абая - вечная тема. Тема Абая - неиссякаемое бескрайнее море. Наследие Абая - богатый источник воспитания человека как человека. Необходимо помнить, что поэтические труды Абая распространены в трех видах. Первый вид - печатное распространение; второй - устное заучивание среди населения и смешанное распространение с песней; третий - распространение путём копирования рукописей в виде сборников различного объёма.

Ключевые слова: наука, разум, закон, вечность, неиссякаемое бескрайнее море.

Abstract: In accordance with the dictates of the times, the recognition of the new facets of Abai, the study from a scientific point of view is a regularity. Abai's theme is an eternal theme. Abay's theme is an inexhaustible endless sea. Abai's legacy is a rich source of human education as a human being. It must be remembered that Abai's poetic works are distributed in three forms. The first type is print distribution; the second is oral memorization among the population and mixed distribution with song; the third is distribution by copying manuscripts in the form of collections of various sizes.

Keywords: science, reason, law, eternity, inexhaustible sea.

Абай мұрасы – халқымыздың сан ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Ұлы Абай бар асыл ойын өз халқына, келешек ұрпағына арнады. Ол педагогикалық психологияның қалыптасуына зор үлес қоса отырып, бұл салада аса құнды пікірлер айтты. Ұлы ойшыл өз халқының педагогикалық ой-парасатын жүрек қылынан өткізі келе, өзіне дейінгі әлем ойшылдарының еңбектерімен таныса отырып, жас ұрпаққа ғибрат аларлық ой

өрбітеді. Көреген ақынның педагогикалық-психологиялық пікірлеріне ой жүгіртіп, астарына терең үнілсек, оның бүгінгі заман талап-тілектерімен жан-жақты астасып жатқанын байқаймыз. Абай әлемінің бар құдіреті мен болмысын, құпиясы мен сырын жете таныту арқылы қазақ халқының мәдени келбетін, қадір-қасиетін, шыққан биігін, рухани жетістіктерін ұрпақ санасына сіңіру [1]. Абайды оқыту арқылы жаңа биіктерге көтерілу, рухани өсіп-өркендеген іргелі еліміздің елдік белгісін биік дәрежеге көтеру.

Абай мұрасының бірегей білгірі, академик Мұхтар Әуезов айтқандай: «Абайды танудың басы, алғашқы адымдары революциядан бұрын басталған. Бұл жөнінде Абайдың ақындық еңбектері үш түрлі боп жайылып тұрғанын еске алу керек. Бірінші жолы - баспа арқылы тарауы; екіншісі - халық арасына ауызша жатталып, әнмен аралас тарауы; үшіншісі - қолжазба түрінде әр көлемді жинақтар болып, көшіріліп таралуы», - дейді. Абай ең алдымен жастардың алдында тұрған басты міндет - ғылым, білім үйрену жолы екенін атап көрсетті. Адам бойындағы қазынаны үлкен, әрбір жігерлі жастың талпынатын ғылым болуы керектігін ашып айтты. «Дүниенің кілті өнер мен ғылымда тұр. Соны мақсат қылып ғылым табу керек өзіңе табылмаса балаң тапсын.

Ғылымсыз оқыған намаз тұтқан ораза қылған қаж ешбір ғибадат орнына бармайды дейді оныншы қара сөзінде». «Үш ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» дей келе ақын. Біреуінің күні жоқ біреуінсіз ғылым сол үшеуінің тілін білмек, - деп ғылымды аса жоғары бағалайды. Білім ғылым үйренбекке талап қылушыларға: Адам көңілі мейірленсе білім ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі. Ғылымды үйренгенде ақиқатты мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Басқасына бола үйренбе...» - деп ескерту жасайды (32-ші қара сөзі).

Абай адам бойындағы мінез-құлық, ақыл-парасат, білім-ғылымды бірбірімен тығыз байланыстырады. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, німез, деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі де ақымақтық», - деген қорытынды жасайды (18-ші қара сөзі). Бұл Абайдың айтып отырған педагогикалық ой толғамдары, келер ұрпаққа беріп отырған кеңесі болатын. Абай жастардың адам болу үшін жаман қылықтардан аулақ болуын қалайды. «Егіннің ебін, сауданың тегін үйреніп мал ізде» - деп ақыл береді [2, 4]. Ұлы ақын, ойшыл өзінің өмірден көрген білгенін, түйгенін екшей келіп «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрседен асық бол, Адам болам десеңіз», - деп санап шығады: Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ Бес дұшпаның білсеңіз Талап, еңбек, терең ой Қанағат, рақым, ойлап қой. Бес асыл іс, көнсеңіз...

Сөйтіп, Абай бес асыл іс пен бес дұшпанның ара жігін ажыратып, келешек ұрпағына тағылымы мол әсиет қалдырды. Абайдың ойынша тәрбиеге көнбейтін, тәртіпке бағынбайтын, түзелмейтін адам болмайды. Абай Құнанбаевтың жастарға үлгі етіп ұсынған адал еңбек, ар-ождан, ғылым-білім, қанағат-инабат, әділет-шапағат, шынайы достық қай дәуірде болсын көнермейтін, адамды қиыншылық атаулыдан аман-есен алып шығатын 82 тіршіліктің тұтқасы, жастарды алға жетелер жарық жұлдыз нысанасы екені даусыз. Ұлы ақылгөйдің терең толғаныстарынан туған ғибратты ақыл-кеңестері

ұрпақ тәрбиесінде өз құнын мәңгі жоймайды. Пайданы көрсен, бас ұрып, Мақтанды іздеп, қайғы алма. Мінінді ұрлап жасырып, Майданға түспей бәйге алма. Өзіңде бармен көзге ұрып, Артылам деме өзгеден. Азапқа қалма езбеден - деп, жастарға насихат айтады. Оларға күншілдіктен аулақ жүріп, бос мақтанға салынбау керектігін ұқтырады, пайданы ойлап ардан безу адамдықты аздыратын қылық екенін [3, 5].

Толық адам болғысы келген әрбір жастың алдына мақсат қойып, соған жету үшін талпынуы, ізденуі, ерінбей еңбек ету керектігін ескертеді. «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, не болмаса айына бір өзіңнен өзің есеп ал» - дейді. Ұлы ғұлама надандықты, еріншектікті, зұлымдықты «күллі адам баласын қор қылатынкеселдер» деп есептейді (38-ші қара сөзінде). 3-ші қара сөзінде еріншек, жалқауға мынадай сипаттама береді: «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады. Әрбір қайратсыз қорқақ мақтаншақ келеді. Әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді. Әрбір арсыз жалқаудан тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады. «Залымдық - адам баласының дұшпаны» - дейді Абай. Алдау, арбау, кулық, екіжүзділік, жалақорлық, күншілдік мінездерді залымдық деп қатаң сынайды. Данышпан ақын жастардың осындай адам баласын қор қылатын, адамдықтың дұшпаны болып табылатын кеселдерден аулақ болуын көксейді.

Әрбір саналы жастың пайдалы іспен айналысып, өнер үйренуін талап етеді. 33-ші қара сөзінде «егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерші - қазақтың әулиесі» - дейді. Жұмысы жоқтық, Тамағы тоқтық, Аздырар адам баласын, - дей отырып еңбекті сүймеушілік, жұмыссыздық адамды теріс жолдарға түсіріп бұзатындығын дәлелдейді. Қазіргі уақытта да жұмыссыз сандалып, жеңіл жүрісті кәсіп еткен жастардың бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Абай адал еңбекті адамның барлық рахатының көзі санайды. «Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық» - дей келе еңбекті сүйген адамның жан қасиеті ізгі болатындығын дәлелдейді.

Қорыта келе, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы - заңдылық. Абай тақырыбы - мәңгілік тақырып. Абай тақырыбы - таусылмайтын телегей теңіз. Абай мұрасы - Адамды адам етіп тәрбиелеудің қайнар бұлағы. Абайдың мұрасы, теңдессіз дана ойлары мен шығармалары бүкіләлемдік қазынаға қосылған алтын қор екені талассыз.

Әдебиеттер

1. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. - Алматы: Мектеп, 2007.- 248 б.
2. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Өлең - сөздің патшасы. - Алматы: Дәуір, 2006.- 566 б.
3. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. - Алматы: Жібек жолы, 2005.- 488 б.
4. Абай. Қалың елім қазағым.- Алматы: Атамұра, 2002.- 224 б.
5. Абай. Нақыл сөздер. - Алматы: Көшпенділер, 2007.- 160 б.

АБАЙ ТАҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ОРНЫ

Токушева Жулдыз Кайратовна, 2 курс
магистранты «7М01102 – Педагогикалық
өлімдер» мамандығы Қазақ Ұлттық Қыздар
Педагогикалық Университеті п.ғ.к., профессор
Бұлақбаева Мейрамгуль Кеңесбайқызы

Аннотация. В статье рассматриваются наследия Абая Кунанбаева в современной педагогике. В тексте приведены инновационные методы, такие как Loci, групповая работа и критерий современного образования: теория, практика, рефлексия. Приведены примеры использования произведений Абая в учебном процессе школы.

Ключевые слова. Наследия, произведения, современное образование, инновационные методы, групповая работа.

Annotation. The article examines the legacy of Abay Kunanbayev in modern pedagogy. The text presents innovative methods such as Loci, group work, and criteria for modern education: theory, practice, and reflection. Examples of the use of Abay's works in the educational process of the school are given.

Keywords. Heritage, works, modern education, innovative methods, group work.

Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Бүгінде өзіміз үшін де, өзгелер үшін де қазақ пен Абай бір ұғымға айналған. Әлемдік қауымдастықта қазақ дегеніміз – Абай, ал Абай дегеніміз – қазақ деген тұрақты түсінік орнығып үлгерді.

Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырған. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды», - деп атап көрсетеді [1].

Мақалада дана Абайдың ұрпаққа қалдырған мол мұрасының құндылығы, оның әр еңбегінен өмірге қажетті баға жетпес құнды кеңестер алуға болатыны жайында жан-жақты баяндалған. Абай шығармаларының күллі адамзат үшін маңыздылығына жан-жақты талдау жасай келе, оның өнегелі ойлары ұлттық идеяның өзегіне, ұлттық болмыстың үлгісіне айналуы тиіс екені туралы сындарлы ой тастады.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, еліміздің болашағы ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Бүгінгі таңда, жас ұрпақты болашақ қоғамның тұлғасы етіп тәрбиелеу, оның білім алып өмір сүруіне қажетті де қолайлы жағдай туғызу, жастардың рухани байлығы мен мәдениеттілігін жетілдіру, іскерлігі мен білімділігін арттыру қоғамның міндеті болып табылады.

Қазақ халқында ежелден-ақ келе жатқан үрдіс, ол - ұлылардың өмірі мен тағылымы арқылы ұрпағын тәрбиелеу. Сондықтан Абай мұрасы – адамды адам етіп тәрбиелеудің жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың қайнары деп түсінген абзал. Ұлы дананың қай шығармасын алмайық, оның алтын қазығы – Адам. Адамзат баласына «Адам бол!», адамдық қасиеттерінді өміріңнің соңына дейін сақтай біл деп ұран тастады. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық - жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақлияларымен де жеткізе білді. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ сынды күллі рухани кеселдерден аулақ болуға шақырды. Өзінің өлеңдері мен қарасөздерінде жеңіл күлкі, мақсатсыз өмір сүруден бой тартуға уағыздады. Міне, осы тұрғыдан келгенде Абайдың педагогикалық ілімі қай заман, қай елдің де ұрпақ тәрбиелеу ісінде басшылыққа алып, тәжірибесіне енгізуі қажет, ескірмейтін ілім екендігін аңғартады.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан - тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», - деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігін назар аударады. Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ал біздің міндетіміз - осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу. Сол үшін ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек.

Неге біз жастарды нағыз қазақ етіп тәрбиелігіміз келеді? – деген сұрақтар болуы мүмкін. Себебі, қазіргі жеткіншек ұрпақ арасында Батысқа еліктеп, халықтық салт-дәстүріміз бен ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбиеден алыстап бара жатқандардың жиі кездесіп қалатыны өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан осындай жағымсыз құбылыстан құтылудың рухани жолы ұрпақты Абайдың әдеби мұрасы арқылы тәрбиелеу болып табылатыны сөзсіз. Бұл айтылғандарға абайтанушы ғалым М.Мырзахметовтың: «Қазақ халқының ой-санасының, дүниетанымының шыңы Абайдың әдеби мұрасында жатыр. Жастардың адамгершілік мінез-құлқын, адами қалпын қалыптастыруда Абайтану ілімі іргетасқа айналып отыр. Осы себепті, ең алдымен, Абай мұрасын меңгеру, терең танып білу - бүгінгі күннің асақажетті мәселесі», - деген ойлары дәлел.

Енді Абайдың жекелеген ойларына тоқталып, қазіргі педагогикалық қолданыстағы әдіс-тәсілдермен байланыстырып көрелік.

Ғұламаның отыз екінші сөзі әлемдік педагогикада қолданылып жүрген метатаным, «өзіндік реттелу», түрткі жасау, мотивация, қызығушылық арттыру сынды ұғымдармен үндес екені мәлім. Білмекке құмар болу жолын былай жеткізеді: «Білім - ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек.

Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас. Әуелі – білім - ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек» [2].

Міне, Абай үнемі іздену мен ынталана отырып оқудың мәнін аша білген. Ал «Жүректе қайрат болмаса, ұйықтаған ойды кім түртпек» деген сөзі мотивация екені бірден көрініп тұр.

Мына үзінді сөзі де «өзіндік реттелу» ұғымына сай келетіндігі анық: «Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша» дей келе, білім алуды мансапқа жету үшін алмау керектігін ескертеді. Егер олай болмағанда білім мен ғылымның ақиқаты табылмайтынын айтып кеткен [3].

Келесі есте сақтаудың амалы, тәсілі туралы. Шетелдік тәжірибедегі есте сақтаудың бірнеше тәсілдерін көрсетеді. Оның ішінде есте сақтау өнері ретінде танымал болған мнемоника тәсілі. Бұл табиғи ассоциациялар жасау көмегімен есте сақтауды қамтамасыз ететін, жасанды түсініктер арқылы қажетті мәліметтерді есте сақтауды жеңілдететін ережеге жатады.

Бұған қоса, Лосі әдісі (орын әдісі) – есте сақтағыңыз келетін ақпаратты танымал жерлермен байланыстырып елестетуге негізделген ең белгілі мнемоникалық әдіс. Бөлмені арлап, әртүрлі сөздер тізімін бөлменің ерекше белгісімен байланыстырып еске сақтауға болады. Лосі әдісін қолданушы адамдар зерттеуге берілген 50 сөздің 90 пайызынан астамын бір рет оқып шыққан кейін есте сақтауға болатынын көрсетті [4].

Ал Абай отыз бірінші қара сөзінде есте сақтаудың мынандай тәсілдерін ұсынады: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші - ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Ерер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы - күлкішілдік, я бір қайғыға салыну я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер». Осы айтылған қарапайым сөзбен тарқатар болсақ, есте сақтаудың басты амалдары қызығып тыңдау керектігін айтады, көңілденіп және ынтамен ұғуды ұсынады. Бұған қоса сол естіген нәрсе туралы ойланып, ішінен бірнеше рет қайталау керектігін жеткізеді. Ойды бұзатын нәрселерден аулақ болып, салынбауға шақырады [5].

Кезекті ұғым Лев Выготскийдің «Жақын арадағы даму аймағы». Мұны да Абайдың мына нақылынан дәлелдеуге болады: «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады». Ал «Жапырақ та өзді-өзі сыбырласады» деген сөзі де осы негізде айтылған. Отыз сегізінші сөзінде жақсы Ал «Жапырақ та өзді-өзі сыбырласады» деген сөзі де осы негізде айтылған. Отыз сегізінші сөзінде жақсы мінез-құлық пен білімнің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болатындығын айтып кеткен [6].

Абай жиырма бесінші сөзінде ғылымы мен білімі озған елдерден үйрену керектігін баса көрсетеді. Әсіресе, солтүстік көршімізде педагогикаға қатысты ұтымды дүниелер бар болса неге үйренбеске! Сондықтан ғұлама мына сөздерді

жазып қалдырған: «Онан соң, білім түгіл өнер керек екен. Соны үйренейін не балама үйретейін деп ойына жақсы түседі. Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады» [7]. Біріккен ұлттар ұйымының ресми тілі санатына қосылатын орыс тілін білу де тапсырмас ресурстарға жол ашады.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында пән тақырыптарын меңгеруде тілдік мақсаттарға аса мән беріледі. Басты төрт дағды: оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым. Міне, осы тілдік мақсаттар ақынның: «Адам ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылық жоқтығынан азады» және «Көңілсіз құлақ, ойға олақ». Бұл айтылған қара сөздер жаңаша білім беру мазмұнындағы «Үстірт тыңдалым», «белсенді және терең тыңдалым» немесе «диалогтік тәсіл» сынды ұғымдарға тән [8].

Топтық жұмысқа қатысты Абай «Бір жерде бірге жүрсең басың қосып, біріннің бірін сөйле сөзің тосып», «Ой артынан ой туар, желге мінсең жеткізбес» деген нақыл сөздерді жеткізіп кеткен [9].

Бұған қоса, «Шульманның көмекшілері» деген ұғым бар. Бұл дегеніміз: Бас - қол - жүрек, яғни бас - теория, қол - тәжірибе, жүрек – баланың жүрегін түсіну, оны жақсы көру, жағымды ахуал туғызу дегенге саяды. Тура осы үш таған Абайда да бар. Ойшыл былай дейді: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Нұрлы жүрек – теория, ыстық қайрат – тәжірибе, және үшіншісі жылы жүрек болу керек деп Абай да айтып кеткен! [10]

Бүгінгі білім беру ісінде басты үш критерий ұсынылады: теория, практика, рефлексия. Міне, осы үшінші критерий – рефлексия жасау дағдысына бүгінде аса мән беріліп отыр. Себебі, өзінің қызметіне, сабағына рефлексия жасай алмау мұғалім үшін кемшілік болып отыр. Ал өзінің қай тұсын жетілдіруді білетін, өзін дамытумен айналысатын ұстаз нағыз өз ісінің маманы, білікті, рефлексивті практик ретінде танылады. Міне, осы айтылып жатқан «рефлексия» ұғымы да Абай шығармаларынан тыс қалмаған.

Оны ғұламаның мына сөзімен бекітеміз: «Күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!». Ақынның «Жүрекке де айна керек» деген толғамы да осы рефлексия туралы екені аян. Абайдың ұлылығы сол білім мен тәрбиеге қатысты өлеңдерімен қоса, педагогикалық амалдарды өз деңгейінде ұсына білген. Тек соны бүгінгі күні педагогикалық әдіс-тәсілдермен байланыстырып, қажетімізге алып, соны тәжірибеде пайдалана алсақ болғаны.

Абайды оқыту үрдісі мектеп табалдырығында оқушылардың жас ерекшелігіне және танымдық қабілеттеріне байланысты 4 кезеңге бөлінген және ол әдебиетті оқыту принциптерімен тығыз байланысты, себебі білім беру саласында кез келген білім жолындағы тұлғаға Ұлы Абайдың мұрасы шын мәнінде энциклопедиялық қызмет атқарады.

1-кезең: 1-4 сынып – табиғат лирикасы мен оқу-білім төңірегіндегі өлеңдері;

2-кезең: 5-7 сынып – Абай өлеңдері арқылы жақсы мен жаманды тану;
3-кезең: 8-9 сынып – Абай өмірбаяны, шығармалары, монографиялары;
4-кезең: 10-11 сынып – Абайдың ақындық мектебі мен Абайтанушы ғалымдардың еңбектері.

Абайды оқыту арқылы төмендегідей нәтижелер күтіледі:

➤ Абай Құнанбайұлының шығармашылығын оқыту арқылы Абай бойындағы данышпандық пен шынайлықты, көрегендікті оқушы бойына сіңіру, арқылы заман талабына сай жан – жақты дамыған тұлға қалыптастыру;

➤ Абайтанушылар қатарына қосылу;

➤ Шығармашылық жұмыстар жазу;

➤ Абай оқулары, поэзия кештеріне қатыстыру;

➤ Бұқаралық ақпарат құралдарына оқушылардың жұмыстарын жариялау;

➤ «Абайтану» курсы бойынша өзара сыныпаралық тәжірибе алмасу.

Ал осы нәтижелер арқылы төмендегі дағдылар қалыптасады:

➤ Өтілген тақырып бойынша қосымша іздену, жинаған деректер мен дәйектерді ауызша немесе жазбаша баяндау;

➤ мерзімді баспасөз материалдарын, кітапханадағы қосымша әдебиеттерді тиімді пайдалана білу;

➤ өз пікірін дәлелдеп, тиісті қорытынды – түйін жасау;

➤ өз беттерінше реферат, шығарма, конспект дайындап, оқушылар алдында қорғау, пікірталастарға қатысу;

➤ көркем шығарманы мазмұндап, көркемдеп баяндау;

➤ оқиға, кейіпкер жөнінде ой қорыта білу;

➤ кез-келген тақырып аясында өз ойын еркін жеткізе білу;

➤ тілдік тәсілдерді, стильдік құрылыстарды дұрыс, орынды қолдану арқылы сауатты сөйлеуге, ой дәлдігіне, сөйлеу әдептілігіне үйрену, дағдылану.

Мәңгілік мұраның дара тұлғасы – Абай шығармашылығы терең тұңғиық. Оның кемеңгерлігі сол тұңғиықтың түбіндегі маржан шығармаларында. Абайдан бізге 170 өлең, 45 қара сөз, 56 аударма, 4 күй, 28 әні мұра боп қалды. Мұра болған шығармалардың тақырыптары сан алуан. Өз басым Абай тағылымынан нәр аламын. Ақынның «Бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық бол» деген сөздерін өмірлік ұстанымыма айналдырдым десем қателеспеймін. Абайдан оқығаның табылады, Абайды оқымаған қағынады. Абайды оқы, ерінбе, еркелеме, Абайдан іздегенің табылады – дегендей, Абай қазақ халқының энциклопедиясы іспетті. Өз сөзімді қорытындылай келе, «Абай деген – терең теңіз, алып мұхит, ал мен оның бетін ғана қалқыдым» - деп М.Әуезов айтқандай Абайды тану мәңгілік толастамас асыл мұра. Абай – қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл қазақ халқының рухани нәр бұлағы, жан азығы, болашағының адастырмас темірқазығы. Абайды оқу, одан рухани нәр алып, жан әлемін байыту арқылы қазақ елі, адам баласы әділетті, адал ғұмыр, бақытты заман бесігіне бөленері хақ.

Әдебиеттер

1. Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1996.

2. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – Алматы: Жазушы, 1993.

3. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы: Санат, 1997.
4. Сыздықова Р. Абай шығармасының тілі. – Алматы: Ғылым, 1968.
5. «Абай» энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995.
6. Шаймерденова К. Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары. – Алматы: Рауан, 1990.
7. Байғалиев Б. Абай өмірбаяны мұрағат деректерінде. – Алматы: Арыс, 2001.
8. Абай. Қара сөзі. – Алматы: Ел, 1993. – 5-10 беттер.
9. Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана: НЗМ, 2014. – 35-40 беттер.
10. Нұрахметов Н.Н. Абай тағылымы және бүгінгі педагогика. //Абай тағылымы. Республикалық ғылыми-практикалық конференция тезистері. – Алматы, 1995. – 31 б.

АҚЫННЫҢ АЗЫҚ БОЛҒАН МҰРАЛАРЫ

Толеханова Арайлым Демеухановна
М.Әуезов атындағы №5 ЖОББМ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Арқалық, Қазақстан
Toleuxanova95@mail.ru

Гапбасова Гүлжанат Аскарловна
М.Әуезов атындағы №5 ЖОББМ
Ағылшын тілі пәні мұғалімі
Арқалық, Қазақстан
gulzhanat.777.89@bk.ru

Аннотация. Записи завещания, написанные поэтом, сейчас очень актуальны. Даже по-прежнему имеет большое значение. Потому что мы видим, что цель современной науки заключается в том, что стремление к высотам далеко не падать. А то, что требует от нас, то, что они трудятся на этих успехах, то, что они заслуживают достойного внимания.

Ключевые слова. Поэт, духовная наследия, ученый

Annotatio. The records of the will written by the poet are very relevant now. Even still matters a lot. Because we see that the goal of modern science is that the desire for heights does not fall far. And what is required of us is that they work on these successes, that they deserve worthy attention

Keywords. Spiritual heritage, poet, instructive life

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.

Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептейміз. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады.

Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн. Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскіміз келеді.

Жаңғыру – тек қана алдыға жылжып, жаңашылдыққа ұмтылып, өткеннен бас тарту деген сөз емес. Шындығында, ол дегеніміз – ұлттық мұраларымызды бүгінгі жаңашылдықтармен үйлестіре отырып дамыту. Бұл ретте, біз Абайдан аттап өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл өз заманында ұлтты жаңғыруға, жаңа өмірге бейім болуға, білім алып, жоғары өрлеуге шақырды.

Елбасымыздың: *«Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді»*, – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады.

Ақынның шығармаларының қай-қайсысын алсақта, оның үнемі халықтың алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы жолды барынша насихаттағанын көруге болады. Ал алға өрлеудің негізгі себепшісі оқу мен ғылымда екендігі бәрімізге аян. Абай тек қана оқып, саналы болға дәріптеді. Ұлы Абайдың *«Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге»* деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Ақынның жазып кеткен өсиет жазбалары қазір де аса өзекті мәселе. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі қазіргі ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ал бізден талап ететіні сол жетістікке жетуге еңбек етіп, алдыңғы қатардан көріне білу.

Дана ақынның айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: *«Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды»*, – дейді. Яғни озық тұрған өзге халықтың деңгейіне көтерілу үшін, сол елдің тілін танып, өмір тынысымен толықтай танысу. Ең әуелі өз ана тіліміздің дамуына себепкер болу. Сонымен қатар ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Ұрпақ неғұрлым көп тілді меңгере алса, олардың мүмкіндіктері де соғұрлым зор болмақ. Өскелең ұрпақ, ақын айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз.

Қазір жахандану заманы. Ғылым сағат сайын емес, минут сайын қарыштап, дамып жатыр. Ғылымдағы тың жаңалықтар алға ұмтылуға жетелейді. Іс – әрекетпен қатар ақыл-ойдың жұмыс жасайтын кезеңі. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Тек білімді ғана емес онымен қатар өнерді де қатар дамыту керек екендігіне ертерек үн қатып кетті. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы ақын шығармаларынан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Ойшыл сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан өскелең ұрпақтың көкірегі ояу, көзі ашық болсын десек, ақын шығармаларын тереңінен оқудан, ақын өлеңін жаттаудан бастаған жөн. Ұлы ақын ұлтының кем тұстарын қатты сынға алса да, ол тек бір ғана ойды – қазағын, халқын білім шыңына жетелеуге ұмтылды. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі. Дана ақынның көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі.

Абай шығармаларында меритократия мәселесіне де айрықша мән берілген. Ол адамды мәртебесіне қарай емес, талабы мен еңбегіне қарап бағалаған. Ұлы ақын қазақ жастарына жөн-жоба көрсетіп, бағыт-бағдар берген.

Ақын айтпақшы, артық мақтанға салыну, өзгені қор, өзімізді зор санау, дау қуу әсте бізге жат нәрсе. Себебі адам өмірі қарым-қатынастан тұрады. Онсыз адам қоғамнан бөлініп қалары анық. Ал қарым-қатынас міндетті түрде өзара жауапкершілікті туғызады. Бұл жауапкершілік қара басының қамын ойлап, өзін өзгелерден биік қоятын өзімшілдік араласқан кезде бұзылады. Сондықтан Абай: *«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек»*, деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек, жылы жүрек керек екенін айтады. Бұл қазақ халқының өмірлік философиясы. Жоғарыда айтылған үш ұғымды ойшыл үнемі бірлікте қарастырады, дегенмен алдыңғы екеуі әрдайым жүрекке бағынуы керек деп есептеген.

Осындай таным-түсінікпен өмір сүрген халқымыз өзі қиын жағдайда отырып, өзге ұлттарды бауырына баса алғаны хақ. Қиын қыстау заманды бастан өткерсе де, қиын жағдайда тұрып өзгелерге жәрдем етті. Үнемі үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, сүрінгенді сүйеп, жығылғанға демеу бола білді. Осы құндылықтарды дәріптеп, бүгінге жеткізу арқылы халқымыз ұлт ретінде сақталуы үшін көп еңбек етті.

Халқымыз еңбектің қадірін біледі. Біз ата-аналарымыздың тылдағы ауыр еңбегі жеңіске жетелеген орасан күшке айналғанын ұмытқан жоқпыз. Қазір де қарапайым еңбек адамдарының үлгілі істері жетерлік. Ең бастысы, бүгінгідей бейбіт кезеңде әр азамат өзінің еселі еңбегі еліміздің экономикасын ілгерілетуге тікелей ықпал ететінін түсінуі қажет.

Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады. Ұлы ойшыл шығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады. Сонымен қатар ақын бастамашылдықты, кәсіптегі адалдықты жоғары қояды. Мысалы, өзінің оныншы қара сөзінде «Ерінбей еңбек қылса, түнілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?», деп тұжырым жасайды.

Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады. Абайдың ақындық қуатының терең тамырына үңілген зерттеушілеріміз оның қазақ фольклорынан, Шығыс пен Батыстың сөз өнерінен, орыс әдебиетінен, тарихи еңбектерден сарқылмас нәр алғанын айтады.

Абайдың асқан ойшылдығы оның діни талғам-танымынан да айқын көрінеді. *«Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас»*, дейді. Бұл ой-тұжырымға Шығыс пен Батыс философтарының еңбектерін терең біліп, зерттеп, зерделеп барып жеткені анық. Ал отыз сегізінші қара сөзінде Аллаға деген көзқарасын толық білдіреді. Абайдың рухани өресіне баға берген дінтанушы философ ғалымдар оның «кәміл мұсылман» ұғымына ерекше назар аударады. «Кәміл мұсылман» ұғымы тек қазаққа ғана емес, бүкіл мұсылман әлеміне қатысты айтылса керек. Міне, біздің ойшыл Абай, хакім Абай – әлемдік деңгейде осы діни көзқарасы арқылы да биіктей беретін тұлға. Ақынның барша адамзат баласының жан дүниесінің тазалығын сақтауға деген ниеті бәрімізге ой салады.

Абай хақында сөз болған тұста, шоқтығы биік М.Әуезовтің «Абай жолы» романына тоқталмай өтуге болмас. Осы романы арқылы Абай бейнесі көркем образ ретінде әлем әдебиетінде жоғары бағаланғаны белгілі. Бірақ бұл – Абайды танудың бір қыры ғана. Нағыз Абайды, ақын Абайды тану үшін оның өлеңдері мен қара сөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызы ашылуы керек. Ол әлемнің кең таралған негізгі тілдеріне барлық бояуын сақтай отырып аударылуы тиіс. Бұған біз толық қол жеткізе аламыз деп айту қиын. Нағыз ұлт ақындарын өзге тілдерге аудару – оңай шаруа емес.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: *«Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер. Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы гажайып тұлға»*, деген болатын. Шынында да, дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл – классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр.

Абай өзінің қара сөздерінде адамзат баласына ортақ мұраларды дәріптей отырып, рухани биікке құлаш сермеп, алысқа қанат қаққанын көрсетеді. Оның қара сөздерінің арқауы – кісілік, мәдениет, ізгілік. Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуы тиіс.

Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы.

Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Есім Ғ. Абай мен Пушкин, Солтүстік Қазақстан.- 2006. Abai.kz ақпараттық порталы
2. Құнанбайұлы Абай. Шығармалар.- Алматы, 1994
3. <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>

ЗАМАН МЕН ҰРПАҚТЫҢ БАЙЛАНЫСЫ: ҰЛЫ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫМЕН ҚАЗІРГІ МЕДИА КОНТЕНТТІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘСЕРІ

Тулбергеннова Балсулу Хабдыбаевна
Педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті

Калимжанова Роза Лаиковна
педагогика ғылымының докторы (PhD)
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Арқалық, Қазақстан

Аннотация. В данной статье авторы предприняли попытку провести кросс-культурную параллель между тем, какое влияние оказывают произведения Абая Кунанбаева на контент современных мультипликационных фильмов на формирование нравственности школьников.

Ключевые слова. Нравственность, медиа контент, влияние.

Annotation. In this article, the authors made an attempt to draw a cross-cultural parallel between the influence of the works of Abai Kunanbayev on the formation of the morality of schoolchildren and the content of modern animated films.

Keywords. Morality, media content, influence

Адамгершілік және соған сәйкес адамгершілік нормалар кез-келген қоғамның өркениеті мен адамзатының негізі болып табылады. Адамгершілік пен моральдық негіздер күйреген кезде қоғам құлдырап, адам деграацияға ұшырайды, мұны біздің қазіргі өркениетімізде байқауға болады, ол барған сайын зұлымдыққа батып бара жатқандай.

Тәрбие берудің ең көрнекті құралының бірі, амал-тәсілі әдебиет үлгілері, көркем шығармалар болған. Онда көрініс табатын авторлық суреттемелер, жасалған образдар оқырманды ойға жетелейді, түрлі әсерге бөлейді. Тағылымдық, танымдық қасиеттер бой көрсетеді. Бұл орайда өзінің ағартушылық мақсатына сәйкес әдеби шығармаға тәрбие құралы ретінде қалам тартқан Абай өнегесі орасан зор. Бар сұлулықты, эстетикалық көркемдікті бойына жинаған

Абайдың өлең жолдары кімді де болса рухани биіктерге жетелеп, болашаққа деген құштарлыққа ұмтылдырады, саналылыққа тәрбиелейді. Бұл құндылықтар дарынды ақынның сөз шеберлігі, даналық ойлары, парасаттылығы арқылы ерекше сұлуланып, өзгеше биікке көтерілген. Өр ұғым, өр қағида бүкіл адамзаттың жүрегіне жол тауып, есінде мәңгі сақталатындай қалыпқа келген.[1]

Абайдың пайымдауында адамның бойындағы барша ізгіліктің басы отбасынан басталады. Ақын отбасында ата-анадан алынатын тәрбиені өте жоғары бағалаған. Сондықтан да өмірге келген әр адамды адалдыққа, парасаттылыққа, адамгершілікке, сұлулыққа апарар жол ананың сүтінен, ата-ананың пәрменді үлгісінен тамыр тартады деген ойдың желісі Абай өлеңдеріндеайқын аңғарылады.[2]

Абай өзінің өлеңдерінде ерекше мән берген тәрбиелік ойларын қара сөздерінде де жалғастырып, дамыта түседі. Эстетикалық әсері мол өлең өрнегімен жеткізуге тырысқан өнегелік тұжырымдарын ақын қара сөздерінде қарапайым тілмен түсіндіріп, халық санасына ықпал етуді көздейді. Өмірде көріп-білген, танып-сезген жайлардан шығарған қорытындысы есебіндегі даналық ойларға құрылған бұл туындыларында Абай надандық жайлаған халықтың бойындағы жаман қылық, жағымсыз мінезді ашына көрсетіп, сол қасіреттен қалайда құтылмай ел бола алмайтынымызды ескертеді. Қара сөздердің қайсысын алсаңыз да бірінен бірі өткен ащы шындықты алдыға тартады. Соның бірінде

Абай Құнанбаевтың ақылды сөздері материалдық игіліктер беруге ұмтылатын, бірақ баланың ақыл-ойы мен жан дүниесін дамыту туралы ойламайтын не балаларға қатысты мінез-құлықтың либералдық стратегиясын таңдайтын кейбір ата-аналардың басты қателігін көрсетеді: *Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем деген екен. [2]*

Абай адамдардың адамгершілігін өзгертудегі тәрбиенің рөлін жоғары бағалай отырып, тәрбие мен білімнің адамгершілік мақсаттарын анықтайды. Абайдың пікірінше, тәрбиенің ең жоғары мақсаты-баланы еңбекқор және патриот болуға, ал оқытудың мақсаты — ғаламды тану, білім алу, оқу және мамандық алу. Абай шығармалары қазақтардың жас ұрпағын өз халқына қызмет етуге шабыттандырады, онда ағартушылыққа, білімге, мәдениет арқылы

ұлттардың дамуына деген ұмтылысты қолдайды. Олар әрқашан өзекті. Абайдың өмірі, «...мыңдаған адаммен жалғыз күрескен» - ұрпақтар үшін шындық пен әділеттілікті іздеудің үлгісі. Абай атамыз қантөгіссіз, адам өмірі мен тағдырын құрбандықсыз, атап айтқанда ғылым мен ағартушылықты, мәдениетті дамыту арқылы халықтың және жалпы қоғамның моральдық, рухани және материалдық мәдениетін қалыптастыруға болады деп санаған. Абай өзінің ең жоғары этикалық идеалын адамгершілік формуласында: «Адам бол!» деп білдіріп, оны алдымен жастарға жүктеген. Абайдың формуласының этикалық мағынасы «Адам Бол!» адамның тағайындалуының өмірдегі рөлін жоғары бағалаудан тұрады. Адам өзінің түсінігінде ақыл мен адамгершілікті, еңбек пен білімді, достық пен сүйіспеншілікті біріктіруі керек. Абай замандастарына күн мен ай аспанның сәні, ал ормандар мен жидектер - таулардың безендірілуі болса, жердің безендірілуі ол – адам екенін еске салудан жалыққан емес. [1]

Адамгершілігі жоғары адам дегеніміз - осы рухани қағидаларды өз өмірінде жүзеге асыратын адам, және олар оған сәйкес сенімдер мен жеке қасиеттер түрінде енеді, мысалы жауапкершілік, ар-намыс, адалдық, ізеттілік, айналасындағыларды құрметтеу, қайырымдылық, адалдық және т.б. Голландиялық психологтар соңғы 40 жылдағы медиа контенттің жас көрермендерге әсері туралы зерттеулердің нәтижелерін талдай келе, медиа контенттердің баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға кедергі жасайтынын, ал кітап оқып, радио бағдарламаларын тыңдау оның қиялын байытады деген қорытындыға келді [4]. Бүгінгі таңда медиа контенттің балаларға әсері, проблемасы соның ішінде Анимациялық фильмдердің әсер ету проблемасы өзекті екенін дәлелдеу үстінде.

Анимациялық фильм - бұл әлеуметтену процесінде оқыту мен тәрбиелеудің тиімді құралы, бірақ бұл құралды тарту оң, гуманистік бағытқа ие бола ма, немесе, керісінше, кішкентай адамның іс-әрекетін адамдарға немқұрайдылыққа, жеккөрушілікке, агрессияға бағыттай ма-толығымен ата-аналарға байланысты. Баланы тәрбиелеу-бұл олардың міндеті, сондықтан олар балаға адамгершілік сабағын қалай үйрету керектігін мұқият ойластыруы керек, бұл функцияны өздеріне таныс емес мультфильмдерге моральдық тұрғыдан түсініксіз сюжеттермен және кейіпкерлермен алмастырмауы керек. Анимациялық фильмдерді барлық жастағы балалар жақсы көретіні кездейсоқ емес. Мультфильмдер бір жағынан жарқын, әсерлі, қиялшыл, ал екінші жағынан қарапайым, мультфильмдер өздерінің дамып, білім беру қабілеттерімен ертегіге, ойынға, адамның тірі қарым-қатынасына жақын.

Анимациялық фильмдердің кейіпкерлері балаға қоршаған әлеммен қарым-қатынас жасаудың әртүрлі тәсілдерін көрсетеді. Олар оның бойында жақсылық пен жамандық туралы, жақсы мен жаман мінез-құлық стандарттары туралы алғашқы идеяларды қалыптастырады. Өзін сүйікті кейіпкерлерімен салыстыра отырып, бала өзін позитивті қабылдауға, қорқыныш пен қиындықтарға төтеп беруге, айналасындағыларды құрметтеуге үйренуге мүмкіндік алады. Мультфильмде болып жатқан оқиғалар балалардың сана-сезімін арттыруға, ойлауы мен қиялын дамытуға, дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен, мультфильм - баланы тәрбиелеудің тиімді құралы деуге болады. [3] Мысалға алатын болсақ: *Ресей бір*

ғана анимация саласына жылына 300 миллион АҚШ долларын бөледі екен. Олар «Три богатыря», «Илья муромец», «Алеша Попович», «Добрыня Никитич» сияқты батырларын дәріптейтін толық метражды фильмдер шығару арқылы «великая русь», «русь непобедима», «наша русская сила» деген сияқты патриоттық сөздермен әсерлеп, балаларына өз тарихын танытып, орыс халқының рухын асқақтатып, елжанды болып қалыптасуына ықпал етуде. Бұл әрине өте керемет. Бұл жерде бізде өзіміздің қазақ мультфильмдерімізді де сөзге тиек етсек болады: Біздің елімізде де көптеген керемет, мағыналы батырлық пен патриоттыққа тәрбиелейтін мультфильмдер кездеседі. Мысалы: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» «Әли мен Ая» «Құйыршық» «Ертөстік», «Алдар көсе» «Қобыланды батыр» т.с.с. мультфильмдерді атап кетуге болады. Бірақ біздің елімізде анимация аса қатты дамымағандықтан, қазақ мультфильмдердің тізімі өте аз. Сондықтан балалардың көбісі шетел мультфильмдеріне қызығушылықтары жоғары.

Ал өкінішке орай, қазіргі кезде көрсетілетін мультфильмдердің көпшілігі психологиялық, педагогикалық немесе этикалық тұрғыдан сауатсыз болып шығарылған және балалар үшін қауіпті салдары болуы мүмкін. Кейбір мультфильмдер баланың психикасына зиян тигізуі мүмкін. Олар балалардың ойлауын, қиялын, интеллектуалды мүмкіндіктерін дамытуға кедергі келтіреді. Мұндай мультфильмдер көбінесе адамгершілік пен моральдық құндылықтардың жалған нормаларын таңдайды, өзіндік көзқарастары мен мінез-құлықтарын береді. Экранда жазаланбайтын немесе тіпті кінәлі емес мінезімен, девиантты мінез-құлқымен сәйкестендіре отырып, балалар оған еліктейді және оның мінез-құлқының агрессивті, әдепсіз модельдерін қабылдайды.[3]

Атақты психолог Д.В. Ольшанский мультфильмнің балаға әсері жүзу, көндіру және еліктеу сияқты психологиялық механизмдердің әсерімен түсіндірілетіндігін атап өтті.

Жүзу - мультфильм кейіпкерлері белгілі бір эмоционалды жағдайдың немесе мінез-құлықтың тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді.

Көндіру - мультфильм кейіпкерлері мінез-құлық стереотиптерін және әртүрлі жағдайларды шешуді қалыптастырады.

Еліктеу - мектеп оқушылары кейіпкерлердің мінез-құлқына еліктейді және мультфильмдерде көрсетілген жағдайларды шешу әдістерін қолданады.

Сонымен қатар, бала мұндай мінез-құлықты табиғи және дұрыс деп санайды.

Сонымен қатар көптеген мультфильмдер балалар мен жасөспірімдердің әл-ауқаты мен физикалық денсаулығына кері әсер ететіндігін жоққа шығаруға болмайды. Теледидар экранында тым динамикалық көріністер мен жарқын жыпылықтайтын көріністерді қарау бейім балалардың эпилепсиялық ұстамаларын қоздыруы мүмкін екендігі әлдеқашан дәлелденген.[4]

Қазіргі балалар ата-аналарын сұрақтармен қинамайды, жасы белгілі себептермен жоғалып кеткендіктен емес. Олар үшін теледидар бағдарламасын немесе өздерін қызықтыратын барлық нәрселер туралы мультфильмдерден көру оңайырақ. Балалар теледидармен әрекеттесуді жөн көреді. Түрлі анимациялық фильмдерді көру арқылы балалар белгілі бір оқиғаларды қабылдап, ненің жақсы, ненің жаман екенін анықтауға тырысады. Бірақ олар жиі қателеседі, өйткені көп мультфильмдерді көргендіктен жақсылық пен зұлымдық, әділеттілік пен

заңсыздық, шынайы сұлулық пен сыпайылық ұғымдары бастарында шатасады. Олар жай ғана саналы түрде бағалай алмайды, теледидарда не көрсетілетінін түсіне алмайды Балалар дәрменсіз! Ал бұл қауіп.[3].

Қорытындылай келе бұл мақалада Абай атамыздың бізге қалдырған адамгершілік туралы өлең, қара сөздерінің көмегі арқылы және оған параллель жүргізілген қазіргі заманғы мультфильмдердің мектеп жасындағы балаларға әсері туралы сөз қозғаған болатын. Абайдың педагогикалық мұрасындағы адамгершілік тәрбиесі туралы айтылғандарды және оның педагогика ғылымында сол уақыттағы бар нәрсені кең қолдана отырып, адамгершілікке тәрбиелеудің едәуір үйлесімді жүйесін құрғанын атап өткен жөн. Оның жүйесі достық, ар-ождан, ерік, ұят, жалқаулық, қыңырлық, қорқақтық және т.б. сияқты адамгершілік-моральдық категорияларды түсіндіреді. Ал Мультфильм - баланы тәрбиелеудің өте тиімді тәсілі. Әр мультфильм кейіпкерінің өзіндік бейнесі мен кейіпкері болады. Бұл балаға жекелеген кейіпкерлер мысалында жақсылық пен жамандық ұғымдарын білуге мүмкіндік береді. Дегенмен, көптеген анимациялық фильмдер психология мен педагогика тұрғысынан дұрыс емес және орынсыз салынған. Олар балаларға, олардың қабылдауына, мінез-құлқына және көптеген психологиялық процестерге кері әсер етуі мүмкін. Мультфильмдердің көпшілігі балалардың психикасына кері әсер етеді. Мультфильм кейіпкерлерінің бір-біріне деген қатыгездігі және мультфильм кейіпкерлерінің қаһармандық, ашкөздік мінез-құлықтары бірден көзге түседі. Сондықтан балаларға мультфильмді мағыналы, кейде сыни тұрғыдан қабылдауға үйрету керек, бұл болашақта оларды сапасыз теледидардың зиянды әсерінен белгілі дәрежеде қорғауға мүмкіндік алады.

Ұсыныс:

1. Қазақтың баласы тамырынан қол үзіп қалмасын десек, ұлттық нақыштағы, бүлдіршіндерді қызықтыра білетін, бір көргенде елітіп әкететін мультфильмдер түсіру қажет;

2. Абай атамыздың қара сөздерін басшылыққа ала отырып, байланыстырып балаларға үлгі болатындай адамгершілік этикасы жоғары және түсінікті тілде мультфильмдерді даярлау;

3. Ата-ана мультфильмді балаға көрсетпес бұрын өзі қарап алу қажет. Қай мультфильмді қараса да, ата анасы мүмкіндігінше бірге көргені абзал. Түсініксіз жерін түсіндіріп, жаман кейіпкерлерінің жаман жерін, жақсы кейіпкердің үлгі аларлық тұстарын айтып отырғаны дұрыс.

Әдебиеттер

1. egemen.kz

2. Кунанбаев А. Слова назидания – Алма-Ата «Жалын» 1982. Перевод С.Санбаева

3. Баркан А. В. Дети нашего времени. - М.: ООО «издательство Дрофа Плюс», 2007.

4. Корешкова М. Н., Королева М. В., Кузовлева О. А. Влияние современных мультфильмов на культуру поведения дошкольников

АБАЙ МҰРАСЫ – РУХАНИ АСЫЛ ҚАЗЫНА

Халық Алтын Аманжолқызы
*Кейкі батыр атындағы №4 жалпы
орта білім беретін мектебі*
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Аңдатпа. Менің бұл жазған мақаламда ақын саналы ғұмырын, күш-қуатын санаткерлікке жұмсаған, бірақ заманы ақынның жан егілген әндерін сүйсіне тыңдағанымен, тамылжыта салғанымен, мұңлы өлеңдерінің, аталы сөздерінің ой қатпарларына тереңдей алмай, сөйтіп, ақынның өз халқына айтқан ақыл-өсиеті жаһан далада адасып қалғаны туралы жазылған. Абай – артына өлмейтұғын сөз, өнеге, өсиет қалдырған, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ғасырдан-ғасырға асып, туған халқымен бірге жасаса беретін кемеңгер болып қала береді.

Аннотация. В этой статье я пишу о том, что поэт посвятил свою жизнь и энергию искусству, но, несмотря на то, что он слушал вдохновляющие песни поэта, он не мог вникнуть в глубины его печальных стихов и пословиц, и послание поэта своему народу было потеряно в мире. написано. Абай - гений, оставивший после себя бессмертное слово, пример, завещание, передаваемое из поколения в поколение, передаваемое из поколения в поколение и работающее с родным народом.

Annotation. In this article I write about the fact that the poet dedicated his life and energy to art, but, regardless of the fact that he listened to the inspiring songs of the poet, he could not immerse himself in the depths of his sad verses and recitation of poems the world. written. Abai is a genius who left after himself an immortal word, an example, a will, passed down from generation to generation, passed down from generation to generation and working with the native people.

Абай – қазақтың ұлттық педагогикалық озық үлгілерін дамытушы, жаратылыстың құпиясына, табиғат пен қоғамның, адам мен заманның сырына терең бойлаған данышпан, кемеңгер ойшыл. Абай педагогиканың ішкі сырын терең де, жан-жақты білген. Абай ерік қайраттың адам өмірінде алатын орнына ерекше мән берген, әркімнің өзін-өзі билеуі, өзінің мінез-құлқын басқаруы, мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жеңуі – бәрі де ерік қызметінің нәтижесі. Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты – адам тәрбиесі. Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абайдай ағартушыға өте орынды айтылған. Ойшыл ақынның ағартушылық тұрғыдағы педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат - «Толық адам» етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған. Абай шығармашылығы-әдебиеттің, мәдениеттің ауқымынан анағұрлым асып кететін ғажайып құбылыс. Абай - ұлттың атасы, халықтың рухани әкесі. Абай атасынан кемеңгер боп жаратылып, анасынан дана боп, еліне пана боп, өз заманынан ойы озық туған ғұлама; халқының мұңшысы, ұлы ақыны; қазақ үшін дертті болған, сол дертінен айыға алмай кеткен, жан жарасы жазылмай кеткен, кеудесі қайғы мен қасіретке толы қазақ тарихындағы ең ірі трагедиялық тұлға; өз ұлтын

өркендеген өнегелі елдің қатарында көруді көксеген ойшыл. Қазақ қоғамы, оның болмысы, келешегі туралы соншама толғанған; ұлтының табиғатын, жаратылысын дәл таныған; елі үшін күйіп-піскен, азапқа түсіп, қасірет шеккен, қазақтың кемшілігін жанға батырып бүкпесіз ашық айтқан Абайдан асқан кісі болған жоқ. “Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман”, дегенді Абай жасы жетіп қартайғандығынан айтқан жоқ, Абайды жасына жетпей қартайтқан – қазақ, оның қылығы. Заман өзгерер, қоғам өзгерер, адам өзгерер, бәрібір қазақ түбінде Абайға жүгінеді, оның өсиетіне, аталы сөзіне тоқтайды.

Абай адам алдындағы парызына дақ түсірмей, ақиқатқа жан-тәнімен қызмет етіп өтті. Саналы ғұмырын, күш-қуатын санаткерлікке жұмсады, бірақ заманы ақынның жан егілткен әндерін сүйсіне тыңдағанымен, тамылжыта салғанымен, мұңлы өлеңдерінің, аталы сөздерінің ой қатпарларына тереңдей алмады, жанына дарыта алмады, сөйтіп, ақынның өз халқына айтқан ақыл-өсиеті жаһан далада адасып қалды. Абай табиғатынан ақын болып туғанымен, жас кезінде өлең шығарумен еркін айналыса алмайды. Заман ағымына, халықтың ұғымына қарай Құнанбайдай кемеңгер әкенің Абайдан күткені басқа еді. Билік үшін арпалысып өткен дала көкжалы Абайды ел тізгінін ұстауға баулыды. Құнанбайдай әкенің ырқынан шығып, ақындық әлемге қанат қағу жас Абайға оңай болған жоқ. Абайдың алдында күрделі де қым-қуыт өмір жолы тұр еді. Абай тек ақын ғана емес, сонымен бірге жүрек тербеген оқиғалы, ғажайып әндер де шығарған композитор.

Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй! –дейді Абай. Өнерге Абайша ғашық болу, әнді Абайша қастерлеу бір басқа. Абай халықтық өнердің қайнарынан мол сусындаған. Сусындай отырып, қазақ поэзиясы мен қазақ музыкасын шырқау биікке көтерген, әнге де жаңа ырғақ, жаңа мән-мағына әкелген.

Құр айғай бақырған

Құлаққа ән бе екен? –дейді Абай. Осы сөзі дәл бүгінгі біздің жастарға арнап айтылғандай. Қазір жастардың дәстүрлі әннен қол үзіп, батыстың мағынасыз, даңғырлақ, әулекі музыкасына бой ұрып бара жатқандығын ойлағанда елдің келешегі, қазақ өнерінің болашағы не болады деп мұнаясың. Абай өлеңдерін оқу, оның қадір-қасиетін сезіну, асыл ойларын зердеге сақтау ынтасы да, ықыласы да бүгінде бұрынғыдай емес. Тек Абай ғана емес, жалпы кітапқа құштарлық, кітапқа құмарлық бәсеңдеді. “Қорқамын кейінгі жас балалардан” дегенде Абай осы сұмдықты сезген бе деп ойлайсың. Байқап қараған адамға Абайдың бүкіл өмірі қазақты ел болуға, өзге жұрттан кем қалмауға үндеумен өтті. Жалғыздықтан қамығып, білімсізбен алысып, елге сөзі өтпей, “Қадірлі басым, қайратты жасым, Айғаймен кетті, амал жоқ”; “Болмасқа болып қара тер, қорлықпен өткен қу өмір”, “Толды қайғы кеудеге, сырласа алмай, сөз аша алмай пендеге” деп қорланады, құлазиды Абай. Елге сөзі өтпеген соң: “Туған жерді қия алмай, тентекті тия алмай, әлі отырмыз ұялмай. Таба алмадық өңге елді. Өзелде Тәңірім сорлы етті, арсыз елмен әуре

етті, жалғыз үйде күнірентті, тағдырға білдік көнгенді”, – деп ел-жұртын қанша қақпайлағанмен, ештеңе шығара алмайтынына, қанша айтса да қазаққа сөзінің өтпейтініне көзі жеткен хакім өз тағдырына көнгендей болады. Елі-жұртын қиып ешқайда кете алмай, дегеніне жете алмай, ұлы ақынның өмірі құсалықпен, жалғыздықпен өтеді. Бәрібір, сонда да халқынан күдерін үзбейді. Оны мына өлеңінен айқын аңғарамыз:

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
Түбін ойлап, уәйім жеп айтқанмын.
Ақылдылар арланып ұялған соң,
Ойланып, түзеле ме деп айтқанмын.
Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы сыртын қойып, сөздің ішін.
Біржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Абайдың осы сөзі дәл бүгінгіге арналмаған деп кім айта алады. Бұл сөз, бүгінгіні қойып, келешекке айтылған сөз. Халқын надандық шырмауынан, бодандық бұғауынан азат етуге ниет қылған Абай адаммен де, заманмен да арпалысып бақты. Қараңғы түнді қақ жарып сәуле төкті. Шалғай ауылда, Қарауылда – Шыңғыстауда отырып-ақ бүкіл қазақтың мұңын мұндап, жоғын жоқтады. Қазақтың жоғын жоқтай отырып, өз қазағын қатты сынады. Сынағанда жек көргендіктен емес, жаны ашығандықтан, күйінгендіктен сынады. Өз халқын сынай отырып, сүйе білді. Абай “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың, Жақсы менен жаманды айырмдың, Бірі – май, бірі – қан боп енді екі ұртың” деп күйзелді.

Абай – анық ұлттық, халықтық ақын, ғұлама ойшыл. Сол кездегі қазақ ауылының қоғамдық қалпын айна-қатесіз таныды. Абайдың көптеген өлеңдерінде (“Қартайдық, қайғы ойладық”, “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым”, “Күлемны – отбасының тірегі ретінде жырлайды, оның жанқиярлығын, даналығын, шын көңбайға”, “Көжекбайға”, т.б.) надандық, даукестік, паракорлық, арамтамақтық, қазақ халқын билеп-төстеушілердің рухани жүдеулігі өлтіре сыналады. Отбасына, ата-анаға, жас ұрпақты тәрбиелеуге, әйелге әсіресе, қазақ әдебиетінің тарихында тұңғыш рет осы Абай шығармаларынан жаңа көзқарас көрінеді. Қазақ әйелін, анаілмен берілген достыққа беріктігін, адал жанының тұтастығын мадақтайды.

Абай әлемі шексіз. Абай заман ағымын қатты сезінді. Ілгеріні болжады. Соған ыңғайлап қазақ халқын тәрбиеледі. Сөйтіп, ұлтының ұстазына айналды. Абайдың кез келген сөзі өнеге, әр сөзі өсиет. “Кісіге біліміне қарай болыстық қыл, татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады”, “Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың”, “Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың”; “Сократқа у ішкізген, Жанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, Пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал”; “Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол”; “Бағың өскенше тілеуінді ел

тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің”, – дейтін Абайдың дана сөздері мәңгі-бақи қазаққа қызмет ететін сөздер.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.

Сөз қадірін Абайша түсініп, Абайша сезіну үшін үлкен жүрек, терең ой, кемел ақыл, ыстық сезім керек еді. Өлеңді – сөз патшасына теңеген Абай өзі де сөз патшасына, өлең құдіретіне айналарын сезген болуы керек. Иә, Абай заманын біз қанша “надан” көргенімізбен, сөзге тоқтайтын, сөз қадіріне құлақ асатын, “айтылған сөз – атылған оқ” деп сөзді сертке балайтын заман болатын. Соның өзінде: “Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел!” – деді Абай. Бірақ тыңдаушыға көңілі толмады. “Тыңдаушымды ұғымсыз қылып тәңірім бергенді”, – деп қиналады. Ендігі жерде Абай өсиет қылып, аманат етіп қайта-қайта айтып кеткен ұлттығыңды ұлықтау, ата-ананы ардақтау, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, жаманнан жирену, жақсыдан үйрену, әдептен озбау, өткенді игеру, ата салтын бойға сіңіру, сөзге тоқтау, қызға қырық үйден тыю – қазақ арасында бұлжымас заңға айналуы керек. Данышпан Абай осылай дейді. Мынау жалған дүниеде бес күндік тіршілік үшін, ертең артта қалатұғын сай үшін, соятұғын тай үшін айтысып-тартыспа, боқтан өзгеге таласып қырқыспа, бір-біріңнің қадіріңді біл, “адамды сүй” деп анық айтып отыр ғой Абай. Амал не, Абай өсиетін орындап, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып отырған елді әлі көре алмай отырмыз. Кейде өз қандасын сыртқа теуіп, жатты көрсе жорғалап жүргендерді көргенде көңілің су сепкендей басылып, құлазиды.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма, – деп, кейінгіге басу айтады. Біз Абай жүрегінің тереңіне қанша үңілсек те, оның жұмбақ жанының құпия сырына әлі бойлай алмай келеміз. Абайдың “алысып өткен мыңы” кім еді? Абайдың алысып өткені – өз заманындағы надандар мен тоғышарлар ғана емес еді, сонымен қоса адам бойындағы мың сан кесел мен кемшілік еді. Абай ел болудан қалып бара жатқан, етек басты, ошақ қасы тірліктің, хас надандықтың шырмауына түскен айналасынан түңіледі. Абайдың ішкен уы, тартқан азабы, шеккен қасіреті – бәрі де, өкініші, қазақ арасынан табылды. Оның бәрі де қазақтың денін жайлаған дерт, жегі құрт еді. Алды-артын тіреп тұрған, байлығы асып-тасқан аға сұлтан Құнанбай шонжардың баласы Абайды осыншама қайғыға салған, ойын ойран қылған, дүниеден түңілдірген қандай қасірет деушілер де болған өз заманында. Абайдың қайғысы – азаматтық қайғы, ел қайғысы еді.

Абайдың бойындағы ел дертіне – жанындай жақсы көрген, текті боп туған балаларының бірінен соң бірі өлген қайғысы қосылды. Ақын жүрек мұның бәрін көтере алмады. Жан азабын кешті. Сөйтіп қайран арыс өмірден ерте кетті. Абайдың өзі өлгенмен сөзі өлген жоқ. “Өлді деуге сыя ма ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған”, – деп кемеңгердің өзі

айтқандай, Абай – артына өлмейтұғын сөз, өнеге, өсиет қалдырған, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ғасырдан-ғасырға асып, туған халқымен бірге жасаса беретін кемеңгер.

Сырт қарағанда Абайды білмейтін қазақ жоқ секілді. Көзімізді ашқаннан Абай есімі жадымызда, бейнесі көз алдымызда. Мектепте Абайды оқып өстік. Қала сайын Абай атында көше бар. Абай атында қала, аудан, ғылыми институт, университет, көптеген театрлар, мектептер бар. М.Әуезовтен бастап Абай жөнінде қалам тартпаған ақын-жазушы жоқ. Абай жөнінде кино және басқа өнер шығармалары да жеткілікті. Ақын әндері күн сайын шырқалып, кітаптары қайта басылып шығып жатыр. Иә, Абайды білетін сияқтымыз. Ал шынына келсек, Абайды білдік, таныдық, тереңіне бойладық деп айта алмаймыз. Біз Абайды терең танып-білуге талпынбадық демейміз. Талпындық, талаптандық. Өкініші, бойымызға сіңіріп, зердемізге қондыра алмай келеміз. Абайдың мұңы, Абайдың зары – халықтың, ұлттың зар-мұңы. Ел болудың, ұлт болудың қағидасы, қам-қаракеті екенін терең ұғына алмай келеміз.

Біріңді, қазақ, бірін дос,
Көрмесең істің бәрі бос! – дегенді де айтқан Абай.

Абай заманындағы қазақтан қазіргі қазақ көп өзгере қойды деп айту да қиын. Алауыздық, пасықтық, көре алмаушылық, топшылдық, қиянатшылдық, дүниеқорлық, өзгеге жалпақтап, өзінді менсінбеу, жайдақтық, жалтақтық, билікке, мансапқа құмарлық, сатқындық, надандық әлі де ұлтымыздың бойынан арылмай келеді, ұлтымыздың айықпайтын дертіне айналғандай.

Абайдан сөз қалмаған. Қазақтың табиғаты, болмысы, қайтсе адам болатыны жөнінде айтқан ұлағатты сөздерін бойға, санаға сіңіру, ұлы ақынның бай мұрасынан ғибрат алу бұрынғыдан да бүгін керегірек болып тұр. Сондықтан да күн сайын Абай рухымен сырласып, кейде тіпті, ол кісімен мұндасып, елдігіміздің, ендігіміздің жайын кеңірек ойласып отырғанымыз дұрыс болады. “Абай – қазақ халқының рухани көсемі” деп жазды Нұрсұлтан Назарбаев. Абай расында халқымыздың рухани көсемі. Абай қашанда қазақ халқының рухани ұлы көшінің басында. Абайды құрметтеу – өзінді құрметтеу, Абайды қастерлеу – ұлтыңды қастерлеу деген сөз.

Әдебиеттер

8. Рухнама. Кереку-Баян кітапханасы // Абай Құнанбаев, 6-шы кітап., - Павлодар, 2003.
9. Абай Құнанбайұлы / Шығармаларының екі томдық толық жинағы.-Алматы: «Жазушы», 2005., 2т.
10. Әуезов Мұхтар. Абайтану дәрістерінің дерек көздері [Мәтін] / құраст. Л.Әуезова, М.Мырзахметұлы.- Алматы: «Санат», 1997.
11. Абай тағылымы [Мәтін]: әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. Н. Ғабдуллин.- Алматы:«Жазушы», 1986.
12. Сыздықова, Рәбиға. Абай шығармаларының тілі [Мәтін]: лексикасы мен грамматикасы / жауап. ред. М.Балақаев; Қаз. ССР ҒА; Тілбілімі ин-ты.- Алматы: «Ғылым», 1968.

АБАЙ МҰРАСЫ – ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

Хамит Сая Сәбибекқызы
Дене шынықтыру пәні мұғалімі
Арқалық қаласы Б.Майлин атындағы
№3 жалпы орта білім беретін мектебі
khamit.saya@mail.ru

Аннотация: Абай Кунанбаевич, известный как мудрец человечества, - сын казахов, мудрец, главный поэт. Он один из самых талантливых людей XIX века, внесших свой вклад в наше духовное пространство. Произведения великого поэта находятся в сердце каждого читателя. Его благородное наследие - его стихи и непристойности - останутся примером для многих поколений.

Ключевые слова: Наследие Абая, поэт, мудрый мыслитель

Annotation: Abay Kunanbayevich, who became a wise man of mankind, is the son of the Kazakhs, a wise man, the main poet. He is one of the most talented people of the XIX century, who contributed to our spiritual space. The works of the great poet take place in the heart of every reader. His noble legacy - his poems and obscenities - will remain an example for many generations.

Keywords: Abay's legacy, poet, wise thinker

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ – барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін...

Ойымды ақын, ағартушы, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философия Абай атамның осы бір өлең жолдарымен бастасам деймін. Осы өлең жолдарынан ақынның әр өлеңін, әр шығармасын жастарға мұра етіп, олардан үлкен үміт күтіп, үлгі көрсетіп жазғандығы көрінеді. Абай мұрасы - қазақтың ең қасиетті қазынасы. Абай өзінің халқымен мәңгі бірге жасайды. Ғасырлар бойы қазақ елін жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», - деп Н.Назарбаев айтқандай, Абай мұрасы біз үшін мәңгілік. Ақынның жас ұрпаққа айтар ақылы да, уағызы да аз болмаған. Ол халық тәжірибесі танытқан шындықты айта отырып, жастарды адамгершілік жолға, адал достыққа үгіттейді. Ұлы дананың қай шығармасын алып қарасақ та, оның астарында сарқылмас қазына, үлкен тәлім – тәрбие жатыр. «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа», - деп ең әуелі адам баласы адам болып қалу керектігін баса айтқан. Өз заманында да сан түрлі оқиғаның куәсі болып, жемқорлық, әлімжеттік сынды жаман қасиеттерге қарсы тұрып, сол қасиеттерді ұрпақ бойынан көрмес үшін адамдықты, адалдықты тереңнен жырлап, толғана насихаттаған. Абай шығармаларын оқыта отырып, ұрпақты Абай үлгісінде тәрбиелеу – ізгілікке, имандылыққа, адамдыққа, биік адамгершілікке бастайтын жол. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы-халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына

өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізді. Ақынның дүниеге келгеніне бір жарым ғасыр, ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына сөздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани өміріндегі қай бұрылыстар мен қай құбылыстар тұсында да айнымас темірқазық, адастырмас құбыланама болып қызмет етіп келеді. Бұл күнде Абай сөзі әр қазақтың ағзасына ана сүтімен бірге дариды десе, артық айтылғандық емес. Ана сүті тән қорегі ретінде жас сәбидің буыны бекіп, бұғанасы қатаюына қызмет етсе, ақын сөзі оның санасына адамдық пен азаматтықтың ұрығын сеуіп қызмет етеді».

Заман ауысып, уақыт алға жылжыған сайын халқымыз ғұлама Абайдың рухани дүниесіне терең бойлап, оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түсуде. Ұлы бабамыздың шығармашылығы бүгінгі заман талабына сай қайта түлеп, жыл өткен сайын жаңғырып ұрпақ тәрбиесінде өзіндік үлес қосып келеді. Абайдың жазған шығармалары эстетикалық немесе сезімге, адамның рухани әлеміне әсер ету құралы ғана емес, ақынның шығармашылық шеберханасынан қазақ халқының ұлттық болмысы мен салт – санасы, тұрмыс – тіршілігінің суретін танып, жалпы мәдениеті туралы көп мағлұмат алуға болады. «Адамды адам қылатыны – сезім, ой, рух, білім, өнер, адамгершілік, сана, әрекет», – деп айтып кеткен ғұлама халық өміріне, ұлт болашағына бей – жай қарамаған. Осылардың бәрі болса, адам өз – өзімен табыстырады, өзін өзгемен жарыстырады, қала берсе халық игіліген сай келтіреді.

Ойшыл ұлы ақын білім алу саласына да өз көзқарасын болашақ ұрпаққа үлгі болсын деп, білімнің екі түрі болады деген ұғым білдірген. Білімнің біріншісі – материалдық түрі; екіншісі – рухани. Бұл Абайдың өзінің зерттеген ұғымдары. Абай ұғымдарының, оның шығармалырының, өлеңдерінің қайсысын зерттеп талдасақ та, берер үлгі – өнегесі, көрсетер тағылымы өте зор. Бүгінгі уақытта Абайдың кім екенін сұрасақ, әр адам: «Абай- дана ақын, өз заманының озық ойлы демократы, тіл ағартушысы, терең ойшыл, қоғам қайраткері, көрнекті ақын, сөз өнеріне өз үлесін қосқан талантты сазгер, артына татымды ән мен ойлы күй қалдырған асқан өнер иесі», – деп айта алады. Биыл ұлы тұлға – Абай Құнанбайұлының туылғанына 175 жыл толуына байланысты еліміздің барлық аймақтарында Абай атамыздың шығармашылығына арналған көптеген түрлі іс-шаралар өткізілуде. Абай қазақтың ұлы ақыны. Ол - ел жұртының болашағын ойлап, халықты ауыр тұрмыстан, азаптан құтылудың жолын меңзеп, оқу-білімге шақырған. Жаман әдеттен арылып, жақсылықты өн бойына жинауға үндеген. Абай - өзі сүрген ғасырдан өзіне бейтаныс, басқа бірақ, жақын болашаққа сенімді жол салған ақынның өзі еді. Ол жарқын болашаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті. Ол жол ғылым, білім, өнер, мәдениет жолы еді.

Абай мұрасы – адамды адам етіп тәрбиелеудің жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың қайнары. Абайдың мұраларының танымдық-тағылымдық мәнін зерттеу тың мәселе. Ұлылардың өмірі мен тағылымы арқылы ұрпағын тәрбиелеу - әсіресе қазақ халқында ежелден-ақ келе жатқан үрдіс. Бұл жерде сөз өнерінің атқарған орны ерекше болған. Ұлтымыздың осы бір жақсы әдет-салты бүгінгі тәрбие үрдісінде тиімді екені даусыз мәселе. Адамзат ақыл-ойы, ақындығының ірі

тұлғасы Абай тағылымы білімнің де, тәрбиенің де қайнар бұлағы екені түсінікті. Ұлы дананың қай шығармасын алмайық, оның алтын қазығы – Адам. Ол нағыз Адам, Толық Адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап береді. Мысалы, «Атымды Адам қойған соң қайтып надан болайын», «Адамды сүй, алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа» - дейді. «Адамды сүюден басқа қызық жоқ» деген пікірінде қазір көп айтылып жүрген гуманды педагогика ұстанымдары жатыр. Осы жерде жас ұрпақты тәрбиелеу ісі ең алдымен, оларды адамды сүюге баулудан басталуы керек деген тұжырым шығады. Абай мұрасы, тағылымының өміршендігін бүгінгі тәрбие үрдісінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер арқылы дәлелдеуге болады.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла,
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз күрестім кінә қойма.
Мақсатым тіл ұстарту өнер шашпақ,
Наданның көзін ойып, ойын ашпақ.
Үлгі алсын деп ойлы жас жігіттер,
Думан, сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Абай болашақ ұрпаққа осы сөзін арнап, ұлы ақын, үлкен мұра қалдырды.

Абай мұралары адамгершілікке, парасаттылыққа шақырады. Ол өз халқын ғана емес, бәрін де білім – ғылымға үндеген ұлы тұлға.

Абайдың табиғат лирикасын қазіргі заманда әр оқушы біледі. Ақын табиғатты ерекше жырлаған. Табиғаттың төрт мезгілі туралы өлеңдерінде Абай өзінің сырын, биік парасаттылығын, қиялын, ойымен ерекшелейді («Ақ сақалды, денелі, ақ сақалды..»).

Адамның өміріне, еңбегіне шын көңілмен септігін тигізіп, көрегендікпен айта білді.

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған,
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған.

Абайдың жазған шығармалары эстетикалық немесе сезімге, адамның рухани әлеміне әсер ету құралы ғана емес, ақынның шығармашылық шеберханасынан қазақ халқының ұлттық болмысы мен салт-санасы, тұрмыс-тіршілігінің суретін танып, жалпы мәдениеті туралы көп мағлұмат алуға болады.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша, Абай өз заманын, қазақ қоғамын, мәдениетін, экономикалық жағдайын тарихшы немесе өнертанушы болып айтпаған, ақын болып сөзден сурет салып, сөз кестесін, өлең өрнегін құрастырады. Осылардың бірі - өз халқының рухани мәдениетіне қатысты. Абай өз шығармашылығында киім атауларына да өз назарын білдірген «Қазақтың киім-кешегі- айналадағы ортаның іс-қимылымен байланысты». Абайдың айтуы бойынша, «киім кию салты арқылы адамның мінез-құлқы, қоғамдағы орны, болмысы анықталады». Оның кейіпкері алтын-күміс кигені, қамқа торғын болса да, «махаббат, қызық мол жылдарын» байлыққа айырбастап, ет жүрегін саудаға салмайды («Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында»). Қазіргі тілмен айтқанда, жоғары эстетикалық талғамы қай заманда да

қазақ қыздарының сұлулығы мен әсемдікті серік еткенін танытады. Материалдық мәдениетін – киім арқылы, адамның рухани мәдениетін, мінезі арқылы сипаттайды. Абайдың осындай бір көзқарасы творчестволық өмірінде ерекше орын алады.

Абайдың ақындық әлемі мағыналық ауқымы өте кең. Абай мұрасы – өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейтесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия. Ұлы ағартушы, ақын, сазгер Абай өмірінің соңына дейін қазақ халқының жарқын болашағы үшін күресті. Оның өлеңдерінде, қара сөздерінде сол замандағы қазақ халқының өмірінің көркем бейнеленген шындығы жатыр. Артына қалдырып кеткен аса құнды мұраларында Абай адам бойында кездесетін жаман мінез-құлықтарды сынады, адамдықты, ақыл мен білімді алға қойды және жастарға ақылға, еңбекке сүйеніп өмір сүруді, жамандық жасамауды, адамгершілікті сақтауды өсиет етті. Қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгер Абай Құнанбайұлы-өз ұлтының реалистік гуманистік жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ поэзиясын қоғамдық дамудың озық деңгейіне бағыттап, өз кезінің ең басты мәселелерін деп бейнелеп, дұрыс қорытынды шығара білген прогресшіл ақын. [1-5 бет]

Абай поэзиясы ақын өзі өмір сүрген тұтас біз тарихи дәуірді жан-жақты, барынша толық бейнелеп берді дейміз. Бірақ ақын шығармалары жарты ғасырды қамтитын тарихи дәуірді танытады деу аз. Сол замандағы қоғамдық өмір салтының ой-сана, ұжым-түсініктердің бірнеше ғасыр бойы қалыптасқанын, түп тамыры әріде жатқанын ескерсек, Абай поэзиясы қоғамның дамуындағы бір елеулі кезенді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттық мінез-құлқын тарихи тұрғыдан кең арнада алып, қоғам көшінің жеткен жерін ғана емес, өткен жолында танытарлықтай етіп көрсете білді дегеніміз жөн болар.

Данышпан Абай өз шығармаларында «Ісім өнсін десең, ретін тап», - деп кәсіпкерлік туралы да айтқан. Кәсіпкерлікке еңбекті насихаттау мақсатында көңіл бөлген. Абайдың арманы – қазақ халқын бай елдердің қатарында көріп, малды адал жолмен тауып баю, басқа біреуге тәуелсіз болу. Бүгінгі кезде, егер еліміз бәсекеге қабілетті елу елдің қатарынан орын алса, Абайдың арманы орындалғаны. Ақынның келесі ойларын бүгінгі күні кәсіптік заманы кезіндегі адамға ұсынуға болады.

1. Өз-өзіңе есеп беріп тұруды ескер;
2. Дамыған елдің тәжірибесін меңгер;
3. Мал табам десең, арланба;
4. Ақыл мен еңбекті тең ұста.

Абайдың творчествосында адам мәселесі бір ерекше орын алатын. «Адам бол!» - деген сөзді ту етіп көтерген. Ақынның өлеңдерінде жиі кездесетін сөздер: «адам болу», «жарым адам», «адамшылық» және т.б. Бұл адамның психологиялық, эстетикалық, танымдық және әзіл-сықақ, кеңес беру «қарасөздері» арқылы айтылады. Абай психолог ретінде адамның рухани байлығын, адамдық қасиеттерін, элеуметтік этика, қоғамды көркейтуге жол көрсеткен. Оның ойынша, әр адам арлы, адамгершілік қасиеттері жоғары, сабырлы, ұят пен қанағатты білетін, иманды, игі жүректі болу керек.

Абай: «Адамды нағыз адам қылатыны- сезім, ой, рух, білім, өнер, адамгершілік, сана, әрекет, - дейді. Осылардың бәрі болса, адам өз-өзімен табыстырады, өзін өзгемен жарастырады, қала берсе, халық игілігіне сай келтіреді.

Ұлы ақын адамның жан көріністерін көз жіберу немесе тексеру арқылы да білдіре алады. Мысалы, көру құралы – көз туралы мынадай тіркестер бар: «үлкендеу келген қоңырқай саналы көздер», «нұрлы көз», «ойлы оты бар, жанған көздер», «ұялы қара көз». Осының бәрі- ойлылық, ақыл мен парасат, ізгілік пен ізеттілік, көңіл күйініші мен сүйінішін білдіреді. Ал «суық», қомағай», ашу», «нұрсыздық» деген сөздер адамның ішкі көрінісін айқындайды. Ойшыл ұлы Абай білім алу саласына да өз көзқарасын болашақ ұрпаққа үлгі болсын деп, білімнің екі түрі болады деген ұғымын берген. Білімнің біріншісі – материалдық түрі; екіншісі – рухани. Материалдық білімге табиғатты зерттейтін барлық ғалымдар, оның ішінде қоғамдық қатынастар жөніндегі көпшілік білімдер жатады. Рухани білімге- табиғатты және олардың арасындағы қарым-қатынасты қамтиды. Материалдық білім- рухани білімнің бір бөлігі, сондықтан рухани білім материалдық білімді қамтиды. Бұл Абайдың өзінің зерттеген ұғымдары.

Абайдың айтуы бойынша, білім алу әдістері де үшке бөлінеді:

- 1) білім алу сезімдері арқылы;
- 2) көріп-білген нәрселерді логикамен саралап білім алу;
- 3) басқа біреуден есту арқылы.

Халқының келешегін ойлап егілген, сол үшін ұнамсыздықты аямай сынау арқылы түзетуді ойлаған Абайдың жас ұрпаққа айтар ақылы да, уағызы да аз болмаған. Соның бірі- достық мәселесі. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде ол тіршілікте өзі көрген, халық тәжірибесі танытқан шындықты айта отырып, жастарды шын адамгершілік жолына, қиянатсыз, адал достыққа үгіттейді. Оларды жалған татулық, бояма мінезден сақтандырады.

Абай үлкен достықты отбасылық өмірден, жастар сезімінің тұрақтылығынан, әйелге адамгершілік, әділет тұрғысынан қараудан іздеді. Ол жастардың адал махаббаты мен шын достығын уағыздады. Ескі әдет-ғұрып заңдары бойынша өзі бастан кешкен өмір сабағына сүйене отырып, ол шынайы достық сезімді жоғары қояды. Жас ұрпақты ескі тәрбиенің кертартпа жағынан жирендіріп, жаңа өнеге ұсынады. Бұл тұрғыдан оның «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп», «Кейде есер көңіл құрғырын» деген өлеңдерін еске алу орынды. Бұл өлеңдердің лирикалық кейіпкері- шын достық пен махаббатын таппай күйзелген жан. Ол «сол досты» іздеп күңіренеді, жоқтайды.

Махаббатсыз дүние бос,
Хайуанға оны қосыңдар.
...Пайда, мақтан-бәрі тұл,
Доссыз ауыз тұшымас,-

деген өлең жолдары- мазмұны жағынан ақынның ой түйіні, өсиеті іспетті. Бұл өлеңдер жас ұрпақты ақын аңсаған достыққа, махаббатқа үгіттейді.

Қазақ халқының мақтанышы Абай Құнанбаевтың ақындығы түпсіз терең мұхитпен тең десек, қателеспеген болар едік. Ғажайып суреткер, нәзік лирик, көркемсөз шебері, ең алдымен- ойшыл ақын. Бұл пікір ақынның өмір

құбылыстарын терең толғап айту жағы басым келетін өлеңдеріне, философиялық дүниетанымына және оның қара сөдеріне, әсіресе дінге, Алланың болмысы, имандылық туралы толғаныстарына қатысты. Ақын шығармашылығында өзі өмір сүрген тарихи дәуірдің тұтас бейнесі көрініс тапты. «Абай поэзиясы қоғам дамуындағы бір елеулі кезеңді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттың мінез-құлқын тарихи тұрғыдан кең арнада алып, қоғам көшінің жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп көрсете білді», - деген академик З.Ахметовтың пікірі Абай поэзиясына берілген әділ баға. Абай шығармашылығы уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан өсіп өркендеп отыратын асыл мұра болып ұрпақтар санасына орын алады. Адамды сүйіп, адамды құрметтеуге үндеген кемеңгер ақын поэзиясының түпкі негізі - адам, толық адам. Абай армандаған толық адам өнерлі, білімді, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, ыстық қайратты ғылым жолына түскен іздепаз болуы керек. Ал махаббат пен сүю, адамды сүю, Алланы сүю, әділетті сүю Абай шығармаларының биік мұраты.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер. Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға», деген болатын. Шынында да, дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл – классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр.

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

Абай өзінің туған халқымен мәңгі –бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді. Абайды оқу арылы, оны әлемге таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай мұрасы – адамды адам етіп тәрбиелеудің жан – жақты дамыған тұлға қалыптастырудың қайнары. Абай мұрасы – қазақтың ең қасиетті, теңдесі жоқ, алтын қазынасы. Біздер, ұстаздар осы ұлы Абайдың мұрасын үнемі есімізде сақтап, жас ұрпақты тәрбиелеудеміз. Абайдың мұрасы мәңгілік!

Әдебиеттер

1. «Абай» Жыр жауһары «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» Алматы 2008
2. «Абай энциклопедиясы» Алматы 2000
3. «Тіл журналы» 2017, №4 [136]
4. Қ.Бітібаева «Абай шығармашылығы» [5-66]
5. Қ.Мұхамедханов Абай шығармаларына түсініктеме Алматы-2009 [19-6]

АБАЙТАНУ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Уахитова Алмагуль Абдуалиевна
Н.Құлжанова атындағы Торғай
гуманитарлық колледжінің қоғамдық
пәндер оқытушысы. Арқалық қаласы
auahitova563@gmail.com

Аннотация. В этой исследовательской работе описывается жизнь Абая и раскрывается творчество Абая. Произведения Абая направляет воспитание быть человечным, нравственно гуманным, духовно чистым, честным. Надо уделять много времени на поведение молодежи. В ходе исследования: основная цель направлена на духовно – религиозные очищения, путь к светлой жизни только через просвещение, науки и знания. Материалы точно собраны, применила интересные сведения. Смысл и цели использования, имеет научное значение.

Abstract. This scientific project presents the spiritual novelty of Abai's works. The wise man's thoughts and noble words, verses and verses of the poet always shine like light thing and the chests light up. During the study, propagation of knowledge and science will inspire spiritual refinement by reducing the effects of darkness while maintaining purity. The materials used compact interesting information. The meaning and the purpose of use are scientific.

*«Абай сөзі – қазақтың бойтұмары.
Абай мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы»,
Нұрсұлтан Назарбаев.*

Қазақ әдебиетінің негізін қалаған Абайды танудың және оның мұрасындағы адамдық пен адалдық, еңбекқорлық пен іздемпаздыққа баулитын өлеңдері мен қара сөздерінің мән-маңызын зерделеудің маңызы зор. Себебі ақынның өміршең идеялары мемлекетіміздің бірінші басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көрініс тапқан. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет» дегенді айтты. Н. Назарбаев мақаласының негізгі рухани темірқазығы ұлы Абай ақын ілімінің идеясымен үндестігі байқалады. Олай дейтініміз «жоғарыда аталған бағдарламалық мақаласында негізгі басымдықтарды айта келіп, «Бәсекеге қабілеттілік», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы», «Сананың ашықтығы» секілді ерекше бағдарламаларды алға тартқан болатын.

Ойшыл Абай халқының мүшкіл халін ойлап, өткір сөзімен сол қауіптен құтылар сара жолды көрсетті. Яғни, Абай рухани білімді әлем заңдылықтарының негізгі қайнар көзі ретінде ұсынды. Ендеше, кемеңгерді кеңірек таныту, оның жүрегіне терең бойлау, қазақ баласы үшін рухани тәрбиемен сусындаудың негізгі жолы. Қазақ халқы қоғамның жаһанданған заманына жаңа бетбұрыс жасар сәтінде ақынның жан-дүниесіне тағы бір тереңірек үңіліп, даналықтың нәр бұлағынан сусындап көргені жөн болады. Бүгінгі табиғи экологиялық жағдай сияқты адам жан-дүниесі де экологиялық зардап шегіп жатыр. Ол зардапты залалсыздандыру үшін адамзат рухани жаңғыруы тиіс, жаңғырудың негізгі кілті Абай ілімінде жатыр. Абай ілімінің негізгі өзегі - адам санасының ізгілікке өзгеруі. Ақын қоғам тәрбиесі жеке тұлға тәрбиесінен бастау алатынын көрсетті. Адал жолмен жүрмей адам түзелмейді, адам түзелмей қоғам түзелмейді, қоғам түзелуі үшін әркім жеке-жеке өзін-өзі түзетіп, адалдықтың ақ жолын аңғарып алғаны абзал. Оқырман ойшылды ойлы көзбен оқи алса, онда ол өзін-өзі тазалайды. Жаны таза адам жаман әрекетке бармайды. Жүрекке тұнған Абай ілімі жамандыққа жібермейтіні сөзсіз.

Қазақ халқының XIX ғасырдың соңынан күні бүгінге дейінгі тарихында ұлы ақын, ағартушы, данышпан Абай Құнанбайұлының алар орны ерекше. Абайдың ақындық жолға бет бұрғандығы алғашқы сөзі мәдениет пен білімнің маңызын насихаттауға арналады. Оның 1885 жылы жазған «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі бұл тақырыптағы тұңғыш шығармасы болумен қатар, ақынның сөз өнері жолындағы жаңа ізденісін де танытады. Абай мұнда, ең алдымен, жаңа үлгідегі ақынға керек ғылым жайын сөз етеді. Ғылым-білімді кезінде зерттей алмағанына өкініш білдіреді. Өз қателігін балаларын оқытумен түзеуге бет алғанын айтады. Сонымен қатар ол «Қызмет қылсын, шен алсын» деген халық мүддесіне жат тәрбие жайын мінеп, сынайды.

1886 жылы Абай «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» деген өлеңдер жазды. Мұның алғашқысы ұстаз ақынның кейінгі ұрпаққа айтар өсиеті түрінде жазылған. Бүкіл өлең бойына Абай «ғылым» деген сөзді қайталап айта отырып, адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы - ғылым болуы керектігін түсіндіреді.

Абай өз шығармаларында рухани жұтаңдықты, білімсіздікті, көкірек көзінің мөрлілігін, надандықты, имансыздықты, тоғышарлықты, енжарлықты, жалқаулықты, сөзуарлықты, екіжүзділікті, күншілдікті, мақтанқұмарлықты, мақтансүйгіштікті, дүниеқоңыздықты, мансапқорлықты, көрсеқызарлықты, менмендікті, мақтаншақтықты, еңбексіздікті, әділетсіздікті, сатқындықты және т.б. қай замандарда болмасын адам бойында болатын моральдық-этикалық қасиеттерді сөз ете отырып, адам баласының бойындағы қасиеттерін жақсартуға, жетілдіруге, толықтыруға, жаман қасиеттері болса солармен күресуге, оларды ауыздықтауға талаптануы керектігін түсіндіріп, ғасырлар бойына адамзат баласының ақыл-ойында ұшталып келе жатқан, діни-пәлсафалық, моральдық-этикалық, интеллектуалдық, адамгершілік тұжырымдамасы – толық адам ілімін адамзат қоғамына мұра етіп қалдырды.

Абайдың қара сөздерін оқыған сайын зердең ашылып, парасатың биіктеп, өлеңдеріне үнілу арқылы табиғатты, адамды тани түсетін. Бас ақынның кереметі де осында. Олай болса, оның кез-келген кітабы құнды мұра.

Жалпы, Абайдың қара сөздеріне өзіндік көзқарас тұрғысынан талдау жасасақ, оның қазақ қоғамындағы көптеген көкейкесті мәселелерді қозғағанын көреміз. Айталық, бүгінде адамзат баласының алдында руханиятты дамыту, бейбітшілікті нығайту және табиғатты қорғау сынды зор міндет тұр. Бұлардың қай -қайсысы да біздің тіршілігіміздің қайнар көзі. Басты бағдары десек те артық айтқандық емес. Бірін – бірі толықтырып тұрған ұғымдар. Осы үш бастауға Қазақстанның ғана емес бүкіл әлемнің болашағы байлаулы деп тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаев қадап атап өтті. Мұның ішінде, әсіресе руханият – ең маңыздысы. Себебі адам баласы рухани азықсыз өмір сүре алмайды. Жалпы, әлемдегі кез-келген халықты алып қарасақ, олар ең алдымен тәлім – тәрбиеге, білімге, адамгершілікке үндейді. Болашақ ұрпақтың өн бойына рухани азықты сіңіруге тырысады. Өйткені, тәлім- тәрбиенің адам өмірінде алатын орны ерекше. Ғұлама ғалым, әлемнің екінші ұстазы Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берген білім адамзаттың хас жауы» деген аталы сөзі бар. Осы тұрғыда келгенде, қазақ халқының ұлы ақыны А.Құнанбайұлы өлеңдері мен қара сөздері халыққа ерекше тәрбие береді, адамгершілікке үндейді. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай рет-ретімен жіктейді. Енді тәрбиелік мәні зор, жастар үшін айрықша құнды қара сөздерге көңіл аударайық.

Ақынның «Алтыншы қара сөзінде» «Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың – пысық, ішің – нас,

Артын ойлап ұялмас, — деген сөздері терең тұжырымды тоқтам емес пе? Мұны міне-құлық прагматизмі деп топшылауға болады.

«Жетінші қарасөздегі»: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар — тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді; қуат таппайды. Біреуі білсем екен демеклік. Ал, «білсем» дегендер не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тіптен көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейтіндер бар. Демек, жан құмарлығына салып, білуге, көруге, үйренуге талпынатындар» деген сөздер дәл қазір де өзектілігімен құнды.

Осыған орайластырып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетеді» дегенін салыстырып қарайық. Бұл тұжырым да халқымызда «білуге, көруге, үйренуге» деген құштарлығын қалыптастыруды көздейді.

«Абайтану» курсы әдістемесі мұғалімдерді оқушылардың адамгершілік сезімдері мен бағдарларын Абай шығармалары арқылы дамыту жұмыстарын жүзеге асыру кілттерін, тетіктерін табуға бағыттайды. Ол өз негізінде жас ұрпақты Отанды сүю, елжандылық, азаматтық рухтарында тәрбиелеу құралы да

болып саналады. Абай мұрасы – Адамды адам етіп тәрбиелеудің, жан -жақты дамыған тұлға қалыптастырудың қайнар бұлағы.

Абайдың зерттеу нысанасы – адам. Ол «Толық адам» ұғымын талдай келіп, оның мәні үш сипатты (ғылым, рақым, әділет) болуға талаптану деп көрсеткен. Осы хакім Абай көтерген «Толық адам» қағидатының ұлттық педагогикада «Сегіз қырлы, бір сырлы» ұрпақ тәрбиесінің қағидатымен үндесетінін байқауға болады.

1.1. Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет» дегенді айтты. Және «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні» сияқты «ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», деп айқын көрсетіп берді.

Елбасы мақаласының негізгі рухани темірқазығы ұлы Абай ақынның ілімінің идеясымен үндестігі байқалады. Олай дейтініміз «жоғарыда аталған бағдарламалық мақаласында Елбасы негізгі басымдықтарды айта келіп, «Бәсекеге қабілеттілік», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы», «Сананың ашықтығы» секілді ерекше бағдарламаларды алға тартқан болатын.

«Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көрегенділікті көрсетеді», - деп айтқан болатын. Абайдың ғылым жолдары жөніндегі өсиеттері көптеген өлеңдерінде бар. Ол кісінің 17 және 31-32-ші сөздері түгелдей осы мәселеге арналған. Абайдың білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға шарттарын көрсете келе, оның ғылыми жолына тоқталады, құмарлық-махаббат, шыншылдық әдет, берік сенімділік, ғылымды дамытатын нұрлы ойлы парасат, жақсыны іске асырып отыратын батыл еңбек, шындықты сақтайтын ұстамды қайратты мінез» болуы тиіс.

Абай, ең бірінші - қазақ халқының жаны, ал оның «қа-ра сөздері» әлем мен адамдар мағынасын ұғынудың құнды кітабына айналды. Абай үні ғасырлар өтсе де, өзінің қуатты күшін жоғалтқан емес. «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен... Ат аталып, ар-уақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен... Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді», деген Абай үні ғасырдан артық уақыт өтсе де өзінің қуатты күшін жоғалтпай, тереңдігімен таңғалдырады.

Сөзімді қорыта келгенде, рухани жаңғырудың бастауында ұлы Абай ақынның шығармаларының негізгі ұстанымдары тұрғанын байқаймыз.

Елбасы Н.Назарбаев: «Абайды мұқият оқыған адам оның көзқарастары күні бүгінгі нарық экономикасымен де тікелей үндес екенін айқын аңғарар еді. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен», - дейді

ҚорытындыТоқсан ауыз сөзді тобықтай келе айтарымыз Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – барша қазақстандықтардың ұзақ күткен және жаппай мақұлдап, қолдауына ие болған тарихи бастама. Осынау терең мазмұнға толы бағдарламаға бағыт алып, жүйелі жұмыс жасау өзіміздің қолымызда. Бұл игі бастаманы қолдау, жүзеге асыру – баршамыздың парызымыз.

Абай шығармашылығы уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан өсіп, өркендеп отыратын асыл мұра болып ұрпақтар санасында орын алады. «Соқтықпалы, соқпақсыз» заманда өскен, «Атаның баласы емес, адамның баласы болуды» уағыздайтын ғұлама хәкім «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» деп толғанады. Оның ойынша, адамзатты, әділетті сүю- толық тұлғаға тән басты кісілік қасиет екенін түсіндіреді. Адамды сүйіп, құрметтеуге үндеген кемеңгер ақын поэзиясы түпкі негізі – адам, Толық адам. Абай арманындағы Толық адам өнерлі, білімді, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, ыстық қайратты, ғылым жолына түскен іздемпаз болуы керек. Ал махаббатпен сүю, адамды сүю, Алланы сүю, әділетті сүю – Абай шығармаларының биік мұраты.

Сөзімді қорыта келгенде, рухани жаңғырудың бастауында ұлы Абай ақынның шығармаларының негізгі ұстанымдары тұрғанын байқаймыз. Н.Назарбаев: «Абайды мұқият оқыған адам оның көзқарастары күні бүгінгі нарық экономикасымен де тікелей үндес екенін айқын аңғарар еді. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен», - дейді.

Нағыз жаңғыру – Абай. Абайсыз рухани жаңғыру – мүмкін емес. Ендеше, Абайдың рухани мұрасын танып, оның көрсеткен бағыт-бағдарымен жүрсек жаңылмаймыз.

Әдебиеттер

1. Б.Ыбырайым. Ақындар аманаты: Хрестоматия-компендиум.-Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2012.-360 б.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013.-500б.
3. Абай – мәңгілік поэзия. Егемен Қазақстан. №152 (29133) 10 тамыз 7-б.
4. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006. – 124 б.
5. Абай. Қалың елім, қазағым... Өлеңдер . – Алматы: Атамұра, 2002. -224 б.
6. Абай. Энциклопедия. — Алматы: «Атамұра», 1995.
7. Абай Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Жазушы», 1995.
8. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.15. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1984.

«АБАЙ ӘЛЕМІ»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
9 қазан 2020 ж.

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«АБАЙ ӘЛЕМІ»
9 октября 2020 года

International Scientific and Practical Conference
«THE WORLD OF ABAI»
October 9, 2020.

Компьютерлік беттеу: Г.Қ. Төлебаева
Басуға 7.10.2020 қол қойылды. Гарнитура Times New Roman
Пішіні 29,7x21½. Көлемі 17,36 ш.б.т.
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №01177

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының
Редакция және дизайн бөлімі

110300, Арқалық қаласы
Әуелбеков көшесі, 17
e-mail: arkgpi@mail.ru